

ӘЛИ ТОЙЖІГІТОВ

# ТЕЛЕАРНА ТЫНЫСЫ





**Әли ТОЙЖІГІТОВ**

**ТЕЛЕАРНА ТЫНЫСЫ**



**Қарағанды - 2018**



УДК 070  
ББК 76.03  
Т-50

Т-50           Тойжігітов Ә.  
Телеарна тынысы. /Тойжігітов Ә. – Қарағанды: Экожан, 2018. 208 б.

ISBN 978-601-210-284-0

Белгілі тележурналист, бірнеше республикалық байқаулардың жеңімпазы, Ақпарат саласының үздігі Әли Тойжігітовтің бұл кітабы – Қарағанды телевизиясының 60 жылдық өмірінен сыр ақтарады. Өйткені ол осы шаңырақта 40 жылдан бері жұмыс істеп, журналистиканың жүгін көтеріп келеді.

Кітапта телеарнаның қалыптасу кезеңдері мен қолжеткен жетістіктері, редакторлар мен режиссерлердің, телеоператорлар мен шығармашылық ұжымның ерен еңбектері тілге тиек болған. Алуан түрлі суреттер мен өмірдеректердің де айтары мол.

Қарымды қаламгердің бұл еңбегі жалпы оқырманға және журналистика саласы қызықтырған жастарға арналады. Дәйектер мен деректерден сыр шерткен кітаптың тілі жатық, әңгімесі тартымды.

УДК 070  
ББК 76.03

ISBN 978-601-210-284-0

# Бірінші бөлім

«Қай елдің баспасөзі мықты болса,  
сол елдің болашағы зор!»

Міржақып Дулатов.

## АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Орыс халқының ұлы ақыны Сергей Есенин: «Менің өмірім – өлеңімде», - деген еді. Сол айтқандай менің бар ғұмырым Қарағанды теледидарымен тікелей байланысты. Өйткені, табан аудармай бір жерде 40 жылдан бері сәбек етіп келемін. Осынау аралықта көргенім де, көңілге түйгенім де көп. Қарап тұрсам қаншама хабарлар жазылып, небір жайсаңдармен бірге жұмыла жұмыс істеген екенмін. Өмір-өзен. Сол өзеннің толқынымен жағаға шығып қалмай, тіршілікті тірек етіп, жүрек жылуымен жүзіп келемін.

Өзгені қайдам оз басым, қасиетті қарашаңырақтың қалыптасуына азды-көпті үлес қосқанымды мақтаныш тұтамын. Телеарнаның 60 жылдық торқалы тойы қарсаңында өмір өткелдерінен сыр шертіп, қызметтес болған журналистер жайлы әңгімелеп, есте қалған естеліктермен бөлісуді құп көрдім. Қолыма қалам алып, әріптестерімнің өмірбаяндық деректеріне көбірек көңіл бөлдім.

Әрине, 40 жыл ішінде шығармашылық ұжымның атқарған ауқымды жұмыстары мен жазған бағдарламалары жайлы бүге-шүгесіне дейін айтып беру мүмкін емес. Тіпті, әріптестерімнің толықтай атын атап, түрін түстеп, тізіп шығуда оңайға соқпады. Сондықтан да қайсы бірінің аты алмай, енді бірінің есімі есіме түспей, жылжып өткен жылдардың көлеңкесінде қалып қойып жатса, алдын ала кешірім сұраймын.

Менің мақсатым – Арқаның басты арнасы, Қарағанды телевидениесінің өткен өмірі мен бүгінгі тіршілік-тынысы туралы азда болса көрерменге айтып беру.

Әли Тойжігітов,  
Қазқстанның «Құрметті журналисі», ҚР Мәдениет қайраткері.  
Ақпарат саласының үздігі, «Алтын Сұңқар», «Нұр Сұңқар»,  
«Алтын қалам» сыйлықтарының жеңімпазы.

# ҚАЗАҚСТАН ҚАРАҒАНДЫ

«Журналистика – жол жөнекей  
жазылатын әдебиет».  
Арнольд Мэтью.



«Адамды ит қауып алыпты» деген  
жаңалық емес. «Адам итті қауып алыпты»  
десең жаңалық».  
Чарлз Андерсон Дейла.



# ҚАЗАҚСТАН

## Телеарнаның ӨТКЕНІ мен БҮГІНІ

Қарағанды телевидениесі 1958 жылы 31 тамыз күні тұңғыш рет тікелей эфирден хабар таратты. Сол күні кеншілер мерекесі болатын. Шахтерлар күніне арналған арнайы бағдарлама көрсетілді. Содан соң 30-40 күн бойына техника мен құрал-жабдықтар сынақтан өткізілді. Дәл сол жылы 11 қазанда Азия және Африка жазушыларының съезі жайында түсірілген алғашқы студиялық хабар қарағандылық кеншілердің көзайымына айналды. Оның авторы, журналист Амаятай Сатаев. Кейін ол қазақ әдебиетінен ойып тұрып орын алды, жазушы-драматург атанды.

Хабардың режиссері Өксікбай (Өмкен) Тойбаев болды. Бұл бағдарламаны телестудияның тұңғыш дикторы Майра Ахметова жүргізді. Алғашқы журналистердің қатарында В.Ярошилов, А.Ким, Л.Маркман, А.Әлғожин, Базарбай Мұстафин, Қыздарбек Әкімбеков, В.Татенко сияқты азаматтар еңбек еткен. Режиссерлік қызметке театр мамандары мен Алматы өнер институтының түлектері Айтуған Салықов, Құтпан Ералин, Хафиза Ысқақова, А.Гарин, А.Штейнбрехт, К.Багровалар келе бастады.

Комитет пен студия басшылығы болашақ дикторларды конкурстық негізде таңдап алды. Осы талап деңгейінен Галина Рахимова, Ескендір Тишмағанбетов, Светлана Тарасова, Л.Маркман, А.Лариналар іріктеліп, сыннан сүрінбей өтті. Сондай-ақ сол кездерде дыбыс операторы О.Бункин, дыбыс режиссеры А.Леташ, режиссер К.Шилова, А.Гарин, А.Тәжібаев, Р.Жабаева, Р.Смағұлова, бас кинооператор В.Воробьев, бас редакторлар Қ.Қаюпов, М.Халиоллин, С.Брандорф, А.Хамидуллин, В.Татенко, редакторлар Л.Диккельбойм, Ж.Мұзапаров, Ш.Қалмағамбетов, ағайынды кинооператорлар Виктор мен Владимир Холодков, Борис пен Юрий Лелюх және И.Шарий жұмысқа қабылданды. Олар Қарағанды теледидарының қалыптасуына мол үлес қосып, ұзақ жыл жемісті еңбек етті.



Ол жылдары телевизиялық хабарларды техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету ісі – телевизиялық орталыққа жүктелген болатын. Оның алғашқы әкімшілік-техникалық жетекшілері Н.Ковалев, К.Савин, В.Гаряга, А.Вабель, С.Малай, Т.Иванова, В.Хименко, Н.Петлюк, Е.Ермоленко болған еді. Осындай іскер де, білікті басшылардың арқасында теледидар ұжымы өз көрермендерін тұрақты телеөнімдермен қамтамасыз ете бастады.

Алғашқы жарты жылда Қарағанды телевизиясының алуан тақырыптарды қамтығын хабарлары аптасына үш рет эфирге шығып тұрды. Бұл бағдарламаларды жалпы-қоғамдық саяси, әдеби-драмалық және балалар мен жастар редакцияларының шығармашылық ұжымы дайындайтын. Кейінірек көрсетілім уақыты артып, музыкалық хабарлар редакциясымен толықты.

60 жылдық тарихы бар телевизия Арқа өмірінің шежіресі деуге тұрарлық. Өйткені, Қарағанды облысының барлық саласынан түсірілген материалдар саны қазір 4 мыңнан асып жығылады. Телестудия 60-тан астам телевизиялық фильмдер түсірді. Олардың арасында республикалық және бүкілодақтық телебайқаулардың жеңімпазы атанып, арнайы сыйлықтармен марапатталған: «Через годы», «Ленинград – Қарағанды», «Я варю сталь», «Битва за хлеб» т.б. туындылар бар.

Сонау 1950-ші жылдары телевизиялық техникамен жабдықталған радиотелеорталық тек 1975 жылы ғана жаңа, заманауи қондырғылармен қайта жабдықталды. Бейне магнитофондар мен біраз телекамералар сатып алынды. Жылжымалы телевизиялық станцияға яғни, ПТС-ке қолымыз жетті. Соның арқасында Теміртау, Шахтинскі, Абай, Саран сияқты қанаттас қалалар мен ауылдық жерлерден арнайы хабарлар дайындап, тікелей репортаждар жүргізілді. Біз Қазақстанда Алматы және Өскеменнен кейінгі алғашқы телестудиялардың бірі екенімізді мақтан тұтамыз.



Телеарнадан бұрын облыстық радио ашылып, ұзақ жылдар бойы жұмыс істеген. Өкінішке қарай 1999 жылы Республикалық корпорацияның бұйрығыменоның филиалы болып саналатын облыстардағы радиолар жабылып қалды. Оның салқыны біздің аймақты да айналып өтпеді. Дегенмен радиодан мирас болып қалған алтын қорда екі мыңға тарта ұнтаспа сақтаулы. Онда орыс және қазақ халқының классикалық туындылары мен дәстүрлі ән әуендері мен күйлері бар. Өнер саңлақтары мен қоса өндірістің өрге басуына сүбелі үлесін қосқан еңбек озаттары жайында жазылған суреттемелер мен радиоочерктер жетерлік. Облысымыздың өткен жылдарынан әңгімелейтін тарихи деректер тізбесі де сол қордың еншісіне тиесілі.

Ал аймағымыздың 50-60-шы жылдарын қамтитын кейбір қысқа-қысқа бейне көрністер облыстық мұрағаттан көшіріліп алынған. Фонотекадағы сақтаулы 150 дана «MAXIM» кассетасы 70-80-ші жылдардағы облысымыздың бейне шежіресінен бір үзік сыр шертеді. Ол кезде телевизияның техникалық жағдайына және жазып алу кассеталарының тапшы болуына байланысты хабарларды түгелдей сақтап қалу мүмкін болмады.

Кейінен шығармашылық ұжым «S-VHS» кассетасымен жұмыс істеді. Қазір фонотека қорында оның жалпы саны -1800 дана. Токсаншы жылдардың екінші жартысына дейін пайдаланылған бұл бейнетаспада облысымызда өткен даталы мәдени шаралар және жекелеген хабарлар қамтылған. 2000-шы жылдардан бері журналистер «DVCPRO», «DVCAM» кассеталарымен жұмыс істеуге көшті. Бұл таспалардың алдыңғыларына қарағанда сапасы әлде қайда мықты, әрі жазылым көлемі мол болды.

Телеарнаның алтын қорында сақтаулы материалдар жетерлік. Әр жылдары көрермендердің көңілінен шыққан «Жас қанат», «Біз жанбасақ», «Ойлан-тап», «Айтыс», «Қонақ кәде», «Жансарай», «Өнерлі өрендер», «Ауыл тынысы», «Шахтерский канал», «Үт», «Сіз бен біз», «Фибрат», «Арайлы Астана», «Дат», «Сарыарқа – колыбель дружбы» атты хабарлар бейне қорымыздың қатарын толықтыра түсті. Бір ғана, журналист Гүлнар Бұхарбаеваның 200-ден астам («Әйел әлемі», «Руханият», «Парасат») тарихи, танымдық хабары сақтаулы.

Бұл бағдарламалардың қатарын көптен жұмыс істеп келе жатқан Әшімхан Жәпейісов, Әли Тойжігітов және әр жылдарда қызмет атқарған Шәмшит Қалмағанбетов, Масғұт Халиоллин, Садық Таласбаев, Хамза Ахметов, Сағат Бағырханова, Насыр Әуезов, Мартбек Тоқмырза, Айтбала Сүлейменова, Ерлан Төлеутай, Жәніс Сармурзин, Төлеутай Дәмиев сияқты редакторлардың, сондай-ақ штаттан тыс хабар жүргізушілер Теміртай Хамзабаев, Ризалық Өкпенов, Тілеуғалы Әміртаев, Зарқын Тайшыбаев, Әмірзақ Амантаев, Сламбек Жұмағалиевтің хабарлары толықтыра түседі.

«Жаналықтар» редакциясының күнделікті эфирден өтіп жатқан бейне көрністері, алғашқы кездері «DVD-R» дискісіне, соңғы жылдары лентасыз телевизиялық «Сinequ» жазбаларына көшірілуде. Ол күні ертең-ақ қажетімізді өтейтін, құнды дереккөзіне айналары сөзсіз. «Керек тастың ауырлығы жоқ»-демейме халқымыз.





Алпыс жылдан бері көрерменнен көз жазбай келе жатқан Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясы қазір республикамыздағы өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, алдыңғы қатарлы байырғы телеарналардың біріне айналды.

Бүгінгі күні кеншілер қаласында өзіндік даму тарихы бар жергілікті телеарналар көп. Бірақ, солардың ішінде «Сауарқа» телеарнасының – шоқтығы биік, мәртебесі жоғары, еліміздің ең ірі медиахолдингі саналатын «Қазақстан» ұлттық арнасының филиалы болып саналады.

Жалпы, телевизия – үлкен идеологиялық күш, стратегиялық маңызы зор құрал. Біздің басты міндеттіміз – мемлекеттің сындарлы саясатын ақпараттық жағынан объективті қамтамасыз ету, еліміздің мәдени, рухани дәстүрлерін кеңінен дәріптей және насихаттай отыра, жас буынның жаһандануға жұтылмайтын, жаңа қазақстандық, өзіндік келбеті бар азаматтар ретінде тәрбиеленуіне ықпал ету. Біздің арна – мемлекеттік арна болғандықтан, түрлі жанрдағы қоғамдық-саяси бағдарламаларға ерекше басымдық беріледі. Тәулігіне 14 сағат бойы, аптасына 7 күн эфирге шығатын осы хабарларға жоғарыдағыдай міндеттер жүктелген.

«Жаңалықтар» – аймақ айнасы. Көрерменге облыс көлеміндегі күнделікті соңғы жаңалықтарды әр үш сағат сайын жедел, әрі нақты жеткізудің маңызы зор. Оның ішінде бір рет қазақ және орыс тілдеріндегі жаңалықтар сурдоаударма арқылы беріледі. Облыс тұрғындарының 98 пайызын «Жаңалықтармен» «спутниктік» жүйе арқылы қамтамасыз етіп отырған бірден-бір арна – «Сауарқа» («Сарыарқа»). Өңірде тек біздің жаңалықтарымыз тікелей эфирден беріледі. Бізді «Отау ТВ» арқылы немесе арнайы ашылған [www.sauarqatv.kz](http://www.sauarqatv.kz) сайты арқылы Республика көрерменді тамашалай алады.

«Жаңалықтар» ақпарат редакциясының журналистеріне заманауи техниканың жетістіктерін пайдалануға жағдай жасалынған. Интернеттік және әлеуметтік желі арқылы кез-келген деректі қас-қағым сәтте қабылдай алады. Телеарнаның өз сайты бар. Сол арқылы кешегі күнгі жаңалықтар мен хабар-

ларды қайталап көруіне мүмкіндік жасалған. Тілшілеріміз көрермендердің талап-тілектері мен шағымдары бойынша шұғыл түрде іс-сапарға шығып, арнайы бейнесюжеттер әзірлейді. Журналист хабар жазып, сұхбат алумен шектелмей, керек кезінде менеджер болып, нарық заманының тамырын тап басуы да тиіс.

Бүгінгі таңда жетілдірілген техникасыз шығармашылықты дамыту мүмкін емес. Осыған орай, республикалық корпорациямыздың қамқорлығымен арнамыз жылдан жылға жаңа құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі артып келеді. Телевизиядағы жарнама – табыс кепілі. Осы орайда, жарнама бөлімі «Қазақмыс», «АрселорМиттал Темиртау» және облысымыздағы басқа да ең ірі кәсіпорындармен, қалталы бизнесмендермен бірлесе жұмыс істеуде. Қанаттас қалалар мен шалғай аудандар әкімшілігінің ішкі саясат бөлімімен және облыстық, қалалық Мәслихатпен ынтымақтаса жұмыс жасап, мемлекеттік тапсырыстарды уақтылы орындауда.

Бұған дейін әр жылдар «Қарағанды», «Кар ТВ-3», «Қазақстан-Қарағанды» деп аталып келген, бүгінгі «Saryarqa» («Сарыарқа») теледидарының ұжымы әртүрлі тақырыптар мен жанрларды қамтитын өз туындысын яғни, 30-дан астам хабар дайындайды. Елбасының ертеңгі күннің темірқазығы болатын бағдарламалары мен Қазақстан халқына арнаған жылсайынғы Жолдауын және жанадан пайдалануға беріле бастаған аса маңызды кәсіпорындар туралы «телекөпірлерді» көрермендер жиі көретін болды. Телеарнаның жеке-дара хабарлар тарату құрылымының арқасында облыс тұрғындары әрбір бағдарламаларды таралым кестесінде көрсетілген уақытта тамашалай алады.

XXI ғасыр ақпаратты технологияның және техниканың дамыған дәуірі. Алайда соңғы үлгідегі компьютердің өзі адамзат ақыл-ойына тең келмейді. «Saryarqa» телеарнасында шығармашылық жолында қабілеті қалыптасқан, кәсіпқой мамандар, өз ісінің білгірі жұмыла жұмыс істеуде. Қатарымыз жас журналистермен толығып келеді. Олар әрдайым жаңа идеяларға ұмтылып, аймағымыздағы актуальды тақырыптарды тереңірек қозғап, тың телетуындыларды көрермен назарына ұсынып отырады.

\* \* \*



# «САРЫАРҚА» ДӘСТҮРГЕ БАЙ, ТАРИХЫ МОЛ АРНА



«Saryarqa» телеарнасының директоры,  
«Құрмет» орденінің иегері Берік Дүйестасев:

Биыл – 2018 жылы Қарағанды облыстық теледидарының шаңырақ көтергеніне тура 60 жыл толып отыр. Осы жылдар аралығында біз аймақтың Басты телеарнасы болып қалыптастық. Бұл жай ғана айтылған сөз емес.

Арнаның хабар тарату кестесінде барлық жас санатына арналған бағдарламалар жетерлік. Басты мақсат – Елбасының алға қойған міндеттерін іске асыра отырып, мемлекетіміздің дамуына ықпал ету. Осы мақсатта телеарна ұжымы ұдайы ізденісте жүріп, облыс өмірінің бар қырын ашатын бағдарламалар әзірлеп келеді. Өсіресе, рухани жаңғыру, ұлттық келісім, патриотизм мен толеранттылық, кәсіпкерлікті дамытып, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу сияқты өзекті мәселелерге көңіл бөлуде.

Соңғы жылдары осы тақырыптарды қамтыған 30-дан астам телехабарымыз эфирден тұрақты көрсетіліп жүр. Олардың арасында: «Шаңырақ», «Это наша с тобой биография», «2050», «Таным мен талғам», «В интересах людей», «Ойталқы», «100 шагов», «Арсна», «Уақыт KZ», «Хочу все знать», «Гират» сияқты бағдарламалар бар.



Аптасына бір рет «он-лайн» режимінде бұрынғы «Тікелей эфирдің» жалғасы болған, жаңа форматтағы «ARQA LIVE» деп аталатын хабарымыз қазақ және орыс тілдерінде шығып, халықтың срекше қызығушылығын тудырып отыр. Мұнда Елбасының нақты міндеттері, аймағымыздың ең өзекті мәселелері көтеріліп, бағдарламаға басқарма мен департамент басшылары және саланың жауапты өкілдері қатысады. Көрсермендердің қойған сұрақтарына сол мезетте эфир арқылы жауап береді.

«Жаңалықтар – Новости» ақпараттық бағдарламасы – бетке ұстар, облысымыздың нағыз «айнасына» айналды. Аймақта тек тікелей эфирге тәулігіне

үш рет біздің ғана «Жаңалықтар» шығады. Бұл сандық технология, оның ішінде «Сінеқу» жүйесін енгізу арқасында мүмкін болды 2011 жылдан жаңғырту жұмыстары жүргізіп, таспасыз шығару жүйесін орнаттық. Бұл үрдіс өз нәтижесін беріп келеді.

Телекөрсермендермен тұрақты түрде кері байланыс болуы үшін ақпараттық редакция жанынан «Жедел желі» жұмыс жасайды. Өтініш-шағымдарға дер кезінде қолғабыс көрсетіледі. Ал жексенбі сайын «Апта» деп аталатын бағдарлама бір жұманың ішінде болған ең маңызды жаңалықтарды қорытындылайды.

Біріншіден, барлық кабельдік операторлардың телеарналар құрамына кіріп қана қоймай, «ОТАУ TV» және «ID TV» арқылы бүкіл республикаға хабар таратамыз. Екіншіден, жергілікті теледидар арналары рейтингінің әлеуметтік зерттеулер нәтижесі бойынша, өткен жылы бағдарламалар сапасы мен көрсермендер көруі бойынша біз үздік атандық. Яғни, өңірдегі 12 телеарнаның арасында біздің арна 40%-ға ие болды, ал басқаларының көрсеткіші – 16%-дан 0,4%-ға дейінгі аралықта қалды. Үшіншіден, кешегі «Қазақстан - Қарағанды», бүгінгі «Сауатқа» – Ресей бағдарламаларының ретрансляциясымен айналыспайтын жалғыз ғана арна, яғни біз эфирге тек өзіміздің төл өнімізді шығарамыз.

Алпыс жылдық тарихы бар қасиетті қара шаңырақта кадр мәселесі оң шешімін тапқан. Білікті де, білімді, мол тәжірибесі бар мамандарымыз жетерлік. Білімге құштарлық – өмір талабы. Тек өткен жылдың өзінде 44 қызметкеріміз біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Биыл бір инженеріміз «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияға барып, білімін толықтырып қайтты. Аға буын жастарымыздың қатары талапты да, талантты жастармен толығы түсуде.

Олар Қарағанды телеарнасының еңбек мектебінен өтіп, нағыз кәсіби мамандығының қыр-сырын үйреніп алды. Тіпті, соңғы 10 жылда біздің шаңырақтан қанаттанып шыққан алдыңғы қатарлы журналистердің саны 21-ге жетіп отыр. Қазір олар Республикамыздағы байырғы басылымдар мен жетекші арналарда, Министрлік пен мемлекеттік комитеттердің баспасөз бөлімдерінде жұмыс жасап жүр. Тіпті, қайсыбірі Мәскеуде, енді бірі шет елдерде меншікті тілші болып қызмет атқаруда.

Тек өткен 10 жылдықтың ішінде телеарнаның 31 қызметкері облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарына беретін жыл сайынғы «Алтын Сұңқар» сыйлығының жеңімпазы атанды. Бұл жағынан өзге әріптестеріміздің арасында көш бастап келеміз.


Ынтымағы мен бірлігі жарасқан шығармашылық ұжым кез-келген тапсырысты жедел түрде орындап, жақсы жетістіктерге жетуде. Мысалға, жылсайын аймағымыздаса маңызды нысандар пайдалануға беріліп, өндіріс саласы өркендеп отыр. Ол жайында біздің арна, ұдайы – Елбасымен болған Республикалық «телекөпір» байланысына қосылып, өз міндетін абыройлы атқарып жүр. Бұл – аса жауапкершілікті талап ететін, білікті маман кадрлардың ерен еңбегінің жемісі.



Біздер үшін жыл сайын жаңа маусым – 2018 жылдың қыркүйек айында басталады. Сол кезде тың жобалар іске асырылады. Біз қазірдің өзінде уақыт күттірмейтін кейбір жобаларды бастап жібердік. Елбасының үш тілділікті дамыту бағдарламасына орай, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша, үстіміздегі жылдың 1-ші сәуірінен қазақ, орыс және ағылшын тілін үйренуге арналған «ТВ сабақ» бағдарламасын көрсетіп жатырмыз. Ол аптасына 4 рет беріледі, жалпы саны 48 сағат. Бұл игілікті іс-шара алдағы уақытта одан әрі жалғасады. Сондай-ақ Елбасының латын әліпбиіне көшу мәселесі туралы бағдарламасының орындалысы да басты назарымызда. Жалпы тіл үйренуге деген көрсермендердің қызығушылығы күн өткен сайын артып отыр.

Сонымен қатар облыстық дін істері, спорт, білім басқармаларымен және аймағымыздағы қанааттас қалалар мен аудандардың ішкі саясат бөлімдерімен тығыз жұмыс жасап, мемлекеттік тапсырыстарды орындаудамыз. Әрине, біздің басты әріптесіміз, ішкі саясат басқармасы болып табылады. Өңірдің бір де бір елеулі оқиғасы біздің жылжымалы телевизиялық станция (ЖТС) жұмысының қатысуынсыз өтпейді. Біз 2009 жылдан бері аналогтық транспортты телевизиялық спутникті станциямен жұмыс істейміз. Әрине, атқарып жатқан ауқымды істерімізді халыққа уақтылы, әрі сапалы түрде жеткізу үшін жаңа техникалық жабдықтар қажет. Оның да жолын оң шешуге тырысудамыз.

Бұрынғы бейне таспалардың орнына қазір «Сinequ» жүйесі пайдаланылуда. Үлкен повильондағы аспалы жарықтар толықтай жаңартылды. Олар өте ыстық болатын, әрі хабарға қатысып отырған қонақтар өздерін жайсыз сезінетін. Оның үстіне күйіп кеткен жағдайда жоғары вольтты электр шамдары оңайлыққа табыла қоймайтын еді. Қазір бұл проблемадан бір жолата арылды. Яғни, адам денсаулығына зиянсыз заманауи шамдар жұмыс істеп тұр. Телсарна да осыған дейін пайдаланылып келген АСБ аппараты, 5 камералы цифрлы «Full HD» форматына ауыстырылды. Сонмен бірге эфир мен ТЖК қондырғылары да шетелдік цифрлы технологияға толықтай көшірілді. Қазір құны 67 миллион тенге тұратын 8 аппарат студия жаңалықтарын жазуға және эфирге шығуына қызмет көрсетуде.



Яғни, жұмыс өнімділігі артып, хабарлардың сапасы барынша жақсара түсті. Мұның бәрі көрермендер ризалығы үшін жасалуда. Әсіресе, бағдарламалардың графикалық безендірілуін жақсарту мақсатында жаңадан жапония елі шығарған 2 жұмыс станциясын сатып алдық. Бұған қоса 4 жаңа монтажау үстеліне қолымыз жетті. Осылайша теледидар ұжымы, тың идеялармен тыныстап, жаңа техникалармен тынымсыз еңбек етуде.

Биыл «Қазақстан» Ұлттық арнасы басшылығының көмегімен бірнеше сұжаңа «Шкода» автокөлігіне қолымыз жетті. Телеарна ғимараты 60 жылдық қарсаңында бұрын-соңды болмаған күрделі жөндеуден өткізілді. Аула іні аба-тандырылып, асфальтталды. Арнайы алаңға шыршалар отырғызылды. Ұжым үшін асхана жұмыс жасайды. Бағасы қымбат емес, келісім бойынша қызмет көрсетеді. Редакторлар отыратын бөлме жабдықтары толықтай жаңартылып, жақсы жұмыс істеуіне жағжай жасалды. Барлық қызметкерлеріміз уақтылы еңбек жалақысын алып тұрады. Жыл соңында және журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында, ара-тұра тоқсан сайын қосымша «сыйақы» төленеді. Кезекті еңбек демалысына шығар алдында олардың әрқайсына бір айлық мөлшерінде «денсаулыққа демеу ақша» беріледі.

Әрине, бұл қыруар қаржы өздігінен келіп жатқан жоқ. Оның жолын қарастыру да оңай емес! Ол үшін сол тенгенің тиімді тұстарын терісінсіз іздестіріп, үнемдеудің ұтқыр жолдарына ұмтылып, кәсіпорындармен кәдімгідей келісіп, жарпамамызды жақсартып жатқан жаймыз бар. Жыл сайын адал еңбек пен мандай терімізбен тауып жатқан сол 150 миллион тенге телеарнаның техникалық, әлеуметтік жағдайына жұмсалып келеді. Сондықтан да бар мүмкіндікті қарастырамыз.

Бір сөзбен айтқанда облыстық «Сауатқа» телеарнасының ұжымы Елбасының сындарлы саясатын қолдай отырып, ел үшін еңбек етуде. Оларға барлық жағдай жасалынып отыр. Тек, алға ұмтылуымыз керек! Өмір бізден осыны талап етеді.

\* \* \*

# ОБЛЫСТЫҚ ТЕЛЕАРНАНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ

(1958- 2018 ж.ж.)

**1954 ж.** КПСС Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі 10 теле-радио орталықтарының құрылысы жайлы ортақ қаулы қабылдады. Солардың қатарына Қарағанды облысы да енді.

**01.03. 1958 ж.** К.Қасымжанов Қарағанды облыстық атқару комитеті еңбекші депутаттар Кеңесі жанындағы облыстық радиохабарларын тарату және телевидение комитетінің бірінші төрағасы қызметіне кірісті.

**12.03.1958 ж.** Қ.Аманбаев Қарағанды облыстық атқару комитетінің еңбекші депутаттар Кеңесі жанындағы облыстық радиохабарларын тарату және телсвидение комитеті төрағасының орынбасары және Қарағанды телестудиясының алғашқы директоры болып тағайындалды.

**31.08.1958 ж.** Қарағанды телестудиясы шахтерлер күніне арналған кинобағдарламамен алғаш рет эфирге шықты.

**04.10.1958 ж.** Хабар жүйелі түрде (аптасына 4 рет – сәрсенбі, сенбі және 2 рет жексенбіде) таратыла басталды.

**11.10.1958 ж.** Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы жайлы алғашқы студиялық хабар эфирге берілді.

**1958 ж. қазан** Қарағанды облысын Ленин орденімен марапаттауға арналған мерекелік салтанатынан алғашқы кино түсірілді.

**1959 ж.** «Ірі планмен» атты алғашқы сатиралық тележурнал эфирге шықты.

**1960 ж.** «Рождение батыра» атты алғашқы хроникалық деректі фильм жасалды.

**1961 ж.** «Қарағанды» қонақүйінің құрылыс объектісінен алғашқы тәжірибелік сынақ бағдарламасы түсірілді. I Мамыр күніне арналған еңбекшілердің шеруінен ЖТС жүйесі арқылы алғаш рет бағдарлама жасалды.

Ғабит Мүсіреповтің «Ояңған өлке» романы бойынша қазақ тілінде тұңғыш телеспектакль қойылды.

**1962 ж.** «События и люди», «Жаналықтар» атты күнделікті ақпараттық бағдарламалар өмірге келді.

**1963 ж.** Қарағанды телеарнасының хабары Алматы қаласында алғаш рет көрсетілді.

**1964 ж.** Орталық телевизияға алғашқы шығу. «На дорогах семилетки» атты Қарағанды телеарнасының туындысы Мәскеуде және Киевте көрсетілді. «Совхоз называется «Киевский» атты телефильм КСРО Мемлекеттік телерадиоосының үш бірдей дипломымен марапатталды.

**1965 ж.** Орта Азия және Қазақстан телсвизиялық фильмдерінің фестивалінде «Теңіз, біз әлі кездессеміз» атты фильм дипломға ие болды. Осы жыл-

дан бастап Николаев, Попович, Волков, Терешкова және т.б. космонавтардың жерге қону сәтінен үздіксіз кинотүсірілімдер жүргізілді. Алғаш рет неміс тіліндегі телебағдарлама көрсетілді.



**1967 ж.** Телевизиялық фильмдердің екінші Бүкілодақтық фестивалінде «Үлкен Тұрмағанбетов» және «Рекорд жаңғыртушылар» атты екі жұмыс көрсетілді.

**1968 ж.** Композитор Тәттімбеттің өмірі мен шығармашылығы жайлы «Ғасыр үні» атты алғашқы түрлі-түсті телевизиялық фильм жасалды. «Восток» жүйесі бойынша Орталық телевидениенің алғашқы бағдарламасы қабылданды.

**1969 ж.** Ленинградта өткен Бүкілодақтық телестудиялар арасындағы фильмдер фестивалінде «Ленинград-Қарағанды» картинасы «Халықтар достығы» тақырыбын өте жақсы ашқандығы үшін арнайы сыйлыққа ие болды.

**1972 ж.** Қарағанды теледидарының «Родники» атты музыкалық телехабарының Орталық телевизия бағдарламасындағы жеңісі.

**1975 ж.** Қазақ және Орталық телевидениенің телехабарлары «Орбита» жүйесі бойынша қабылдана бастады. «Жолдас» жастар бағдарламасының алтыншы республикалық фестивалінде «КПД по Виктору Бычковскому» атты телеочеркіне бірінші орын және жеңімпаз сыйлығы берілді.

**1976 ж.** Бейнемагнитофонға алғаш рет бірінші хабар жазылды. Телерадиоорталық ұжымы КСРО мемлекеттік телерадионың Құрмет грамотасымен марапатталды. Қарағандыда жетінші республикалық «Жолдас» фестивалі өткізілді.

**1977 ж.** Горький қаласында жастар бағдарламаларының Бүкілодақтық фестивалінде «Отдай и ты людям» телеочеркіне бірінші орын және жеңімпаз сыйлығы берілді. Қазақ тіліндегі «От жанындағы адам» телеочеркі фестиваль дипломын сәттіледі. Телерадиоорталық ұжымы Бүкілодақтық социалистік жарыста жеңімпаз деп танылды және радиотаралымы бойынша дипломмен және



КСРО Мемлекеттік комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен марапатталды. «Жолдас» бағдарламасы сегізінші республикалық фестивальдің дипломын иеленді.

**1978 ж.** «Алматы-Қарағанды» радиорелейлік желі қодануға берілді. Ленинград қаласында өткен телевизиялық фильмдердің жетінші Бүкілодақтық фестивалінде жұмысшылар өміріне арналған «Большая семья» картинасы ең үздік фильм сыйлығын жеңіп алды. Свердловск қаласында өткен телевизиялық фильмдердің Бүкілодақтық фестивалінде «Мамина работа» фильмі фестивальдің арнайы дипломымен марапатталып, ең үздік сценарий үшін арнайы сыйлыққа ие болды.

**1979 ж.** Телерадиоорталық ұжымы Бүкілодақтық социалистік жарыста теледидар және радиоқызмет бойынша дипломмен және КСРО мемлекеттік комитетінің ауыспалы Қызыл Туымен, сонымен қоса тұрғындарға телевизиялық қызмет көрсетуді ұйымдастырғаны және телеорталықтың 20 жылдығына байланысты жемісті қызметі үшін Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының грамотасымен марапатталды. «Проблемы и характеры», «Адамзат сұлулығы» телеочерктері «Жолдас» фестивалінің басты сыйлықтарын иеленді.

**1980 ж.** Телерадиоорталық ұжымы республикалық социалистік жарыста өндіріс тиімділігі мен сапалы жұмыстары үшін, сондай-ақ оныншы бес жылдық жоспарын өте жақсы орындағаны үшін арнайы Құрмет дипломымен марапатталды. Телеорталықтың еңбек жағдайы Бүкілодақтық қоғамдық байқауда жеңімпаз дипломына ие болды.



**1981 ж.** Оныншы республикалық «Жолдас» фестивалінде «Эстафета» телеочеркі әділқазылар сыйлығының иегері атанды.

**1983 ж.** Телерадиоорталық ұжымы республикалық социалистік жарыста Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Қызыл Туымен марапатталды және КСРО ВДНХ құрмет тақтасына 1982 жылғы жеңімпаз болып белгіленді.

**1984 ж.** Бірінші түрлі-түсті «Окно в природу» бағдарламасы дүниеге келді. Кишинев қаласында өткен Бүкілодақтық жастар бағдарламалары фестивалінде алғашқы «Сайлау құқығы» бейнефильмі көрсетілді. Телерадиоорталық ұжымы Қазақстан Компартиясы ОК Қызыл Туымен марапатталды және Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің ВДНХ құрмет тақтасына 1983 жылғы жеңімпаз болып жазылды. «Лотос» жылжымалы телевизиялық станциясы арқылы алғаш эфирлік бағдарлама берілді.

**1985 ж.** Облыстық телеарнаның шығармашылы құжымы «Қазақтелефильм» студиясының базасында «Пламя не гаснет» атты соңғы деректі фильмін даярлады.

**1986 ж.** Орталық телевидениеде қарқаралылық «Салтанат» ән-би ансамблі жайында «Аңыздар әлеміне саяхат» атты бейнефильмі шықты.

**1987 ж.** Қарағанды телестудиясының Ұлы Октябрьдің 70 жылдығына арнаған бағдарламасы республикалық фестивальде бірінші орынды иеленді. Республикамызда алғашқылардың бірі болып «Нет одинокой старости» телемарафоны өткізілді. Жиналған қаржыға Қарағанды қаласында жалғызбасты қарттарға арналған медбикелік күтім емханасы ашылды.

**1988 ж.** Алматыда өткен Бүкілодақтық «Жігер» фестивалінде «Жас қанат» (Авторы әрі редакторы – Ө.Тойжігітов) және «Терзают вечные вопросы» бағдарламалары арнайы дипломмен марапатталды. Сол жылы онын тағы бір жас кеншілер өмірінен дайындалған «Жас қанат» – деп аталатын бағдарламасы Қазақстан журналистер Одағы мен Қазақстан ДОСААФ Орталық Комитетінің сыйлығына ие болды.

**1989 ж.** Соғыс ардагері, тележурналист Шәмшит Қалмағанбетовке және телеоператор Владимир Холодковқа «Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер» атағы берілді. Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шеккендерді қорғауға арналған 7 сағаттық телемарафон өткізілді. Тамыз айында болған Қарағанды кеншілерінің бірінші ереуілі, 24 сағат бойына тікелей эфирден үздіксіз көрсетілді.



**1990 ж.** Кеңестік және жапондық космонавтардың қонған жерінен Жапонияға тікелей көрсетілім Қарағанды жылжымалы телестанциясы арқылы жүзеге асты. «Тбилиси» авиатасығышында бейнефильм түсірілді. «Енді бұл туралы айтуға болады...» фильмінің қаһарманы – Қазақстан Республикасының болашақ тұңғыш ғарышкері Т.О.Әубәкіров.

**1991 ж.** Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтің ғарышқа ұшу және Арқалық маңына қону сәттерінен телерепортаждар ұйымдастырылды. Осы жылдан бері Қарағанды телестудиясы жаңа жағдайда – тәуелсіз Қазақстанның дамуына қызмет етіп келеді.

**1993 ж.** Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайынан арнайы телехабардың бастапқы бөлімі даярланып бітті. Қарағандылық бишілердің Голландияда өнер көсетуінен репортаж берілді. Мәскеу (Ресей) қаласында өткен кинофестивальден бейнетүсірілім жасалды.

**1994 ж.** Қарағандылық спортшылар, әлем чемпиондары, Олимпиада ойындарының жүлдегерлері туралы телешоу эфирге шықты.

**1995 ж.** Абайдың 150 жылдық тойынан циклді жеке бағдарламалар даярланды.

**1996 ж.** Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу телемарафоны өткізілді. Алматыдан спутниктік байланыс жүйесімен бағдарламалар қабылданды.

**1997 ж.** Милан (Италия) және Париж (Франция) қалаларында жоғарғы сән үлгісі апталығынан арнайы телехабарлар түсірілді.

**1998 ж.** Омбыдан хабар таратқыш жеткізіліп, антенді-фидерлі қондырғысы монтажданды.

**1999 ж.** Аз қамтылған азаматтарға қолдау көрсету мақсатында облыстық қайырымдылық қорымен бірге «Жүректен жүрекке» телемарафоны өткізілді.

**2000 ж.** Елбасының қатысуымен Қарағандыда өткен алғашқы Президенттік шыршаның тікелей көрсетілуі өткізілді. Мәдениетті қолдау жылы редактор К.Долдиноваға Қарағанды облысы әкімінің «Жыл тележурналисі» сыйлығы табыс етілді.

**2001 ж.** Бірінші халықаралық «Шелковый путь-2001» туристік фильмдер фестивалінде редактор Г.Бұхарбасваның «Арқаның меруерт алқасы» фильмі «За любовь родной природе» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Үздік публицистикалық бағдарлама» телебайқауында редактор Н.Әбжановтың «Көк адырда көп белгі», «Ұлытаудың ұлары жоқ» телехабарлары бірінші орынды, бас редактор Ә.Жәмпейсовтің апталық, ақпараттық-сараптау бағдарламасы жүлделі үшінші орынды жеңіп алды.

**2002 ж.** Қазақстанның алғашқы астанасы – Орынбор туралы фильмі Ресейдегі Қазақстан жылы шеңберінде өткен Қарағанды облысы журналистерінің шығармашылық конкурсының дипломанты атанды. Авторы – Г.Бұхарбаева. Алғашқы сандық ТЖК құрал-жабдықтары, монтаж столы, түсірілім мен монтаж сапасын арттыратын DVCPRO форматты магнитофон қолданысқа енгізілді.

**2003 ж.** Орынбор аймағы мен кезінде онда өмір сүрген қазақтардың танымал тұлғалары туралы деректемелік фильм дайындау үшін түсіру тобы Орын-

борға (Россия) аттанды. Спутниктік жүйе арқылы облыстың барлық аймағына бір сағаттық ақпаратпен қамту мақсатында «КАТЕЛКО» қабылдау-тарату станциясы іске қосылды.

**2004 ж.** Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың Жазғы театр ғимараты алдында қала тұрғындарымен болған сұхбаты телекөпір арқылы жүзеге асты. Ресей мен Германия елдерінде өмір сүріп жатқан белгілі Қарағандылық тұлғалардың тағдырынан сыр шертетін телехабар түсіру мақсатында шығармашылық топ іссапармен барып қайтты. Бұл материалдардың барлығы Қарағанды қаласының 70 жылдығына деректі фильмге енгізді. Бүкіләлемдік туберкулезбен күрес жүргізу күніне орай өткізілген республикалық «Туберкулез мәселесінің көкейкестілігін ашу» атты конкурсында Әли Тойжігітовтің дайындаған «Денсаулық» бағдарламасы жеңімпаз атанды. «Қазақстан» телерадиокорпорациясы ұйымдастырған республикалық телебәйгеде автордың және бір «Ауыл жылына» арналған циклдық бағдарламасы жеңіс биігінен көрінді. Хабар «Новая» станциясы арқылы таратыла бастады. Жаңа радиорелейлік жүйесі енгізілді. Үш камералы аппаратты-студиялық бөлім (АСБ) іске қосылды. Жаңалықтар шағын студиядан беріле бастады.

**2005 ж.** Елбасының қатысуымен өткен «Қазақстан – біздің ортақүйіміз» атты театрландырылған қойылым тікелей эфирден берілді.



**2006 ж.** Қазақстан халықтары Ассамблеясы жариялаған республикалық байқауда «Сарыарқа – қолыбель достығы» атты циклдық телехабар азаматтық, татулық пен ұлтаралық келісім тақырыбын ашқаны үшін екінші орынды жеңіп алды. Авторы – С.Васильева. Облыстық БАҚ-тар арасындағы мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында өткізілген телебәйгеде М.Әбділиеваның редакторлығымен шыққан «Біз қазақтықтан неге сақтанамыз» атты телехабары бас жүлдені жеңіп алды. Телеоператор Қ.Әлиев Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын «Байқағыштығы үшін» номинациясы бойынша иеленді. Таралым сапасын арттыратын күштілігі 3 кВт қабылдағыш орнатылды.

Жаңа эфирлік аппараттық-студиялық бөлім өндіріске енгізіліп, DVCAM форматындағы заманауи монтаж үстелі пайдалануға берілді.

**2007 ж.** Дәстүрге айналған «Қарағанды – жастық шағымның қаласы» атты ретро-фестивальдің алғашқы өткізілуінен репортаж жасалынды. «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының қызмет меншік аумағы мен қызмет мекемесінің құқықтық рұқсатнама қағазы берілді.

Осы жылы Қарағанды облысы әкімінің қатысуымен жылжымайтын мүлікті заңдастыру, Елбасы Н.Ә.Назарбаев және Премьер-Министр К.Мәсімовтің қатысуымен «Қазақстанның 30 корпоративті көшбасшысы» бағдарламасы жүзеге аса бастады

**2007 ж.** Қарағандыда «Қазақстан» ұлттық арнасының 50 жылдығына орай Ақмола, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан облыстарының қатысуымен «Дидар» аймақтық телефестивалі өткізілді. Фестиваль әділқазылары Қарағанды телеарнасының жетістіктерін жоғары бағалады. Редактор С.Васильеваның «Телевидение – талант, призвание, успех» тақырыбындағы ток-шоуы, «Теледидар – менің тағдырым» бөлімі бойынша жеңімпаз деп танылды. «Алтын аймақ адамдары» бөлімі бойынша редактор Б.Ибыраеваның «Архивы будущего» деректі фильмі екінші орынды иемденді. Редактор Айжан Қуаш «Үшінші сектор» хабарымен Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына ие болды. Қазақ теледидарының 50 жылдығына арналған көрме сайысында Қарағанды телеарнасы үздік шықты.

Журналистер Г.Балбекова мен Ә.Тойжігітовке, телеоператор М.Ғабдуллинге, Қарағанды телеарнасының алғашқы дикторларының бірі Г.Рахымоваға Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығы табыс етілді. Редактор Б.Ибыраеваның «Мемлекеттік тіл – менің тілім» телехабары ана тілімізді насихаттау жөнінде БАҚ арасындағы облыстық байқауда Бас жүлдеге ие болды. «Шашу» республикалық телебәйгесінде редактор М.Әбдәлиеваның «Инновация – ел игілігі» хабары жоғары бағаланды. Қарағанды телеарнасының түсіру тобы шығармашылық іссапармен Түркия, Монғолия, Украина, Куба елдерінде болып қайтты. Халық әндерін орындаушы, редактор Ерлан Төлеутай Вильнюсте (Литва) откен халықаралық музыкалы-сазды фестивальге қатысты. Телеарна ғимаратына құрылыстық өңдеу-жаңарту жұмыстары жүргізілді. «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды филиалына меншіктік жер аумағын пайдалану құқығы берілді.

**2008 ж.** «Қазақстан» РТРК» АҚ басшылығы бұл жылды телеарна ардагерлері жылы деп жариялады. Қарағанды телеарнасының ардагерлері жайындағы «Теледидар – менің тағдырым» атты циклдық телехабарлар дайындалды. Облыстық телеарнаның дамуына өзіндік үлес қосқан бас инженер В.Амочаев, редактор Г.Балбекова, аға телеоператор М.Ғабдуллин және телеарна ардагері Г.Рахымова ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен марапатталды.

Аға режиссер Р.Ысқақова мен телеоператор М.Сүлейменов «Алтын белгі» сыйлығына ие болды. Аға дыбыс режиссері Г.Шиляева, видеоинженерлер В. 20

Мартюшин мен С.Архипов және жарық қоюшы А.Зенгер Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мақтау қағазымен марапатталды. Тоғыз қызметкеріне «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрағасының арнайы Алғыс хаты тапсырылды. Қарағанды телеарнасының ардагері М.Ахметова, редактор А.Тезекбаева және телеоператор М.Сүлейменов Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды.

Телеоператор Қ.Әлиев ҚР Білім министрлігі жанындағы балалар құқығын қорғау комитетінің шақыруымен Бельгия Корольдігіне іссапармен барып, қазақстандық балалардың өмірінен репортаж дайындады. «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасы қазақ және орыс тілдерінде эфирге 25-тен астам алуан тақырыптағы тәлтіма туындыларды әзірлеп жүр. Тәулігіне 14 сағаттық эфирлік таралымның 45 пайызынан астамын өзіндік өнімдер құрайды. Күніне бір сағат спутниктік байланыспен ақпарат таратылады. Үлкен павильонның жарық беру және желдеткіш құрылғылары жаңартылды. «Қазақстан» РТРК» АҚ басқарма төрағасы Д.Әбдіхамитов мерейтой құрметіне телеарнаның 6 қызметкеріне қызметтік пәтерлерін меншіктеріне берді.

**2009 жылы** «Сіз бен біз» ток-шоуы (Редакторы – М.Әбдіәлиева) «Нұр Отан» ХДП ұйымдастырған мемлекеттік тілді насихаттау бойынша республикалық телебайқауда ІІІ орынды иеленді.

**2010 ж.** Журналист Әли Тойжігітов республикалық «Нұр Отан» партиясының «Көзқарас» номинациясы бойынша ең алғашқы «Нұр Сұңқар» жүлдесін жеңіп алды. Авторлық бағдарламаларда партия басшылығымен атқарылып жатқан өндiрiс саласындағы жетiстiктер жан-жақты қамтылған.

**2012 ж.** «Қазақстан» РТРК» АҚ Астана күніне орай ұйымдастырған байқауда Қарағанды облыстық филиалының редакторы Әшімхан Жәмпейісовтың «Елбасы және елкамы» хабары «Ең үздік ақпаратты-сараптамалық бағдарламалар» номинациясы бойынша ІІІ орынды иеленді. Сонымен қатар, «Қазақстан» РТРК» АҚ Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырған байқауда «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының редакторы Әли Тойжігітовтың «Фибрат» хабары «Еңбек адамы» номинациясы бойынша І орынды иеленді.


**2012 жылы** Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің Қазақстан халқы тілдері күніне орай мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру барысындағы жетістіктері үшін редактор Әділбек Құмардың «Ел мүдесі» ток-шоуы ІІІ орынды жеңіп алды.

**2013 ж.** ҚР Спорт және дене шынықтыру ісі жөніндегі агенттігінің бұқаралық спортты насихаттау бойынша «Үздік телехабар» номинациясы бойынша телеарна редакторы Ботабек Тілегеновтың «Спорт, спорт...» бағдарламасы І орынды еншіледі.

**2013 жылы** – Аймақтың басты арнасы облыс әкімінің «За вклад развитие Карагиндской журналистики» атты номинациясы бойынша «Алтын сұңқар» сыйлығын жеңіп алды. Сондай-ақ 1 000 000 тенгемен марапатталды.

**2014 жылдың телемаусымында** «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының 30-дан астам өзіндік хабары қазақ және орыс тілдерінде эфирге шығып тұрды.

Тәулігіне 14 сағат хабар тарататын арна өнімдерінің 60 пайыздан астамы – облыстық филиал ұжымының дайындаған өз бағдарламалары.



**2017 ж.** «Қазақстан – Қарағанды» телеарнасы ребрендинг өткізді. Ал, осы жылдың 20 қарашасынан бастап «SARYARQA» деген атаумен, жаңа үлгіде безендіріліп, жаңа маусымын бастады.

**2018** жылдың 26 маусым күні ҚР Байланыс және ақпарат саласының қызметкерлерінің мерекесі қарсаңында телеарна ұжымы «Дін саласындағы мемлекеттік саясатты үздік жариялағаны үшін» номинациясы бойынша облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығына ие болды. Осы күні телеоператор Мұрат Төкенов, «Жаңалықтар» редакциясының редакторы Виталий Несипбаев аталмыш сыйлықпен марапатталды.

\* \* \*



# ТӨРГЕ ШЫҚҚАН ТӨРАҒАЛАР

«Жақсы адамдар ғана,  
жақсы басшы бола алады».  
Жүсіп Баласағұн.



## Қасымжанов Құрманғали Қасымжанұлы

*1958 жылдың 1 наурызынан 1962 жылдың ақпан айына дейінгі,* Қарағанды облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің алғашқы төрағасы.

Өмір оны ерте ссейтті. Сондықтан болса керек, ол еңбекке ерте араласты. Қарақаралы қаласындағы орта мектептің жетінші класын бітірген

Құрманғали Қасымжанұлы 1933 жылы әке-шешесімен бірге Қарағандыға көшіп келді. Жаңа жерді жатсынбай, бірден осындағы баспаханаға әріп теруші болып орналасты.

Оң-солын енді тани бастаған бозбала аяқ астынан әкесінен айрылып қалды. Тағдырдың бұл тосын сыйы – оның жұмыс істеуіне тосқауыл болған жоқ, қайта жігерлене түсіп, қайсарлықпен еңбек етті. Үй-ішіне қаржылай көмектің қажеттілігін сезіне тұра, «оқоғары оқу орнына түсіп, білім алсам» – деген арманына іштей басу айтты. Сол табандылық пен жігерліктің, асқан еңбекқорлықтың арқасында қызметі жоғарылап, баспахана цехының басшысы болды.

Құрманғали Қасымжанұлының жастық ғұмыры болашақ мамандығына байланысты, сатылай өрбіді. Жұмыс істей жүріп, ара-тұра газеттерге мақалалар жазып, көзге түсті. Әсіресе, жастар өмірі қатты қызықтырды. Көп кешікпей «Қарағанды комсомолы» газетінің бас редакторы оны әдеби қызметкер болуға шақырды. Жас жігіттің журналистика саласына деген шынайы бетбұрысы осы жерден бастау алды.

Қазіргі «Орталық Қазақстан» газеті сол жылдары «Советтік Қарағанды» – деп аталатын. Қаламы төселіп, журналистиканың ауыр жүгін көтерс білген, оқырманды ойға бөлеген, көптеген мақалалардың авторы – бұл басылымды да айналып өтпеді. Ағабуын әріптестерімен бірге қызметтес болу бақыты оның маңдайына бұйырды. Өкінішке орай көп жұмыс істемеді. Өйткені, ол қолына қалам емес, қару ұстап, сұрапыл соғысқа аттануды азаматтық парыз санады. Отанын жаудан үш жыл қорғай жүріп, Отанына аман оралды. Білімін жетілдіріп, облыстық басылымның жауапты хатшысы қызыметін абыройлы атқарды. Көп кешікпей Қарағанды облыстық радио хабарлары және телевидение комитетінің төрағасы болып тағайындалды.



Бұл – 1958 жылдың 18 қаңтары еді. Сол жылы бізбен бірге Алматы мен Өскемен қалаларында телекомитет ашылып, қазақ телевизиясының негізі қаланды. Тұңғыш төраға – ақпарат айнасына тыңнан түрен салды. Әрине, алда атқарылар ауқымдар іс-шаралар аз болған жоқ. Оларды жүзеге асыру үшін ең алдымен кадр мәселесін шешуге тура келді.

Білікті де, тәжірибелі мамандар тапшы болғандықтан режиссерлер мен техникалық инженерлер театр және кәсіпорындардан шақырылды. Эфирге шығарылатын қондырғылар Мәскеуден әкелінді. Басқа дақажетті салалар мен хабар тарату желілері жинақталып, арнайы пысқтаудан өткен соң, сол жылдың 31 тамыз- Кеншілер мерекесі күніне орай, Қарағанды телевизиясы алғаш рет көгілдір экраннан хабар таратты. Оның көш басында тұңғыш төраға – Құрманжан Қасымжанов тұрды.



### **Аманбаев Қали Әлібекұлы**

*1958 жылдың наурыз айынан 1962 жылдың ақпан айына дейінгі* Қарағанды облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитеті төрағасының орынбасары, әрі алғашқы телестудия директоры.

*1962-1964 және 1967-1974 жылдар аралығындағы* комитет төрағасы.

Қали Аманбаевпен қызметтес болған еңбек ардагерлері ол жайында былайша еске алады:

– Қали Әлібекұлы адамды түсіне білу, үйретуді, қай жерде не айтуды, қалай орнымен ұрсуды жақсы білетін мәдениетті, ғажап адам еді. Ол кісінің төраға болып келуін сол кездегі қазақ редакциясының бағы деп түсінер едім, – дейді телеарна ардагері Рымкеш СМАҒҰЛОВА.

– Қали Әлібекұлының орынбасары болып біраз жыл бірге жұмыс жасадық. Баяғыда атақты, ұлы физик Людвиг Гольцман айтқан екен: «Менің мен болғаным Шиллердің арқасы. Егер мен Шиллерден оқысам, одан үйренбесем, мен мен емес, қазір қатарда жүрген көп адамдардың бірі болып қалар едім» – деп. Дәл сол айтқандай менің осындай дәрежеге жетуіме сол кісінің көп ықпалы тиді. Қалекеннен үйренбесем, 30 жыл Қарағанды телеорталығының директоры болып коллективті басқармаған болар едім. Ол кісіден іскерліктің қыр-сырын жете меңгердім. Сыйластықтың сырын ұқтым. Келешек деген ұмтылыстың нақты жоспарларына қанықтым. Мен Қали Әлібекұлын өмірдегі сүйікті ұстазым деп санаймын! – дейді Виктор Курилов, Кепес Одағының «Құрметті радисі».

– Ағабуын өкілдерінің айтуына қарағанда Қали Әлібекұлы шын мәнінде үлкен жүректі, аса білгір, нағыз төраға болған көрінеді. Ол жайында мақтау сөздердің тегін айтылмағанына жұмыс барысында көзім жетті. Қарағанды теледидарының келешегіне қатысты аса маңызды мәселерді сол кезде-ақ Москва арқылы шешіп, өзінің асқан беделімен қайсыбірінің негізін көрегендікпен қалап кеткенін соңында қалған дерек – құжаттардан байқадым. Қалай деседе ол кісіден көп нәрсені үйренуге болады екен, – дейді «SARYARQA» телеарнасының директоры Берік Дүйсетаев әңгіме арасында.

Шындығын да Қалекен төрағалықтан кетіп, облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болғанда, кейіннен зейнеткерлікке шығып, облыстық ардагерлер Кеңесіне басшысылық жасаған кездерде Қарағанды телевидениесінің нағыз жанашыры болып жүрді. Тіпті, тұрақты көрермені болды десек артық айтпағандық болар.

Өйткені, басқосулар мен алқалы жиындарда және кейбір жекелеген редакторлармен кездесіп қалғанда бағдарламалар туралы ұдайы ой-пікірін білдіріп тұратын еді. Қайсыбірін мақтаса, снді бірі жайында сын ескертпелерін шегелеп айтатын. Кейде басшыларға телефон арқылы жеткізген «сәлемдемесін» талай рет лстучкада естіген едік. Қали Әлібекұлы Аманбаев – Қарағанды телесвизиясының негізін қалаған, оның болашағы үшін аянбай еңбек еткен, аса құрметті тұлға болды.



## Кенжебаев Әлжан Молдағалиұлы

*1964 жылдың ақпанынан 1967 жылдың ақпан айына дейінгі* Қарағанды облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің төрағасы.

Бұл төрағаны көргенім жоқ. Бірақ, телеарна ардагерлерінің айтуына қарағанда өте білімді, кісілігі жоғары, істің көзін білетін, білікті басшы болған деседі. Кезінде Александр Гумбольдт айтқан екен: «Өзіне сенген адамның қолынан көп нәрсе келеді». Сол айтқандай Әлжан Молдағалиұлы Қарағанды теледидарының өркендеуіне өлшеусіз үлесін қосқан, өзіне-өзі нық сенімді азамат болыпты.

Кеңес одағы кезінде Қарағанды – үшінші көмір ошағына айналды. Сондықтан да өндірісті өлкеміздің негізгі байлығы – көмір болатын. Жасыратыны жоқ, бұл салаға сол жылдары мемлекет тарапынан көбірек көңіл бөлінді. «Қарағанды көмір бірестігінің» қарамағына қарайтын 36 шахта да жұмыс тоқтау-

сыз, үш ауысымда жүргізілетін еді. Жоспарларын мерзімінен бұрын орындап, жыл соңына жетпей миллионер атанған Т.Күзембаев, С.Киров, В.Ленин атындағы шахталардың абыройы асқақтап тұрды. Еңбектің зейнетін көрген Ж.Үрістемов, С.Шоманов, С.Нұрмағанбетов сияқты кен қопарған кеншілер Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Осындай еңбек саңлақтары жайында облыстық радио мен телевиденистен жиі-жиі әңгіме, очерктер және бейнесюжеттер беріліп тұрды, – деп еске алады 92 жастағы телеарна ардагері Рабиға Жабаева. – Ол кезде яғни Әлжан Молдағалиұлы төраға болған жылдары саясат әлемінде өзгерістер белең алды. Яғни, Кеңес Одағының Бас хатшысы Н.Хрущев тақтан түсіп, оның орнына КПСС Орталық комитетінің кезекті Пленумында Бас хатшылыққа Л.Брежнев сайланды. Осыған байланысты баспасөз саласына да қойылар талаптар күшейді. Телеарна мен радиодан берілетін күнделікті «Жаңалықтар» бағдарламасы алдымен партиялық жиындармен басталып, қабылданған қаулы-қарарлармен толыққанды таныстырылатын. «Партия – адамзаттың ақыл-ойы мен ар-ожданы!» – деп ұрандаған коммунистік кезеңде өндіріс пен еңбек адамдарына баса көңіл бөлінді.

Бұл міндетті телерадиокомитетіндегі әріптестеріміз бұлжытпай орындап отырды. Өйткені, өмір талабы осылай болатын.



## Путиев Степан Тимофеевич

*1974 жылдың қазан айынан 1984 жылдың шілдесіне дейінгі* Қарағанды облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің төрағасы.

Ол Кеңес Одағындағы партиялық қызметте мол тәжірибе жинақтап, әбден ысылған, кешегі кеңес идеологиясының нағыз қайраткері еді. Бұған дейін төраға болған Қали Аманбаевтан кейінгі телеарнаның тізгінін ұзақ ұстаған екінші басшы.

«Жұртқа іскер адамнан гөрі, ізетті адам көбірек ұнайды» – деп Джон Локк айтқандай Степан Тимофеевич өте ізетті, әрі мәдениетті, үлкен-кішімен тез тіл табысатын, іс пен сөздің адамы болатын. Алдына жұмыс бабымен бара қалсаң, көп сөз бұйдаға салмай, дереу шешіп тастайтын. Оның үстіне нағыз басшылыққа тән сабырлық сақтап, бірде-жарым кездесіп қалатын дау-дамайды

қарағанда бұра тарту, ұлтшылдыққа бөлу дегенге жол бермейтін, ары да, жаны да таза кісі еді.

Тағы бір тамаша қасиеті – өзіне жарасатын қарапайымдылығы. Ешқашан кеудесін көтермейтін. Ол кездерде сенбіліктер жиі өтетін. Яғни, телеарна ауласын ұжым болып, сенбі күндері тазалайтын дәстүр болған. Сол жұмысқа «төрағамын», – деп төбеге қарамай, көппен бірге қатысып, қолына күрегін ұстап, ел қатарлы еңбек еткенін талай рет көрдік. Осындай қарапайымдылығына сүйсіндік. Жұмыс арасында сәл үзіліс жасап, бас режиссер Юрий Петрович Лелюх екеуі «темекісін» будақтатып тартып алатын еді.

Оның үстіне «балық аулауға» аса құмар болатын. Бұл саланың құпиясын жете меңгерген, нағыз «эуеской балықшы» бұл өңірде жоқ шығар. Мүмкіндік болып жатса, әр сенбі, жексенбі күндері Қарағанды, Теміртау және Топар маңындағы көлдер мен тоғандардан балық аулайтын. Тіпті, сонау Балқаш көліне достарымен бірге арнайы барып тұратынын Виктор Яковлевич Куриловтан еститініміз. Қақаған аязында да осы дәстүрден жаңылмаған.

Жұмыстан шаршасаңдар, демалыс күндері – балық аулауға барыңдар. Біраз тынығып қайтасыңдар. Ол денсаулыққа, оның ішінде творчестволық жұмыспен айналысатын сіздерге өте пайдалы. Адамның миы жақсылап демалады. Содан соң, жұмысқа тың күшпен кірісесіңдер! – дегенді әр аптада өтетін «летучкада» жиі айтушы еді.

Степан Тимофеевич – шығармашылық адамы болатын. Проблемалық мақалалары республикалық басылымдар да жиі жарық көретін. Бұған қоса әңгімелері мен повестері топтама жинақтарға енгізіліп жүрді. Бертінде жеке кітап болып шықты. Телевидениенің барлық жұмыстарын түске дейін бітіруге тырысын да, түстен кейін жұмыс кабинетіндегі «Ятрань» деп аталатын машинкаға отыратын. Яғни, жазатын көркем шығармасын машинкаға өзі басады. Кабинетіне кіре қалсаң, басып бұрып, мұрнының үстіне түсіп кеткен үлкен көзілдірігін сұқ саусағымен көтеріп; – Жай келдің бе? – деп сұрайды да мәселенді сол жерде шешіп береді. Телеарнаның кейбір «пысық» редакторлары Степан Тимофеевичтің нағыз шығармашылыққа берілген «сәтін» пайдаланып, керекті құжаттарға бұрыштама соқтырып алғанын талай рет көргенбіз.



## Телегин Дмитрий Павлович

*1984 жылдың шілдесінен 1991 жылдың қараша айына дейінгі* Қарағанды облыстық радио хабарларын тарату және телевидение комитетінің төрағасы.

«Табандылық – кез-келген кедергіні жеңеді» – деген еді кезінде Леонардо да Винчи. Сол ай-

тқандай Дмитрий Павлович әрдайым табандылық танытып, телеарна мен облыстық радио да кездескен кедергілерді жеңе білді. Журналисттер қауымына жиі қолбайлау болған кино мен радио пленкалар, Super-video кассеталар, тез шешімін тапты. Байланыс жүйелері арқылы хабар тарататын қондырғылар әбден ескірген еді. Солардың орнына заманауи, шетелдік техникаларды әкеліп, орнатты.

Тіпті, телеорталықтың директоры В.Куриловты жанына ертіп алып, Қытай елінен бірнеше қуаттылығы жоғары техникалық жабдықтарды жеткізді. Әрине, оған қомақты қаржы керек болатын. Оның да жолын тауып, «Қазақмыс» корпорациясы мен «Кармет комбинат» сияқты алпауыт кәсіпорындардың басшыларымен мәмілеге келді. Табан тоздырған, қаншама уақыт оздырған іскер келісімнің нәтижесін біз көрдік, сол арқылы «сапалы бағдарламаларды» ел эфирден тамашалады.

Ол кезде комитетке қарайтын облыстық радио жұмыс істейтін. Аймақ тұрғындары таңертең ұйқыдан радио арқылы оянатын еді. Өйткені сағат 7-де эфирге шығады. – Қайырлы таң, құрметті радио тыңдаушы қауым! Қарағандыдан сөйлеп тұрмыз!- деп диктор Майра Ахметова мен Ескендір Тишмағанбаев «Соңғы жаңалықтармен» таныстырады. Жасыратыны жоқ, ол уақытта теледидардан гөрі халық радионы көбірек тыңдайтын. Өйткені, шалғай аудандағы барлық елді-мекендерге радио хабарлары таратылады. Тіпті, тыңдасаң да, тыңдамасаң да совхоз орталығындағы бағанаға орнатылған жалғыз дыбыс күшейткіш қондырғы арқылы дикторларыңыз қазақ және орыс тілдерінде саңқылдап сөйлеп тұрады.

Былайша айтқанда бір ауылға бір радио жететін еді. Ал, теледидардың оншалықты мүмкіншілігі жоқ. Себебі көрсету желісі тартылмаған, эфирді қабылдау мүмкіндігі шектеулі ғана. Ал кезкелген қалаңыздағы тұрғын үйдің қабырғасында радио қабылдағыш жұмыс істейді.

Осындай жайттарды көбірек ескерген Д.Телегин радио саласының күрмеуі мол мәселелерін қолға алды. Яғни, алыс аудандарға журналистер сирек баратын. Қарпайым еңбек адамдары еленбей қалды. Себебі, біріншіден транспорт жетіспейді. Екіншіден, командировкаға қаржы аз бөлінетін. Үшіншіден дыбыс жазу репартеры (магнитофон) ескірген. Төртіншіден пленкалар (радиотаспалары) тапшы. Міне, осындай қордаланып қалған проблемаларды төраға бірер жылдың ішінде шешіп берді. Сонау рессейден 2 бірдей «Уаз-69» автокөлігін алдырып, оның біреуін облыстық радио ұжымына басыбайлы бектіп берді. Журналистердің іс-сапарға шығуына облыстық пария комитетінен қосымша қаржы бөлгізді. Радиодағы әріптестеріміз бір жылдың ішінде Республикалық телерадиокомитетінен алғызған бағареямен жұмыс істейтін 6 дана магнитофон мен өте сапалы дыбыс жазатын леталарға қолдары жетті.

Дмитрий Павлович жаңалықтардың маңыздылығы мен сапасына барынша ден қойды. Ұзақ сонар сюжеттердің көлемі қысқартылды. Әр бейнесюжет пен жаңалықтар атына сай болу керектігін редакторлардан қатаң талап етті. Бір шаңырақтың астында жұмыс істеп жатқандықтан телеарна мен радионың Жаңалықтарын бір ізділікке салды. Яғни, ең озықты, әрі аса маңызды және ең

соңғы сәттерден хабар беретін облыстың ең таңдаулы жаңалықтарыніріктеп, бір-бірінен алып тұруға жол ашты.



## Мүкүшев Бақытжан Баянұлы

*1991 жылдың қараша айынан 1993 жылдың қаңтарына дейін* Қарағанды облыстық телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы.

Өйтеке би: «Жігіттің жақсысы – өзгенің сөзіне тоқтай білгені, өзінің сөзіне өзгені тоқтата білгені» – деген еді. Ұлы тұлғаның осынау ұлағатты сөзі Бақытжан Баянұлына қарап айтылғандай көрінеді маған. Өйткені ол сондай жақсы жігіт еді. Сөзі өтімді, өзі беделді, телерадио саласын жетік білетін, нағыз азамат болатын. Жастайынан бұқаралық ақпарат құралдары саласында еңбек етті. Алғашқы да аудандық, қалалық газеттерде, кейіннен облыстық басылымдарда жұмыс жасап, журналистика саласының мектебінен өтті.

Төраға болып тағайындалғанға дейін облыстық радиода редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, бас редактор болды. Ұзақ жыл бірге жұмыс істедік. Кез-келген тақырыпқа қамшы салдырмайтын, өте іскер журналист еді. Өндіріс саласын өндіре жазып, кен қопарған кеншілер мен от жалынға оранған металлургтер туралы радиоочерктердің қас шебері болды. Сайын даланың сайып қырандары: шопандар мен дихандар, механизаторлар мен агрономдар жайындағы суреттемелерін жұрт радиодан сүйсіне тыңдайтын.

Алқалы жиындар мен мерекелік іс-шаралардан дайындаған арнайы репортаждарды қолма-қол жазып тастайтын. Өйткені, ол таспаға түскен кейіпкерлерінің сөздерін өзі тазалап, жұмыртқа аршығандай басы-артығын алып тастап, өзі монтаждайтын еді. Жасыратыны жоқ, мұндай қабілеттілік көптеген радио журналистердің қолынан келе бермейтін. Олар арнайы радио қондырғы арқылы жұмыс істеуден қашқақтап, көбінесе монтажер маманның көмегіне жүгініп, оған тәуелді болып, бар уақытын жоғалтып алатын. Бұл жағынан Бақытжан өте ширақ, әрі зерек болды.

Ол кездерде мұндай іскер азаматтарды жоғарыдағы басшылық білімін жетілдіріп, болашақта қызметке көтермелеу үшін Жоғары партия мектебіне оқуға жіберетін. Сондай мүмкіндік Бақытжан Баянұлына да бұйырды. Төрт

жыл Алматыда оқып келген соң, Қарағанды облыстық партия комитетінің баспасөз секторының менгерушісі болды. Онда бірер жыл жұмыс істегеннен кейін 1991 жылдың қараша айында облыстық телевидениеге төраға болып тағайындалды. Бұл кезде Кеңес Одағы ыдырап, қайсыбір республикалар дербес мемлекет болып жатқан еді. Ал Қазақстан болса одақтас 15 мемлекеттің ең соңғысы болып, өз Тәуелсіздігін алуға жиналып жатқан.



Бақытжан Мұқышев осындай қиын, оlara кезде телсарнаның тізгінін ұстады. Өмір мектебінен өтіп, біраз тәжірибе жинақтаған ол кездескен қиындықтарды жеңе білді. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжым оны қолдап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жұмыс істеді. Басты қиындық – ҚАРЖЫҒА келіп тіреле бастады. «Рубль» – құнсызданды, «теңгенің» төбесі көрінер емес. Бір сөзбен айтқанда әлеуметтік жағдай қиындады. Жоғарыдан бөлінген «ақша» ауыз шаюға жетпей жатты.

1991 жылға дейін облыстық телевидениенің арна студиясы және телерадиоорталық секілді екі дербес құрлымы болды. Бір шаңырақтың ішінде бола тұра екеуі бір-біріне бағынбайтын, жеке басшылары бар, есеп-қисабы бөлек. Ал, есесіне скеуі бірігіп, хабарлар дайындайды. Былайша айтқанда екіншісі жазу техникаларымен қамтамасыз етеді журналистерді. Егер де бағдарламалар белгіленген уақытта жазылмаса немесе бірер сағат кеңігіп жазылса, әлгі телерадиоорталық басшысы «жазу қондырғыларының бос тұрған уақыты үшін» пәленбай мың сомға айып салады. Сол күні ҚАРЖЫ қоржындарына түсуі керек. Түспесе, және қосымша ақша төлейді. Сондықтан тезірек аударуға тырысады басшылық. Әлгі хабарлардың объективті себептермен жазылмай қалғаны оларды толғандырмайды. Тек, оларға ақша керек... Осыдан кейін телернаға қаржы қалай жетсін?!

Бақытжан келе сала осы өзекті мәселені шешуге кірісті. Жыл соңына қарай екі мекеме біріктіріліп, Министрліктің жарлығымен Қарағанды телера-

дио хабарларын тарату компаниясы болып аталды. Осыдан соң, қиындықтан құтылып, шығармашылық ұжымның қалтасы қалындай түсті. Уақтылы еңбек-ақымызды алатын болдық. Бұған қоса, өмір ағымына ілесіп, алғаш рет қосымша ақша табудың механизмі қарастырылды. Яғни, бұрын-соңды естімеген, «Жарнама» дегенге бстбұра бастадық. Көп өтпей оның пайдалы скенін төраға түсіндірді.

Айтқандай 1992 жылы менің ұсынысым бойынша «Ойлан, тап» деген атаумен телерадио компаниясының атынан ақшалай-заттай лотерея билетін сатылымға шығардық. Оны кәсіпорындар мен шахталарға, жоғары оқу орындары мен әртүрлі мекемелерге апарып өткіздік. Әрқайсы 10 сомнан тұратын билетті халық қызыға сатып алды. Ол заңды болу үшін тиісті құжаттарды реттеуге төраға көп көмегін көрсетті. Түскен табыстың 50 пайызы сыйлықтарға жұмсалды. Режиссер Рымкеш Смағұлованың басшылығымен ол телеарнадан айсайын көрсетіліп тұрды. Міне, осылайша қаржы табудың тың жолдарына сүрлеу салдық.

Бақытжан Бапанұлы бастықпын деп, басын тіктеп, кеудесін көтермейтін. Үлкен-кішімен бірдей тіл табысып, талап-тілегін тез шешіп тастайтын еді. Өте қарапайым болды. Өзі көптен темекі тартатындықтан, темекіге әуесқой жігіттердің өтінішін аяқсыз қалдырмай, сұраған кезде қалтасындағы қымбат бағалы темекінің бір-екі данасын суырып бере салатын. Яки болмаса: «...темекім, кабинетте қалып қойды, барып сол жерден өзің алыш», – деп кеңпейілдік танытатын. Кейде, редакторлардың түсірілім тобына машина жетпей жатса, астындағы қызмет көлігін бере салатын. Содан соң, үйіне жаяу кететін еді.

Бірде, жұмыс аяғына таман редактор Кәмен Ахметов ағаның скі-үш достары келіп, туған күнімен құттықтады. Шамалы ғана дастархан жайылды. Енді, гілек айтып, тос көтере бергенде тосыннан төраға кабинетке кіріп келмесі бар ма?! Бәріміз сасып қалдық, жағдайды айтып едік, ұрысқан жоқ. Қайта, жақсылап шынайы ниетін білдіріп, рюмка түйістірді де, туған күнің деп 5 мың сомды қолына ұстатты. Ол кезде бұл аз қаржы емес. Нағыз жігітке тән осындай қасиетіне бәріміз риза болдық.

Сол жылдары еліміз де сөз бостандығы санамызға біртіндеп ене бастаған. Еркіндікке елігіп, шектен тыс шығып кетпеуімізді Бақытжан Бапанұлы журналистер қауымына ұдайы ескертіп отырды. Демократияның дүмпуін әріптестеріміз қолдап-қуаттады. Тіпті, «Қарағанды облыстық советінің төрағасы И. Мүсәлімов Күнгей елді мекеннен керемет, қос қабатты үй салып жатыр, оған қаржыны қайдан тапты?! Бұл қызмет бабын асыра пайдалану емес пе? – деген сын материал алдымен облыстық радиодан, кейіннен теледидардан берілді. Бұл-бұрын соңды болмаған СЕНЦАТСИЯ еді.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» – деген. Ендеше, дерек-дәйектерің нақты болып жатса, қызыл сөзге қызықпай қоғамның кемшін тұстарын сынайтын материалдарды беріп тұрайық, біздің көрсеткен қолқабысымыз болсын. Жоғарыдан қысым болса, оны өзім сөйлесемін! – деді Бақытжан ұжыммен өткен жиіталыста.



Ол сөзінде тұрды. Өлгі сын хабарлары үшін жоғары жактан таякта жеді. Бірақ, бәрібір нақты деректермен дәлелдеп, журналистерді қорғай білді. Мүмкін осындай сын садағының салқыны тиді ме, кім білсін торағаны 1993 жылы тақтан түсірді. Телеарна ұжымы ондай шешімге бір ай қарсылық танытып, Бақытжанды жібермейміз деп ереуілге шықты. Бірақ, одан оң нәтиже шыға қоймады... Көп ұзамай Алматыға көшіп кетті. Сол жерде жұмыс істеп жүріп, бір күні аяқ астынан отбасымен автокөлік апатына ұшырады. Жұбайы Сәуле сол жерде көз жұмды. Ал өзі араға айлар салып, әлгі апаттың салдарынан ауруханада есін жимай дүние салды. Қайран, азаматай!



## Ахметов Өтен Ахметұлы

*1993 жылдың қаңтар айынан 1997 жылдың наурыз айына дейінгі* Қарағанды облыстық телерадио компаниясының торағасы.

Өтен Ахметов – есімі облысымызға қалаберді республикамызға жақсы таныс, қаламы жүйірік журналист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Бірнеше кітаптары әр жылдары республикалық баспадан жарық көрген жазушы. Оқырман мен сыншылар тарапынан оң бағасын алған қарымды қаламгер. Ол төраға болмас бұрын 70-шы жылдардың соңында Қарағанды телевидениесінің қазақ тіліндегі қоғамдық – саяси хабарлар редакциясына біраз жыл басшылық жасады.

Бас редактор болып жұмыс атқара жүріп «Сыр сандық» әдеби хабарын жүргізді. Қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні жайлы өзекті проблемаларды қозғай отырып, арқа өңіріне келген атакты жазушылармен әңгімелесетін. Сол жылдардағы сұхбатқа Сәбит Мұқанов, Софы Смағаяв, Әбіш Кекілбаев, Әлжаппар Әбішев, Ахат Жақсыбаев, Тұманбай Молдағалиев, Рымғали Нұрғалиев, Жашар Өмірбеков, Сәкен Жүнісов сияқты сөз зергерлері қатысқанын куәсі болғамыз. Өтекең ара-тұра жергілікті ақын-жазушыларды да ұмытқан жоқ. Олардың шығармашылығы туралы толыққанды хабарлар дайындап, оқырмандар мен көрермендер арасына алтын көпір сала білді. Нақтырақ айтқанда: Ж. Бектұров, Е.Ибархим, Е.Букетов, Қ.Жойқынбеков, С.Ләмбеков, Р.Сүлейменов, К.Сауғабаев, Ә.Әзиевтер «Сыр сандықтың» қонағы болды.

Өтен Ахметов қарамағында қызмет атқарған әріптестеріне ақыл-кеңесі мен қамқорлығын аяған жоқ. Нақты жұмыс жоспарын жасап, халыққа аса қажетті тақырыптарды қамтитын бағдарламаларды дайындауға ерекше салмақ

салды. Әр хабардың маңыздылығы мен тартымдылығын редактор мен режиссерден талап етті. Әсіресе, «Өндірісті өлке», «Теміртау оттары», «Жазира», «Ұстаз экраны», «Арай», «Жас қанат» және «Құрбылар» – деп аталатын хабарлар көпшіліктің назарына ұсынылды.

Сол кездегі партия талабы бойынша, қарапайым еңбек адамдарына баса көңіл бөлінді. Олар жайлы кеңірек әңгімелеп, молырақ бейнесюжеттер түсірілді. Біздің дайындаған ең үздік хабарлар республикалық теледидардан көрсетіліп тұрды. Мұның өзі журналистер үшін үлкен мәртебе болатын. Әріптестеріміз жиі-жиі білімдерін толықтырып отыратын.



Сондай-ақ 1976 жылы қарағандыда «Жолдас» фестивалі ойдағыдай өтті. Телеарнаның біраз хабарлары жеңімпаз атанды. Бұл фестивальдің танымдық пайдасы туралы белгілі телесынышы, қазақ журналистикасының көрнекті өкілі, профессор, филология ғылымдарының докторы Құдайберген Тұрсын былай дейді:

«...Қазақ теледидарының жастар редакциясы көп жылдар бойына Қазақстан комсомолы және Мәдениет министрлігімен бірлесіп, облыс орталықтарында жылына бір рет «Жолдас» фестивалін өткізіп тұрды. Бұл фестиваль телехабарлардың сапасын арттырып, жас дарындарды табуда маңызды зор болды. Ерлі-зайыпты Бакытжамал мен Жүрсін Ермановтар, марқұм Ә.Сқақов, кейін Қарағанды телерадиосын басқарған Өтен Ахметовтер «Жолдастарда» танылып, тандаулылары Алматы студиясына шақырылды. Осылардың әрбірінің телеэкранда қолдарының табы, жүректерінің оты қалды». (Құдайберген Тұрсын «Қазақ теледидары», 198-бет. «DIGITAL MEDIA ASIA» баспасы 2008 ж.).



Араға біраз уақыт салып, Өтен Ахметов қасиетті қарашаңыраққа қайта келді. Жай келген жоқ, төраға болып, төрге шықты. Бірақ келген бетте бірден таққа отыра алмады. Ол Бақытжан Мұқышевтің орнына келген болатын. Телеарна ұжымы: «...біз Мұқышевпен бірге жұмыс істегіміз келеді. Басқа төрағаның қажеті жоқ. Бақытжанды жібермейміз. Ол нағыз жаңашыл, әділдікті жақтайтын, іскер басшы!» – деп ереуілге шығып, бірер ай жұмыс істемей студия ішінде жатып алды. Олармен күніге сұхбат жасалды. Нәтиже болмаған соң, сол кездегі Республикалық «Қазақстан» мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы Шерхан Мұртаза арнайы келіп, ұжым мүшелерімен кездесіп, әңгімелесті. Содан соң, қарағандылықтар райынан қайтып, Өтекең төрге өтті.

Әрине, азда болса түйінді мәселелер қордаланып қалған болатын. Оны шешу үшін Өтен Ахметовтың біраз тер төгуіне тура келді. Тағы да алдынан қаржы тапшылығы шықты. Студия техникаларын жаңарту арқылы, телеарна хабарларының сапасын жақсарту қажет еді. Оған қомақты ақша керек. Ол үшін

«Валют-Транзит» банктен кредит алуға тура келді. Төраға осыған күш салды. Нәтижесі жаман болған жоқ.

Бұған қоса жарнамалық хабарлар көбейтілді. Тіпті, қалталы кәсіпкерлерді іздестіріп, олармен келісім шарт жасалды. Бір сағаттық уақытты соларға сатып, ақша таудың оңтайлы жолдарын қарастырды. Ақыры, айына екі рет тікелей эфирге шығып тұру үшін «Ақшалай лотерея» ойынын өткізді. Тенгелей түсім телеарнаның біраз қажетін өтеді. Оған Ө.Ахметовпен сол кездегі төрағаның коммерция жөніндегі орынбасары Марат Дүйсенбин көп еңбек сіңірді.

Шығармашылық ұжымның жағдайы біршама жақсарды. Біраз редакторлар баспаналы болды. Жыл соңында қосымша ақшаға қолдары жетті. Көп ұзамай қиындыққа толы жылдар осылайша тарих қойнауында қол бұлғап қала берді...



## Байдалы Сәбит Жүнісбекулы

*1997 жылдың мамырынан 2000 жылдың қыркүйек айына дейінгі* Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы.

*«Құрмет» орденінің иегері, қоғам қайраткері – Сәбит Байдалының естелігінен:*

«1997 жылдың мамыр айынан бастап Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының төрағалығы қызметін атқаруды бастап кеттім. Мол тарихы бар қарашаңырақты басқарудың үлкен жауапкершілігін түйсігіме түйіп алған мен келген беттен сөзбұйдаға салмай, өткенге жалтақтамастан істің мән-жайына қаныға бастадым. Ұйымдастыру-техникалық мәселелерімен де мықтап айналысуға тура келді. Телехабарлардың шығармашылық мазмұнын көтеру мақсатында техникалық қайта жарақтау шараларына ерекше екпін бердік.

Бар мүмкіндіктерді нақты салыстыра отырып, шығармашылық, техника, экономика, бизнес мәселерін кешенді түрде қарастырдық. Нарық пен Ақпарат заңдылықтары осындай іс-қимылдарды талап етеді. Жаңа жағдайдың сұраныстарына икемделудің стратегиясы қажет болды. Екі аптадан кейін компанияның ұжымына телерадиохабарларын таратудың 3 жылға арнаған жаңа концепсиясын ұсындым. Өз кезегінде бұл көрермен қауымның рухани, интеллектуалдық және мәдени тұрғыдағы деңгейлерінің биіктеуіне жол ашатын еді. Біз алдымен осыған ұмтылдык. Ұжым тұжырымдаманы қолдады.

Абырой болғанда аталған бағдарламалық құжатта көрсетілген іс-шаралар рет-ретімен жүзеге асырылды. Осы жерде олардың шешілуі ақша қаражатымен тығыз байланысты болғанын айта кетуіміз керек. Оның да жолын қарастырдық. Тез арада екінші аппараттық студияны жөнге келтіріп, арнайы компьютерлік топ құрдық, шамалы болса да бейне техникалар алып, телерадиохабарлар көлемін айтарлықтай кеңейттік және ғаламтор жүйесін іске қостық. Сол кезеңде телестудияда компьютерлерді бес саусағындай білетін мамандар мейлінше қажет болды. Оның да жолын таптық.

Қарағандыдағы «Валют-Транзит» компаниясына өтініш білдірдік. Қаржы мәселесі оң шешім табылған соң, кадр проблемасы және 2 киловаттық телеха-

бар тарататын қуатты қондырғыға қолымыз жетті. Енді облыстық теледидардың бөтен арналарға килігіп, оларға жәтендеп, «қонақ» болуы тоқтатылып, көрермендер жаңа 3 арнадан обыс хабарларын көре бастады. Осылайша тіршілік жасап, жарнаманы қатты қолға алып, ақша табудың жаңа сүрлеуіне түстік. Алпауыт кәсіпорындар «Испат-Кармет», «Қазақмыс» корпорацияларымен бірлесе жұмыс істеуге көштік. Нәтижесінде эфирге «Испат жаңалықтар», «Шахтер арнасы», «Қазақмыстан хабарлар» жүйелі түрде шығып тұрды.



Мені – Қарағандыға келіп, жұмысқа кіріскен сәтте -- хабарды жинақтаумен айналысатын арнайы топтың жоқтығы қайран қалдырды. Ойластыра келе «Дидар» ақпараттық қызметін құрдық. Мұндай тәжірибе шетелдік телерадио компанияларында баршылық. Ақпараттың мазмұны, жаңалықтың құндылығы қосбірдей редакцияда арта түсті. Осы жерде басты жанр-хабарды іздеудің тәсілдерін жетілдіруді қолға алатын кез туды деп санадық. Оғанда көп кешікпей кірістік. Жексенбі күні кешкісін «Алға» қорытынды ақпараттық бағдарламасын эфирге шығардық. Осындай ілкімді ізденістер, арнайы тұжырымдамадағы жоспарлар біртіндеп жүзеге асты. Қарағанды телеарнасын абырой даңқы асқақтай түсті.

Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясына жетекшілік еткен кезімде берілген тапсырмаларымды ойдағыдай орындап, игі мақсатты жүзеге асыруда аянбай еңбек еткен: В.Курилов, С.Батырханова, М.Дюсенбин, Х.Ахметов, М.Токмырза, Б.Мамыр, Н.Әліпбекова, С.Таласбаев, М.Хасенов, Д.Телегин, Б.Бессуднов, В.Амочаев, Б.Габрилович, К.Долдинова, Г.Балбекова, С.Фиалкова, М.Әбдалиева, Г.Бұхарбаева, Н.Аманов, Ә.Тойжігітов, Ж.Сармурзин, Т.Дамиев, Ә.Жампейісов, Р.Ысқақова, Н.Архипова, А.Упашева, Г.Рахимова, В.Холодков, М.Сүлейменов, М.Фабдуллиндерді басқада журналистерді, теледидар мен радионың өзге қызметтеріндегі әріптестерімді күні бүгінге дейін ризашылықпен еске аламын.»

( «Жұртымның бір керегіне жарасам деп...», С.Байдалы,  
110 -114 бет. Алматы -2016 ж.)

**Автордан:** Осы естелік кітап баспаға дайындалып жатқанда 2018 жылдың 17 тамыз күні қарымды қаламгер, көрнекті қоғам қайраткері, «Ақ жол» партиясының жауапты хатшысы Сәбит Байдалы 71 жасында дүниеден өтті. Сол күні «Сарыарқа» телеарнасының директоры Б.Дүйсетәев, редактор Ә.Жәмпейісов және осы жолдардың авторы Астанаға арнайы барып, ұжым атынан туыстарына көңіл айттық. Қасиетті жұма күні ақтық сапарға шығарып салдық.



## Әбдәкімов Әбдіжапар Әбдәкімұлы

*2000 жылдың қазан айынан 2005 жылдың ақпан айына дейінгі* Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының директоры.

Әбдіжапар Әбдәкімов сөзге шебер, әңгіме айтқанда майын тамызып айтады. Арасында тұздық болар әдемі әзілін қосып, тыңдаушысын бір серпілтіп тастайтыны өзіне ғана жарасады. Оның өмір мектебінен өткен, өзгелерге өнеге болар ғұмыр жолы бар. Ол тектінің ұрпағы. Халық арасында «Қарлығаш би» атанып кеткен, бүгінде мүрдесі Ташкент қаласында жатқан атақты Төле биден тарайды. Оны мақтаныш тұтып ешкімге тыс жарып айтқан емес. – Солай ма? – деп сұрай қалсаңыз басын иіп, сәл ғана жымияды да қояды.

Мен Әбекенді көптен білемін. Бір өңірдің түлегіміз. Отбасымызбен ағалы-інідей, тонның ішкі бауындай араласып тұрамыз. Сол Әбдәкімовтер әулетінің құт-берекесі болған Бақыт жеңгеміздің қолынан талай рет дәм таттық. Қуаныш-қайғысына ұдайы ортақтасып келеміз. «Абырой-атақ есте сіңірген еңбекпен, төгілген термен келеді» – деп ұлы жазушы М.Әуезов текке айтпаса керек. Ағамыздың елге сыйлы болуынның бір сыры – сол ерен еңбегінің арқасы.

Кешегі Кеңес одағы кезінде жоғары оқу орнында оқытушы бола жүріп, партия ұйымдары мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Ұлттық рухымызды ұлықтап, тіліміз бен тарихымыздың нағыз жанашыры бола білді. Уақытпен санаспай жемісті еңбек етті. Теміртау қалалық партия комитетінің алғашқыда бөлім меңгерушісі, кейіннен идеялогия жөніндегі хатшысы қызметтерін ойдағыдай атқарды.

Адам баласының мінез-құлқы жаратылысынан емес, өскен ортасы мен қоршаған айналасындағы азаматтардан үлгі алған өнегесімен қалыптасады.

Бұл орайда Әбекеннің жұлдызы онынан туған десек қателеспейміз. Өйткені, ол ордалы ортаға кезігіп, өнегелі өмір мектебінің негізі қалыптасты. «Жолдасы көптің, олжасы көп», – деп халқымыз айтқандай оның өмірдегі олжасы мол болды. Елге сыйлы, халыққа қадірлі болуының түп-төркіні де осында жатыр.

Сонау сексенші жылдардың соңында жоғарыдағы басшылар оған қолқа салды. Мемлекеттік деңгейдегі партия жұмыстарын жақсы білетін, аталмыш салада біраз тәжірибе жинақтаған Ә.Әбдәкімов – Қарағанды облыстық партия комитетінің үшінші хатшысы қызметіне баламалы түрдегі сайлауға қатысты. Бұл – кеншілер шаһарында демократияның алғашқы лебі сезіле бастаған кез. Бағын сынап көрді. Бірнеше турдан сүрінбей өтіп, соңғы мәреге Қарқаралық әріптесі Марат Райымбеков екеуі қолұстасып жетті. Сол жолғы жиыннан соң, телеарнаға берген сұхбатында: – Арғын-ата баласы ғой! Арқа жерінде еңбек етіп, несібемізді теріп жүрміз. Сондықтан Марат ағама жолымды бердім,- дегені бар. Міне, бұл – тектіліктің белгісі! Текетіреске барып, қабақ шығып, тырнақ астынан кір іздеген жоқ. Әрқашан үлкенді сыйлап өскен ұрпақтың кейінгі жастарға үлгі болар өнегесі осы емес пе?!



Әбекен бес жылдай Қарағанды облыстық телевидениесіне басшылық жасады. Телеарнаның материалдық-техникалық жағдайының жақсаруына да біраз үлесін қосты. Әрдайым шығармашылық ұжымның жемісті қызмет етуіне мүмкіндіктер жасай білді. Ол адамдарды алаламай, керек кезінде қамқорлығында аяған жоқ. Әлі есімде, осы шаңырақта ұзақ жылдар бойы диктор, кейіннен редактор болған, өнерге өте беймі бар, тамаша ән айтатын Садық Таласбаев деген азаматқа Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» атағын алып берді. Өзі қажетті құжаттарын қадағалап, тиісті басшылықтарға телефон соғып, көптен шешілмей келе жатқан мәселенің «оң» шешілуіне аянбай ат салысты.

Сөз реті келгенде айта кеткен артық болмас. Бұдан 15 жыл бұрын атак – даңқы төрткіл дүниеге танымал Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы ұлт аспаптар оркестрінің дрижері Д.Үкібаев та «Мәдениет қайраткерінің» төсбелгісін омырауына тақты. – Әбекең болмаса әлі күнге «атақсыз», шен-шекпенсіз жүрер едім ғой! Қамқорлық – шарапатына рахмет! – дейді кездескен сайын өнер тарланы.

Ә.Әбдікәсімов еңбекқор, нағыз істің адамы. Өз жұмысы мен міндетіне әр қашан тиянақтылықпен қарайды. Оны біз бірге жұмыс істеген жылдары көріп, талай рет куәсі болдық. Әрине, 2000-шы жылдары еліміздегі жағдай мез емес еді. Әсіресе, әлеуметтік-экономикалық салада күрмеуі қиын күрделі мәселелер жиі кездесіп тұрды. Сол қиындық телеарнаында айналып өткен жоқ. Азық-түлік аяқ астынан қымбаттап, ақша тапшылығы жүрегімізді сыздағты. Бір жақсысы білікті басшының арқасында ұжым мүшелері еңбек жалақысын уақтылы алып тұрды. Хабарлар дайындау үшін алыс аудандар мен қанаттас қалаларға автокөлікпен іс-сапарға жиі баратынбыз. Жанармай мәселесі сол жылдарда да жиі қолбайлау болатын. Сондай қиындықтарға қарамастан телеарна төрағасы әйтеуір жолын тауып, мәселені шешіп беретін еді.

Тіпті, әр аңтаның дүйсенбі күні өтетін шығармашылық жиында: – Барған жерлерінде автокөлігіміздің «қарны ашып қалды», жанармайларың болса құйып беріңдер?,- деп басшыларға алақан жайып жүрмендер! Немесе, қонақ үйге төлейтін қаржымыз жоқ! – деп үй иелеріне қолқа салғандарыңызды мен естімейтін болайын! – деп қатты ескертетін. Жасыратыны жоқ, кейде жоғарыдағыдай келеңсіз сәттер ара – тұра болса да журналистер тарапынан кездесіп қалатын. Байқасақ, басшының бұлайша сөйлеуінің сыры – қасиетті қара шаңырақ Қарағанды телеарнасының атына кір келтірмендер!, – дегені екен ғой.



## Дүйсетаев Берік Смағамбетұлы

*2005 жылдың сәуірінен бүгінгі күнге дейін*  
«Республикалық «Қазақстан» телерадиокорпорациясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры.

**Берік Смағамбетұлы** көп жылдар бойы жергілікті атқару органдарында, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі басқарма мен департаменттерде жауапты, басшы қызметте болды. 2000-шы жылдардың бас кезінде Қарағанды облыстық



ақпарат басқармасы, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде басқарма бастығы қызметтерін атқарды. 2005 жылы Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының директоры қызметіне тағайындалды.

Осы жылдар ішінде іскер қимылының арқасында филиалдың творчестволық, техникалық және қаржылай-шаруашылық жұмыстары жанданып, материалдық-техникалық базасы барынша нығая түсті. Ең бастысы – телебағдарламалардың сапасын жақсарту үшін, бірнеше шетелдік қондырғыларды сатып алды. Әрине, ол үшін қомақты қаржы керек. Директор – теңгенің тетігін тауып, коллективпен жұмыс істеудің механизмін дұрыс жолға қоя білді. Соның арқасында көш соңында қалған филиалды көшбасшылыққа шығарды. Қазіргі таңда соғы он жылдан бері біздің арна Корпорация бойынша жетекші орыннан көрініп келеді.

Кадр мәселесін де дұрыс іріктеп, кәсіби мамандардың қатарын университет бітірген талапты да, талантты жастармен ұдайы толықтыруда. Бізде еңбек етіп, іскерлігімен көзге түскен, тәжірибе жинап, қанаттанып шыққан жастарды саны қазір 21-ге жетіпті. Олар Республикамыздағы байырғы басылымдар мен жетекші арналарда жұмыс жасап жүр. Біз олармен мақтанамыз.

Берік Смағамбетұлы – заманауи талапқа сай, әртүрлі жанрдағы телехабарлардың жазылуына әрдайым ақыл-кеңесін беріп отырады. Керек кезінде қолдап, сәл кешеуілдесе шығармашылық ұжымнан қатаң талап етеді. Орынды талап – оякалы болуға жол ашатынын көріп келеміз. Жақсы бағдарламаларымен жүздегерлер болып жүргендер арамызда за емес. Б.Дүйсетаев басшылық жасаған соңғы 10 жылдықтың ішінде телеарнаның 31 қызметкері облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне беретін жыл сайынғы «Алтын Сұңқар» сыйлығының жеңімпазы атанды. Бұл өте жоғары көрсеткіш.

Көрерменнің көзаймына бөленіп жүрген «SARYARQA» телеарнасының төлгуындысы жетерлік. Бүгінде оның жалпы саны 30-дан асып жығылады. Аймағымыздың күнсайынғы айнасына айналған «Жаңалықтардың» орны бөлек. Соңғы бірнеше жылдан бері телеарна ұжымы аймағымызда жаңадан пайдалануға берілетін аса маңызды нысандарды, яғни Елбасының қатысуымен өтетін телекөпір бағдарламаларын жоспарлы түрде беріп келеді. Бұл орыда біздің де қосқан үлесіміз мол екенін мақтанышпен айта аламыз.

Берік Дүйсетаев Қазақстан телевидениесінде ғана емес, бұрынғы тәуелсіз достастар елінің тарихында ең алғашқы ашылған Қарағанды телевидениесіндегі мұражайдың авторы, әрі соның негізін қалаушы десек болады. Өйткені, өзі бас болып, қалған журналистер қолдап, қайда барса да музейге қажетті құнды заттарды іздестіріп жүреді. Нәтижесі жаман болған жоқ, қазір мұражайда неше түрлі телеарнаға қатысты, өткен 60-70-ші жылдардан сыр шертетін тарихи жәдігерлер мен құжаттар толып тұр. Бұл – келер ұрпақ үшін керемет дүние.

Бекең үлгілі отбасынан шыққан, кішіге аға, үлкенге іні бола білген парасаты мол, тәрбиелі азамат. Жалпы Дүйсетаевтар әулеті тек Қарқаралы ауданына ғана емес, аймағымызға жақсы таныс. Тек Смағамбет ағамыздың өзі білім беру

саласына 40 жыл бойы жетекшілік еткен, нағыз ұлағатты ұстаздардың ұстазы еді. Ал анасы – Гүлназия ел сыйлаған, халықтың шексіз құрметіне бөленген, аса мейірімді жан болатын. Бекеңнің бүгінгі кісілігі мен кішілігі, аңқылдаған ақ пейілі ана сүтінен дарығаны көрініп тұр.



«Еңбек – бәрін де, жеңбек» – дейді атам қазақ. Б. Дүйсетаев сол еңбектің жемісін көріп отыр. Ол «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен (2017 ж.), «Астанаға – 10 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан халқы Ассамблеясына -20 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне – 25 жыл» медальдарымен және ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төс белгісімен марапатталған. Аса іскер, білімді де, білікті басшы.

\* \* \*



# ТЕЛЕДИДАР ХАБАРЛАРЫНА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

(1958 – 2010 ж.)

«**КЕЛҢІЗ, СПЕКТАКЕЛЬ КӨРЕЙІК**» – бағдарламасы алғаш рет 1958 жылдың 25-ші желтоқсан күні, бір сағат көлемінде эфирге шықты. Редакторы – А.Әлғожин. Аталмыш хабар 1959–60 жылдары тікелей эфирден көрсетіліп тұрды. «Балалар мен жастар» редакциясы ұйымдастыруымен көрнекті жазушылардың пьесалары жиі қойылды. Соның бірі – Б.Майлиннің «Раушан Коммунист» спектаклі болды. Басты кейіпкерлерді телестудияның бас режиссері Айтуған Салықов пен диктор Галина Рахимова ойнады. Сәтті шыққан бұл спектакльге көрермендер дән риза болды.

Қарағанды телеарнасының еңбек ардагерлері, режиссерлар: Рымкеш Смағұлова мен Икен Құрманбетова сол жылдарды былайша еске алады.

– Студиядағы спектакльдерге қазіргі С.Сейфуллин атындағы театр әртістері жетпей жатса, арасында өзіміз де қатысамыз. Әрине үлкен рөлдерді ойнамасақта, кішігірімдерін тез игеріп кететінбіз. Ойнағанымыз үшін әжептеуір ақша төлейді. Ол кезде эфирге тікелей шығамыз. Түннің бір жартысында үйге қайтушы едік. Сол күні студияда кәдімгіде той болатын.

«Жалбыр», «Қыз жібек», «Ер Тарғын» сияқты пьесаларды көрсеткенде, студия ішіне бас кейіпкерлер кәдімгі «тірі атқа» мініп шығатын. Әлгі цирк аттары кермет жарық шамдардан үрікпейтін еді. Қазір соған таң қаламыз!!! – дейді зейнеткер апаларымыз.

«**Соңғы хабарлар**» 1962 жылдың 4-ші қаңтарынан бастап облыс жаңалықтары осындай айдармен қазақ және орыс тілінде күн сайын 10 минут көлемінде беріліп тұрды. Бұған дейін апталық жаңалықтар жұмасына 2 рет, содан соң 3 рет шығатын еді. Рас алғашқыда бұл жаңалықтардың радиодағы хабарлардан өзгешілігі көп бола қоймайтын. Көбіне ауызша, бейне сюжеттер аз көрсетілетін. Оның көлеміде шамалы болатын. Өйткені, таспаға түсірілетін пленкалар ол кезде жетіспейтін еді. Кейіннен телевизия жанрына тән хабарлар беріле бастады.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап «Жаңалықтар» қазақ және орыс тілінде аптасына 6 рет, әрқайсының көлемі 15 минуттан 2000-шы жылға дейін көрсетіле бастады. Негізгі жаңалықтар материалы орыс тілінде дайындалып, ана тілімізге аудармасы беріліп отырды. «Жаңалықтар» редакциясы жеке болды. Қазақ және орыс бөлімінің әрқайсында 2 редактор, бір режиссер, бір ассистент, режиссер көмекшісі және бір дыбыс режиссері қызмет атқарды.

Олар: Ш.Қалмағанбетов, Х.Ахметов, С.Жанысбаев, С.Таласбаев, В.Дайко, М.Ақшолоқов, Р.Ысқақова, Қ.Ахметов, И.Құрманбетова, Ж.Шорманбаева, Б.Сейсепова, А.Құрымбаева, В.Мартюшина, Н.Метелев, Б.Әкімбекова. Уақыт

өте келе бұл құрам өзгеріп, жаңа қызметкерлермен толығып отырды. Бұл редакцияның В.Холодков, В.Миткин, С.Болатов, К.Үкішев, Ә.Сексенбаев сияқты тұрақты кино және телеоператорлары болатын.



Әрине, бүгінгі күннің талабымен қарағанда дайындалған хабарлар сапасы аса мықты бола қоймайтыны ақиқат. Өйткені, жеделдік жетіспейтін. Алып келген кино сюжет 16 миллиметрлік пленкаға түсірлетін еді. Ол арнайы дәрі-дәрмек қосылған қондырғы арқылы дайындықтан өтеді. Оның сапасын арнайы маман көріп болған соң, «рұқсат» береді. Әлгі кино ленталардағы көрністерді сценари бойынша қидалап, жеке-жеке кесіп алады. Бұдан соң барып, оларды бір-біріне желімдейді.

Сұхбат алған кісінің сөзі жеке жазылады. Оны әлгі негізгі пленкаға жапсарласа желімдейді. Сөйлеген сөзі ауыз қозғалысымен бірдей болып, экраннан дұрыс көріну үшін оны он рет жөндеп, туралайды. Міне, 1-2 минуттық киносюжеттің дайындалу процесі осындай. Бұған қаншама уақыт кетеді. Сондықтан «жаңалықтарға» бейне көрністер жедел беріле қоймайды. Қазіргі кезде мұндай жағдай қас-қағым сәтте атқарылады. Өйткені заманауи техника кермет жетілді емес пе?!

Жасыратыны жоқ ол кезде әр жаңалықтың мәтін көлемі 1,30-2 минут емес, 3-4 минутқа кетіп қалатын. Тікелей эфирге шыққанда тосын жағдайлар жиі кездесіп тұрды. Студиядағы жоғары қуатты лампалар жарлып кететін. Киносюжеттегі суб.титрларды сол мезетте режиссер көмекшісі экраннан беріп тұрғандықтан, кейде ол әр түрлі себептермен дайын бола қоймайды. Бір сюжеттен екіншісіне өткенде, студиядағы алдын ала әзірлеп қойған алуан түрлі суреттер арқылы (заставка) өтетін еді. Кейде операторлар қондырғыны

жылжытып немесе режиссерлер басқару нүктесін дер кезінде басып үлгермейтін. Осындай қиындықты бастан өткерген шығармашылық ұжымның еңбегіне қазір таң қаламыз.

Қазіргі таңда «Сауағқа» телеарнасының «Жаңалықтар» редакциясы мұндай қиындықтан құтылғалы қашан. Тек қазақ тобында 6 редактор жұмыс істейді. Үлгермей жатса басқа бөліміндегі әріптестері көмекке келеді. Көлемі 20 минут болатын қазақ тілінде дайындалатын облыс жаңалықтарын көрермендер тәулігіне 3 рет көгілдір экраннан тамашалай алады. Телеарнаның арнайы сайтынанда кез-келген уақытта көруіне толық мүмкіндік бар.

Жастарға арналған «Жастық оттары» бағдарламасы (редакторлары-Мәдина Байжанова мен Сүйіндік Жанысбай) 1964-76 жылдары үзбей эфирге шығып тұрды. Сол жылдары Қазақстан Магниткасының қарқынды өмірін, комсомолдық жолдамамен келген жастар, кәсіптік-техникалық училищелерге қазақ жастарын шақыру жайлы насихат хабарларын көбірек беру қажет болды. Алта сайын көлемі 15 минут мөлшерде «Кім болам?» хабары тікелей эфирден беріліп тұрды. Кезекті бір хабарға Қарағанды Металлургия зауыты комсомол комитетінің секретары Т.Сүлейменов және озат металлург (бүгінгі Қазақстан республикасының Президенті) Н.Ә.Назарбаев қатысты.

– Хабарға ауыл жастарында жиі шақырып тұратын едік. Өкініштісі сол пленканың тапшылығынан киносюжетке аз уақыт берілетін – деп еске алады 1975 жылығы бағдарлама редакторы, бүгінде есімі елге белгілі, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері Сүйіндік Жанысбай.

Қарағанды телевидениесінің шығармашылық ұжымы халық арасындағы талантты да, өнерлі жастарға әрдайым көңіл бөліп, олардың болшағына сәт-сапар тілеп отырды. Осы мақсатта «Родники» музыкалық байқау хабарларын (редакторы Галина Михайлова) 1972-75 жылдары ұйымдастырып, бір сағаттық көлемде айына екі рет берілетін. Өнерде шекара болмайды. Қай ұлттың өкілі болсын оған шек қойылмайтын. Ең бастысы -- талантты жастар болса жетіп жатыр. Бұл халықтың сүйіп көретін хабарына айналды. Оны қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері жүргізетін еді. Қазіргі кезде Республикамызға танымал болған өнер жұлдыздары, Қарағандылық әншілер Мақпал Жүнісова, Мейірхан Адамбеков, Болат Сыдықовтардың тұсауы осы бағдарламада кесілді.

«Коммунист» хабары 30 минут мөлшерде айына екі рет, көрермендер назарына 1970 жылдың сәуір айынан бастап ұсынылды. Ол кешегі Кеңес одағы тарқап кеткенше 1991 жылға дейін эфирге тұрақты түрде шығып тұрды. Бағдарламаға кезінде бас редакторлар Масфұт Халиоллин мен Өтен Ахметовтер басшылық жасап, өздері тұрақты жүргізіп отырды. Екінші хабардың авторы – белгі тарихшы, ұлағатты ұстаз Зияда Жанғожин болды. Бұл хабарлар сол

кездегі Кенестік идеологияның салмақты жүгін көтере білді.

Ай сайын эфирге шығатын бұл бағдарламада өндіріс пен ауылшаруашылық саласындағы КПСС-тің ролі, қызметі мен міндеті, партияның алға қойған сындарлы саясаты, қабылданған қаулы-қарарларының орындалысы қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы толыққанды әңгіме өрбитін. Жылсайын өткізіліп тұратын аудандық, қалалық және облыстық партия конференциялары мен сессиялардың, кәсіподақ ұйымдарының күн тәртібіне енгізілген мәселелері хабардың басты тақырыбына арналды. Оған делегат болып қатысатын еңбек озаттарымен сұхбат жүргізіліп тұрды.

«Жас қанат» жастарға арналған хабар. Көлемі – 25 минут. Алғашқы жылдардағы редакторы – Орал Мекенбаева мен Сүйіндік Жанысбаев, кейіннен Әли Тойжігітов болды. Бұл бағдарламаларда (1970-81 ж.ж) өндіріс пен ауылшаруашылығы саласында жұмыс істейтін және жоғарғы оқу орындарында оқитын студент жастардың тіршілік-тынысы әңгіме арқауына айналды. Олардың міндеттері мен ізгілікті іс-шараларын барынша насихаттауға көңіл бөлінді. Бұған қоса бағдарлама мақсаты – ВЛКСМ-нің (Коммунистік партияның сенімді ізбасары – комсомолдың) қаулы қарарлары мен шешімдері халыққа кеңірек түсіндіруге негізделді. Сол жылдары съездер мен конференциялардан, қызықты кештер мен кездесулерден арнайы хабарлар әзірленді.

1981 жылдың 19-шы наурыз күнгі «Жас қанат» (Авторы – Әли Тойжігітов, режиссері – Икен Құрманбетова) хабарына белгілі ақын, Ленин Комсомолы сыйлығының лауреаты Мұхтар Шаханов қатысты. Жастармен болған ақынның шығармашылық кездесуі өте қызықты өтті. Студияға КарГУ-дың студент жастары көп жиналды. Әсіресе, Болат Асанов, Шапағат Жалмаханов, Нариман Нұрпейісовтер ақын өлеңдерін жатқа оқыды. (Бұл аты аталған азаматтар қазіргі кезде ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор.)



Бірнеше жылдар бойы көрерменнің көзайымына айналған бұл бағдарламада бұдан басқа алуан түрлі тақыраптар қамтылды. Әсіресе, 1975-80 жылдары Қазақстанда қой санын 50 миллионға жеткізу туралы КПСС Орталық комитетінің бас хатшысы Л.И.Брежнев жолдас Қазақстан республикасының бірінші хатшысы (қазіргі тілмен айтқанда республика ПРЕЗИДЕНТІ) Дінмұхамедт Ахметұлы Қонаевтың алдына нақты міндет жүктеді. Ол кезде талап өте жоғары болатын. Партия айтты, тапсырма берді – ол міндетті түрде орындалуы тиісті. Сондықтан да сол мәселенің шешу жолдары шұғыл қарастырылды.

Нәтижесінде мал бағып, қой өсіріп жүрген аға ұрпақтың қатарын жастармен толықтыру үшін Семей облысындағы Шұбартау ауданының жастары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеті арқылы мектепті бітіргелі отырған әріптестеріне Үндеу жариялады. Мақсат: Комсомол – жастардан шопандар бригадасын құру. Бұл республикалық бастаманы мал шаруашылығымен айналысатын біздің облыстағы Қарқаралы, Егіндібұлақ, Нұра аудандарында тұратын жастар қолдап-қуаттады.

Көп кешікпей совхоздарда Комсомол-жастардан жасақталған бұрын-соңды болмаған шопандар бригадасы құрылды. Олардың саны екі-үш жылда облыс бойынша 29 жетті. Олар: «Балауса», «Жас қыран», «Қарлығаш», «Арай», «Жас толқын», «Гүдәурен», «Жас қанат», «Ұшқын» – деп аталды.

Таратып айтар болсақ, әлгі бригада 5-6 қыз-жігіттен жасақталып, бір отар, яғни 600 бас қойды бақты. Араларында бас-көз болып жүретін бір тәлімгер ұстазы болды. Егде тартқан ағаның қой бағудан мол тәжірибесі болу керек. Бұл бригадалар қыс айларында жекелеген қыстақта, ал жазда ен даладағы жайлауда қоныстанды. Жаз айларында көшпелі «вагон үйлерде» тұрды. Күні-түні мал соңынан жүріп, қой бағу жастарға оңай болмады. Олар Социалистік Еңбек Ері атағына үш рет ие болған, есімі әлемге танымалы, дала төсінің пайғамбары атанған шопан Жазылбек Қуанышбаевтың: «Мал өсірсең, қой өсір-табысы оның көл-көсір» – деген қанатты сөзін дұрыс түсінді.

Бірақ, «дұрыс» жұмыс істей алмады. Өйткені, мектепті бітіре салып, осындай қиындығы мол кәсіпке кірісіп кету оңайға соқпады. Әр үйдің еркетай қыздары таңертең ерте тұрып, қақаған қыста қойға жем-шөп берудің орнына көбірек «ұйықтағанды» құп көрді. Қасындағы 1-2 жігіт қашанғы көмектесе берсін... Осыдан барып жастар арасында кикілжіндер туа бастады... Тіпті, кейбір бригадалардағы қыздар «жүкті» болып қалды. Сол үшін де аудандық комсомол комитетінің басшылары қатты жазаланды. Қайсы бірі солардың кесірінен жұмыстан қуылды.


Бұл өзекті мәселе жайында 1979 жылдың желтоқсан айындағы «Жас қанат» хабырында жан-жақты сөз болды. Сол кездегі жастар бригадасы көп шоғырланған Егіндібұлақ ауданы (бертінде жабылып қалды.) комсомол комитетінің бірінші секретары Асан Ибраев өз ойын бүкпесіз айтты. Шырылдап тұрып шындықты айтты.

Қазақ қыздарына мектепті бітіре сала қой бақтыру-барып тұрған масқа-ра емес пе?! Олар осылайша саясаттың құрбанына айналды. Одан да жоғары

оқу орнына түсіп, білім алғаны жүз есе пайдалы еді. Бірақ жағдай басқаша болып отыр. Жастың аты – жас. Оларда ойнап-күлгісі келеді. Комсомол комитетінің басшылары барлық бригададағы қыз-жігіттердің соңынан аңдып жүруге «уақыты жоқ» ғой!- деп ашына айтқаны әлі есімде.

Әрине, шопан жастарға моралдық қолдау болды. Жігіттер жағы уақытша әскерге шақырудан босатылды. Әр бригаданың үздіктері аудандық конференцияларға делегат болып қатысып жүрді. Ең бастысы – әлгі бригада мүшелері жақсы жетістіктерге жетсе, үш жылдан кейін жоғары оқу орнына түсуіне жеңілдіктер қарастырылған еді.

Шопан жастардың бұдан басқа да проблемалары 1980 жылдың көктем айында Егіндібұлақ ауданының орталығында өткен облыстық жас шопандардың тұңғыш құрылтайында көтерілді. Телеарнаның кезекті «Жас қанат» бағдарламасы сол алқалы жиынға арналды. Басқосуда тәлімгерлер мен совхоз басшылары өзекті мәселелер туралы өз ойлары мен ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Сол жолы облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары Қайрат Аманбаев: – Сіздердің аманаттарыңызды жоғары жаққа жеткіземін, өз тарапымнан түйткілді мәселені барынша шешуге тырысамын. – деп жауап берді.



Иә, бәріне уақыт төреші. Әлгі пайдасынан көрі зияны көп, республика деңгейіндегі шопандар бригадасы келесі жылы тарап кетті. Қазақстандықтар қанша тырысса да қой санын сол кезеңде 50 миллион басқа жеткізе алмады. Өйткені, осынау бағалы бастамаға ұйытқы болған Кеңес Одағының басшысы Л.И.Брежнев көп кешікпей көз жұмды. Саяси жағдай күрт өзгеріп сала берді. Орнына келген К.Черненко мен В.Андропов сияқты «көсемдерде» көп тұрақтамай қайтыс болды. Сонынан келген М.С.Гарбачев 1991 жылы атағы әлемге танымалы СССР-ді таратып жіберді.



«Ұстаз экраны» – деп аталатын тележурнал кейіннен «Семья және мектеп» болып аталды. Көлемі – 20 минут. (Редакторлары – К.Құдабаева, Р.Омашева, Ә.Тойжігітов (1970-1983 ж.ж) эфирге ай сайын шығып тұрды. Бағдарламаны белгілі ғалымдар, педагогика ғылымының кандидаты, доцент Теміртай Хамзабаев пен Мейрамбек Иманбеков, тәжірибелі ұстаз Қоңырхан Қаппасов және облыстық білім басқармасының білікті мамандары Өмірзақ Амантаев пен облыстық мұғалімдер білім жетілдіру институтының бөлім меңгерушісі Тілеуғалы Өміртаев және Жамбыл атындағы №7 мектеп-интернатының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Нұрахмет Қайырбаевтар әр жылдарда жүргізіп отырды.

Хабарда отбасындағы бала тәрбиесі, мектептегі білім сапасы, мұғалімдердің міндеті, оқу-тәрбие саласының проблемалары басты тақырыпқа айналды. Үлгілі ата-аналар мен тәжірибелі Қарағандылықұстаздар Ләззат Байешева, Майра Жұмашева, Қарқаралық Смағанбет Дүйсегаев пен Лензахан Досмақов, Жаңаарқалық Ғазым Жарылғапов, Ульянов (Қазіргі Бұқар жырау) ауданынан Орал Шаншиловтер студияға шақырылып, көтеріліп отырған мәселе туралы олармен әңгіме сұхбаттар жасалды.



Кезекті «Ұстаз экраны» хабарын 1980 жылы КарГУ-дың оқытушысы Мүслима Тойжігітова жүргізіп, Қарқаралық ұлағатты ұстаз, мектеп директоры Смағанбет Дүйсегаев пен Ленин орденді мұғалім Макила Тайжановамен сұхбаттасты. Әсіресе, бала тәрбиесі, ата-ана парызы, жастар бойына Отан сүйгіштік қасиеттерді қалыптастырудың озық үлгісі хабар қонақтарының негізгі әңгіме желісіне айналды. Бұған қоса алдыңғы қатарлы мұғалімдер жайында бейнесюжеттер көрсетілді.

«Денсаулық» тележурналы айына бір рет, көлемі – 20 минут мөлшерде 1978 жылдан 1998 жылға дейін көгілдір экраннан көрсетіліп тұрды. Редакто-

ры Ө.Тойжігітов. Бұл хабарды облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас дәрігері Ризалық Өкпенев ұзақ жылдар бойы жүргізді. Тележурналдың басты мақсаты – әртүрлі аурулардың алдын алу, көрерменге дәрігерлік кеңес беру, халық денсаулығын жақсарту саласындағы атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралармен таныстыру болды.

Ара-тұра облыстық Хафиз Махажанов атындағы травматология, облыстық анкология мен балалар ауруханаларынан және Қарағандыдағы №1,2,3 емханалардан ПТС (жылжымалы телевизиялық станциялар) арқылы арнайы репортаждар берілді. Бұл бағдарламалардың көрсетілімі көрерменнің көңілінен шықты. Әрі шынайылығымен назарға ілікті.

Мұндай хабарлар тек қарағандыда ғана емес қанаттас қалар: Теміртау, Саран, Шахтинскі және Абай шахарларындағы медициналық мекемелерден жиі беріліп тұрды. Бұл орайда хабардың ұйымдастырлуына және көтеріп отырған тақырыптың маңыздылығына ерекше көңіл бөлетін Ризалық Өкпеневтің білімділігі мен біліктілігіне және жүргізушілік қаблетіне дән риза болатынбыз.

Мысалға Ризалық Өкпеневтің авторлығымен дайындалған біраз хабар телеарнаның алтын қорында сақтаулы. 1992 жылы эфирге шыққан 3 хабардың маңыздылығын айтқым келеді. Олар: Мичурин (Қазіргі Абай) ауданының орталығы болып саналған Топар кентіндегі бас дәрігер Қанат Сәдуақасовтың, облыстық онкологиялық аурухананың профессоры Ғани Мұсылманбековтің және оңтүстік шығыстағы №5 емхананың бөлім меңгерушісі Салтанат Шайдарованың денсаулық мәселесі туралы айтқан әңгіме-сұхбаттары өте сәтті шыққан.

Бұл тележурнал бергінде (1998-2012 ж) «Дәру» – деген атаумен жалғасып, көпшілік назарына айсайын ұсынылып тұрды. Оны әріптесіміз Айтбала Сүлейменова сәтті жүргізе білді. Журналист жан-жақты болу керектігін Айтбала іс жүзінде көрсетті. Ол дәрігерлік қызметті біршама меңгеріп алды. Хабардың құрлым жүйесі – қызықты әрі тартымды болды. Бұл ұжымның көп ізденісінен туған жетістік деп санаймын. Тақырыптарыда әр алуан. Әсіресе, жас қыздардың жүктілігі, тыныс алу жүйелерінің созылмалы түрлері, алғашқы медициналық көмекті әркім өзінен бастау туралы тереңнен сөз қозғауы ұтымды шықты. Ал «Дәрігер кеңесі» сияқты жаңа айдардың айтары мен пайдасы аз болған жоқ.

Хабар барысында ауруханалар мен емханалардан немесе медицина институтынан арнайы сюжеттер түсіріліп, мамандар пікірімен ұштасып тұрды. 2011 жылы Қарағандыдағы медициналық орталықта жұмыс істейтін жоғары санатты дәрігер-терапевт Сандуғаш Асанова басшылық жасайтын бөлім жұмысының оң істері туралы арнайы түсірілген бейне сюжет хабар арқылы көпшілік назарына ұсынылды. Мұндай тұздық болар дүниелер «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеушілерге» көп көмегін тигізетіні сөзсіз.

«Арай» мәдени-әдеби хабар. Редакторы Насырхан Әуезов. Көлемі – 30 минут. 1979-94 жылдары айына бір рет эфирге шығатын. Автор облыстық Мә-

дениет басқармасының ілкімді іс шараларын және қанаттас қалалар мен аудандық мәдениет үйлерінің жұмыстарын басты назарға алатын еді. Әсіресе, халық театрлары мен эн-би ансамбльдер жайлы ұдайы хабарлар топтамасын әзірлейтін.

Сексенші жылдары аудандар мен қалаларда, тіпті ауылды жерлерде ВИА (вокальды инструментальді ансамбль) құрылып, кеңінен қанат жайды. Олардың қатысуымен мерекелік шаралар жиі өтетін. Осындай өнер иелерінің жетістігі хабар маңыздылығын арттыра түсті. 1981 жылдың мамыр айындағы кезекті бағдарламасының қонағы Қарқаралы ауданындағы «Абыз» халық театрының ұжымы болды.

– Біздің әртістеріміз осымен 3-ші рет «Халық театры» – деген жоғары атақты сақтап қалды. Олар Сәбит Мұхановтың «Мөлдір махаббат» спектакелін сәтті қойды. Біз театрға сырттан адам шақырған емеспіз. Барлық рөлдерді бөлімшеде еңбек ететін, қаралайым ауыл тұрғындарының өкілдері ойнады, – деді сол жолы аудандық Мәдениет бөлімінің басшысы Серік Мусин.

Келесі бір бағдарламада Нұра ауданындағы Балықтыкөл совхозының көрөмөнерпаздары концерттік бағдарламасын көрсетті. Нағыз ауылдың өнер жұлдыздары жақында ғана Республикалық «Алтын масақ» байқауының жүлдегері атаныпты. Мұндай өнерпаздар басқада елді мекендерде көп екенін аудандық Мәдениет бөлімінің басшысы Жібек Әбеуова тілге тиек етті. Міне осындай жетістікке жеткен өнерлі жастардың табыстары талай рет әріптесім Н.Әуезовтің хабарына арқау болды.

Бұдан бөлек әр жылдары облысымызда тұратын белгілі ақын – жазушылар мен журналистер, әдебиет саласының майталмандары, өнермен мәдениет қайраткерлері: Евней Бөкетов, Еркеш Ибраһим, Әмен Әзиев, Қанат Жойқынбеков, Жайық Бектұров, Серік Ақсұңқарұлы, Сапарғали Ләмбеков, Қарағандыбай Сатаев, Зейнолла Жақыпов, Жәмила Шашкина, Кеңес Жұмабековтердің шығармашылығы туралы бағдарламалар даярланды.

**«Құрбылар».** Қыз-келіншектерге арналған хабардың ең алғашқы саны 1984 жылдың 5-ші наурыз күні көрермендер назарына ұсынылды. Хабардың редакторы Д.Омашева, режиссері Р.Жабаева, операторлары В.Холодков, И.Шарий, М.Сүлейменов, режиссердің көмекшісі А.Упашева болды. Дәл сол күні ЖТС мен С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының холында 8-ші наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған бұл бағдарлама Қарағанды студиясынан ең алғаш рет эфирге түрлі-түсті форматпен шықты.

**«Өндірісті өлке».** Көлемі – 30 минут, айына бір рет 1978-87 жылдары аралығында эфирге шықты. Редакторы Ә.Тойжигітов. Бағдарламада Кеңес Одағы кезінде 3-ші көмір ошағына айналған Қарағанды өңірінің шахталары мен өнеркәсіп саласы туралы тұшымды хабарлар тұрақты беріліп тұрды. Алғашқыда осынау циклды хабарды танымалы журналист, өндіріс саласының жетік білгірі Орынбай Аймағанбетов, кейіннен Қарағанды көмір бірлестігі партия ұйымының хатшысы Сібір Кәрібеков жүргізді. Кеншілердің қол жеткен жетістік-

тері, шахтадағы еңбек қауіпсіздігі, қабылдаған социалистік міндеттемелердің орындалысы тілге тиек болды. Социалистік Еңбек Ерлері Смағұл Тоқымтаев, Қадыр Абдрасулов, Жаңабай Игібаевтар кенші мамандығы жайлы, шахтаның толағай табыстары туралы орамды ойларын ортаға салып отырды.



«Жаңалықтар» – облыс айнасы. Мұны жақсы түсінген телевидениенің шығармашылықжұмысы 1987 жылдың 4-ші қаңтарынан бастап, жаңалықтар бағдарламасы жаңа форматта «Перспектива» деген айдармен эфирге шықты. Көлемі – 40 минут. Редакторлары К.Долдинова, Г.Михайлова, Н.Таланина болды. Жаңа үрдіске деңқойған журналистер алдымен облыста болып өткен басты жаңалықтарды атап өтеді де, сол жаңалықта көтерілген өзекті мәселені сиудияда тереңірек өрбітеді. Басқа да бейнесюжеттерге түсініктеме шолу жасады. Ең соңында мәдениет, спорт тақырыбына да дерек-дәйектер келтіріп, ертеңгі күнгі ауа-райы мәліметімен айғақтап отырды.

«Біз жанбасак» ток-шоу бағдарламасы Қарағанды телевидениесінде 1994 жылдыңқыркүйек айында тұңғыш рет эфирге шықты. Хабар авторы және редакторы жас журналист Мартбек Тоқмырза, режиссері Айман Упашева болатын. Ол сол кездегі жастардың көкейкесті мәселелерін көтеріп, студияға бір топ жастарды шақырып, сындарлы әңгіме сұхбат жасайтын. Осы жерде небір ащы шындықтар айтылды. Ел арасында демократия ендеп келе жатқан тұс. Осыны Мартбек дұрыс пайдалана білді. Студия іші жаңаша, әдемі безендіріліп тұрды. Бұда болса тың ізденістің нышаны еді. Мартбек оны батыл түрде іске асырды. Неше түрлі материалдарға заказ бергізетін. – Бұл безендірулер тақырып мазмұнын ашуға көмектеседі. Москвалықтардан біздің қай жеріміз кем. Соған қарап бойымызды, ойымызды түзеуіміз қажет! – дейтін шығармашылық лездемеде. Көрермен көңілінен шыққан бұл бағдарлама үш жылға созылды.

«Шахтерский канал» хабары 1998-2008 аралығында, 30 минут көлемінде ай сайын көрермен назарына ұсынылды. Тәжірибелі журналист Галина Бал-

бекова кеншілер өмірінен сыр шертіп, олардыңәлеуметтік тұрмыс жағдайы, Абай, Костенко, Қарағанды, Тентек шахталарының рекордтық жетістіктері туралы көп жылдар бойы хабарлар топтамасын беріп тұрды. Журналист жер астына түсіп, арнайы репортаж дайындады. Сол жылдары облыс экономикасын дамытудағы қол жеткен табыстары туралы және Украинаның«Донбасс» шахтасына тәжірибе алмасу үшін барып қайтқан Қарағандылық кеншілер жайында түсірілген бейне көріністері де қызықты, әрі тартымды шыққан еді..

«Руханият» – мәдени, әдеби ,тарихи, танымдық хабар. Көлемі – 20-30 минут. Айына бір рет беріліп тұрды. Редакторы Гүлнар Бұқарбаева. Бағдарлама 1992 жылдың сәуір айынан 2017 жылға дейін жалғасып келді. Қарағанды облысы – тарихи мәдени мұраларға бай өлке. Ұлытау, Қарқаралы, Ақтоғай өңіріндегі тарихи ескерткіштер: Алашахан, Жошы Хан, Домбауыл мазарлары, Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқа, Бұқар бабаларымыздың мәңгілік мекендері көрермендерді бей-жай қалдырмасы ақиқат. Автор осындай ұлы тұлғалардың шығармашылық жолдары мен өнегелі өмірінен сыр шертіп, бүгінгі көрермендерге үлгі ете білді. Айтар ойын құрғақ сөзбен емес, нақты деректермен, көрнекті ғалымдардың түйіндеме сөздерімен және дерек пен дәйекке негізделген бейнефильмдермен жеткізіп отырды. Бұл журналистің жетістігі және жеке қолтаңбасының бұлтартпас айғағы.

Бұдан басқада мәдениет қайраткерлері мен өнер санлақтары, жазушылар мен ақындар тағдыры, олардың шығармашылық жетістіктері – бүгінгі ұрпақтарды қатты қызықтыратыны сөзсіз. Журналист осыларды терең зерттеп, зерделеп көрермендер назарына ұсынды.Тіпті Алматы мен Астанаға, Баянауыл мен Орынборға талай рет хабар дайындау үшін іс сапармен барғанына куә боламыз. Оның «қоржыны» әрдайым толы болатын.

Гүлнар Бұқарбасваның көптен дайындап келе жатқан «Әйел әлемі» бағдарламасы да көрерменнің сүйікті хабарларына айналды. Бір ғана ұлағаты ұстаз, ақын Мәліш Шәріпованың өнегелі өмірі неге тұрады! Қазір әріптесіміздің телеарна бейнекорында осындай 200-ге тарта, облыстық мұражайдың алтын қорында 50-ден астам хабары сақтаулы. Қазір болмаса да, жылдар өте келе оған деген сұраныс неіп қызығушылықты болатынына бек сенімдіміз.



«Қонақ кәде». Авторы Ә.Жәмпейісов. Көлемі 30 минуттан тұратын хабар алғаш рет 2001 жылдың мамыр айында эфирге шықты.Бағдарламаның басты кейіпкерлері – облысымызға, қала берді республикамызға танымал тұлғалар болды. Атап айтқанда әнші-сазгер І. Жақанов, Қ.Байбосынов, Б.Тлеуханов, Р.Стамғазиев, М.Ілиясова,М.Омаров, Қ.Болманов пен Қ.Әбілдина, жазушы ғалымдар Т.Кәкішев, Ә.Тарази. Ә.Сығай, Ф.Оңғарсынова, Т.Шорманов т.б. Қазіргі таңда осынау қызықты, сыр-сұхбаттан тұратын 60-тан астам хабар телеарнаның алтын қорынан берік орын алды. Мұндай танымдық тағылымы мол дүниенің көрерменге берері көп. Жақсы дәстүрді журналист кешегі күнге дейін (2011 ж.) жалғастырып келді.



# ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ

«Журналистің бірінші міндеті – жаңа фактіні тез қағып алып, оны мол аудиторияға қызғылықты әрі тартымды жеткізу».

**Ғаділбек Шалахметов.**

## **КУРИЛОВ Виктор Яковлевич – төрағаның орынбасары**

1937 жылы Воронеж облысы, Семилуки қаласында дүниеге келген.

1969 жылы Ташкент электротехникалық байланыс институтын радиоинженер мамандығы бойынша бітірген.

1964 жылы Балқаш радиотелеорталығының инженері.

1975 – 1992 жылдары Қарағанды радиотелеорталығының директоры.

1993–2000 жылдары Қарағанды облыстық телсрадиокомпаниясы төрағасының бірінші орынбасары, орынбасары қызметтерін атқарды.

1985 жылы СССР-дің «Құрметті радисі» атағы берілген. «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі Бүкілодақтық комитетінің Құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған.

«Варвара», «Излом судеб», «Дети войны», «Василиса» және «Мемуары телевизионщика» кітаптарының авторы. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының мүшесі. «Қазақ телевизиясына – 60 жыл» (2018) төсбелгісінің иегері.

Кешегі Кеңес одағы кезінде Виктор Яковлевич басқарған радиотелеорталық ұжымы талай рет Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Арнайы Ленин бейнесі кескінделген қызыл барқытты Қызыл Ту директордың атшаптырым кабинетінің төріндегі қабырғада ілулі тұратын. Қарасаң көздің жауын алатын аталмыш Ту аса құнды, әрі бағалы саналатын еді. Бұл жай ғана беріле салған ту емес, ол осы тектес телеорталықтардың талайын артқа тастаған, олардан оза шауып көш бастаған ұжымның ерен еңбегінің жемісі деуге болады.

Жүлдегер атанған орталыққа тумен бірге қомақты қаржы қоса берілетін. Ол сыйақы жұмыскерлердің еңбегіне қарай бөлінеді. Әрине, жүзден жүйрік шығу оңай емес, ол маңдай тердің жемісі. Оған дұрыс басшылық жасаған директордың еңбегі десек артық айтпағандық болар. Бұл тұрғыда В.Куриловтың орны бөлек.

1992 жылға дейін бір шаңырақтың астында бірге тұрған орталық, Министріктің арнайы бұйрығымен таратылып, облыстық телевидениеге берілді. Бұл шешім дұрыс болды. Өйткені соған дейін шығармашылық ұжымның еркін жұмыс істеуіне көп кедіргі келтіретін. Бір сөзбен айтқанда журналистің

ой-мақсатына құрылған әрбір хабарларсол орталықтың техникасымен жазылып, жүзеге асырылатын. Бағдарламалардың сапалы болуы, эфирге сәтті шығуы – телеорталықтың техникасына байланысты. Сол үшін директор жыл өткен сайын заманауи техникаларды сатып алуға тырысты. Оның бір парасы орындалып жатты. Енді біріне қаржы жетпеген тұстары да кездесіп тұрды.



В.Курилов кадр мәселесіне аса жауапты болды. Олардан жұмысты әрдайым талап ете білді. Осыған лайықты оларға жағдайда жасай білетін. Әлеуметтік мәселелерін уақытында шешіп, жаңадан баспана әперіп, қайсы біріне демалып қайту үшін санаторилерге кәсіподақ ұйымдары арқылы тегін жолдама әперетін.

Ол кездер де компьютерлер енді-енді қолданыла бастаған болатын. Оның адам денсаулығына зиянды сәттерін қалт жібермейтін. Қызметкерлердің көз-жанары шаршап қалмау үшін әр 30 минутта демалуын өзі қатаң түрде қадағалайтын. Бөлмелерді аралап жүріп, талай ескерткенін көзіміз көрді. Бұған қоса техникамен жұмыс істейтін азаматтардың денсаулығына жанашырлық танытып, телеорталықтың қаржысына диетаасханадан бір мезгіл тегін тамақ бергізетін. Бұл аздай-ақ, өз қызметкерлеріне күнсайын екі бөтелкеден сүт пен айран және 300 грамм қаймақ, 200 грамм ірімшік тегін беретін. Міне, директор қарамағындағы жұмыскерлеріне осылайша қамқорлық жасайтын еді.

Тарих ғылымдарының кандидаты, журналист, жазушы Ораз аға 1926 жылы Қарағанды облысында қазіргі Бұқар жырау ауданында туған. 1951 ҚазГУ-дың журналистика бөлімін бітіріп, еңбек жолын «Орталық Қазақстан» газетінде әдеби қызметкерліктен бастады.

«– Редакцияда бақандай 25 жыл істеген мен ендігі жерде облыстық партия комитетінің ұйғарымымен Телевизия және радио хабары жөніндегі облыстық комитет төрағасының орынбасарлығына ауыстырылдым. – деп еске алады сол



күндер жайлы. – Көп ұзамай мұндағы жұмыс та өзіне тартып әкетті, тіпті қызықты болып шықты, ән де, театр да, кино да, бәрі де осында. Коллектив үлкен, сан қырлы, үйренер өнеге де жетіп жатыр.



## Сағынаев Ораз Сағынайұлы – төрағаның орынбасары

Әрине, ширек ғасыр қазақ тіліндегі басылымда жұмыс жасаған Орекеңе алғашқы кезде жанры бөлек жаңа ұжымның алдында орыс тілінде көсіле сөйлеп кетуге кедергілер көп болды. Өйткені, мұндағы атқарылатын ауқымды шаралар мен іс-қағаздарының бәрі тек орыс тілінде жүргізілетін. Ол күндер жайлы, сол жылдары КарТВ-да редактор болған, қазіргі Қазақстанның Құрметті журналисі, ҚР Мәдениет қайраткері, жазушы Сүйіндік Жанысбай былай деп еске алады:

«– Дегенмен де Орекең шығармашылық «летучканы» орысша өткізудің амал-тәсілін тез үйреніп алды. Қанша айтқанмен көпті көрген адам ғой. Өте орнықты болатын. Не айтса да ойланып айтып, қандай істі болмасын әділетті шешуге тырысатын. Көмегін ешкімнен аямайтын еді. Тіпті, арнайы қызмет машинасы болғанына қарамастан, жақын тұрғандықтан болар, үйге өзі жаяу барып, жаяу келетін. Қазіргі бастықтар екі аттам жерге машинасымен барады. Орекең болса, кейде көлік жетпей жатқанда өзінің қызмет машинасын сюжет түсіріп келуге кез-келген редактор мен операторға бере салатын.»

Тағы бір телеарнаның тарланы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, еңбек ардагері, қазір Астана қаласында тұратын Дәния Омашева төрағаның орынбасары жайлы былай деп еске алады:

Ораз Сағынаев ағамыз бір қалыпты, артық сөзі жоқ, жымынп қана жүретін адам еді. Анда-санда кабинеттерді аралайды. Онда да артық сөз айтпайтын. Кірген кезде орнымыздан тұрсақ: – «Отыра бер... Отыра бер...», «Ия» – жұмыс істеп отыр екенсің ғой! – деп, айналасына және қабырғаларға бір қарап қойып, есіктен шығып кететін еді.

Иә, әріптестерім айтса, айтқандай Орекеңнің қол астында көп жылдар бойы қызмет атқара жүріп, талай рет қамқорлығын көрдік. «Даудың басы Дайрабайдың көк сыйырынан басталады» – демекші, хабар режиссері Икен Құрманбетова екеуіміз «киносюжет» мәселесімен алдына жиі баратынбыз. Екі минут үшін екі күн жүріп, Егіндібұлақтан түсіріп келген киносюжет сапасы кейде көңілдегідей бол бермейтін. Эфирге шығару үшін ол ОТК-ның қатаң тексерісінен өтеді. Сәл кемістігі болып жатса «рұхсат» етілмейді. Содан

бітпейтін дау-дамай басталады. Оның қалған тағдыры Орекене байланысты. Амалсыздан ағамыздың алдына барамыз, жағдайды айтамыз...

Әли-ау, операторға айтсайшы, дұрыстап түсірсін! – деп ескертетін де, сөзге келмей бұрыштамаға қол қойып беретін. Міне, кісілік, міне қамқорлық! Түкке тұрғысыз кемшілікке табандап тұрып алмайтын! Қолма-қол шешіп беретін еді. Өсек-аянмен жұмысы жоқ ағамыз ара-тұра шығармашылықпен айналысағын. «Ұзақ жол»(1979), «Жігіт тандаған қыз» (1990) атты кітаптары жарық көрді. Бұған қоса атақты металлург Алтынбек Дәрібаев, даңқты кенші Қыдырәлі Омаров туралы кітапшалардың авторы болатын.



Зейнеткерлікке шыққаннан кейінде телеарнадан қол үзген жоқ. Ұдай келіп, жағдайымызды сұрап, хабарласып тұратын. Жұбайы Хафиза Ысқақова да осы Қарағанды телдидарының өсіп-өркендеуіне мол үлесін қосқан, аса білікті режиссер еді. Тағдырдың жазуы солай шығар. Ерлі-зайыптылар бір күнде, яғни 1992 жылдың 21 қарашасы күні қайтыс болды.

Журналист Тілеухан Әжбабаұлы 20.01.1935 жылы Қарағанды қаласында туған. 1964 жылы ҚазМУ-дың журналистика бөлімін бітірген. 1968-1974 ж. обл. телестудияда аға редактор, бас редактор. 1974-75 және 1988 -1992 жылдары телерадиокомитет төрағасының орынбасары болды. Екі аралықта облыстық партия комитетінің баспасөз секторы және қазіргі облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Бас редакторы болып жемісті қызмет атқарды.

Қарымды қаламгердің қарағанды телестудиясында өзіндік қолтаңбасы қалыптасты. Әсіресе, 60-шы жылдардың аяғы мен 70-ші жылдардың басында өндірісті өлкеміздің жетістіктері мен шешімін күткен проблемалар, экраннан айтылып, жиі-жиі бейне сюжеттер көрсетілді. Кен қопарған кеншілер: Социалистік Еңбек Ерлері Түсіп Күзембаев, Жәкен Үрістемов, Смағұл Тоқымтаевтар туралы киноочерктер түсірілді. Өзі сценарийін жазып, әрі жауапты редактор болды. Тәжірибелі кинооператорлар Ю.Лельюх пен В.Холодков туындының

сәтті шығуына мол үлес қосты. Бұл киноочерктер республикалық және одақтық экрандардан талай рет көрсетілді.



## Жүсіпов Тілеухан Әжбабаұлы – төрағанын орынбасары

– Тілекен екі тілге өте жетік болатын. Сауатты сөйлейтіні соншалықты, жиынға қатысушыларды бірден өзіне баурап алатын. Аптаның әр дүйсебісінде өтетін шығармашылық лездемеде («летучкада») телевизия жанрларын талдап, сараптап, зерделеген біліміне тәнті болатынбыз. – деп еске алады бүгінде зейнеткер режиссер Рымкеш Смағұлова. – Сонау 70-ші жылдары хабар жазатын пленкалар жетіспейтін, оны Алматы мен Москвадан алдыру көп қиындық келтіретін еді. Құры әңгіме-сұхбат бағдарламаны жалықтырып жібереді. Сондықтан бейнесюжеттерді тұздық ретінде көбірек қосуға баса көңіл бөлді. Осы саладағы әрдайым оң шешім табатын іскерлігінің өзі неге тұрады. Басқада проблемаларды ізін сұтпай шешіп беретін еді, Тілекен.

Иә, білімді де, білікті басшы бертінде, нақтырақ айтқанда 80-ші жылдардың белортасында эфирге жаңа бағдарламалардың шығуына ұйытқы болды. Ол кезде Кеңестік идеология ұлттық, рухани байлығымыз – Наурыз мерекесі, салт-дәстүріміз, тіліміз бен ділімізге аса жылы қабақ таныта қоймайтын. Осы өзекті мәселерге арналған бағдарламаларды ретін тауып, эфирге шығаруға атсалысты. Алқалы жиында қазақ редакциясын қорғай білді, қыңыр сөйлеп, қырсық мінез танытқан өзге ұлт өкілдеріне, оның танымдық қасиеттерін санасын сіңіріп беретін. Осындай айтқанынан қайтпайтын, қайсарлығына біз дән риза болатынбыз.

Әрдайым соңынан балапандарын ерте білген, атақаздай болған Тілеухан Әжбабаұлы Жүсіпов 1992 жылдың 11 желтоқсан күні дүниеден өтті. Ақтық сапарға шығарып салу рәсімі Қарағанды телевидениесінің ғимаратында алғаш рет болды. Ұжымның ұйытқысы бола білген, үлкен жүректі, қарымды қаламгермен қоштасуға қарағандылықтар сол күні көп жиналды.

## Балбекова Галина Зейнулловна -төрағаның орынбасары

1955 жылы 9 ақпанда туған. **Бас редактор.** 1977 жылы Киров атындағы ҚазМУ, журналистика факультетінің «Телевидение және радио хабар тарату» бөлімін бітірген.

1977 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Қазақстан» РТРК» АҚ ҚОФ жұмыс істеп келеді. Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Еңбек жолын насихат редакциясында редактор болып бастаған. Бір жылдан соң хаттар редакциясында аға редактор болып тағайындалды. Үш жылдан соң халық шаруашылығы редакциясының редакторы қызметін атқарады.

Сонау 80-ші, 90-шы жылдары «Житейские истории», «Рынок: миф или реальность» хабарларында ең өзекті мәселелер қамтылды. Орынды интервьюлер мен СНХ-дар, жедел түсірілімдер мен комментарийлер бағдарлама көтеріп отырған тақырып мазмұнын барынша аша түсетін. Журналистің осы салада дайындаған хабарлары летучкаларда жақсы бағасын талай рет алды.

Галина Зейнуллоевна он жыл бойы үздіксіз «Шахтерский канал» бағдарламасын жүргізді. Осынау аралықта ол Қарағанды көмір бірлестігіне қарасты 26 шахтаны түгелдей аралап шықты. Кеншілердің жетістіктері мен проблемаларын тәжірибелі журналист білікті басшылардан кем білген жоқ. 1989 жылғы шахтерлер көтерілісінің басы қасында жүрген ол, талай рет кездесіп отырған проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын қарастыру мақсатында, арнайы делегацияның құрамымен сонау Украина еліне, Донбас шахталарына барып қайтты. Олардың оң тәжірибелерін көгілдір экраннан көрсетті. Осынау мекнатты жұмыстың жемісін өзінде көрді. Көптеген танымалы азаматтармен сұхбаттасты.

Галина Қарағанды көмір бассейнінің қалыптасу тарихында ҚР Энергетика және минералдық ресурстар Министрлігінің ІІІ дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен марапатталған бірден-бір журналист. Болат балқытқан металлургртер, құрыш қолды құрылысшылар, өндіріс саласының өркен жайған бағалы бастамалары редактор бағдарламасынан әрқер көрініс тауып отырды. Еңбек адамдарының обырыздарын, олардың жан дүниесін көрсетуге камера арқылы кілт таба білді. Еселі еңбек құрметке бөледі. Қызметі де жоғарылады.

1992 жылы Қарағанды облыстық телерадио компаниясы төрағасының орынбасары болған Г.З. Балбекованың шығармашылық қызметі алғыстармен және облыс басшылығының, «Қазақстан» РТРК» АҚ, облыстық телевидениенің Құрмет грамоталарымен аталып өтілген.

Ол Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арналған бірқатар хабарлары үшін Қазақстан Журналистері одағы сыйлығының лауреаты атанды. Оны көмір бассейнінің жылнамасын қалыптастырудағы ерен еңбегі үшін қарағандылық шахтерлер де жоғары бағалады. Әріптесіміз бұдан басқада «Автограф», «Житейские истории», «Күнбе күн» бағдарламаларын жүргізіп, телеарна тарихында өзіндік журналистік қолтаңбасын қалдырды.

Ол аймағымызда, тіпті республикамызда алғаш рет коммерциялық «Комтек» телеарнасын ашып, оған басшылық жасады. Танымдық тағлымы мол, әр түрлі жанрды қамтыған, қызыққа толы Ток-шоу хабары тұңғыш рет осы телевизиядан көрсетілді. Бас редактор Балбекованың асқан іскерлігінің арқасында қарағандылықтар әлемдік деңгейдегі неше түрлі кинофильмдерді әлгі арнадан тамашалап, ерекше рахатқа бөленгені бар. Осылайша әріптесіміз жаңа қырынан танылды.




Қарағанды теледидарында қызмет атқара жүріп, тың ізденістерге ұмтылды. Біздің арнада алғаш рет «Нет – одинокой старости» – деп аталатын 12 сағаттық телемарфон өткізді. Бұл қайырымдылық шарасынан түскен қаржы «Жарты Қызылай» қоғамына қарасты аурухана құрлысына жұмсалды. Бұл игілікті іс шара кейінде жақсы жалғасын тапты.

Соңғы он жыл бойы «Қазақстан-Қарағанды» теледидарында бас редактор болып жемісті еңбек етті. Осынау аралықта көптеген жаңа бағдарламалар эфирге шығып, көрермен назарына ұсынылды. Ақпараттық жаңалықтар бағдарламасы жас журналистермен толықты. Оларға бағыт – бағдар беріп, мол тәжірибесін үйретті. Жастардың жанашыр ұстазына айналған Г.Балбекова қазір телеарнаның бөлім меңгерушісі.



Ол 2007 жылы Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды. 2008 жылы «Астанаға 10 жыл» медалі мен Қазақ телевидениесінің 50 жылдығына орай ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелігісі тапсырылды. 2011 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталды.

2012 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды теледидардан үздік және жан-жақты жариялағаны үшін «Нұр Отан» партиясы сыйлығының иегері атанды. 2013 жылы ҚР Тәуелсіздігі күніне орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Ол «Қазақстанның Құрметті журналисі» (2016 ж.). «Қазақ телевизиясына – 60 жыл» мерекелік төсбелігісінің иегері. (2018ж.).



## Дүйсенбин Марат – төрағаның орынбасары

Әрине, ол бірден төрағаның экономика және әлеуметтік сала жөніндегі орынбасары болған жоқ. Алдымен редактор, кейіннен бөлім меңгерушісі міндетін атқарды. Одан соң, қарым-қабілеті қалыптасып, маңдайтер мен ілкімді іс әркеттің жемісін көрді. Бұған қоса, білімділік пен біліктіліктің, асқан іскерлік пен парасаттылықтың пайдасы молынан тиді.

Мәкең алғашқы еңбек жолын жоғары оқу орнын бітірген соң, комсомол комитетінде нұсқаушы болудан бастады. Алғыр да, жігерлі жас осы салада ширата жұмыс істеп, біраз тәжірибе жинағаннан кейін аудандық, қалалық комсомол ұйымдарында басшылық қызметтер атқарды. 1968-1973 жылдары облыстық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болды. Аймақ жастарының алдында тұрған басты міндеттері мен мақсаттарын айқындап, осы бағыттағы өткізілетін іс-шараларға ұйытқы бола білді.

Өндіріс пен өнеркәсіп, мәдениет пен өнер және ауыл шаруашылығы саласындағы бағалы бастамалар – комсомол жастардың қатысуымен жалғаса түсті. Олардың ерен еңбегін халық арасына кеңінен насихаттауда Қарағанды теледидарының көрсеткен қызметі аз болған жоқ. Марат Дүйсенбин осы үрдісті одан әрі өрістете түсу үшін телеарнаға редактор болып орналасты. Арнайы хабарлар циклын ұйымдастырып, журналистиканың қыр-сырын үйреніп алды.

Жалпы ол телестудия да жиырма жылға тарта жемісті еңбек етті. «Жаңалықтар» мен қоғамдық-саяси хабарлар редакциясында редактор және аға редактор болды. Ол Қазақстан Магниткасының от-жалынға оранған цехтары мен жетіқат жер астындағы шахталардан репортаждар жүргізіп, арнайы бейнесю-

жеттер әзірледі. Бұдан бөлек төрт түлікті түлеткен дала төсіндегі малшылар мен егіншілер өмірінен бағдарламалар дайындады.

Мәксен, бос уақыттарында көркем шығармалар жазумен де айналысты. Шағын әңгімелері мен новеллары ара-тұра баспасөз бетінде жарияланып тұрды. Тіпті, сонау 70-ші жылдардың алғашқы жартысында оның Мәди Бәлиұлы туралы жазылған драмалық туындысы Қарағанды теледидарынан көрсетілген болатын. Құрметті демалысқа шыққаннан кейін, бір жолата осы шығармашылыққа бет бұрды. Бірнеше әңгіме, повестері республикалық басылымдарда яғни, «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті», «Жалын» журналдарын да жарық көрді. Осыдан екі жыл бұрын орыс және қазақ тіліндегі жеке кітабыоқырман қолына тиді.

Сол кітаптың алғы сөзіне былай деп жазғаным бар:

Қаздауысты Қазыбек бидің «Туып-өскен елің қымбат. Кіндік кескен жерің қымбат» – деген аталы сөзінің астарында терең мағаналы ой жатқанын оқырманға таратып айтудың қажеті бола қоймас. Өйткені, туған жердің түлегіне тіршіліктің нәрің, өмірдің мәнін сыйлаған ауылдың орны бөлек. Ондағы адамдардың алуан түрлі тағдыры жайында естіп-білгенің де кәдімгідей алаңдап қаласың. Марат Дүйсенбин де осы мәселеге өз қырынан келген. Өмір көрністерін өзінше суреттейді. Сіз кітапты оқи отырып, оған көз жеткізесіз.

Сұрапыл соғыстан туған жеріне аман оралған Жолымбет тағдырын «Жылуың мен сәулеңді өтем ардақтап...» немесе («Бір уыс топырақ») – деп аталағын көлемді туындысында жан-жақты суреттейді. Барлық оқиға бас кейіпкердің ауылдағы іс-әрекеті арқылы өрбиді. Жаны таза, ары таза азаматтың адамгершілік қасиеттері мен алдағы арман – мақсаттары арқылы қаламгер айтар ойын айқын жеткізе білген.

Повесте бір-біріне ұқсамамайтын, өзіндік бітім – болмысы мен ұстанымы бар кейіпкерлер жетерлік Олар: Жолымбет, Бақтияр, Айжан, Мырзабек, Айибі, Гүлсара, Айбек. Автор оларды әдемі кескіндей отырып, өзінің орамды ой-пікірін ортаға салып, танымдық қасиетін таразылап, бүгінгі ұрпаққа үлгі етеді».



Марат Дүйсенбин төрағаның орынбасары болған жылдары біраз жұмыстар атқарылды. Ең бастысы – қол байлау болған қаржы мәселесі біртіндеп шешімін тапты. Сол кезде атақ-даңқы асқақтап тұрған «Валют –Транзит Банктен» Мәкең жолын тауып 3 миллион теңгені қарызға алып, телеарна хабарларын тарататын жаңа қондырғыны орнатты.

Соның арқасында жарнамадан айтарлықтай табыс түсті. Ақшалай-заттай лотерея ойындары айсайын эфир арқылы ойнатылып, «Шырақ» – деп аталатын коммерциялық газет шығарылды. Сол басылым беттерінде және бағдарламалар арасында Жарнамалар жиі беріліп тұрды. Ал, сол жармаңызды тауып, дер кезінде жарнамалай білу, тапсырыс берушілердің көңілінен шығарлықтай бейнероликтер дайындау Мәкең үшін оңайға түскен жоқ. Ол уақытпен санаспай еңбектенді, нәтижесінде банктен алған қарыз мерзімінен бұрын өтелді. Содан соң, телеарнадағы шығармашылық ұжымның әлеуметтік жағдайы жақсарды.

## Батырханова Сағат Сыдыққызы – төрағаның орынбасары

10 қазан 1956 жылы туған.Телерадио комитет төрағасының орынбасары және біраз жыл Бас редактор болып қызмет атқарды.

1978 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін бітіріп, арнайы жолдамамен Қарағандыға келді. Жұбайы Насырхан Әуезов облыстық телевидение журналистерінің қатарын толықтырды. Ал, өзі еңбек жолын облыстық радионың редакторлығынан бастады. Әлі есімде, ең алғашқы күнгі іс-сапарға бірге бардық. Сол кездегі Тельман ауданына қарасты Амангелді атындағы совхоздың сүт фермасына болып, еңбек адамдарының тыныс-тіршілігімен терең таныстық. Келесі күні кешке радиодан Сағаттың «Балбармақты сауыншылар» деп аталатын репортажы өте сәтті шықты.



Осылайша қадамы құтты басталған әріптесімнің қаламы да қарымды, сөздері де шалымды болды. Көп кешікпей кеншілер мен отқа оранған металлургртер, дала төсін еңбек дүбіріне бөлеген дихандар мен малшылар жайлы өндіре жазып, көзге түсті. Шымыр да, ширақ жазылған радио очерктері, әдемі сөз тіркестерінен құралған лирикалық суреттемелері мен әңгіме-сұхбаттары тыңдарман қауымның жүрегін жаулап алды.



Уақыт өте келе тәжірибе жинап, жұмысты жақсы дөңгелете білген ол облыстық радионың редакторы және бас редакторы қызметтерін атқарды.

1990 жылдары Қазақ радиосының Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болды. 1997-2000 жылдары Республикалық «Хабар» агенттігінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі қызметін ойдағыдай атқарды. Аймағымызда атқарылып жатқан ауқымды шаралар мен алқалы басқосулардан жеделдете ақпараттар беріп тұрды.

Екі мыңшы жылдардың басында Қарағанды облыстық телерадио компаниясы төрағасының орынбасары, яғни программалар директоры міндетін атқарды. 12 жыл Халықаралық «Азаттық» радиосында жұмыс істеп, мол журналистік тәжірибе жинақтаған.

2013 ж. наурыз айынан «Қазақстан» РТРК» АҚ облыстық «Қазақстан-Қарағанды» филиалының Бас редакторы. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін кәсіби тұрғыда меңгерген, чех тілінде ауызекі тілде сөйлейді. Ағылшын тілінен қазақшаға тікелей жазба түрінде жетік меңгерген аудармашы.

2013 жылдан «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалы («Қазақстан-Қарағанды» телеарнасы) қазақ редакциясының бас редакторы болып келгеннен бері халықаралық тәжірибесі мен білімін жас журналистердің қаламын ұштап, шеберлігін шындауға жұмсады.

Әріптестеріне тек басшылық жасап қана қойған жоқ, арасында «Сағатпен сұхбат» бағдарламасын жүргізді. Осы арқылы көрермен белгілі тұлғалардың белгісіз қырлары мен сырларын ұқты. Атап айтқанда мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова, тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, қазақ халқының аса талантты кино режиссерлері Сатыпалды Нарымбетов, Ахан Сатаевтар хабарға қатысты. Олар көпшілікке жаңа қырынан танылды.



Осынау тың жобаның авторы Сағат Батырханова 2014 жылы Облыс әкімінің журналистерге тағайындалған «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты атанды. Бұған қоса 2015 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының «Тіл майталманы» аталымы бойынша жеңімпаз болды.

90-шы жылдардың соңында редактор Клара Долдинова екеуі қазақ және орыс тілдерінде жаңа форматтағы «Терезе» хабарын жүргізді. Бас редактор ретінде соңғы бес жыл бойы, зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық телеарнадағы қазақ редакциясына басшылық жасады. Әсіресе «Жаңалықтар» редакциясының шығармашылық жұмыстарын ширатып, жаңаша леп әкелді. Журналистердің сөз тіркестері мен сойлем құрылымындағы кемшіліктерімен күресті. Таптаурын болған тақырыптар мен мәтіндерге мән беріп, оның өн бойына қан жүгіртті. Күнделікті берілетін бейнесюжеттердің «аталуы – алыстан көрерменді өзіне тартып тұру керектігін» үйретті.

Тоқсан ауыз сөздің түйіні сол, Халықаралық деңгейдегі қарымды журналистің, шынайы шеберлігінің арқасында Сағаттың өз сөзімен айтқанда телеарнадағы «Жаңалықтар жауынгерлерінің» жаңа буыны қалыптасты.

## **Жәмпейісов Әшімхан Сламбекұлы – төрағаның орынбасары**

1959 жылы Қарағанды облысында туған. 1981 жылы Жезқазған Педагогикалық институтын физика пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша аяқтады. 2007 ж. Қазақстан – Ресей университеті, журналист бакалавры мамандығы бойынша екінші мамандық алған. 1982-1983 ж.ж. – Ульянов аудандық «Знамя Ильича» газетінің қызметкері. 1983-1986 ж.ж. Егіндібұлақ аудандық газетінің жауапты хатшысы.

1986-1987 ж.ж. Қарағанды облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігі баспа цехының бастығы. 1987-1989 ж.ж. Қарағанды облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігі «Газета» баспасының көркемдеуші редакторы. 1989–1991 ж.ж. Қарағанды облыстық «Қарағанды жастары» жастар апталығының жауапты хатшысы, бас редактордың орынбасары. 1991-94 ж.ж. Қарағанды облыстық «Замандас» («Қарағанды жастары») жастар апталығының бас редакторы. 1994–1997 ж.ж. Аймақтық «Жарнама ПРЕСС» ақпаратты-жарнама апталығының құрылтайшысы және бас редакторы. 1997-1998 ж.ж. Қарағанды облыстық «Шипагер» денсаулық газетінің бас редакторы.

1998-2000 ж.ж. «Әділет жаршысы – Вестник юстиции» ақпаратты-құқықтық апталығының бас редакторы. 2000-2009 ж.ж. Қарағанды облыстық телевидениесінің кейіннен «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасы директорының орынбасары – бас редакторы. 2009 жылдан «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының телехабарлар дайындау бөлімінің бастығы. 2013 жылдан телехабарлар дайындау бөлімінің редакторы.

1994 жылдан 2010 жылға дейін қоғамдық негізде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы қызметін атқарды.

1994 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2009 жылғы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Жасампаздықтың 20 жылы» атты 20 сериялы телесиклі үшін Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс министрлігі ұйымдастырған республикалық байқаудың бас жүлдесін иеленген. 2013 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған республикалық «Шаңырық» этно-журналистика байқауының бас жүлдегері. 2014 жылы Жезқазған қаласының 60 жылдығына арналған облыстық байқаудың жүлдегері.

Әшімхан Жампейісов теледидар жанрын жете меңгерген, үнемі тың ізденістерге ұмтылатын, өзі дайындаған хабарлардың сапасы мен маңыздылығына баса көңіл бөлетін журналист. Бүгінгі жастардың одан үйренері мол. Өйткені, өзге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Қай тақырыпқа болсын қамшы салдырмайды. Қысқа да, нұсқа бағдарламаларының көтер жүгі салмақты. Әсіресе, сөз құдіретіне сақтықпен қарап, ана тіліміздің тазалығына араша түсіп жүрген ұлтжанды азамат.



2016 жылы ERG компаниясы мен Қазақстанның бас редакторлар клубы ұйымдастырған республикалық «Алтын қалам» байқауының үшінші орын иегері. 2017 жылы «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ұйымдастырған «Жасыл экономика» тақырыбына арналған республикалық байқауда екінші орынды еншіледі. Байқап отырғандарыңыздай журналистің көтерген тақырыптары өте өзекті. Соңғы бірнеше жылдар бойы «Мәңгілік мұра» бағдарламасын жүргізді.

Онда аймағымызда өмір сүріп, ұлтымыздың рухани игілігіне өлшеусіз үлес қосқан, танымалы тұлғалардың тағдыры тілге тиек болды. Танымдық бұл телебардың бүгінгі ұрпаққа берері мол. Әсіресе, Ақтоғай, Қарқаралы, Ұлытау өңіріндегі тарихи ескерткіштер мен мәдени мұралар туралы хабарлар топтама-

сының сәтті шыққанын мақтанышымен айтқан жөн. Автор аталмыш бағдарламаларды құрғақ баянмен қоймай, нақты деректер мен дәйектерді пайдаланып, ғұлама ғалымдардың ғибратты пікірлерімен түйіндеп отырады. Құнды жәдігерлердің тарихына терең үңіліп, кеше және бүгінгі тағдырымен айтар ойын сабақтай түседі. Арнайы түсірілген бейнесюжеттер көрермендерді бей-жай қалдырмайды.

Ә.Жәмпейісов 2011 жылы жарық көрген «Сыр-сұхбат» (танымалы мемлекет және қоғам қайраткерлерімен әңгіме-сұхбат), 2012 жылы баспадан шыққан «Есінде ме, «Қаракөз» ансамблі» кітаптарының авторы. 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», 2015 жылы «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігінің 2 дәрежелі «Қайсар» кеуде белгісінің иегері. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Тоқтағұл Сатылғановтың 150 жылдығына арналған телехабары үшін «Қырғыз Республикасының Мәдениет қайраткері» атанды. 2018 жылы «ҚР Ақпарат саласының үздігі» және «Қазақ телевизиясына – 60 жыл» мерекелік төсбелгілеріне ие болды.

Ол «Қонақ кәде», «Дат», «Жасампаздыққа – 20 жыл», «Мәңгілік мұра», «KZ-25.Менің Тәуелсіздігім», «АСУ- 60» сияқты бағдарламалардың авторы. Айтары мол, көтерген жүгі салмақты, өмірдің және өңірдің өзекті тақырыптарын таратып айтқан басқа да хабарлары жетерлік. Қазіргі кезде Әшекең дайындаған 150-ден астам бағдарлама телеарнаның алтын қорында сақтаулы. Арада қаншама жылдар өтсе де, мән-мағанасын жоғалтқан емес, қайта тұзы сіңген қазыдай құндылығы арта түсуде.

Әріптесіміздің өзгеге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан. Ол, көлем қуып көбік ойдың көлеңкесінде қалып қоймайды, керсінше 10, кейде 20 минуттық шағын, әрі жинақы хабарлар арқылы айтар ойын шегелеп отырады. Көбінесе нақты деректер мен дәйектерге сілтеме жасап, тақырыптың тамырына қан жүгіртіп, оның алуан түрлі жолдарын қарастыра біледі. Кез келген бағдарламаның сәтті шығуы, әрине сценарийге байланысты. Бұл жағынан Әшімханның әбден пісіп-жетілген ой дүниесі, күн ілгері қағаз бетіне қатталып, режиссердің қолында жүреді.

Ол дайындайтын хабарлардың да атауы таптаурын болған тақырыптармен таласып жатпайды, өз алдына оқшауланып тұрады. Бір қарағанда қатардағы жәй атау сияқты көрінгенмен, көңіл бөліп, көзтастасаңыз көп мағананы байқайсыз. Мысалға «ДАТ» хабарын алайық. Бұл сөз тіркесі – нағыз қазақтың аузынан шығатын аталы сөз. Осындағы әрбір әріптің астарында Дәйекті, Айшықты, Тақырып деген тіркестер жатыр. Мақсат – қоғамның өзекті тақырыбына журналистік сараптама жасау. Нақтылап айтқанда, әріптесім «қоғамдық мүддені ДАТ ету арқылы, қоғамның ДАТ-ынан арылтуға» қамшы салады. Ол осы мақсаттағы өмірлік ұстанымын соңғы бірнеше жылдан бері жүзеге асырып келеді. Сондықтан болса керек, бұл көрерменнің сүйікті бағдарламасына айналып отыр.



Әшекецнің тағы бір хабары – «АСУ-60». Адам. Сана. Уақыт – деп аталатын сөз тіркестерінің атауы – көп нәрсені алдыңызға жайып салады. Биыл Қарағанды телевизиясына – 60 жыл. Аталы датаны атап өту үшін автор арнайы хабарлар топтамасын қолына алды. Оның бірнеше саны эфирге шықты. Көрсетілім формасы көңілге қонымды, тың ізденістерге толы. Бұл – журналистің идеясынан туған, шығармашылық ұжымның жемісі, әрі жеңісі. Өзге әріптестерге бағдарлама дайындаудың үлгі боларлық туындылары...

Хабар барысында тарих кезеңдер таразыланады. Жәй жаттанды сөздермен емес, нақты кейіпкерлермен, тарихи деректі фильмдермен, телеарнаның алтын қорында сақтаулы бейнесюжеттермен ой өрбіп, әңгіме – сұхбат жасалады. Бірінші хабар – қасиетті қарашаңырақтың 60-70-ші жылдарына арналған болатын. Әшімхан сол жылдары телевидениеде жұмыс істеген, бұл күндері құрметті зейнеткерлікке шыққан режиссер Рымкеш Смағұлова, бас редактор Өтен Ахметов, кино және телеоператор Мейрам Ғабдуллиндерді студияға шақырып, әңгіме сұхбат жасады.

Телеарнаның сол кездердегі тынысы мен атқарған жұмыстары, хабардың дайындалу сәттері, кездесен қиындықтар мен қызықты сәттер, шығармашылық ұжымның жетістіктері жан-жақты еске алынды. Бұл хабардың ең ұтымды тұсы – әлгі редакторлар мен режиссерлер дайындаған хабардың басты кейіпкерлері қатысты. Олар Социалистік Еңбек Ерлері, қарқаралық механизатор Нұрбақыт Қабдікәрімова және Егіндібұлақтық шопан Сайлау Біләловтер.

Алпысыншы жылдардың аяғында атақты механизатор Кәмшат Дөненбаева барлық қазақстандық қыздарға арнап, үндеу тастады. Яғни темір тұлпарды тізгіндеуге шақырып, механизатор мамандығын игеруге үндеді. Сол үндеуді алғашқылардың бірі болып, қарқаралық қаршадай қызымыз Нұрбақыт қолдаған еді. Көп өтпей, басқа ауданның қыздары да темір тұлпарды тізгіндей бастады. Осы оң (ол кез үшін) үрдісті насихаттау үшін арнайы деректі фильм түсірдік – деп еске алды бас редактор Өтен Ахметов.

Тіпті, Кәмшәт апамыздың бағасын алу үшін Қостанайға барып, біраз тәжірибе алмасып қайттық – деді Нұрбақыт Қабдікәрова, Өтекеннің сөзін одан әрі жалғастырып. Міне, сол жылдардағы кейіпкердің жандүниесінен сыр ақтарған сұхбат Сайлау ағамызды да бей-жай қалдырмады. Арқаның атақты шопаны жайлы түсірілген деректі фильм мен 50 жыл бұрын облыстық партия комитетінің конференциясына делегат болып, сойлеп тұрған сөзін тыңдағанда ағамыз өз көзіне өзі сенбей қалды. Танданып тұрып, тарих қойнауынан сыр шерткен тосын көріске қатты сүйсінді. Әңгімесін одан әрі сабақтап, шопандық мамандықтан тапқан бақытын мақтанышпен еске алды.

Ол кезде Қарағанды да біздің теледидардан басқа телевизия болған жоқ. Осы жап-жас екі кейіпкерді алғаш рет елге жете таныстырған біз болатынбыз! – дейді бағдарлама режиссері Рымкеш Смағұлова.

– Иә, шындығында солай еді. Қос кейіпкеріміз де бақытын еңбектен тауып, Еңбек Ері атанды. Нұрбақыт апамыз Кеңес одағы жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Мұндай құрметке ол кезде Қазақстан бойынша санаулы адамдар ғана ие болатын!–деп сөзін түйіндеді әріптесім Әшімхан.

«АСУ-60» бағдарламасының бір парасы осылай тарихтан сыр шертті. Мамыр айында эфирге шыққан екінші хабар тұтастай атақты «Қаракоз» ансамбілінің шығармашылығына арналды. 70-ші жылдардың басында өнер өлкесіне бетбұрған, атақты ансамблді осы Қарағанды теледидары корерменге тұңғыш таныстырып, сәт-сапар тілеген еді. Көп ұзамай композитор Жақсыкелді Сейілов бастаған өнерлі топтың есімі республикамызға белгілі болды.

Сол күндерден Жәкеннің жұбайы Зейнеп, досы Мұхан (Мұханбсдия) Ахметов, бірге қызмет болған өнер саңлақтары Ғалым Мұхамедин, энш-композитор Ахмедия Есмұқановтар сыр шертті. Ән әлемінде сақталған бейнетаспалардан үзінділер көрсетілді. Осынау шығармашылық ұжымның басы-қасында жүрген азаматар мен телестудия журналистері өз ойларын ортаға салып, сол жылдардан естеліктер айтты. Қызықты хабардың көпке дейін көрерменнің көңілінде сақталатыны сөзсіз. Өйткені, бұл әріптесім Әшімхан Жәмпейісовтің бірі ғана тың жобасы.



### **Садықанов Жәнібек Махмұтұлы – директордың орынбасары**

1977 жылы 20 наурызда Қарағанды қаласында дүниеге келген.

Екі жоғарғы оқу орнын бітірген. 1998 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің «Журналистика» бөлімін, 2006 жылы осы университеттің «Мемлекеттік және


жергілікті басқару» мамандығы бойынша аяқтаған. Еңбек жолын Қарағанды Маргарин зауытынан бастады.

1998-2000 ж.ж. «Карагандинский Вестник» және «Новое Вестник газеттерінің тілшісі болып қызмет атқарды. 2000-2006 жылдары Қарағанды облысы әкімінің баспасөз жөніндегі хатшысы болып жұмыс істеді. 2006-2007 жылдары Қарағанды қаласының «ТВК» телеарнасының директоры болды.

2007 жылдан «Қазақстан» ҰТА Қарағанды облыстық филиалында жарпама бөлімінің аға менеджері. 2008 жылы бас менеджері қызметін атқарды. Әрине, қомақты қаржы табу оңайға түскен жоқ. Ол үшін талай кәсіпорынның табылдырығын тоздырып, ақшалы азаматтардың алдынан өтуге тура келді. Жәнібек бұл міндетті абыройлы ордап, телеарнаның техникалық және әлеуметтік жағдайының жақсаруына сүбелі үлесін қоса білді.

2010 жылдың наурыз айынан қазіргі уақытқа дейін – директордың орынбасары лауазымында жұмыс істеп келеді. Ара-тұра телеарнаның «Обсудим-Талқылаймыз» ток-шоуын және басқа да өзекті тақырыптарды қамтыған хабарлар мен облыс әкімімен болған тікелей эфирді жүргізіп, шығармашылық мамандығын шындай түсті. Журналист бір қызметтің тізгінін ұстап, жайлы креслода жайғасып отыруына болмайды. Сондықтан да ұдайы ізденіп, алға ұмтылуы қажет.

Соңғы бірнеше жылдан бері республикамыздағы аса маңызды кәсіпорындардың салтанатты ашылу рәсіміне Елбасымыз рұқсатын беріп, тікелей байланысқа шығуы игі дәстүрге айналды. Аталмыш телекөпірді біздің облысымыздан да ұйымдастыру оңай емес, оған Жәнібек тікелей жауапты. Ол телеарнаның шығармашылық ұжымымен апталап сол объектінің басы-қасында жүретінін жақсы білеміз. Бірнеше облыстардың басын қосқан аса жауапты іс-шараның сәтті өткізілуіне оның қосқан үлесі қомақты.



Ашығын айту керек, «SARYARQA» телеарнасының творчестволық жетістікке жетуі – көп жағдайда Жәнібек Садықановтың іскерлігі мен 70

жаңашылдығына және талапшылдығына байланысты. Өйткені, журналистер қауымының шығармашылығына ол тікелей жауапты. Яғни, әріптестеріне дұрыс бағыт-бағдар беру, нақты тапсырмалар жүктеу, ұсыныс-тілектерін орындау, әркез білімділік пен біліктілікті, ұдайы ізденісті керек етеді. Бұл міндетті ол тиянақты орындап, үлкен мәртебеге қол жеткізуде. Адал еңбек – адамды абыройға бөлейді. Бұл тұрғыда оның бір басына жетерлік сый-құрметі баршылық. Болашағына мол үміт күтеміз.

Жәнібек Садықанов ҚР Ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен және бірнеше рет «Қазақстан» РТРК» АҚ Төрағасының «Алғыс хатымен» марапатталған. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.



### **Амочаев Валерий Васильевич**

1957 жылы 1 ақпанда Атырау облысындағы Байсақ ауданында дүниеге келді. 1974 жылы мектепті бітірген соң, Томск атындағы мемлекеттік басқару және радиоэлектроника институтна оқуға түсті. Мектеп қабырғасында оқып жүргеннің өзінде осы институтқа қызығушылығы артқан. 1980

жылы аталмыш білім ордасындасының радиоэлектрондық жабдықтар жөнінде инженер құрастырушы-технолог мамандығы бойынша тәмамдады.

1980 жылы 1 қыркүйекте Қарағанды облыстық телесвидение және радиовещание комитетіне өндірістік лабораторияның инженері болып жұмысқа қабылданды. 1981 жылы телевизия және радиотехника бөліміне аға инженері болып ауысты.

1982 жылы Мәскеу қаласында кәсіби мамандығын жетілдіру курсы бітірген соң, Қарағанды радиосында стереофониялық хабарлар тарату жүйесін енгізуге белсенділік танытты.

2003 жылдан бастап «ҚР Телерадиокорпорациясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бас инженері болып қызмет атқарады. Телевизия саласының жетілуі мен дамуына ұзақ жылдар бойы қомақты үлес қосқаны үшін ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Мәдениет қайраткері» төсбелгісімен марапатталған. Қарағанды облыс әкімінің «Алғыс хаты» және «Алтын сұңқар» сыйлықтарының жеңімпазы. «Қазақ теледидарына – 60 жыл» төсбелгісінің иегері. (2018 ж).

1954 жылдың 2 қазанында Қарағанды қаласында туған. Екі жоғарғы білімі бар. Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетін, «Фемид» Заң



академиясын бітірген. 1972-1976 ж.ж. – «Казсельхозтехника» бірлестігіне қарасты Қарағанды жөндеу зауытының бас механика бөлімінде қызмет атқарды.



### Гомм Ираида Михайловна

1977-2005 ж.ж. – Қарағанды аумақтық комитетінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру мекемесінде, Қарағанды облысы коммуналды меншікті басқару департаментінде, Қарағанды қаласы әкімінің аппаратында жұмыс істеді. Сондай-ақ, партия және кеңес органдарында ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімінің басшысы болды.

2005 жылдың тамыз айынан бастап – заңгер, «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалында кадр бөлімінің инспекторы. Қазіргі кезде коллективті басқару жүйесінің дербес менеджері. Ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімі мен заң саласында үлкен тәжірибесі бар. Өз ісіні аса жауапкершілікпен қарайтын маман.

Телеарнадағы басқару жүйесін құруда, филиалдың жылжымайтын мүліктері туралы құқықтарын рәсімдеуде және қызметтік пәтерлерді филиал қызметкерлерінің меншігіне беру туралы бағдарламаға көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ телеарна ардагерлерінің жанашыры. Олармен ұдайы хабарласып, жағдайын сұрап, туған күндерімен құттықтап отырады.

«Ерең еңбегі үшін» (2012 ж.) медалімен, екі рет ҚР Президентінің Алғыс хатымен (2001 ж., 2004 ж.), ҚР Қаржы Министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Алғысмен (2011 ж.) және «Қазақстан» РТРК АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен (2008 ж.), Қарағанды қаласы әкімінің «Алғыс хатымен» (2015 ж.) марапатталды.

\* \* \*



## Екінші бөлім

### ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ЖҮГІ АУЫР

«Журналистика қоғаммен бірге өмір сүріп,  
қоғаммен бірге тыныстайды. Қоғам тірлігінің  
тамыры қиылса, журналистика да бітіп тынады.»

**Н.Михалковский.**

**Редактор. Режиссер. Телеператор.** Бұлар – телеарнаның негізгі тірегі және басты тұлғасы. Өйткені, көгілдір экраннан көрсетілетін кез – келген хабарлар осы мамандардың қатысуымен жүзеге асырады. Редактор – болашақ бағдарламаның негізін қалап, тақырыбын таңдап, сценарийін жазады. Ал режиссер болса, сол журналистің идеясы мен ой – мақсатын жүзеге асырады. Телеоператор – тоқтамды ойдың түйінін камера арқылы таспаға түсіріп, хабарды жазады.

Осымен барлық жұмыс бітті дегенен аулақпыз. Бұдан басқа да мамандар-бағдарламаның әзірлеуіне ат салысады. Нақтырақ айтқанда дыбыс режиссері – хабардың дыбысын реттеп, әнмен әрлеп, көркемдігіне көңіл бөледі. Бейне жазу мамандары – бағдарламаның техникалық сапасына ерекше мән беріп, ұдайы қадағалап отырады. Міне, осыдан соң ғана толық қанды хабар көрерменнің назарына ұсынылады. Жалпы эфирге бағдарлама дайындау жалғыз кісі жасайтын жұмыс емес, көптің көмегісіз ештеңе бітпейді. Телевидение – нағыз ұжымдық жұмыс.

Осындай ынтымағы жарасқан ұжымның алғашқы хабары Қарағанды телевидениесінен 1958 жылдың 11 қазан күні эфирден көрсетілді. Авторы – жас журналист Амантай Сатаев, режиссері Өксікбай Тойбаев еді. Олар қарағандыда өткен Азия мен Африка елдері жазушыларының кезекті съезінен материалдар дайындап, студияға қонақтар шақырды. Бағдарламаны телеарнамыздың алғашқы дикторы Майра Ахметова жүргізді. Оның қалай өткенін, эфирден соң, телерадиокомитеттің тұңғыш төрағасы Құрманжан Қасымжанов коллективті кабинетіне шақырып, ерекше ықласпен құттықтағанын Майра апай жиі еске алатын еді.

Әрине, сол жылдарда кадр мәселесі жеткілікті бола қоймады. Біртіндеп журналистердің қатары жергілікті жастармен толыға түсті. Олардың арасында: Амантай Сатаев, Қаратай Қаюпов, Л.Маркман, В.Ярошилова, Ахмедия Әлгожин, Қыздарбек Әкімбеков, Базарбай Мұстафин, Жәнібек Мұзапаров, Лев Дикельбойм, Мәди Сарсенбаев қазақ және орыс редакциясынан бас редакторлары: Масғұт Халиолин, Асғат Хамидуллин, Владимир Татенко болды.

60-80-ші жылдары аймағымызда өндіріс саласы өркендеп, кен қанат жайды. Кешегі Кеңес одағы кезінде Қарағанды – үшінші көмір ошағы болып саналды. Жаңадан шахталар ашылып, Қарағанды көмір бірлестігінің қатары көбейе

түсті. Халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарып, мәдениетіміз бен өнеріміз өркен жайды. Білім мен өнер ордалары ашылып, ауыл шаруашылығымыздамыды. Дала төсінде дихан қауымы ел ризығын еселеп, жоғары жетістіктерге жетті. Міне, осының бәрі Қарағанды телевидениесінің назарынан тыс қалған жоқ. Жаңа бағдарламалар мен күнделікті «Жаңалықтарды» көрермендер асыға күтті. Журналистер де жұмыла іске кірісті. Бас редакторлар бастады, жас редакторлар қостады.



Олар: Тілеухан Жүсіпов, Вера Колобаева, Өтен Ахметов, Ораз Сағынаев, Сапиолла Аңсаров, Шамшит Қалмағанбетов, Наталья Таланина, Хамза Ахметов, Галина Левитина, Сталина Обухова, Кәмила Құдабаева, Виталий Бакулин, Галина Михайлова, Александр Воейков, Майя Привалова, Галина Балбскова, Орал Мекенбаева, Дәния Омашева, Садық Таласбаев, Құлбағиса Долдинова, Мертай Ақшолоқов, Сүйіндік Жанысбаев, Насыр Әуезов, Мейрам Базарұлы, Қадыр Жұмышев, Бақытгүл Момышова, Әли Тойжігітов, Баян Рамазанова, Альфия Осина, Галия Садықова.



Өткен ғасырдың аяғына дейін телеарнаның творчестволық жұмысына штаттан тыс авторларымыз да қомақты үлесін қосты. Таратып айтар болсақ, ол кездерде журналистерге айлық жалақысына қосымша гонарар ретінде сыйақы төленетін. Әр редактордың еншісінде 2-3 хабар болады. Соңғыларын штаттан тыс авторлар жүргізеді. Оларға қордан бөлінген арнайы ақша төленеді. Егер әлгі хабар өте сәтті шығып жағса молдау гонарар беріледі. Яғни, бір айлық көлемінде. Бұл аз қаражат емес, сондықтан әлгі авторлар өздері жүргізетін бағдарламаларының сапалы болуына баса көңіл бөлетін.



Біз Қарағанды теледидарының 60 жылдығы қарсаңында олардың да есімдерін еске алғанды құп көріп отырмыз. Атап айтқанда қаламыздағы өнер мектебінің ұстазы, ақын, сазгер Тілеуғазы Бейсенбеков 1968-70-ші жылдары «Музыкалық лектория» хабарын жүргізді. Ал білікті дәрігер Ризалық Өкпенов ұзақ жылдар бойы алдымен «Денсаулық», кейіннен «Шипагер» тележурналын, Қарағанды мемлекеттік университетінің ұстаз – ғалымдары: Теміртай Хамзабаев, Мейрамбек Иманбеков, Қоңырхан Қабасов, облыстық білім басқармасының бөлім меңгерушісі Өмірзақ Амантаев, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының меңгерушісі Тілеуғалы Әміртаевтар әр жылдары «Ұстаз айнасы», «Семья және мектеп» хабарын, «Орталық Қазақстан» газетінің журналистері Зарқын Тайшыбай – «Арай», «Өмір және әдебиет», Орынбай Аймағанбетов және Қарағанды көмір бірелестігінің партия ұйымының хатшысы Сібір Кәрібеков – «Өндірісті өлке», «Қазыналы Қарағанды», ғалым Зияда Жанғожин – «Насихатшы трибунасы», «Коммунист», танымалы журналист, сексенші жылдардағы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі Қайнар Олжай – «Жас қанат», облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы театрдың әртісі Сламбек Жұмағали – «Өнер тарланда-

ры», ҚарМУ-дың ұстазы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрсахан Бейсенбекова «Тарих тағлымы» – деп аталатын хабарларды дайындап, өздері жүргізді.

«Тіл – халықтың тарихы, ұлттың жаны» – деген еді кезінде Лев Толстой. Ал Бауыржан Момышұлы: «Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсүгінгі де тағдыры» – деп босқа айтқан жоқ. Сондықтан бұл мәселеген теледидар басшылығы бей-жай қарамады. Тіл басқармаларымен бірлесе жұмыстар жүргізілді.



Облыстық тілдерді оқыту орталығының қазіргі директоры Алмагүл Игенова, біраз жыл қазақ тілін үйренуге арналған «Тілашар» бағдарламасын жүргізіп, көрерменнің көзайымына бөлсінді. Ал облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының бөлім меңгерушісі Ғазиза Смағұлова «Ізгілік сабағы» – деп аталатын бағдарламаларды дайындап, телеарнамыздың өмір жолына өзіндік қолтанбасын қалдырды. 2017-2018 жылдары Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы Гүлнәрайым Қаңтарбекованың бастамасымен үш тілділікті дамытуға арналған 100-ден астам «ТВ урок» хабары көрермендер назарына ұсынылды.

Соңғы жиырма жылдан бері Қарағанды теледидарының техникалық жағдайы мейілінше жақсарды. Көрермендер қатары көбейіп, эфир тарату мүмкіншілігі артты. Заман талабына сай, жаңадан бағдарламалар мен хабарлар дайындала бастады. Телеарнаның төл туындылары көбейіп, жаңа сипаттағы ток-шоулар ұйымдастырыла бастады. Айтулы меркелік шаралардан журналистер тікелей репортаждар жүргізді. Елбасының сындарлы саясатынан туындаған өзекті мәселелерге кең өріс ашылды.

Бір сөзбен айтқанда Тәуелсіздік жылдарынан кейін қатарымыз: Өшімхан Жәмпейісов, Ерлан Төлеутаев, Жәніс Сармурзин, Жанар Бекбанова, Төлеутай Дәмиев, Гүлнар Бұхарбаева, Бота Ибраева, Меруерт Әбдәліева, Айтбала Сүлейменова, Нұрлан Абжанов, Айжан Қуаш, Мөлдір Бақытқызы, Әсіма Бұхарбаева, Эльмира Исаханова, Айдар Ибраев, Нұрзат Кәрім, Ержан Қалымбай, Жомарт Рахымжан, Самал Ахметова, Нұрлан Әбілдин, Салтанат Тоқабаева, Торғын Жұмабаева, Балдырған Сәрсекенова, Руслан Тұрсынғалиев, Гүлбақша Ахажанова, Светлана Шульц, Әділбек Құмар, Райхан Сайранбек, Айзада Тұрсынбекова, Ботабек Тілегенов, Асылбек Тойбек, Лейла Ескенқызы, Марина Шаповалова, Аймира Шаукентаева, Гүлбану Жұмабай, Динара Сартаева, Виталий Несипбаев, Жанар Алпысбаева, Зульфия Қасқырова, Азиля Жұмабекова, Александр Крылов, Жанбота Елубаев, Мақсат Бейсенаев, Айдана Дастан, Анар Қанатқызы сияқты жастармен толықты.

### **Масғұт Халиолин – бас редактор**

1929 жылдың 1 қыркүйек күні Ақтоғай ауданында туған. ҚазМУ-дың журналистика бөлімін 1951 жылы бітірген. 1957-65ж. «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») газетінің тілшісі, бөліммеңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болған.

1965-74, 1982-92 жылдары Қарағанды облыстық телерадио хабарларын тарату комитеттің бас редакторы болып 19 жыл жұмыс істеді. Осынау аралықта телевизияның қыр-сырын жете меңгеріп алды. Ұжымдық еңбектің бірлігі мен ынтымағына бас-көз бола білді. Телеарнаның небір тарландарымен бірге жұмыс істеді. Атап айтқанда: алғашқы режиссерлердің бірі – Өксікбай Тойбаев, Құтпан Ералин, Айтуған Салықов, Амангелді Тәжібаев, орыс редакциясының бас редакторлары Асғат Хамидуллин, Владимир Татенко, дикторлар Майра Ахметова, Галина Рахимова, Ескендір Тишмағамбетов, Светлана Тарасова, Владимир Жоров, режиссерлер Рабиға Жабаева, Рымкеш Смағұлова, Икен Құрманбетова сияқты кәсіби мамандармен бірлесе хабар дайындап, қарағанды деледидарының қалыптасуына сүбелі үлесін қосты.

Қазақ редакциясына ұзақ уақыт басшылық жасап, жаңа хабарлардың экранға шығуына ұйытқы болды. Айталық: «Бесжылдықтың белесі», «Ұстаздар экраны», «Жастық оттары», «Кел, ертегі көрейік!», «Қазақстан магниткасы: Бүгін және ертең», «Ауыл тынысы», «Арай», «Құрбылар», «Кеншілер келбеті», «Өндірісті өлке» және «Коммунист» бағдарламалары көрермен назарына ұсынылды. Жұмысқа аса жауапты, жазылатын хабарлардың сценарилерін ерінбей оқып шығатын да, көп түзетулер енгізетін. Әсіресе, ана тіліне, оның айтылуы мен жазылуына, сөз тіркестеріне ерекше мән беретін еді. «Жаңалықтар» редакциясының мәтіндерін жиі түзетіп, жарты беттік материалды қайта машинкаға бастыратын.



Қарымды қаламгер, тәжірибелі басшы жас кадрдалардың қалыптасып, өмірде шындала түсуіне ұдайы ақыл-кеңесін бере білді. «Жалпы телевизияда барлық мамандық иелерінің еңбегінің жемісі – бір арнада тоғысады дегенмен, хабарға ең алдымен түрсең салатын журналист екенін ұмытауымыз керек. Сондықтан журналист – мамандық, мамандық болғанда кілттипаны көп мамандық. Оның бәріне төнуің, төзуің керек. Әрине, журналистік шеберлік еңбекпен, ізденумен келетініне дау жоқ. Соған өзіңді үйрете білсең, ертең-ақ рахатын көресің. Оны өзіңде байқамай қаласың» – деп ұдайы ақылын айтып отыратын.

Қасиетті қара шаңырақтың 50 жылдық мерекелік тойында: «– Соңғы жылдары телевизияға келген Марат Дүйсеңбин, Әли Тойжігітов, Тәлсұтай Дәміев, Жәніс Сармурзиндердің көз алдымызда тәрбиеленіп, өз ісінің маманына айналғанына қуаныштымыз» – дегені бар. Мақақтың тілі өткір, сөзге шешен болатын. Әдемі әзілімен қалжындап, айналасындағы адамдарды күлдіріп отыратын, ақынжанды азамат еді. Керек кезінде бір-екі шумақ өлеңді аяқ астынап жаза салатын. Оған 70-80-ші жылдары қызмет бабындағы басқосулар мен отырыстар да талай рет куәсі болғамыз. Айтқандай әкесі Ақтоғай өңіріне танымалы ақын, ұстаз болған кісі. – Сол қасиетті маған жұққан ғой – деп бір желтінің қоятын.

Айтқандай, бас редакторымыз өрелі ойға өткір, тауып айтуға талқыр болатын. Бірде бөлмесіне бәрімізді жинап алып: – Кеше, кешкілік жоғары жақтан жеделдетсе тапсырма келді. Қазақ редакциясына жаңа «атау» берілсін, жауабын тездетіндер – деген. Ойланып отыруға уақыт жоқ. – Өзге әріптестеріміз қалай атапты? – деп сол жерде төрағаның орыпбасарынан сұрап едім. – Оскемендіктер «Айдын» – деп атапты – деді Тілеухан Жүсіпов. – Олар «Айдын» болса, біз «Шалқар» – болайық! – дедім, қолма-қол. Сөйтін, жауабын бір минутта қайтардым. Келісесіңдер ме? – деп бізге қарай күлді. Бәріміз басымызды идік. Содан қазақ редакциясы «Шалқар» болып аталды. Бірақ тұмыры ұзаққа бармады, екі жылдан соң, көштен қалған тайлақтай қалып қойды.

Масғұт Халиолин Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін 2009 жылы оған Қазақстанның «Құрметті журналисі» атағы берілді.



## Хамза Ахметов

Ол Қарқаралы ауданындағы Бесоба ауылында қарапайым отбасында туған. Мектепті ойдағыдай аяқтаған соң, Қарағандыға келіп, өндіріс саласында еңбек етті. Біраз уақыттан кейін Алматыға барып, ҚазГУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсті. Еңбек жолын Көкшетау қаласындағы

облыстық радиода диктор – редакторлықтан бастады. Шынында оны дауысы кермет болатын, таудан аққан бұлақтай сынғырлап тұратын.

70-ші жылдардың басында Қарағандыға келген соң, алдымен радио да, кейіннен телевидение де редактор болды. 1974 жылға дейін жаңалықтар редакциясында қызмет атқарды. Әрине, күнсайын көрермендерге «жарқ» еткен «жаңалықтар» табу оңай емес. Ол үшін Хамза ағамыз (көпшілік оны Кәмен дейтін) көп ізденді. Әйтеуір анда, мында телефон соғып жүріп, тауып алатын еді. Осындай іскерлігіне әріптестері риза болып: – Кәмеке, құпия-сырыңызбен бізге де бөліссеңізші? – деп жиі қолқа салғанын талай рет естігенбіз.



Көп кешікпей ол «Қоғамдық-саяси хабарлар редакциясына» аға редактор болды. Сол кездерде «Бесжылдықтың тынысы» деген хабар жүргізді. Кеңес



одағы дәуірлеп тұрған мерзімде, кез келген саланың: мейлі ол өндіріс, ауыл шаруашылығы немесе әлеуметтік салаға қатысты кәсіпорындар мен мекемелер болсын, оның 5 жылға арналған жұмыс жоспары болатын еді. Сол бойынша жұмыстар қатаң атқарылатын. Әр 5 жыл сайын елді басқарған Коммунистік партияның съезі өтеді. Сол съезде әлгі міндеттер мен жоспарлар бекітіледі. Ал, оның орындалысы туралы БАҚ өкілдері ұдайы жазып, насихаттап отыру басты міндет.

Осы тұрғыдан келген біздің телеарна «Бесжылдықтың тынысы» деп атаған еді, бағдарламаны. Кәмен ағаның 1981 жылдың 28 тамыз күнгі кезекті бір хабары көмір өндірісіне арналды. Оған Гарбачов атындағы шахтаның бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Смағұл Тоқымтаев, Киров аудандық партия комитетінің бірінші секретары (бүгінгі үрдіспен айтқанда аудан әкімі) Жұмабек Әбдіраманов және атақты қарт кенші, Социалистік Еңбек Ері Жәкен Үрістемов қатысты. Кеншілер мерекесі қарсаңындағы жетістіктер айтылды. Ол кезде табыс цифрлықкөрсеткіштермен бағаланатын. Әңгіме арасында Кәмекең кеншілердің еңбек қауіпсіздігінің кейбір осал тұстарын нақты дәлелдемелер арқылы көтерді. -Мереке қарсаңында осы мәселені атпай-ақ қойсақ қайтеді!- деген көмір бірестігі өкілінің сөзін тынып тастады.

Оған немқұрайлы қарасақ, оны болдырмаудың жолдарын шешпесек, адам тағдырына қалай болса, солай қарасақ, сонда біздің не болғанымыз! – деп аудан басшысына қарады. Орынды сөзге тоқтай білген Ж. Әбдіраманов, бұл мәселені ертеңгі партия конференциясында көтеретіне уәде берді. Ол сөзінде тұрды. Содан көп кешікпей барлық шахталардағы аталмыш мәселе біртіндеп шешімін тапты. Кәмен ағамыздың осындай өжеттігі болатын.



## Дәния Омашева

Қазақстан Журналистер одағының Ә.Әлімжанов атындағы сыйлығының лауреаты. Еңбек ардагері. Қарағанды теледидарында ұзақ жыл бойы жемісті қызмет атқарды. Жетпісінің жылдардың орта тұсында телестудияға келгенде алдымен әдеби-хабарлар редакциясында редактор, кейіннен қоғамдық саяси хабарлар бөлімінде аға редактор болды.

Сол жылдары әріптесіміз қыз-келіншектерге арналған «Құрбылар» хабарын жүргізді. Бұл шын мәнінде көрерменнің жүрегін жаулап алған бағдар-

лама еді. Өйткені, облысымызға танымалы нәзікжанды аруларымыздың жандүниесінен ұзақ уақыт сыр шертті. Дала төсінде еңбек ететін, темір тұлпарды тізгіндеген қыздар туралы, ұстаз болған мұғалімдер, адам денсаулығын қорғап жүрген аққалатты абзал жандар – бағдарламаның басты кейіпкерлері.

Әсіресе, 80-ші жылдардың басында атақты қазақстандық механизатор Социалистік Еңбек Ері Кәмшат Дөненбаеваның жолын қуған қыздарымыз бірінен соң, бірі құрметке бөленіп, көптің көзіне түсе бастады. Солардың өнегелі өмірі мен албырт арманы туралы көбірек әңгімеледі. Бұған қоса Қарағандыдағы аяқ-киім және шұлық-ұйық фабрикалары мен Абай қаласындағы тоқыма бұйымдары зауытының қыздары жайындағы арнайы дайындаған хабарлары өте тартымды болды. Мұны көрермендер көп қолдады. Өйткені, сол өндіріс орындарында әсіресе ауылдан келген қазақ қыздары көп еңбек ететін. Журналист сол қаракөз аруларымыздың ертенгі тағдырына қатты алаңдайтын... Оқып, білім алу, ана бақытына бөлену, тұрмыс құрмай отырып қалу т. б. Осындай проблемаларды дер кезінде көтере білді.



Дәния Омашева 1984-86 жылдыры «Қазақстан» ұлттық арнасының аймағымыздағы меншікті тілшісі ретінде қызмет атқарды. «Жаңалықтар» редакциясына сюжеттер дайындаумен бірге 20-30 минут көлеміндегі хабарларды әзірледі. Бірде атақты кеші, Социалистік Еңбек Ері Сәкен Шомановқа жолығып, таскөмірдің тағдыры, оның бүгінгі мен ертені туралы ашық сұхбаттасты. Осы жолы әріптесіміз бұл саланың проблемаларын бір кісідей білетіндігін аңғартып, журналист жан-жақты болу керектігін іс жүзінде дәлелдеп берді.

Бұдан басқада дайындаған бағдарламаларым аз болған жоқ, оны бір кісідей өзін білесің – дейді әріптесім әңгіме арасында. Сәл ойланып барып, «Ерлік ұмытылмайды» – деген хабарын еске алды.

Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында жүрек тебірентер бір оқиға туралы естідім. Ол былай еді. Соғыс басталысымен қазіргі Нұра ауданының тумасы Дүйсебаев Рахымбай майданға аттанады. Алғашқы кезде жауынгердің үш бұрышты хаттары келіп тұрады. Кейін хабар-ошар болмайды. Соғыс біткен соң жауынгер оралмайды. Содан оның отбасы 40 жыл бойы күтумен болады. Іздеу салып жазбағын жері қалмайды. Зарығып күткен жары өмірден өтеді. Артында қалған жалғыз тұяқ Сағат Рахымбаев үйлі-баранды болады.

Бір күні Сағат ерекше хат алады. Конверттің сыртына қараса, таныс емес өлкеден жіберілті. Жазуды оқыса: Ресей, Курск облысы Пореченское селосы деп жазылған екен. Ол жақта таныстары жоқ екенін біледі. Конвертті ашқанда жүрегі тулап кетеді. Оқып көрсе сол жақтың қызыл ізшілерінен екен. Әкесі Рахымбайдың жерленген зираты табылыпты. Ағайын-туыс жиналып, бір-бірімен көрісіп, жылап-сықтап алыпты. Содан кейін «туған жердің топырағы бұйырсын, Сағат барып қайтсын» деп шешілті.

Осы әңгімені естісімен мен жоспарымды жасап басшыларға бардым. Ұлы Жеңістің 40 жылдығына таптырмайтын материал. Бізді Курсктегі әріптестеріміз қошеметпен қарсы алды. Алыс жолдан шаршап келген бізге ол үлкен демеу болды.

Бізді бауырластар зиратына алып барды. Халық көп жиналған екен. Бізді жылы жүзбен қарсы алды. Зиратты көргенде Сағат ағамыз топырағын сүйіп, айғайлап жылап жіберді. Жиналған жұрт та көз жастарына ерік берген. Сағат ағамыз туған жердің бір уыс топырағын әкесінің зиратына салды. Сөзбен айттып жеткізе алмайтын, жүрек тебіренерлік осынау көріністі операторымыз Б.Лелюх сәтті түсіріп алыпты.

Зираттың қалай табылғаны туралы қызыл ізшілер баяндап берді. Қорымды аршып, жерленгендердің аты-жөндерін анықтайды. Бір мәйіттен ешбір белгі табылмайды. Содан оны көтеруге етігінен ұстаған ғой. Әбден шіруге айналған етіктің ұлтаны опырылып түседі. Сол кезде ұлтарақ пен ұлтанның арасынан партбилет көрінеді. Аты-жөні, мекені сол құжатта көрсетілші. Партбилет жақсы сақталған, жазуы да анық екен. Сол арқылы Сағатқа хабар жіберген көрінеді.

Соғыс зардаптарын бастан кешірген тұрғындардан сұрастырып, ағабуын өкілдерінің сөздерін таспаға жазып алдым. Олар партизандар болған көрінеді. Солардың ішінде орысқа ұқсамайтын, азнаг типтес бір адам болды дейді. Ол жергілікті тұрғындардың мал-мүлкін тонап, балалар мен қарттарын күнсайын аяусыз қырып кететін фашистерге талай рет тосқауыл бола білген. Осындай ерлігін ауылдағылар еш ұмытпапты. Бұл біздің жерлесіміз – Рахымбай Дүйсебаев екен. Содан фашистер партизандардың ізіне түсіп, бір күні бірнеше адамды ұстап алып келеді. Сол жерде жұрттың көзінше атып тастайды. Село жұрты мәйіттерді бәрін жинап, жер қойнына береді. Отан үшін жанын қиған ерлердің аты-жөндері мәрмәр тақтаға қашалып жазылды. Иә, ерлік ұмытылмайды.

Курскден келген соң телефильм жасадым. Оператор Б.Лелюх, режиссер Айтуған Салықов ағамыз бар өнерін салды. Ұлы Жеңістің 40 жылдығына та-

маша тарту болды. Көрермендерге хабар қатты әсер етті. Телефильмді екі тілде жасадым. Халыққа ұнағаны сонша өзімізден екі рет, Алматыдағы «Алатау» телеарнасынан екі рет көрсетілді.

Қарағанды телевидениесінде мол тәжірибе жинадым.- дейді Дәния Омашева әңгіме арасында.-Көпті көріп, көп нәрсені көңілге түйдім. Талдықорған облыстық телерадио комитетінде төрағаның орыябасары болып біраз жыл қызмет атқарғанда соның пайдасын көрдім. Қажетіме мольнан жарады.



Қарағанды телеарнасының 60 жылдығы қарсаңында ағайын туыстай болып кеткен сол кісілерді ерекше еске алғым келеді. Бәтжан Әкімбекова, Галина Рахимова, Рымкеш Смағұлова, Икен Құрманбетова, Рабиға Жабаева, Ләззат Жұмашева мен үшін орны бөлек, мейірімді апаларым ғой. Хафиза Ысқақова өмірден кетсе де, көңілден кетпейтін абзал жан еді. Әріптестерім Орал Мекенбаева мен кейінірек келіп біздің қатарымызға қосылған қарлығаш Шәкировамен апалы-сіңлідей жарасып кеткен едік. Садық Таласбаев, Насыр Әуезов, Сүйіндік Жанысбаевтармен сыйластығымыз жарасты. Айман Упашевааны үлкен қызымыз деп еркелеттік. Рәмзия Әпсәләмова, Рахима Ысқақова, Бәкиза Сейсепова соңымыздан ерген, сыйлап жүретін, талаптары таудай сіңілерім болды.

Әли Тойжигітов редакторлық жұмысқа дейін өнер әлеміне ақын болып келді. Оның туған жер, Отан тақырыбына жазған өлең-жырлары тәп-тәуір болатын. Журналистік жұмыс адамды басқа салаға бет бұрғызбай, өз арнасына қарай тартып әкететін ағынды өзен сияқты. Әйтпесе, Әли бауырым поэзияға өзгеден гөрі бір табан жақын жүретін. Бірақ өкініші жоқ. Поэзия бір жақсы ақынды жоғалтса, журналистика бір жақсы маман тапты.

## Әли Тойжігітов

1954 жылы 26 сәуірде туған. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Бас редактор. Қазақстанның «Құрметті журналисі». 1978 жылдан бері Қарағанды облыстық телерадио комитетінде редактор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, бас редактор болып жұмыс істеген.

1988 жылы Алматыда өткен Жастардың Бүкілодақтық «Жігер» фестивалінің дипломанты. Сол жылдың соңында «Жас қанат» телехабары (Режиссері – Р.Смағұлова) Қазақстан Журналистер Одағының көтермелеу сыйлығына ие болды. «Біз – интернационалистерміз!» – деген айдармен жарық көрген бұл бағдарламаға қазақ тілінде таза сөйлейтін 14 ұлттың өкілі қатысты. Бұл сол кез үшін аса өзекті тақырып болатын. Қара қазақтың өзі қазақша сөйлей алмай жүргенде, өзге ұлттың ұл-қыздары осылай өнегелік танытуы қуанарлық жай еді. Автордың бұдан басқа да бірнеше маңызды, әрі өзекті «Өндірісті өлке» (Режиссері-И.Құрманбетова), «Ауылым – алтын бесігім», «Шинагер», «Фибрат» хабарлары (Режиссері – А.Упашева) әр жылдары Республикалық телерадио конкурсында жүлделі орындарды еншіледі.



Әр жылдары: «Жас қанат», «Арқа тынысы», «Арай», «Семья және мектеп», «Тірішілік», «Дархан дала», «Көңілде жүрген ой еді», «Мәселенің мәнісі», «Ойлан, тап», «Сұхбат», авторлық бағдарламаларын дайындаған. Әсіресе, өткен ғасырдың 80-ші жылдары жастар өміріндегі ең өзекті тақырыптарды тереңінен қозғаған, танымдық тағлымы мол «Көңілде жүрген ой еді» деп аталатын, бүгінгі күннің тілімен айтқанда «ток-шоуы» халықтың сүйіп көретін бағдарламасына айналды. Ол тек студияда емес, жоғары оқу орындарының жатақханалары мен өндіріс орындарының акт залдарын да, қанаттас қалалар мен совхоздар да өткізілді. Әңгімеге арқау болған тақырып төңірегіндегі нағыз тартысты, әрі қызықты пікір сайысын университет профессоры, философ Төлеуғазы Әбжанов әрдайым хабар соңында қорытындылап отыратын.

Кезекті бір диспутты хабарымыз 1982 жылы 10-шы қараша күні Тельман ауданына қарасты Амангелді атындағы совхозда өтті. Қаладан 70 шақырым жердегі елді мекенге бір күн бұрын барып, қондық. Келесі күні клуб ішінде «Жалындаған жастық шак, несімен есте қалады?!» деген тақырып төңірегінде тереннен ой қозғалды. Хабар, түсірілім тобының құрамында 20-ға тарта қызметкері бар теларнаның көшпелі техникалық станциясының (ПТС) көмегімен жазылды. Жастар пікірлерін ашық айтып, нағыз сөз сайысы емес, ой сайысына айналдырып жатқанда жоғары жақтан «тоқтатылсын!» деген нұсқау келді. Сөйтсек, КПСС Орталық комитетінің Бас хатшысы Л.Брежнев таңертең қайтыс болыпты. Қаралы хабарды естіген соң, біз не істерімізді білмей тұрып қалдық. Бүкіл әлем халқы аза тұтып жатқан сәтте жастарымыз саяси мәні зор оқиғадан сескенбей, хабарды жалғастырып, бірер сағатта түйіндеп тастады. Кейін студияға келгенде көрдік, хабарымыз өте қызықты болыпты.




Телесарна тоқырау жылдарында да тоқтаған жоқ. Сол кездерде қызықты әрі ақшалы хабарлар дайындауға тура келді. Осы мақсатта басшылармен ақылдаса келіп, «Ойлап, тап» – деп аталтын бағдарлама әзірлеуге кірістім. Бұл күні бүгінге дейін қызығушылығын жоғалтпай келе жатқан Мәскеулік «Поле чудес» бағдарламасының қазақи түрі еді. Ең бастысы – ұлттық рухани байлығымызды, салт-дәстүрімізді дәріштеп, ел-жұртқа, өзге ұлтқа әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тіліміз бен ділімізді кеңірек таныстыру болатын.

Хабар қонақтарына қойлатын сұрақтарымыз осы тақырыптар төңірегінде өрбіді. Алғаш рет жеңімпаздардың тағдырын асық ойыны арқылы анықтадық. Екінші, үшінші кезеңдерге өту үшін, 5-6 көрерменнің қолына қазақи дәстүрмен жүзік салдырып, жеңімпаз соны тапса ғана одан әрі ойынды жалғастырады. Мұндай тәртіп – талалқа, бекітілген ережеге ешкім өкпе айталмады. Яғни, сайыс әділ өтіп отырды. Осы ойынды көріп отырған, студия ішіндегі көрермендерге де сұрақтар қойып, дұрыс жауап бергендерге сыйлықтар таратқан жайымыз бар.

Жақында мынандай қызықты жайтқа тап болдым. Қаламыздағы қадірменді ағамыздың үйінде қонақта отырғанбыз. – Әлкенді жақсы танымын – деді бір кезде төрде отырған Мұрат Жанғабылов дейтін азамат. – 1992 жылдың күз айында бір топ кооператив институтының студенттері телесиденисте өткен «Ойлап, тап» хабарына қатыстық. Сол жолы мен жұмбақ шешуін дұрыс таптым. Шешуін әлі ұмытқан жоқпын! «Өмір, өмір, өмірден. Жаққан оты көмірден. Тұрады өзі енкейген, аған ненсі темірден». Бұл – «Мылтық» – дедім. Сөйтіп «Романтик» деп аталатын магнитофон ұтып алдым. Торғай облысының Амангелді ауданында тұратын әжем жас кезімдеосындай жұмбақтарды көп айтушы еді. Сонын пайдасы тиді маған. Ал қасымдағы бір қызға бір қорап «Ассарти» конфеті бұйырды. Ол кезде Қарағанды конфеті нағыз дефиссит

болатын. Студенттер осылайша олжалы оралып, түнімен жатақханада би-биледік.-деп әңгімесін аяқтады. Қарап тұрсам оғанда 26 жыл өтіпті.

Көрерменнің көңілін жаулап алған бұл хабар біраз уақыт көрсетілді. Тіпті 1993 жылдың қоңыр күзінде Қарқаралы ауданындағы Фрунзе совхозына қарасты (қазіргі Қасым Аманжолов атындағы окурттегі) Ақтайлақ бөлімшесіне арнайы барып, хабар дайындадық. Оған ауыл тұрғындары қатысып, бақтарын сынады. Барлық сыйлықтарға сол елдің азаматы Бағдат Шахмерденов демеушілік танытты. Бас сыйлықты жеңіп алған азаматқа ақбозат берілді. Осы хабар республикалық теледидардан көрсетілді.



Уақыт өте келе жеңімпаздарға берер сыйлығымыз таусылды. Содан «Ойлан тап» – деген атаумен ақшалай-заттай лотерея жасап, оны сатылымға шығардық. Шахта мен өндіріс орындарындағы комсомол комитеті арқылы жұмысшыларға және қаладағы сауда нүктелері арқылы сатқыздық. Әжептеуір қаржы түсті. Оған әр түрлі сыйлықтар алып, ойынға қатысқандарға және лотерея ұтысына қойдық. Бұл процесс тікелей эфирден көрсетіліп тұрды. Осылайша телеарна шығармашылығы көрермендер қатарын көптеп тарудың оңтайлы жолдарын қарастырып, алғаш рет бизнеске қадам жасады. Басқа да бағдарламалар туралы қызықты дәйектер мен деректер менің жұмыс үстелімде жатқан «Көк дәптерде» тұнып тұр. Адал сңбек әр қашанда адамды абыройға бөлейді.

Соңғы он жылда «Әкіммен әңгіме», «Күнбе-күн», «2050», «Фибрат» сияқты хабарларды жүргізген авторға 2004 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атағы берілді. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты атанып, 2010 жылы Бұқаралық ақпараттар құралдары арасында өткен республикалық байқауда «Нұр Отан» партиясының «Нұр сұңқар» жүлдесін жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күні мерекесіне орай (2012 ж.) «Қазақстан» ұлттық телерадиокорпорациясының облыстық филиалдары арасында

өткен конкурста «Гибрат» бағдарламасы (Режиссері – А.Упашева) «Ең үздік хабар» номинациясы бойынша Бас жүлдеге ие болды. Өндіріс тақырыбына арналған «Қазақстанда жасалған» хабары үшін (2013 ж.) Республикалық «Алтын қалам» байқауының жеңімпазы атанды.



Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен және Қарағанды телевидениесінің «Алтын белгісімен» және Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арналған «Мерекелік медальмен» марапатталған. 2014 жылы Қазақстанның «Құрметті журналисі» және «ҚР Ақпарат саласының үздігі» (2016) атағы берілді. Қарымды қаламгердің көп жылғы өмір тәжірибесінен ой түйген «Сырсандық» және «Өнегелі өмір» деп аталатын публицистикалық кітаптары жарық көрді.

2018 жылы «Қазақ телевизиясына – 60 жыл» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Қазіргі кезде «Уақыт KZ» хабарын жүргізеді.



## Қарлығаш Шакирова

Қарлығаш – Қарағанды телеарнасында өзіндік қолтаңбасы қалған редакторлардың бірі, қазір Астана қаласында тұрады. Зейнетер, үлгілі отбасының иесі. Біз 60 жылдық мереке



қарсаңында арнайы барып, онымен біраз әңгімелестік. Ол сол жылдар жайлы былайша сыр шертті.

– Мен облыстық радио мен телевидениеге диктор болып студент кезімде келдім. 1969 жылдың күзінде пединститутта қазақтың аса ірі ақындарының бірі – Қасым Аманжоловқа арналған әдеби кеш ұйымдастырылған болатын. Мен сол шығармашылық кеште ақынның «Ақын өлімі туралы аңыз» деген көлемді поэмасын жатқа оқыдым. Кейін білдім бұл кешке Қарағанды облыстық телерадиокомитетінің басшылары да қатысқан екен. Бұл кеш менің мамандық таңдаудағы өмірлік бағытымды айқындап берді десем де болады.

Келесі күні мені филология факультетін басқарып отырған деканымыз Хайролла Нұрмұқанов шақырып алды да: – Қарлығаш сені облыстық радионың бас редакторы Әкімбеков Қыздарбек ағаң іздеп жатыр екен, барып келсең қайтәлі деген өтінішін білдірді. Мен ол кезде радионың қайда орналасқанын да білмейді екем. Қолыма радионың мекен-жайы мен қандай автобустар баратыны жазылған бір жапырақ қағаз ұстатып шығарып салды.

...Менің көз алдымнан балалық кезім өтіп жатты. Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданына қарасты «Маңғұл» деген электр шамы жоқ 19 үйлі ауылда туып-өстім. Әкем отан соғысынан бір аяғынан айырылып қайтқан мүтедек, шешем совхозда сауыншы, бір үйде бес баламыз. Біздің үйде маған қатты ұнайтын екі жақсы нәрсе болды. Бірі «Батырлар жыры» деген көлемді кітап, әкем оны түгел жатқа білегін. Әкеме үйге келген қонақтар жыр айтқызушы деді, ұмытып қалған жерлерін жалған жіберуге мамам да көмектесіп отыратын, екіншісі үлкен қара радио. Мені ауылдың кемпір-шалдары кезек шақырып жыр оқытатын.

Жай шақыра салмайды, ауданға барып тоқаш, пряник сияқты тәттілер әкеледі, қуырдағын қуырып шәй дайындайды, көршілерін шақырады. Қонақ келгенде қазіргі люстра сияқты төбеге ілінген аспа шамдарын жағады. Маған же, жеп ал деп қойып, өздері жыр тыңдағылары келіп асығып күтіп отырушы еді. Соны сезген мен тамақ жей алам ба, әбден шаршағанша ай кеп зуылдатып «Қобыланды батыр, «Қызжібек пен Төлеген, «Еңлік Кебек» сияқты жырларды оқып беремін, басым салбырап қалғыш кетсем, ее... қайтсін бала ғой шаршаған шығар, дем алып алсын десіп, асықпай күтіп отырушы еді.

Ояна сала қайта зуылдатам. Сөйтіп жүріп көптеген жерлерін жаттап та алыппын. «Батырлар» жыры құшақтал алып, үй аралап жүрген кезде үшінші-төртінші сыныптың оқушысы болсам да дауысымды қойып алғам ба деймін. Содан кейінгі ермегім радио, қазақ хабарларын тыңдаймын, радионың бетінде бір кішкентай ғана шам жанын тұрады.

Мен сол шамның ар жағында отырған кісіні көргім келіп, неше түрлі қиялға бөленетінмін. Байжамбаевтың, Жаңыл, Сауық апайларымыздың оқу

нақыштарына сол кездерден тәнті болдым. Тіпті мектептегі мұғалімдер сабақ айтқан кезде Ыбыраева сен неге диктордың дауысымен айтасын сабақты деп ұрысқан кездері де болды. Осылардың бәрі есіме түсіп келе жатып радио үйіне де жеттім.

Радиоға келсем Қыздарбек ағай күтіп отыр екен, – Қарлығаш «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын нақышына келтіріп оқыдың, маған сенің дауысың ұнап қалды, кәдімгі қойылған дикторлық дауыс екен, сен бізге келіп хабарға қатысып тұрсаң кайтеді, – деп қолқа салды. Мұнда Ғайнижамал Аманова деген диктор апаң бар, сол кісінің тамағы жиі ауырып қала береді, сондай кезде эфирге берілетін материалдарды оқитын адам керек болып тұр, сен бізге көмектес, мен сені сол үшін шақыртып отырмын деді.

Қыздарбек аға мені радионың жұмысымен, ондағы қызметкерлермен өзі таныстырды. Қайтадан кабинетіне ертіп барып біраз әңгімелесті. Біз саған гонарар төлейміз, келіп қатысып жүр деп аты-жөнімді жазып алды. Келесі күні алғаш рет Кәмен Ахметовпен бірге отырып радиоға хабар жаздық. Сонда мен айына 7-8 рубль алып жұмыс істеп жүрдім. Бұл менің алатын стипендияма қосымша үлкен көмек еді.

Көктемге қарай мені телесидениенің бас режисері Хафиза Ысқақова деген кісі өзіне шақырты. Ол мені қайдан біледі, не үшін іздеп жатыр, әлде мен бір нәрсені бүлдіріп дұрыс оқымай жүрмін бе деп ойлап келемін. Апайдың мінезі аса қатал, сұсты адам еді, ол кісіні бәрі сыртынан «Генерал» деп атайтын. Өзісінің нағыз маманы, өте білгір, тәжірибелі кісі болатын.

– Ыбыраева сен радиода не істеп жүрсің! – деп кірген бетте дүрсе қоя берді. Мен сасып қалдым, өздері... (облыстық радионың қызметкерлер) деканат арқылы шақыртып алып, хабар оқытып жатыр – деп күмілжи бастадым. Бір кезде жымия күлді де, сенің орының радио емес, сенің орның телевидение демесі бар ма. Дереу режиссерін шақыртып алып, мына баланы өзіңе ал, Жастар хабарын жүргізетін болсын, өзін эфирде қалай ұстау керетігін жақсылап үйрет! – деп ертіп жіберді. Осылайша, мен телевидениенің жұмысымен таныса бастадым.

Бірде «Жастар» редакциясы әнші балалардың өнеріне арналған үлкен хабар жазды. Мақпал Жүнісова (Қазіргі атақты әншіміз) осы жолы эфирге алғаш рет шығайын деп тұр екен. Хабардың режиссері Хафиза апай, ал көмекшісі Рымкеш Сұмағұлова болатын. Хабарды мен жүргіздім. Мақпал сол кезде Қарағандыдағы №2 қазақ мектеп-интернатының 3 сынып оқушысы еді. Бағдарлама басталған бетте ол қырсығып, ән айтпай қойды, тіпті жылап тұрып алды... Содан Мақпалға жалынам келіп, айта ғой әніңді, неге жылайсың деп. Ол айтты, Алматыдан келген ағайларым қатты ескерткен: – Беталды ән айтуышы болма, дауысыңнан айрырылып қаласын! – деген деп қасарысып тұрып алды. Бұл кезде Мақпалды әркім үйіне шақырып, қонақтарының алдында ән салдырады екен.. Не керек, мен оған жағдайды түсіндіріп, сені телевизордан бүкіл халық

көреді, – деп үгіттеп әрең айтқыздым. Сол жолы ол оркестрге қосылып жылап, әрі билеп тұрып «Ақ бұлақ» әнін айтап бергені бар...

Университетті бітірген соң да, мұғалім бола жүріп, телехабарларды қосымша жүргізіп тұрдым. Тек 1975 жылы режиссердің көмекшісі болып бір жолата қызметке орналастым. Қон кешікпей алғашқы диктор Майра Ахметова апайымыз құрметті демалысқа шыққан кезде ғана сол кісінің орнына мені қабылдады. Бұл кезде Владимир Жоров, Галина Рахимова, Тамара Ширяева, Ескендір Тишмағанбетов сияқты телерадионың танымалы дикторлармен бірге жұмыс істедім.

1985 жылы Қазақ редакциясының бас редакторы Масғұт Халиоллин ағаға ойымды айып едім, ол кісі редакторлық жұмысқа ауысуыма қарсы болған жоқ. Журналистика саласына түбегейлі бет бұрдым. Оның қыр-сырларын меңгеруіме ол кісінің сіңірген еңбегі ұшан теңіз. Ол кезде жарты сағаттық хабар жасау үшін әңгімеге өзек болып отырған саланың мамандарымен барып жолығасың, жұмыстарымен танысып, хабарға қажетті видеоряд түсіресің, әңгімелесесің, хабарға қатысатын кісілерді іріктейсің. Содан ұққаныңды қағазға түсіресің, яғни мен «бүйдеген» де, ол «сүйледі» деген сияқты хабарда болатын әңгіменің сұлбасын құрып, міндетті түрде 15-17 беттік сценарий жазасың. Оны кезекке тұрып машинкаға бастырып, бас редакторға тапсырасың, ол оқып шығып жартысына жуығын болмаса түгелдей дерлік сызып тастап қайта жаздыратын күндер де болған. Одан басқа «лито» деген тағы пәле бар, әр сөзіңді тексермей хабарға өткізбейді. Не керек режиссер Рымкеш Сұмағұлова апайымыздың үлкен тәжірибесінің арқасында қаншама хабарларым жарыққа шығып, жақсы бағасын алды.

Соның ішінде майталман әнші, әрі сазгер Құралай Шаймерденова және жас әнші Ерлан Құжымановтар туралы хабарларым басшылар тарапынан жақсы бағасын алғанын әлі күнге ұмытар емеспін...



Республикаға белгілі ақынымыз Еркеш Ибрагим радиоға іздеп келіп маған өлеңдерін эфирден оқытып жүретін. Соны білетін Әли бір күні сол кісінің мерей тойы жақындап қалды, бір хабар арнайық, сен жаса деп үйіне ертіп барды. Сол жолы ақын ағамызбен тамаша бір сұхбат құрдық. Өлең, ел, туған жер жайлы бірталай әңгіме айтылды.

Әсіресе хабар соңында қойылған «Аға шығармашылығыңыздан басқа сүйсініп айналысатын ісіңіз «хобиыңыз» қандай? – деген сұраққа келгенде орнынан ұшып тұрып, туған жерім Көкшетауға барып дем алған кезде орман ішін көп аралаймын. Көзіме түссе табиғат сыйларын жинап әкеліп, өз қолыммен мынадай дүниелер жасаймын деп ағаштың кепкен бұтақтарынан, түбірінен, тамырларынан жасалған неше түрлі бұйымдарды, аң-құстың бейнелерін көрсете бастады.

«Талант – жалғыз жүрмейді» – деген осы екен ғой, ақындығымен қоса ағаштан түйін түйстін шеберлігі де бар екен. «Арайдан» берілген сол бір хабар өте әсерлі шықты. Ағамыздың дерт меңдеп сырқаттанып жүрген кезі еді. Өкінішке орай бұл оның эфирге жазылған ең соңғы хабары болды. –деп әңгімесін аяқтады, әріптесім.

## Мартбек Тоқмырза

Ол Қарқаралы ауданына қарасты Нүркен Әбдіров атындағы совхозда дүниеге келген. Осындағы онжылдық орта мектепті бітрген соң, 1985-1992 жылдары аралығында Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің журналистика бөлімінде оқып, ойдағыдай тәмамдаған. Елбек жолын Алматы қаласындағы «Таң» телеарнасында бастады. Кейін туған жеріне оралды.

Қарағанды телевидениесіне редактор болып қызметке тұрған ол 1994 жылдың қыркүйек айында тұңғыш рет «Біз жанбасақ» деп аталатын ток-шоу бағдарламасы эфирге шығарды. Жас журналистің режиссері Айман Упашева болатын. Ол сол кездегі жастардың көкейкесті мәселелерін көтеріп, студияға бір топ жастарды шақырып, сындарлы әңгіме сұхбат жасай білді. Осы жерде ащы шындықтар айтылды. Студия іші тақырыпқа сай әдемі безендірілді. Әр түрлі тақырыптарды қаузағанбұл бағдарлама үш жыл көгілдір экраннан түспеді.

Болашағынан мол үміт күттіретін, Мартбекосы хабарлары арқылы сол кездің өзінде қоғамға жайлап кіріп, жастар санасын улаған кейбір керсегар құбылыстармен күресуге өзі ұйытқы бола білді. Айталық, «Әулие Валентин» күнін байыбына бармай атап өтіп жүрген қазақ жастарының назарын түзу жолға аударудың да алғашқы қаракетін жасаған осы Мартбек Тоқмырза еді. Ол Қозы мен Баянның, Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббатын дәріптеп, жастар бойындағы ұлттық патриотизмді оятты.



Сол игі бастама бүгінгі күнге дейін дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Қазақ жастарының махаббат символына айналған атақты аруларымыз жастардың жүрегіне осылайша жол тартты. Қазіргі кезде ресми түрде болмаса да, республика деңгейінде жыл сайын 15-ші сәуірде ғашықтар күні аталып өтеді. Міне іскер де, талапшыл, жасампаз жас журналистің ой салар бағдарламасының жемісі осындай.

Ол дайындаған «Әріптеспен әңгіме» хабарлары 1996-1999 жылдар аралығында эфирден өз орнын алды. Бұл бағдарлама да белгілі журналист Зарқын Тайшыбасов, Сағат Батырханова, Әшімхан Жампейісовтердің шығармашылық еңбектері жан-жақты сөз болды. Аталмыш бағдарламалар әлі күнге телеарна қорында сақтаулы.

Мартбек тек студия ішінен гөрі, хабарларды сыртта немесе далада, ендібір де театр сахнасында жазғанды жақсы көретін. Бұл идеяны қолдауға болады. Ол кезде қазіргідей заманауи жетілген техникалар жоқтың қасы. Сондықтанда көрермендерге қызықты болу үшін осындай мүмкіндіктерді жиі пайдаланатын. Мысалға: «Білгеге маржан» деп аталатын бірнеше телесайысын қазіргі Жайық Бектұров атындағы жас-өспірімдер кітапханасында өткізіп жүрді. Студент жастарды жинап алып, жекелеген тақырыптар бойынша білімдерін сараптайтын. Өте қызықты, әрі тартымды шығатын. Жәңірназарға кішігірім сыйлықтар беру үшін өзі кәсіпорындағы барып, қазіргігілмен айтқанда «демешілер» іздейтін. Тіпті болмай жатса, өз қаржысын жұмсайтын еді. Оған талай рет куә болғанбыз.

Әріптесіміздің «Өнер санлағы» деген бағдарламасында есімдері елге танымалы жерлестеріміз туралы тереңірек әңгімелеп, бас кейіпкерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсететін. Олардың арасында белгілі әншілеріміз Жақсыкелді Кемалов пен Айтбек Нығызбаев, ағайынды Базарбаев-

тар және күйші Б.Тәшімовтар бар. 90-шы жылдардың соңында жазылған бұл хабарлар қасиетті қара шаңырақтың алтын қорын толықтырып тұр.

Мартбек – нағыз сатирик. Тілі өткір, сарказм сөздерімен түйреп алатын. Оның көзі тірісінде көптеген мақалалары, фельетондары мен скетчтері республикалық басылымдарда жиі жарияланып тұрды. Ол туралы кезінде тісқаққан сатириктерін оң бағасын берген еді. Мартбектің күлкі терапиясы бір төбе еді. Әлеуметтік мәселелер титықтатқан көптің көңілін көгілдір экран арқылы күлкімен тойдыратын. Әдебиеттің осы жанрын ол теледидар салсынада тиімді пайдаланды. Нақтырақ айтқанда «Езу тартар» деп аталатын хабарлар топтамасын ұйымдастырды. Көбіне кейіпкерлерді С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ театрының әртістері сомдайтын. Бұл – көрерменнің нағыз сүйікті хабарына айналды.

Танымалы тележурналист өмірінің соңғы жылдарында Қарағанды мемлекеттік университетінде ұстаз болып, болашақ журналистерді дайындауға белсене атсалысты. Өкінішке орай, мендеп алған сырқаттың беті бері қарамады. Ақыры сұм ажал арамыздан ерте алып кетті.

## Ерлан Төлеутаев

Жаңаарқа ауданының тумасы. Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі. Қарағанды теледидарында 10 жылға тарта редактор болып еңбек етті. Көптеген хабарларды дайындап, көрерменнің құрметіне бөленді.

Ол ұлттық өнеріміз бен салт-дәстүрімізді әр кез дәріптеп, дайындаған хабарлар арқылы бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіре білді. Облыстық және республикалық баспасөз беттерін де жиі-жиі өнер саңлақтары туралы мақалалары жарық көрді. Бертінде оларды толықтырып, «Баянауылдың дәстүрлі ән өнері» – деген атаумен жеке кітап етіп шығарды. Оқырман тарапынан қолдау тапқан еңбек жайлы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, белгілі қазақ ақыны Ғалым Жайлыбай былай деді:

«Мен Қарағандылық журналист Ерлан Төлеутайды Арқа әндерін асқақтап орындайтын әнші ретінде жақсы білуші едім. Кейін республикалық басылымдарда оның қазақ ән өнерінің, оның ішінде ұлтымыздың «алтын ғасыры» ХІХ ғасырда өмір сүрген әнші-композиторлар жайында жазылған мақалаларын оқып риза болғам. Ерлан қазақтың дәстүрлі ән өнерінің тарихын сонау ҚарМУ-дың тарих факультетінде оқып жүрген кезінен бастап, зерттеуді қолға алған екен. Қолымыздағы кітап сол бір ыждаһатты еңбектің алғашқы нәтижесі іспетті. Зерттеуші аталған еңбегінде халқымыздың ұлы композиторлары Жаяу Мұса, Мұстафа Бүркітбайұлы, Жарлығанберді Жұмабайұлы, Естай Беркімбайұлы жайында тың деректерді келтіре отырып, тыңғылықты зерттеулерге негізделген құнды пікірлер айтқан». («Баянауылдың дәстүрлі ән өнері»). 3-бет. «Қазақпарат», Алматы-2006 ж.)



Журналист, сазгер, әнші, ғалым Ерлан Төлеутаев 2005 жылдан бері эфирге шыға бастаған «Жансарай» атты бағдарламасында облысымызға танымал әнші – күйшілердің шығармашылығы жайлы әңгімелеп берді. Әлі де болса көпшілік біле бермейтін, атақты арқа өңірінен шыққан әншілер мен күйшілер: Мәди, Тәттімбет, Қ.Байсейітова, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Қ.Байжанов, І. Омаров, Қ.Байбосынов, Б.Тілеухан және күйшілер Қыздарбек, Тәттімбет, Сайдалы Сары Тоқаның тың дүниелерін, оның шығу жазылу тарихын таратып айтқанын көрермендер әлі ұмыта қойған жоқ.

Бұған қоса ауылдық жерлердегі әліде болса таныла қоймаған өнерлі жастардың болашағына сөт-сапар тілсін, оларды экраннан ұдайы таныстырып отырды. Ән әусні мен күй құдіреті жайлы білікті мамандардың ой-пікірімен ортақтаса білді. Тың ізденістер, дәйектер мен деректерді үнсімі орынды пайдаланатын еді. Талай рет көрерменнің қозайымына бөленгенін шығармашылық лездемеде естігенбіз. Қарағанды телсарнасының абыройы осындай ұлттық болмысымызбен асқақтай түсті. Осындай көз тоқтатып қоруге тұрарлық дүниелербейне қорда жетерлік.


Бұдан басқа да көкейтесті мәселелерді терінінен қозғайтын «ҮТ» хабарын дайындап, журналистік қарым қабылетінің жаңа қырын байқатты.

### Меруерт Әбдіалиева

1968 жылдың 30 қаңтар күні Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданда дүниеге келген. Білімі жоғары. Алдымен физика, кейін журналистика мамандығы бойынша Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген.

1994 жылдың маусымынан-2011 жылдың қазан айына дейін «Қазақстан-Қарағанды» телерадиокомпаниясында режиссердің ассистенті, «Сарыарқа» ақпараттық бағдарламасының редакторы, облыстық радионың дикторы және хабарлар редакторы болып қызмет атқарды. Өзіне тапсырылған міндеттерді жауапты, әрі сауатты орындай білді.

Диктор болу оңай емес. Алдында жатқан Жаңалықтардың мәтінін оқып берумен іс бітпейді. Ол үшін сөйлеу дикциясы дұрыс болуы қажет. Әрбір сөзді анық та, таза айту – диктордың басты міндеті. Ол үшін дайындық керек, білімділік керек. Журналистің экранда өзін дұрыс ұстай білу де өнер. Теледидардың осындай сырт көзге белгісіздеу талаптары бар. Мұны Меруерт ойдағыдай орындай білетін.



Көрермен үшін қызықты, әрі тартымды бағдарламалар ауадай қажет. Ол үшін редактор тақырыпты дұрыс таңдай білуі керек. Осы қағиданы берік ұстанған М.Әбдәлиева бірнеше рет «Сәрсенбінің сәтінде», «Әкім және әлеумет», «Сіз бен біз», «Ел мүддесі», «Сазды сәлем», «Өркен» – деп аталатын хабарларды әзірледі. Сала-саланы қамтитын шоктығы биік бұл бағдарламаларды көрермендер сүйсіне көрді. Оның жетістігі – журналистің мәртебесін арттырды.

2005 жылы ол Қарағанды облыстық тіл басқармасы өткізген конкурста «Мемлекеттік тілді насихаттаушы – ең таңдаулы теледидар хабары» номинациясы бойынша Гран-при жүлдесін олжалады. 2009 жылы «Сіз бен біз» бағдарламасы Республикалық байқауда арнайы Дипломмен марапатталды. «Қазақстан» РТРК АҚ-ның «Алғыс хаты» мен Құрмет грамотасына ие. Республикалық «Шашу» телебайқауының жеңімпазы. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығын 2010 жеңіп алды.





Ұдайы ізденісте жүретін редактор әр жылдары білімін жетілдіріп, республикалық телеарнаның дайындық курстарынан өтті. 2010 жылы Астанада болған «Журналистика. Өмір. Таным және ВУЗ» – деп аталатын аймақтық семинар кеңеске қатысып, мол тәжірибесімен бөлісті.

«Сіз бен Біз» – ток-шоуы редактор Меруерт Әбділиеваның бұл авторлық бағдарламасы. Көлемі 45 минуттан тұратын бұл бағдарлама 2001 жылдан айына екі рет тікелей эфирге шыға бастады. Хабарда өміріміздегі ең өзекті тақырыптар көтеріліп, орамды ой-пікірлер ортаға салынды. Әсіресе; «Біз неге қазақтықтан сақтанамыз?», «Салтынды білгенің, халқынды білгенің», «Қалай қазақ боламыз?», «Тойды дұрыс тойлап жүрміз бе?», «Ана тілің арың емес пе?» – деген сұрақтарға арнап жеке хабарлар жазылды. Бұл бағдарламалар өте сәтті шықты. Сондықтанда оларды айрықша атауға болады. Көрермендер тікелей эфирден сұрақтарын қойып, хабардың қызықты да тартымды болуына белсене қатысты.

Соңында көтеріліп отырған тақырыпқа байланысты ұстаз ғалымдар, тәжірибелі мамандар мен психологтар ой түйін жасайды. Бағдарламаның экраннан берілуі мен көркемделуі, шығармашылық ұжымның шынайы ізденісі және журналистің біліктілігі мен жаңашылдығы әр хабардан білініп тұратын.

#### Гүлбақша Ахажанова

1987 жылы 9 қыркүйекте туған. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультеті, журналистика бөлімінің түлегі. 2012 жылдың 1 ақпанынан бастап «Қазақстан» РТРК АҚ ҚОФ «Жаңалықтар» бөлімінің редакторы. Ақпарат айдынында жүріп, алғашқы жылдардың өзінде жаңалықтар жанрын жете меңгеріп алды.



Гүлбақша Беркінқызы 8 жылдан бері «Сарыарқа» телеарнасында редактор болып жұмыс істеп келеді. 2014 жылы Қазақстан Жастар Альянсі БАҚ арасында ұйымдастырған республикалық байқаудың 3 орын иегері. 2015 жылы Облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты. ҚР Білім және ғылым министрі журналистер арасында ұйымдастырған «Аңсар-2015» республикалық байқауда бас жүлдені жеңіп алды. «Құрышты

калам – 2017» байқауының жеңімпазы. 2018 жылы «Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің ұйымдастырған «Мемлекеттік тіл және БАҚ» атты республикалық байқаудың 3 орын жеңімпазы. Қазақстандық Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы өткізген «Ақ халатты абзал жан» байқауында арнайы сыйлыққа ие болды.

Нұра ауданы әкімінің, облыстық жастар саясаты жөніндегі басқарманың

және Қарағанды қалалық мәслихатының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталған. «Шеберхана», «Талғам мен Таным», «Аграрлы арқа» авторлық бағдарламаларының редактор жүргізушісі. Соңғы хабарында астықты аймақтың бұл саланы дамытудағы жаңа жобаларын зерттеп зерделейді. Басты мақсат – ел экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қосып жатқан қыр даласындағы дикандардың толағай табысын, шопандар қауымының тіршілігін, қазақы қой тұқымын асылдандыру саласындағы атқарылып жатқан ерен еңбегін көрсету.

Журналист бұл ойын көрерменге құрғақ сөзбен, шамалы бейне көрніспен ғана жеткізбейді. Есесіне тын ізденіске бет бұрды. Яғни, Гүлбақша әр шаруашылықтарға барып әр диканның бір күндік жұмысын өзі атқарып, сол еңбеккерлер ісінің қызығы мен шыжығын басынан өткізеді. Керек десеңіз сиыр, бис сауады, қой қырқың, комбайн жүргізеді. Осы арқылы көрген түйгенін қағаз бетіне түсіріп, көрерменге жаңа қырынан танылды. Нәтижесі көңіл қуантады.

«Шеберхана» хабарында ұлттық қолөнерді дамытуға үлес қосып жүрген ел ішіндегі шеберлерді шақырып, он саусағынан өнер тамған ісмерлерді көпшілікке таныстырып жүр. Бармағынан бал тамған талантты жандар өз өнерлерімен бөлісіп, қолшеберлігінің пайдалы тұстарына тоқталуда. Бұл мамандықтың да қадірлі екенін ұқтыруда. Әріптесіміздің «Талғам мен Таным» хабарына еңбектесген баладан, еңкейген қарияға дейін кейіпкер бола алады. Ол танымалы адамдардың толайым табыстарын таныстыру арқылы көрерменге болашаққа деген ынта-жігер сыйлауды жөн санайды.



Әкімдер мен депутаттардың, спорт жұлдыздары мен өнер адамдарының өз кәсібінен басқа белгісіз қырын ашып көрсетеді. Олардың арасында облыстық Мәслихаттың депутаты, меценант Бекзат Алтынбеков, «Нұр әсем» ұлттық сауда үйінің директоры Венера Исина, облыстық мәдениет басқарма-

сының басшысы Еркебұлан Ағымбаевтар болды. Көгермен қауым аталмыш азматтардың өмірлік ұстанымындағы өзгелерге үлгі болар танымдық қасиеттерін әріптесімің әдемі әңгіме-сұхбатына танып білді.

Гүлбақша Ақажанованың басты жұмысы – «Жаңалықтар» редакциясында өтеді. Экрапның негізі айнасы болып табылатын аталмыш бағдарламада әр түрлі тақырыптарға қалам тербеп жүр. Қазір бұл салада жақсы тоселіп, мол тәжірибе жинақтап алды. Болашақта мемлекеттік тілмен қазақ журналистикасын дамытуға өз үлесін қоса бермек.

Оның басты ұстанымы бар: «Біз таңдаған журналистика мамандығының мехнаты көп. Күндіз демей түн демей, мереке той думан демей, болған оқиғалар мен айтулы іс-шаралар ортасында жүреміз. Еңбегің еленіп, мерейің үстем болып жағқанда бұл саланың құдіретін де түсінесің. Мен кешегі қарапайым қыздан, халыққа азды-көпті танымал болған тележурналист Гүлбақша Ақажановаға айналғаным үшін 60 жылдық тарихы бар, қара шаңырақ «Сарыарқа» телеарнасының алдында бас иемін», – дейді ол.

## Асылбек Тойбек

1987 жылы туған. «Жаңалықтар» бөлімінің аға редакторы.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультеті, журналистика бөлімінің түлегі.

2014 жылдың қазан айында «Қазақстан» РТРК АҚ ҚОФ «Жаңалықтар» бөлімінің редакторы болып жұмысқа қабылданды. 2015 жылы шеф-редактор қызметіне тағайындалды. Біздің арнаға дейін Абай ауданындағы «Абай – ақиқат» газетінің бас редакторы болды. Журналистиканың салмақты жүгін саралай білген ол басылым беттерінде оқырман сүйсініп оқитын дүниелер жазды. Біраз тәжірибе жинап, өмір мектебінен өтті.

Телеарнаға келген соң, бұл саланың да құпия – сырын меңгеріп, өзіндік стилі мен имиджін қалыптастыра білді. Ұдайы ізденіске бетбұрған Асылбек-кақпараттық бағдарламамен қатар, «КЭУ-де кездесейік» атты экономикалық университет өміріне арналған жобаны бастап, біраз уақыт жүргізді. Жастардың мамандық таңдауы – аса жауапты екендігін әркез есіне салып, қателік пен өкінішке жол бермеу керектігіне көп көңіл бөлді. Ол бұл ойын нақты мысалдармен дәлелдеп, бейнесюжеттердегі сұхбаттармен пысықтап отырды.

Мысалға, осыдан 30 жыл бұрын мектеп бітірген жастар заңгерлік пен экономика мамандығына ерекше ден қойды. Уақыт өте келе бұл мамандыққа деген сұраныс күрт кеміп кетті. Жоғары оқу орнын бітірген әлгіндей 100 түлектің 85-і жұмыс таппай босқа сандалып жүргенін нақты деректермен дәлелдей білді. Мұндай дерек көзіне назар аударудағы әріптесіміздің журналистік ізденісі құптарлық.



Сонымен қатарол «Ойталқы» ток-шоуының тізгінін қолына ұстады. Толғандырар тақырыптарды жіліктеп тұрып, жіпке тізді. Ерінбей ізденіп, студия ішінде хабарлар топтамасын жазды. Әсіресе, «Әке, алимент төлесің?!», «Жарнамадағы жарымжан сөз тіркестері...», «Жемқорлық па, жоқ әлде қамқорлық па?», «Туризм – табыс көзі», «Денсаулық – депутаттар назарында» - деп аталатын мәселелер төңірегінде тереннен ой қозғағанын көрсермендер ұмытқа қойған жоқ.

Асылбек өндіріс саласына арналған «2050» бағдарламасының редакторы, әрі жүргізушісі болды. 2016 жылдары Балқаш пен Жезқазғаннан, Теміртау мен Саран қаласынан дайындаған хабарлары өзектілігімен тартымды шыққан еді. Бұрындары бұл бағдарлама студияда жазылып, облыстық деңгейдегі басшылардың қатысуымен әңгіме-сұхбат жанрында жүргізілетін. Бірде-жарым сюжеттер пайдаланатын. Әріптесіміз бұл үрдісті өзгертін, 30 минуттық бағдарламаны сол кәсіпорынның бас-қасында болып, еңбек адамдарының тікелей қатысуымен өткізуді қолға алды. Мұның көрермен үшін қызықты, әрі тартымды болғанына көзіміз жетті. Жаңа ізденістің жемісті болғанын айту парыз.

Асылбектің тілі жатық, түсірген сюжеттері әрдайым тартымды да, жинақы шығады. Ол екі тілге де жетік. Соңғы жылдары өңіріміздің өзекті мәселелеріне қағысты тақырыптар туралы «Уақыт KZ» хабарында жиі әңгімеледі. Бұл саладағы журналиске тән жеделдік, салмақтылық пен шешендік сияқты қарым-қабілеттер оның бойынан табылатына талай рет куә болғамыз.



Әріптесіміз Халықаралық шығармашыл жастардың «Шабыт» фестивалінің дипломанты. Өңірдің қоғамдық-саяси өміріне үлес қосқаны үшін аудан, облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Облыстық мемлекеттік қызмет істері жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі ұйымдастырған байқаудың жеңімпазы. «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ұйымдастырған Республикалық байқаудың жүлдегері. Сондай-ақ Ұлттық арна филиалдары арасында өткен республикалық «Арнаның бетке ұстарлары» конкурсының екінші орын иегері.

## Ботабек Тілегенов

1986 жылы 1 сәуір күні Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Борлы бұлақ ауылында дүниеге келген. 1993 жылы жергілікті жердегі №42 орта мектебінде оқыған. 1997 жылы ауыл мектебінің жабылуына байланысты, Қарағанды қаласының №2 Н.Нұрмақов атындағы мектебіне ауысқан. 2004 жылы аталған оқу ордасын тәмамдаған. Осы жылы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне түсіп, оны 2008 жылы ойдағыдай аяқтады.

2010 жылдың маусым айынан «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалында редакторлық қызметінен еңбек жолын бастады. Алдымен «Жаналықтар» бағдарламасының тілшісі. Кейіннен «Спорт, спорт...», «Аймақ тынысы», «Айтарымыз аз емес...», «Арена» ойын – сауық бағдарламаларының және басқа да бірқатар «Шаңырақ», «Ойталқы», «Мен қазапым» (2018 ж.) жобаларының жүргізушісі, әрі редакторы болған. 2011 жылы Қарағанды облысы БАҚ арасындағы ауылшаруашылығының тыныс-тіршілігін насихаттаудағы үздік хабары үшін «Ауылдағы жаңашылдық» аталымы бойынша марапатталған.

2012 жылы республикалық спорт журналистерінің арасында өткен байқауда «Үздік бағдарламасы үшін» номинациясы бойынша жүлдегер болды. Спорт саласының білгір маманы. Бүгінде «Арена» – деп аталатын бағдарламалық жобаның авторы және жүргізушісі. Әр хабардың айтары бар. Оған қатысқан есімдері елге жақсы таныс, спорт саңлақтары мен бапкерлері сол саланың жетістіктерін тілге тиек еткенін көрермендері ұмыта қойған жоқ.

Атап айтсақ: Серік Елеуов – Қарағанды бокс мектебінің директоры, Талғат Байшолақов – облыстық дзюдо федерациясының президенті, Дулат

Ақанбетов – қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионы, нұрлан қалтаев – «Абадан» спорт клубының жетекшісі, Бейбіт Қанжанов – самбо күресінен әлем чемпи-

оны, Сағындық Мекеев -- греплинг, панкратион және аралас жекпе-жек ұлттық федерациясының президенті және Қанат Жақсыбаев пен Диханбай Биткөзов сияқты ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушылар спорттың өмірден алар орны ерекше екенін әңгіме-сұхбаттарында шетелеп тұрып айтып берді. Бұдан бөлек Ботабек әр хабарында үздік атанған жұлдегерлермен үзіліс арасында жетелдете интервью алуды дәстүрге айналдырған. Кейде сайыстан соң, спорт саңлақтарымен кафеге барып, кофе ішіп отырып та еркін сұхбаттасуы көңілге өте қопымды.

Ол бейнесюжеттерді де хабарына орынды пайдалана біледі. Мысалға, 2016-2017 жылдардағы бағдарламасында атақты велоспортшы Жанерке Санақбаева, самбо күресінен Әлем чемпионы атанған Бейбіт Қанжановтар туралы бейнекөрністер әдемі түсірілген. Журналист осындай еліміздің мақтанышына айналған жерлестерімізді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде дәріптен келеді.

Сондай-ақ ол Қарағанды қаласында өткізілген бірнеше республикалық және халықаралық спорт сайыстарын тікелей теледидардан жүргізіп, Алматылық әріптестеріне көмектесіп жүр. Бұл әрине айтуға оңай, ол шын мәнінде сол саланың нағыз білгірі болатын журналистің ғана қолынан келеді. 2013 жылы «Сарыарқа» хоккей клубының ойындарын және 2015 жылы «Шахтер» командасының жетістіктерін тікелей эфирде сараптап, жанкүйер қауымға жеткізе білді. Тұңғышы рет Еуропа лигасының топтық кезеңіне өткен кеншілер командасымен Нидерландия еліне барып шетелден арнайы репортаждар дайындады.

Ботабек тек спорт саласынан басқа да тақырыптарды жете меңгерген бексапп журналист. 2016 жылы ана тіліміздегі өзекті мәселелерді тілге тиек ете отырып, өңіріміздегі тіл жанашырларымен сұхбат жүргізіп, ой бөліскен «Тіл тағдырым» хабары «Үздік телехабар» номинациясына ие болды. Ол соңғы жылдары облыстық ІІД-мен бірлесе дайындап жүрген «Заң және заман» бағдарламасының редакторы. Айсайын эфирге шығатын бұл хабарда: Халық тыныштығын күзету, жол қауіпсіздігін болдырмау, қылмыстың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресе білу сияқты өзекті мәселелер дер кезінде көтеріліп тұрады. Нәтижесінде Б.Тілегенов 2017 жылы Қазақстан полициясының 25 жылдығына орай арнайы төс белгімен марапатталды.



Отан – отбасынан басталады, – дейді халқымыз. Бұл орайда Ботабектің төл туындысына айналған «Шаңырақ» хабарының алар орны бөлек. Елбасының «Мерейлі отбасы» бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқанын осы хабардан аңғаруға болады. Мақсат-ынтымағы мен бірлігі жарасқан шаңырақтың ілкімді іс-шарасын танымдық

тұрғыдан таныстыру. Алуан тақырыпқа арналған бағдарлама көрерменнің көңілінен шығып келеді. 2017 жылдың 16 ақпан күнгі көрсетілімде «Егіз адамдардың ерекшелігі» туралы жан-жақты әңгіме өрбиде. Автор былайғы жұрт біле бермейтін егіздердің жан дүниесіне тереңірек үніліп көрді. Ол жайында Самат пен Рима Елеуовтер, Айтуған мен Күнтуған Охандар, Айман мен Шолпан Мейірбектер бүкпесіз сыр бөлісіп, егізжандардың ел біле бермейтін құпияларын айтты.

Ботабектің тағы бір «Шаңырақ» хабары ұлттық нақыштағы киімдерді тігетін отбасына арналды. Шағын және орта бизнесті дөңгелетіп отырған, ұлттық салт-дәстүріміздің бойына қан жүгіртіп, бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіріп келе жатқан Гүлжан, Дина, Дана, Дәния Кеңесбасвтардың шебер қолды шеберханасымен таныстырды. Олардың тіккен киімдеріне деген сұраныс өте жоғары екенін тілге тиек ете білді. Хабарды әріптесі, телеарна дикторы Райхан Әбілқасова екеуі тұрақты жүргізуде.

Бүгінгі таңдақарымды қаламгер қай салада болмасын, кез-келген тақырыпты қамти алады. Мемлекеттік тіл және ұлт құндылықтар мен Рухани жаңғыруды әр хабарының өзегіне айналдырып, көрерменге мейлінше шынайы жеткізіп келеді.


## **Руслан Тұрсынғалиев**

1987 жылы қаңтар айының 26-сы күні Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы М.Мамыраев ауылында дүниеге келген. 1993 жылдың қыркүйегінде жергілікті №12 орта мектебіне барып, 2004 жылы Қарағанды қаласы Октябрь ауданындағы Әлихан Бөкейханов атындағы №76 орта мектебінде 11 сыныптық оқуын тәмамдаған. Осы жылдың қыркүйегінде Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті филология факультеті, журналистика бөліміне түсіп, оны 2008 жылы ойдағыдай аяқтады.

Еңбек жолын сол жылдың қазан айынан «Қазақстан» РТРК АҚ Қарағанды облыстық филиалында редакторлықтан бастады. Жастыққа тән жігер таныта білген жас журналист телеарнаның алғаш рет эфирге шыққан «Таң шолпан» хабарын жүргізді. Бұған қоса 30 минуттық «Аймақ тынысы» хабарының авторы атанды. Өндіргісі өлкенің өрелі істерін тереңінен қозғап, көрерменге толыққанды мәліметтер бере білді. Кейін Жаңалықтар және бағдарламалар бөлімдерінде аға-редактор болды. Облысымызға танымалы тұлғалардың өнегелі өмірін бүгінгі ұрпаққа таныстыру мақсатында «Гибрат» хабарын ұйымдастырды. Бұл танымдық бағдарлама күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

2013-2017 жылдар аралығында «Қазақстан» ұлттық телеарнасының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі қызметін атқарды. Төрт жыл бойы тәжірибелі журналист аймақтың барлық елді мекенін аралап шықты. Ғасыр

күрежолына айналған «Жезқазған-Бейнеу» теміржолының бас-қасында жүріп, жеделдете хабарларларды республикалық арнадан ұдайы беріп тұрды. Бұған қоса Балқаштың мысы, Теміртаудың болаты, Жезқазғанның кені, Ақтоғайдың мәдениеті, Қарқаралының қасиетті табиғаты, телеоператор Бекзат Нұрмағамбетов пен журналист Рұсланның назарынан тыс қалған жоқ.



Біре жұл «Сарыарқа» телеарнасында редактор бола жүріп, ең өзекті тақырыптарға арналған «Тікелей эфир» бағдарламасының тізгінін ұстады. Рухани жаңғырудың рухани негізіне айналған Ұлытау өңірінен хабарлар топтамасын дайындады. Осы кітап баспаға жіберіліп жатқанда Р.Тұрсынғалиев «Қазақстан» ұлттық арнасының осы өңірдегі меншікті тілшіс қызметіне қайта кірісті.

Ол өңірлік, республикалық шығармашылық, телевизиялық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы. «Қазақстан» РТРК АҚ басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен 3 мәрте марапатталған. Облысы әкімінің «Алтын сұңқар-2012», «Тіл жанашыры-2017» сыйлықтарының иегері. Қарағанды облысы БАҚ арасындағы ауылшаруашылығының тыныс-тіршілігін насихаттаудағы үздік хабары үшін «Ауылдағы жаңашылдық» аталымының жеңімпазы.

2016 жылы «Нұр Отан» партиясы төрағасы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған. «Жасыл экономика үздіктері-2017» тұңғыш республикалық форумының лауреаты. 2017 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Д.Абаевтың Алғыс хаты табысталған.

Үйленген. Үлгілі отбасы. Жұбайы Айнұр Рақышева «Сарыарқа» теларнасында режиссер болып жемісті еңбек етуде.





*Әріптесіміз телеарнаның мерейлі мерекесіне арналған «АСУ-60» деп аталатын төрт бірдей хабарды (2018 ж) эфирге шығарды.*

– Армысыздар қадірменді көрермендер! Биыл қазақ телевизиясының қарлығашы «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының құрылғанына - 60 жыл. деп бастады Руслан алғашқы хабардың әлхиссасын. – 1958 жылы наурыз айынан бастап Алматыдағы студиядан тұңғыш рет хабар берілді. Осылайша өз жұмысын бастаған телеарна аз уақытта ұлттың үні, қоғамның айнасына айналды. Көп кешіпей Қарағанды теледидары экранға шықты. Солбір тарихи кезендерден «Qazaqstan» ҰТА дирекциясының бас редакторы Қайнар Олжай мен Ұлттық теларна ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясы директорының орынбасары Қайрат Мұсақұлдар тебірене сыр шертті. Нақты деректер мен дәйектерге сілтеме жасады.

Бұдан соң көрермен Қарағанды телевидениесінің тұңғыш дикторы Майра Ахметованың ақжарқын жүзін көріп, жағымды жұмсақ дауысын алтын қордан естіді. – «...1958 жылдың 31 тамыз күні, яғни кеншілердің кәсіби мерекесі құрметіне тұңғыш рет эфирге шықтық. «Сәламетсіздар ма, эфирде Қарағанды телевизия студиясы!» – деп бастаған алғашқы сөзім әлі есімде».-деді еңбек ардагері. – Ең алғашында хабарлар болған жоқ. Тек қана кинофильмдер көрсетілді. Ондағы мақсат техниканы сынау еді. Эфирде 11-ші қазан күні студияның дайындаған тұңғыш хабары шықты. – деп әңгімесін аяқтады.

Бұл күнгі бағдарламада телеарнаның еңбек ардагерлері, режиссер Рымкеш Сұмағұлова, белгілі журналист Дәния Омашева, бас редактор Әли Тойжігітов және кинооператор Марат Сүлейменовтор солбір тарихи жылдардан естеліктер айтып берді. Кездекен қиындықтар мен шығармашылық ұжымның ынтымақ-бірлігін, бағдарламалардың сөз еткен тақырыптарын тілге тиек етті.

Руслан бұдан кейінгі хабарларында Қарағанды теледарының дамуы мен қалыптасуына өз үлестерін қосқан әріптестеріміз жайлы, олардың шығармашылық ізденістеріне жан-жақты тоқталып өтті. Уақыт ағымына байланысты қайсыбірі кеншілер шахарынан тыс жерде тұрады. Соның бірі – Астаналық Меруерт Әбдәліева. Телеарнаға алдымен бірнеше конкурстардан сәтті өтіп, дикторлықтан бастаған шығармашылығын жетілдіріп, бергін келе редактор болды. Ол дайындаған «Сіз бен біз», «Тіл тұғырым». «Сәрсенбінің сәтінде» хабарларын көрермен жақсы қабылдады. Әсіресе, ақпаратты «Сазды сәлем» бағдарламасы (2005 ж.) Меруерттің журналистік қабілетін жетілдіріп, биік шыңдарға шығарды. Көрермендер әлі күнге іздейді... Руслан әріптесінің жан-дүниесімен бөлісіп, тұшымды ойларын ортаға салады.

Телеарнада кадрдан тыс қалатын мамандар көп. Соның бірі – тәжірибелі телеоператор Бекзат Нұрмағанбетов. Бұл кәсіптің қыр-сырын жете меңгерген ол соңғы 5-6 жылдан бері Республикалық ұлттық арнаның Қарағанды облысыныдағы меншікті тілшісінің тұрақты операторы. Хабар барысында Руслан Бекзаттың түсірген материалдарын өзі монтаждайтын алғырлық қабілетін өзгелерге үлгі ете білген.

Ләззат Жұмашева – теледидардың байырғы машинисткасы. Ол кісінің еңбегі ерен. Өйткені, ол кезде әр журналистің жеке компьютері (2008) болған жоқ. Сондықтанда барлық хабардың мәтіндері «Ятрань» деп аталатын машинкамен қағаз бетіне басылатын. Оны іске асыратын жалғыз Ләззат апай болатын. Сол күндердің қиындығы мекен қызықты сәттерінен апамыз жақсы сұхбат бере білді.

Телеарнаның жауапты шығарушысы деген қызметті 18 жылдан бері Күләнда Темірбаева мінсіз орындап келеді. Ол бұл қызметтің нағыз білгірі. Қандай бағдарлама, қандай уақытта эфирге шығу керек, оның уақытын кою, апталық бағдарлама кестесін жасау, көрермендер арасында сауалнама жүргізу сияқты мәселелерді жете меңгеріп алған, нағыз кәсіби маман. Онында айтары аз еместігін әңгіме-сұхбаттан естіп білдік.

«АСУ-60» бағдарламасынан көрермен, марқұм Мартбек Токмырзаның өзіндік қолтаңбасын көріп білді. Алтын қорда сақталған хабарларынан үзінділер тамашалады. Руслан Тұрсынғалиев кезінде ұстазы болған Мартбек жайлы көп ізденген. ҚазҒУ-де бірге оқыған достары, бергінде қызметтес болған жоқтастары Амангелді Кеңшілқұлы, Омар Жәлел, Мейрамхан Жәпек сияқтыелге танымалы азаматтардың айтқан естеліктерінен әріптесіміздің бітім боямысын жаңа қырынан естіп-білдік. Хабар сонында жүргізуші: Қаламы қарымды журналист, сатираның сұрмергені Мартбектің жұрт жадында сақталған жарқын бейнесі осындай, - деп ой түйді.

## **Жанбота Рахметоллаұлы Елубаев**

Жаңаарқа ауданы Алғабас ауылында 1992 жылы 12 шілдеде күні дүниеге келген. Жезқазған қалалық Қаныш Сәтпаев атындағы лицейдің түлегі.

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «журналист» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған. 2012 жылдан бастап Ұлттық теле-радиокорпорациясының Қарағанды облыстық филиалының «Жаңалықтар» бөлімінде редактор болып қызметін атқарады.



Жастық жалынын жалау етіп, асқан іскерлігімен көзге түсіп жүрген әріптесіміз. Берілген тапсырманы дер кезінде орындай біледі. Сөзге шешен, тілі өткір, ойы жүйрік, елгезек жан. Кез келген тақырыпты қаузап алатын қабілеті бар. Уақытпен санаспай жұмыс істей алады.

Ол «Жаңалықтар» бағдарламасын жүргізуімен бірге, соңғы кездерде «Фибрат» танымдық хабарларын дайындауға белсене қатысуда. Болашақ кейіпкерін жете зерттеп, материалын ой-санасында әбден пісіріп алған соң, хабар дайындауға кіріседі. Мысалы, белгілі эколог ғалым, ҚарМУ-дың профессоры Қайыржан Бекішев туралы әзірлеген бағдарламасы өте сәтті шықты. Пайдаланған материалдары өте көп, жақсы сұхбат жасай білген. Бекішев жөнінде дос-жолдастары мен әріптестерінің айтқан пікірлерін орынды қолданған. Өмір деректері мол, түсірілген бейнесюжеттері де жақсы монтаждалған.

Жанбота кезінде «Жаңғырық» интеллектуалды ойын бағдарламасының жүргізушісі болды. Студент кезінде-ақ ҚазМУ-да өткен халықаралық «Ең болашақ дарынды журналист» олимпиадасына қатысып, жүлдесін жеңіп алған. Облыстағы әзілкештердің «Жымиясың сен неге?» деп аталатын Мартбек Тоқмырза атындағы облыстық байқаудың бас жүлдесіне ие болған. Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі. Қазақстан Республикасы ауыр атлетика федерациясы және Қарағанды облысы жастар саясаты жөніндегі басқармасының, Қазақстан мұсылмандар діни басқармаларының Алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталған.

ҚР Ұлттық «Ұлан» бас қолбасшылығының мадақтамасына ие болған. 2016 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өткен республикалық жастар форумының белсенді делегаты. Қарағанды қаласы әкімі тағайындаған «Дарын» сыйлығының жеңімпазы. Облыстық жастар саясаты жөніндегі департаменттің, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Алғыс хаттарына ие. Әзіл мен юморға жақын, өнер адамдарына пародия жасауда өзіндік шеберлігі бар және бар.

## Райхан Әбілқасова

1988 жылы 24 мамырда ШҚО Катон-Қарағай ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2010 жылы «Болашақ» академиясы филология факультетінің гэммадаған. «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында 2008 жылдан бері жұмыс істейді. Жаңалықтар бағдарламасының редактор-жүргізушісі ретінде өзіндік имиджі қалыптасқан, дикциясы мен интонациясы ашық-айқын. Сыртқы келбет-көрінісімен көрерменді тарта біледі.

Қазір «Сауатқа» телеарнасындағы отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Шаңырақ» бағдарламасының жүргізушісі. «Қазақстан» ұлттық арнасында арнайы тәжірибелік курстан өткен. 2011 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен өткен «Қуатты ел-қуатты Қазақстан» телекөпірін жүргізді. 2009 жылы ҚР Төтенше жағдайлар экс-министрі Владимир Божконың Алғыс хатымен марапатталған.

Журналистикамен қоса ол өзінің басқада танымдық қарым-қаблетімен танылып жүр. 2016 жылы өткен облыстық «Қазақтың келіндері-ай» байқауының екінші орын иегері. Басқада әртүрлі Жарнамалық бейне көрністерге түскен. Сондай-ақ шығармашылық мүмкіндігін шындай жүріп, «Ғұмыр өтер», «Тағдыр соққысы» фильмдерінде басты рөлдерді сомдады. Өнерді – өмірлік мұрат тұтқан. Керек кезін де әуелете ән шырқап, жандүниенді жадыратар, біреу білсе, біреу білмейтін тамаша таланты бар.



Журналистика саласында жұмыс істейтін редактордың үні – құлаққа жағымды, телевизия талаптарына сай келетін теле жүргізуші. Дикторлық мамандықты меңгеріп алуда оңай емес. Ол үшін дауыс ырғағын дұрыс күте білуі қажет. Бұған қоса сөз құдіретін түсініп, мәнерлеп оқуды пысықтап отыру керек. Бұл міндет пен талапты әріптесіміз бір сәтте естен шығарған емес. Ол жарасымды отбасының иесі. Жолдасымен бірге екі бала тәрбиелеп келеді.

## Мақсат Бейсенаев

1990 жылы туған. «Жаңалықтар» бөлімінің редакторы.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультеті, журналистика бөлімін 2012 бітірген. 2015 жылдан «Қазақстан» РТРК АҚ ҚОФ редактор болып жұмыс жасайды. «Жаңалықтар» ақпараттық қызметінің редактор-тілшісі қызметінде жұмысқа деген аса жауапкершілігі мен мұқияттылығын байқатып жүр. Ол жазатын материалдарын алдымен ой слегінен өткізіп алады. Үнемі аудан, қалаларға барып, шалғайдағы елді-мекендердегі бірқатар оң серпілістер мен ауылдағы ағайынның ахуалын сюжеттер арқылы көрсетіп келеді.

Сондай-ақ, облыстың мәдени, әлеуметтік және спорт саласын қамтыған жаңалықтары көркем де, шашпандығымен қызықтырады. Тіл байлығы мен жазу қарымдылығы келешегінен мол үміт күттіреді. Компьютерді жетік меңгерген. Өз сюжеттерін өзі монтаждай алады. Соңғы кездері негізгі қызметіне қосымша ретінде ең өзекті де, салмақты бағдарламаның қатарына жататын «Уақыт KZ» хабарын жүргізуде. Облыстық тілдер басқармасы, облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаменті және «Ұлттық Ұлан» өңірлік қолбасшылығынан алған Мақтау марапаттары жетерлік.



Бейсенаев мектеп қабырғасынан бері өлеңдер жазуды жанына серік еткен. Бүгінде, 100 астам жазылған өлеңінің 30 жуығы «Орталық Қазақстан» газетінде жарық көрген. Мектепте оқып жүріп, «Қарқаралы» аудандық газетінің штаттан тыс тұрақты жас тілшісі болған. Ауылдағы мәдени, спорттық, өзекті тақырыптарды жұма сайын жариялап тұрған Мақсат, әлі де материалдарын бір кезде қанаттандырып жіберген басылымға ұсынып келеді.

Ол жасөспірімдер мен балалар тақырыбында қалам тербеп, бірқатар шығармашылық жұмыстарын жариялаған. Тіпті, республикалық «Мөлдір бұлақ» журналының басшылығынан әр мереке сайын құттықтау хаттар алғаны есінде. Оның Ғабиден Мұстафин атындағы облыстық байқауда «проза» жанры бойынша жазған еңбегі жоғары бағаланып, марапатқа арнайы ие болған. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев кешінде де өзінің төл туындысымен көрерменнің қошеметіне бөленген еді.

### Айзада Тұрсынбекова

1984 жылы 30 қарашада Қарағанды облысының Шет ауданында туған. 2006 жылы Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті филология факультетінің журналистика кафедрасын тәмамдаған. 2004-2006 жж. «ТВК» телеарнасының Жаңалықтар бөлімінде тілші болып еңбек етті. 2006 жылдың қараша айынан бастап «Қазақстан» РТРК» АҚ-ның Қарағанды облыстық филиалында ақпараттық бағдарламалар бөлімінің редакторы. 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап қазақ редакциясының аға-редакторы. Бұған қоса «Апта» бағдарламасының жүргізді.



Жаста болса, жаңалықтар бөлімін жақсы басқарып, өзгеде әріптестеріне үлгі өнеге бола білді. Дайындаған бейне сюжеттері әрдайым көрермен көңіліненшықты. Сөз саптауы мен тіл байлығы жазған хабарларынан көрініп тұрды.

Облыстық ішкі саясат департаменті тарапынан және облыстық телеарна басшылығы атынан бірнеше рет Мақтау қағаздарына ие болды.

Айзада екі сәбидің анасы. Түтіні түзу шыққан отбасының тірегі. Қазіргі таңда сол балалардың басы-қасында отыр. Ертең-ақ әріптесіміз қасиетті қара шаңыраққа қайта оралатына нық сенімдіміз.

## Әділбек Құмар

1983 жылы туған. Бағдарламалар бөлімінің редакторы.

2006 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік дипломмен тәмамдаған. 2011 жылдан 2018 жылға дейін облыстық «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының бағдарламалар дайындау бөлімінің редакторы. Өз ісіне ұқыпты, қарым-қабілеті ширақ, сөзге шешен, берілген тапсырманы дер кезінде орындай білетін журналист.

Ол жеті жыл ішінде телеарна жанрларын жете меңгеріп алды. Қай тақырыпта болсын қалам тербейтін, ойып тұрып ойын айтатын, кез келген хабарды жүргізуден қаймықпайтын, қарасөзге қамшы салдырмайтын қабілетке ие азамат. Әділбек осы жылдар арасында көптеген бағдарламалар даяралады. Көбіне ток-шоу жанрына ерекше бет бұрып, көрерменді көгілдір экранға тарта білді. Тамызық ойдың тамырын тапбасуға тырысты.

Мысалға: «Ел мүддесі» – деп аталатын студия ішінде өтетін ток-шоуы арқылы қоғамда болып жатқан түйіткілді мәселелерді ортаға салып, жан-жақты саралайтын. Айтылған алуан түрлі пікірлерлерді белгілі ғалымдар мен мемлекет қайраткерлеріне, яки болмаса психолог мамандарға түйіндетіп отыратын. Айтыс-тартыстан ақиқат пен шындық туатын. Тек, мұнымен шектеліп қалмай; – Құрметті көрермендер! Сіздер бұған қалай қарайсыздар? – деп теледидар алдында отырған көрермендерді де ойландырып қоятын. Мұндай тапқырлық – тек Әділбектің өзіне ғана жарасатын.



Әріптесіміз «Жаңғырық» зияткерлік, интеллектуалдық бағдарламасын біраз уақыт жүргізді. Ұлттық рухани байлығымыз, ардақты ана тіліміз бен діліміз, ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміз, танымалы тұлғаларымыз бен нағыз ұлт жанашырлары хабар барысында тілге тиек болды. Аға буын өкілдерімен бірге, жалынды жастарымыз да жаңғырық арқылы жағырып жатты. Көтерер жүгі көп, салмақты ойды саралай түскен бұл

бағдарлама талай рет шығармашылық лездемеде оң бағасын алды. Әділбек әрдайым ізденісте жүретін. Соның бір жемісі – «Жайдарман» хабары. Аталмыш жастар орталығының Қарағанды облысы бойынша телевизиялық нұсқасы әзірленіп, сол әріптесіміздің арқасында ай сайын көрерменге жол тартты. Бұл әзіл-қалжыңға құрылған бағдарламаны тек жастар ғана емес, үлкендер де сүйсіне көретін.



Әділбек Құмардың телеарнадағы тағы бір жеңісі – «Арнадым саған» хабары. Осы бағдарлама арқылы әлі де болса халыққа кеңінен таныла қоймаған аудандар мен қалалардағы талантты жастардың біразы танылды. Яғни, өнерлі жастардың ән әлеміндегі өзіне тән шеберлігі мен шығармашылығы айқындалды. Білімді де, білікті өнер қайраткерлері әр хабар сайын әншілерге әділ бағасын беріп отырды. Жыл соңында көрермендерің берген бағасы бойынша, яғни ең көп ұпай жинағандар байқау жеңімпазы атанып отырды. Оларға бағалы сыйлықтар тапсырылып, телеарнадан тұрақты ән шырқауына мүмкіндік жасалды.

Әріптесіміз 2008 жылы Нұра ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2010 жылы мемлекеттік тілді дамытуға қосқан үлесі үшін облыстық Тіл комитетінің «Алғыс хатымен» ие болды. 2013 жылы Қарағанды облысы әкімінің үздік телехабар номинациясы бойынша «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты атанды.

2012 жылы Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай, Корпорацияның дамуына қосқан шығармашылық үлесі және жоғары кәсіби шеберлігі үшін «Қазақстан» РТРК» АҚ басқармасының төрағасының «Алғыс хатымен» арнайы марапатталды.





## Гүлнар Бұхарбаева

1959 жылы туған. Бағдарламалар бөлімінің редакторы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін,оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша тәмамдаған. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.1983-93 жж. облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде, 1993 жылдан 2017 жылы, яғни зейнеткерлікке шыққанға дейін облыстық «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында редакторлық қызметті атқарып келді.



Тележурналистика саласындағы алғашқы қадамын ең қиын, әрі жауапты «Жаңалықтар» редакциясында редакторлықтап бастады.

Осы уақыт ішінде мол тәжірибе жинақтаған Гүлнар Бұхарбаева Қарағанды телеарнасында жиырма жылдан астам уақыттан бері жемісті еңбек етті. Көптеген телебағдарламаларды дайындап, көрерменнің көзайымына айналды. Әсіресе, ұлттық рухымызды дәріптейтін танымдық, тағлымы мол «Руханият», «Әйел әлемі», «Парасат», «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты телеарна бейнеқорында сақтаулы 100-ден астам телетуындыларын уақыт салып қанша қайталаса да, құндылығын жоймақ емес. Сондай-ақ, «Тілашар», «Көзқарас» бағдарламалары да көпшіліктің қалап көрер хабарлары.

Г. Бұхарбаева журналистика саласында көптеген жетістіктерге жетті. Халықаралық «Жібек жолы» фестивалінің дипломанты, республикалық, облыстық байқаулардың жеңімпазы, «Жыл журналисі», «Тіл жанашыры», облыс әкімінің «Алтын сұңқар», «Қазақстан» РТРК АҚ-ның «Құрмет грамотасының», Экология және қоршаған ортаны қорғау министрінің «Алғыс хатының» иегері.

## Лейла Ескенқызы Нұрғалиева

1983 жылы туған. Жаңалықтар бөлімінің редакторы. Журналистік еңбек жолын Жезқазған қалалық «Дидар» телерадио хабарларын тарату дирекциясында диктор- жүргізуші болудан бастаған.«Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында 2013 жылдың маусымынан бері жұмыс істейді. «Қуырмаш» хабарының ұйымдастырушы-редакторы. Кейіннен «Сәлем» музыкалық бағдарламасы мен «Гибрат» хабарларын дайындап, жүргізді. Сондай-ақ дикторлық қызметті қоса атқарып, көрерменнің құрметіне бөленді.



Облыс, қала әкімдіктері мен мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, арнайы сыйлықтарына ие болған. 2015 жылы Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай, Корпорацияның дамуына қосқан шығармашылық үлесі және жоғары кәсіби шеберлігі үшін «Қазақстан» РТРК» АҚ басқармасының төрағасының «Алғыс хатымен» марапатталған.


## Айтбала Сүлейменқызы

1974 жылдың 5 қаңтарында Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданында туған. Білімі – жоғары. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының тарихшы-кітапханашы, Қазақстан-Ресей университетінің журналистика факультетін тәмамдаған. Қазақстан-Ресей университетінде «халықаралық экономика» мамандығы бойынша магистрлық білім алған.

Шығармашылық жолын мектеп қабырғасында оқып жүріп, Егіндібұлақ аудандық «Ленин туы» газетіне мақалалар жіберіп тұрудан бастаған. Бұдан басқада тырнақалды туындылары республикалық «Ұлан» газеті мен «Ақ желкен» балалар журналында жарияланған. Республикалық қазақ радиосының «Кел, балалар ойнайық!», «Ұшқын» хабарларында өлеңдері мен эсселері және

жаңылтпаптары талай рет оқылып, тыңдармандар тарапынан қызығушылық танытқан.

Осылайша балалық шақтағы арманы болашаққа даңғыл жол салды. Білімін жетілдіріп, журналистикаға бетбұрды. Нәтижесінде қазақ радиосының балалар мен жастар редакциясында редактор, аға тілші болып қызмет атқарды. Осынау аралықта республикалық «Жас Алаш», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Жалын» журналдарында өлеңдері мен мақалалары жарық көріп тұрды. «Хабар», «КТК» телеарналарының Қарағанды облысындағы тілшісі міндетін атқарған.



«Қазақстан-Қарағанды» арнасында 1997 жылдан бері еңбек етіп келеді. 11 жыл «Жаналықтар» редакциясында редактор болды. Денсаулық саласына арналған «Дәру» хабарының авторы әрі жүргізушісі. Сондай-ақ біраз уақыт «Күнбе күн» бағдарламасын дайындады. Тіл байлығы мол, эфирде өзін жақсы ұстай біледі, хабар қонақтарын әңгімеге тарта білетін қарым-қабілеті жоғары.

Әр жылдары облыс әкімдерінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақстан журналистер одағының мақтау қағазын алған. 2008 жылы облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанған.

## **Жеңіс Сармурзин**

09.05.1965 жылы Қарқаралы ауданында туған. Білімі жоғары. Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. 1990 жылдан бастап Қарағанды телеарнасында редактор болып жұмыс істеді. Жастарға арналған «Ұлан» әскери-патриоттық бағдарламасын жүргізді. Отан алдындағы

азаматтық міндетін өтейтін жастардың проблемаларына ден қойып, оның себеп салдарына журналистік зерттеу жүргізгенін білеміз. Тиісті әсері бөлім басшыларын, ата-аналар мен мектеп директорларын хабарға шақырып, мәселені мәнісіне терең үңілетін.

Бұған қоса біраз жыл облыс айнасы атанған «Жаңалықтар» редакциясында қызмет атқарып, көрермендерге жеделдете ақпарат жеткізіп тұрды. «Апта» сараптамалық бағдарламасын дайындайтын. 1999 жылдың 31 желтоқсан күні студияда жазылған аталмыш хабар әлі күні менің есімде.



«...Құрметті Қарағандылықтар! Эфирде «Апта» ақпараттық бағдарламасының кезекті саны жаңа ғасырдағы 2000 жылдың бірінші күніне дөп келіп отыр. Сондықтан барша жұртты осы айтулы датамен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгін облыс әкімі Камалтин Мұхамеджанов барлық жерлестерімізді жаңа ғасыр мерекесі, Жаңа жылмен құттықтады. Енді тілшіміз Садық Таласбаевтың ол жайында дайындаған бейнесюжетін назарларыңызға ұсынамыз. Келіңіздер бірге тамшалайық!» – деді.

Жеңіс Сармурзин телевидениедегі басқа да хабарларға басшылық жасап, оларды уақтылы жүргізіп тұрды. Атап айтқанда: өндіріс саласындағы «Қазыналы Қарағанды», ауыл шаруашылығындағы «Тіршілік», салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған «Сарыарқа сандақтары» спорттық бағдарламаларды дайындап, журналистік қабілетін ширата түсті.

Бірнеше рет республикалық және облыстық телерадио комитетінің Мақтау қағаздарымен марапатталған.

## **Эльмира Исаханова**

26 қараша 1982 жылы Қарағанды қаласында туылған. 2003 жылы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Журналистика» мамандығын тәмамдады. Еңбек

жолын 2003-2004 ж.ж. Қарағанды облыстық соттар әкімшілігінің баспасөз хатшылығынан бастады. 2004-2009 жылдары «АРТ» арнасының тілшісі бола жүріп, «Жаңалықтар» ақпараттық-сараптама бағдарламасы мен «Арнайы репортаж» хабарларын жүргізді.

2010-2012 ж.ж. «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының ақпараттық бағдарламалар бөлімінің редакторы болды. Осынау аралықта Ұлы Отан соғысының ардагері туралы «Дневник памяти» фильмін дайындап, «Обсудим» ток-шоуын және «Путь к истине» хабарларын жүргізді. 2012 жылдан орыс тіліндегі «Жаңалықтар» редакциясының аға редакторы. Айына екі рет ең өзекті тақырыптарға арналған «Прямой эфир» бағдарламасын жүргізіп келеді. Ол осы хабары яғни, сыбайлас жемқорлыққа қары күрес пәрменділігін арттырғаны үшін 2015 жылы ең үздік телевизиялық конкурстың жүлдегері атанды.



2016 жылы ол дайындаған «100 шагов» хабары Республикалық байқауда екінші орынды иеленді. Сол жылы аталмыш бағдарлама Республикалық кәсіпкерлердің Ұлттық Палатасының «Ең үздік тележоба» номинациясын жеңіп алды. 2017 жылы журналистика саласындағы жетістігі үшін облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығымен марапатталды. Ол әзірлеген «Путь к истине» хабары діни тақырыптардың танымдық қасиеттерін тереңінен қозғаны үшін, облыстық конкурста бірінші орынды еншіледі.

*Э.Исақанованың шығармашылық еңбегі әрқашан ескеріліп отырды. Ол бірнеше рет облыстық жастар саясаты жөніндегі басқарманың және облыстық телеарна басшылығының Алғыс хаттарымен марапатталған.*


## Шульц Светлана Васильевна



1972 жылы 18-қарашада Қарағанды қаласында туған. Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың «Русский язык и литература» мамандығы бойынша тәмамдаған. Тележурналистикада қызмет атқарғанына 18 жыл.

2007 жылдан бастап – «Қазақстан» телерадиокорпорация АҚ Қарағанды облыстық филиалының редакторы. Осы жылдар ішінде оның дайындауымен көптеген танымал телебағдарламалар эфирге шықты: «Не все сразу», «Улица

нашего города», «Разные судьбы», «Маслихат», «Прямой эфир», «Сто тысяч Я», «Обсудим», «В интересах людей», «Расскажем и покажем» және т.б.



2006 ж. – Қазақстан Халық Ассамблеясының қолдауымен өткен, Республикалық азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім мәселелерін жариялау туралы байқаудың лауреаты атанды. 2007 ж. – «Телеведение – моя судьба» номинациясы бойынша «Дидар» аймақтық телефестивалінің жеңімпазы.

«Қазақстан» РТРК АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен (2009 ж.), рухани келісімді нығайтып, достық пен этноаралық бірлікті берік ұстанғаны үшін Қазақстан Халық Ассамблеясының Құрмет грамотасы және Дипломымен марапатталған (2015 ж.). Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері (2016 ж.).

## Жанар Алпысбаева

1987 жылы 25 желтоқсанда туған. Жаңалықтар бөлімінің редакторы Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ «Журналистика» мамандығы бойынша бітірген. Сондай-ақ Қарағанды Экономикалық университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған. Кәсіби қызметін 2009 жылы «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында бастады. «Не все сразу», «Сделано в Сарыарке», «Здравствуйте!» хабарларының авторы және жүргізушісі болған. Бұл бағдарламалардың танымдық мәні зор. Әрдайым ізденісте жүріп, көтерген тақырыптарын аша түседі. Өзіндік қолтаңбасы бар.



Редактор Жанар Алпысбаева «Үздік аналитикалық сюжет» номинациясында жеңіске жеткені үшін Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму Министрлігінің арнайы дипломымен марапатталған. Сондай-ақ Қарағанды облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаментінің өзекті мәселелері мен атқарған ауқымды шараларын ұдайы теледидардан көрсеткені үшін және оны халыққа жан-жақты түсіндіргені үшін Құрмет дипломының иегері атанған.

## Несіпбаев Виталий Галымжанович

1986 жылы туған. «Жаңалықтар» бөлімінің шеф-редакторы, «Арена» бағдарламасының авторы және жүргізушісі. Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ «Журналистика» мамандағы бойынша жоғары білім алды. Сондай-ақ Қазақстан-Ресей университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. 2010 жылдан телеарнада редактор, «Жаңалықтар» бағдарламасының корреспонденті, аға редакторы. «Спорт, спорт...», ток-шоу «Бумеранг» бағдарламаларының және басқа да бірқатар жобалардың жүргізушісі болған.



2013 жылдан бастап ақпараттық бөлімнің шеф-редакторы және «Арена» спорт туралы авторлық жобаның жүргізушісі. Қарағанды телевидениесінің 60 жылдығына арналған орыс тіліндегі «Эфир-58» хабарының редакторы және жүргізушісі. Үстіміздегі жылдың төрт айында төрт бағдарлама әзірледі. Ол хабар қонақтарына әдемі сұрақтар қойып әңгіме-сұхбат жасай білді. Бұл да болса журналист шеберлігін, ізденісін аңғартса керек.




Кешегі елге танылған, экран жұлдызына айналған диктор Галина Рахимова, кино және телеоператорлықтың неше түрлі сырын білетін Борис Лелюх, Марат Сүлейменов, бар ғұмыры мен творчествосын Қарағанды теледидарына жұмсаған редакторлар Майя Привалова, Галина Михайлова, қазіргі кезде шетелде тұратын Светалана Фиалковаларлар бағдарламаның басты қонағы болды. Өткен күндерден сыр шертіп, естеліктерімен бөлісті.

Бұған қоса телеорталықтың төрағасы қызметін ұзақ жыл атқарған бүгінгі зейнеткер Виктор Курилов және «Сарыарқа» телеарнасының деректоры Берік Дүйсетәевтар шығармашылық ұжымның өткені мен бүгіні туралы жан-жақты



айтып берді. Виталий Мәскеудегі Владимир Познердің телевидение мектебінде сабақ алған, өңірлік деңгейдегі әртүрлі сыйлықтардың лауреаты. 2011 жылы «Қарағанды жастарының алтын кітабына енген», Қарағанды облысы әкімінің «Қайнар» сыйлығының жеңімпазы. Ол жыл бойы аймағымыздағы әлеуметтік тақыраптарды жан-жақты саралап, Елбасының 100 нақты қадам бағдарламасынан туындаған мәселелерді «100 шагов» хабарында көрсеткені үшін 2018 жылы облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығымен марапатталды. Ұжым арасында өте беделді, кәсіби мамандық иесі.



## **Зульфира Қасқырова**

1987 жылы туған. Бағдарламалар бөлімінің редакторы.

Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ «Журналистика» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Сондай-ақ Қазіргі заманғы мемлекеттік техникалық университетті экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Кәсіби қызметін 2013 жылы «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында жаңалықтар қызметінің редакторы болып бастаған. Екі жылдың ішінде ол дайындаған

сюжеттер көтерген тақырыбының өзектігімен талай рет көрермен есінде қалды.

Әсіресе, қақаған аяздағы жолаушылар тасымалдайтын автобустардың қысқа дайындығы нашар болғанын, Майкұдық елді мекендердегі кейбір көп қабатты тұрғын үйлердің проблемалары, лифт мәселесі жайында сөз еткен сюжеттері өте сәтті шыққан болатын. Ол 2015 жылдан бастап «Уақыт.кз», «100 шагов», «Ас болсын!» жобаларының авторы, жүргізушісі және редакторы. Бұл хабарлардың көтерер жүгі салмақты. Өзін экранда дұрыс ұстай біледі. Хабар қонақтарына қойатын сұрақтарында басы артық сөздер байқалмайды. Қысқа да, нұсқа қойып, жүйелі әңгімеге тартуға машықтанған.

## **Крылов Александр Витальевич**

1986 жылы туған. «Жаңалықтар» бөлімінің редактор-жүргізушісі. Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ «Журналистика» мамандығы бойынша жоғары білім алған. Кәсіби қызметін 2010 жылы корреспондент болып бастаған. 2012 жылдан бастап «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының редакторы, «Жаңалықтар» бағдарламасының корреспонденті, диктор. «Эхо» бағдарламасының

жүргізушісі болды. Ақпарат саласындағы ізденімпаздығы қызықтырады. Көрерменнің қажетіне жарарлық дүниелерді іздейді. Сюжет мәтіндерінде тіл шеберлігі байқалады.



Соңғы 4 жылдан бері «Жаңалықтар» бағдарламасын жүргізеді. Бұл саланың құпия сырларын біршама меңгеріп алды. Оқу мәнерінде республикалық дәрежедегі әріптес дикторларға еліктеушілік байқалады. Орыс тіліндегі жаңалықтарды аяқтау кезінде «қазақ тілінде» қоштасуы көрермен жүрегіне ерекше жылылық ұялатады. Ол ана тілімізді үйреніп алған. Оның мемлекеттік тілге деген құрметі хабар барысында байқалып жүр. Көпшілікпен тіл табысуы- өз нәтижесін беруде. А.Крылов өңірлік деңгейдегі әртүрлі сыйлықтардың лауреаты. 2015 жылы облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығына ие болды. Жыл қорытындысында спорттық журналистика саласында жеткен жетістіктері үшін арнайы сыйлық алды.



## Динара Сартасва

1982 жылы туған. Бағдарламалар бөлімінің редакторы. Е.А. Букетов атындағы ҚарМУ «Журналистика» мамандығы бойынша жоғары білім алған. 2014 жылдан бастап «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында жұмыс істейді. Жаңа бағдарламалар дайындап жүр. «Это наша с тобой биография» – деп аталатын портреттік және орыс тіліндегі «Уақыт.KZ» хабарларының авторы.

Хабарда бүгінгі күннің көкейтесті тақырыптары талқыланады. Бұл барлық деңгейдегі атқарушы биліктің, басқармалар мен ведомстволар, үкімет-

тік емес ұйымдар өкілдерімен, саясаттанушылармен, ғалымдармен, мәдениет қайраткерлерімен жүйелі диалогтар жасалады. Бұған қоса соңғы кездері Д. Сартаева диктор ретінде орыс тіліндегі «Жаңалықтар» бағдарламасын жүргізеді.



## **Михайлова Галина Михайловна**

1940 жылы Солтүстік – Осетия АССР-де дүниеге келген.

Білімі жоғары. 1964 жылы Қарағанды педагогика институтын «орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша тәмамдады. 1971 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік Кинематография институтын үздік бітіріп, кәсіби редактор атанды.

1964-1966 ж.ж. Дубовка кентіндегі орта мектепте орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі және оқу ісінің меңгерушісі болған. 1967-1993 жылдары Қарағанды теле-

ледидарының редакторы және комментаторы. «Родники», «Смена», «Автограф молодых» телебағдарламаларының жүргізушісі әрі авторы.

Әсіресе, ағабуын өкілдері 70-ші жылдардағы «Родники» хабарын әлі күнге тамсана еске алады. Оның сондай қызықты, әрі тартымды болғанын ұмыттар емес. Сол байқаудың жеңімпаздары өнер саласына жолдаманы осы қара шаңырақ ұйымдастырған хабардан алды.

Галина Михайловнаның «Легенда степи» және Қарқаралы ауданындағы атақты «Салтанат» ән-би ансамбльдері одақ экранынан көрсетілді. Санау Франция жерінде өнер көрсеткен ұжымының жетістіктері жан-жақты айтылған болатын. Ол СССР кинометаграфистер және Қазақстан Республикасы журналистер одағының мүшесі болды. СССР – мемлекеттік телерадиосының «Құрмет грамотасымен» марапатталған.

## **Привалова Майя Ереферьевна**

1938 жылы Алтай өлкесінің Бийск қаласында дүниеге келген. Мамандығы филолог. 1963 жылы С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ды бітірген.

1961-1962 ж.ж. Республикалық «Дружные ребята» газетінің әдеби қызметкері. Ал 1963-1968 ж.ж. Қарағанды қаласындағы мектептерде ұстаздық қызметте болды. Орыс тілі және әдебиет пәндерінен дәріс берді. Мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

1968-1994 жылдары Қарағанды телестудиясында, кейіннен Қарағанды телерадио комитетінде редактор, жастар редакциясының аға редакторы, комментатор болып жемісті еңбек етті. Әсіресе, журналистің дайындаған хабарла-

рында жас жеткіншектердің патриоттық сезімі, Отанды сүю, табиғатты аялау, дос – жолдастарға деген адалдық, білімге деген құштарлық тақырыптары жиі көтерілетін. Ара-тұра тартысқа толы болатын диспуттар бағдарламаның маңыздылығын арттыратын еді.



Кәсіби маман «Окно в природу», «Семья и школа», «Звенигород», «Автограф», «Юность» және басқа да бағдарламалардың авторы болды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Республикалық мемлекеттік телевидение және радио комитетінің бірнеше «Құрмет грамоталарымен» марапатталған. Республика және Одақ көлеміндегі жастар бағдарламасы фестивалінің бірнеше дүркін жеңімпазы.

### Күлбағиса Долдинова



27.11.1957 ж. туылған. Білімі жоғары. Редактор.1985 жылдан жұмыс істейді. Көп жылдар бойы қоғамдық-саяси хабарлар редакциясында еңбек етті. Ол ҚР Журналистер Одағының мүшесі. «Жаңалықтар» редакциясының нағыз жауынгері, тілі өткір, шапшаң қимылдайтын журналист. Қандай тақырыпқа қалам тартса да, микрофоны дайын, сұрағы өтімді, материалдары мықты шығатын. Әсіресе, сыналған мекеменің басшысынан орнықты жауап алмай қоймайтын. Бұл үрдіс көрермен үшін, керек десеңіз телеарна үшін аса қажет болатын. Коллектив арасында аса беделді, жастардың үлгі тұтар әріптесі бола білді. Өз кезегінде онымен бірге көп жыл қызметтес болған, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Астаналық Дәния Омашова ол жайында былай дейді:

«...Орыс тілінде хабар жасайтын қандастарымыздың ішінде өзінің жігерімен, озық ойлылығымен көзге түсетін Күлбағиса Долдинованы ерекше атағым келеді. Орыс тілінде жазса да, жаны қазақ, ұлттық намысы бар, әр хабарынан ұлтжандылығы білініп тұратын. Қазақ хабарларының жанашыры болды. Оның ұзақ жылығы табысты еңбегінің жеңістеріне үнемі тілектес болдым.»

Әріптестері оны Клара деп атайтын. Ол көп жылдар бойы республикалық телеарнаның «Жаңалықтар» редакциясына Қарағанды аймағынан бейнесюжеттер дайындап тұрды. Бірер жыл меншікті тілшісі қызыметін қоса атқарған кездері болды. Оның журналистика саласындағы еңбектері еленді. ҚР Тәуелдсіздігінің 10 жылдығына арналған Мерекелік медальмен марапатталған. Облыстық журналистер ұйымының «Алтын микрофон» жүлдесінің иегері. Басқа да мақтау марапаттары жетерлік. Ең бастысы ол Қарағанды теледидарының абыройын асқақтатуға, мәртебесін жоғарылатуға мол үлес қосты.

## **Бота Ибраева**

Қарағанды қаласында туған. Білімі: жоғары. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Журналистика» мамандығын тәмамдады. Оқу жылдары қарағандылық «Городская газета», Қарағанды коммерциялық «Комтек» телеарнасында жұмыс істеді.

1993 жылы Қарағанды облыстық радиоға жұмысқа орналасты, 1994 жылы облыстық телевидениеге редакторлық қызметке ауысты. Сол уақыттан бері «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында 2012 жылға дейін еңбек етті. Алғашқы жылдары «Жаңалықтар» бағдарламасында жүріп, күнделікті оқиғалар мен өткізілген іс-шаралардан қысқа да, нұсқа сюжеттер бере білді.

90-шы жылдардың соңында аймағымыздың әлеуметтік саласына арналған әр түрлі тақырыптар туралы хабарлар дайындады. Әсіресе, өндіріс саласында, шахталар мен кәсіпорындарда жиі болды. Балқаш пен Жезқазған өңірінен цикліді хабарлар әзірледі. «КЭУ-де кездесеміз» бағдарламасы бойынша жастардың білім алу саласындағы проблемаларын тереңірек қозғады.

2006 жылы мемлекеттік тілді насихаттау бойынша облыстық байқаудың жеңімпазы атанды. 2008 ж. «Қазақстан» Ұлттық телеарнасының 50-жылдығына ұйымдастырылған «Дидар» республикалық телевизиялық байқауда 2 орын алды. 2010 ж. ҚР мәдениет министрлігінің этножурналистика бойынша шығармашылық байқауда қатысқаны үшін грамотамен марапатталды. 2011 ж. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды.



## РЕЖИССЕР – БАСТЫ ТҮЛҒА

«Шығармашылықтың шыңы – творчестволық жетістікте. Мейлі ол режиссер, актер, ақын, журналист болсын – бәрібір.»

**Шыңғыс Айтматов.**

Режиссер – француз тілінде «менгеруші», ал латынша «басқарамын» – деген мағананы білдіреді. Ең бастысы режиссер – мамандық иесі. Ол кино, театр, телевидение, цирк, эстрада сияқты өнер саласындағы басты тұлға. Әсіресе, күнделікті көріп жүрген телехабарларыңыздың да тағдыры соның қолында. Бағдарламаның сәтті және сәтсіз болуы тізгін ұстаған сол маманға тікелей байланысты. Бұл міндетті Қарағанды теледидарының тарихында абыроймен атқарған және күні бүгінге дейін атқарып жүрген азаматтар аз емес.

Бір сәт өткенге шегініс жасап көрейік. Алғашқы теларна режиссерлері кім болды деген кезде, көзалдымызға мына кісілер елестейді: Өксікбай Тойбаев, Құтпан Ералин, Айтуған Салықов, Евгений Штейнберхт, Клавдия Багрова, Амангелді Тәжібаев, Сергей Михайлович Иванов сияқты азаматтардың есімдері еске түседі. Бүгінгі ұрпақ бұлардың аты-жөнін аға буын өкілдерінің әңгімесінен естігені болмаса, түрін түстеп көрген емес. Олар өмірден өтсе де, санамыздан өшкен жоқ, қоңілімізден кеткен жоқ. Қасиетті қара шаңырақтың мақтаныштары. Артында ауыз толытырып айтатын хабарлары қалды. Қаншама дайындаған бағдарламаларын халық сүйсініп көрді. Телеарна тарихынан ойып тұрып орын алды. Оларды ұмытпаған, ұстазымыз деп ұлықтаған, артында шәкірттері қалды.



Алпыс жылдық асула есейіп, ер жеткен, режиссерлік қызметтің қыр-сырын солардан үйреніп, жемісті еңбек еткен әріптестеріміз аразымыз аз болған жоқ. Осыдан 40 жыл бұрын бірге қызмет атқарған режиссерлер: Хафиза Ысқақова, Рабиға Жабасва, Өмірзақ Асылбеков, Юрий Петрович Лелюх, Рым-

кеш Смағұлова, Гүлбану Жақыпова, Светлана Першина, Жәмила Шорманбаева, Икен Құрманбетова, Рахима Исқақова, Наталья Архипова, Рәмзия Әпсәлямова, Айман Упашева, Бакиза Сейсепова, Любовь Серебрякова, Людмила Петрова, сияқты дарабоз тарландар мен жайсаңдардың есімдерін мереке қарсаңында ерекше құрметпен еске алғым келеді.

Сондай-ақ, режиссердің ассистенті әрі көмекшісі болған Айсұлу Құрманбаева, Гүлмира Жетпісбаева, Сандуғаш Рамазанова, Гүлмира Мұхановалар әр жылдары Қарағанды телевидениесінде жұмыс істеп, өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Жалындаған жастық шағын осында өткізіп, өмір айдынына құлаш ұрды. Жоғарыдағы режиссерлердің көбі қазір зейнеткерлікке шықты. Шығармашылық жұмыстың белортасында жүріп, қаншама хабарлар дайындадық. Қиындықтарды бірге көріп, жетістіктерімізді бірге тойладық. Өмір мектебінен өтіп, олардан көп нәрсені үйрендік.



Әрине, ол кездерде теледидардың техникалық құрлымы қазіргідей дами қоймаған болатын. Күн сайын, тіпті сағат сайын, хабарлар жазуда қиындықтар алдымыздан шығып тұрды. Бейне таспалар жетіспеді, студия ішіндегі жарық беру қондырғылар көптен жаңартылмады, видеокамералар ескірді. Шығармашылық ұжым сол кедергілерді сүйікті мамандықтарына деген ыстық ықыласымен, патриоттық сезімімен жеңе білді. Олардың біразы ара-тұра біліктілігін арттырып, білімдерін жетілдіріп, республикалық және бүкілодақтық семинар кеңестерге қатысты. Оның өмірде пайдасын көрді.

Көп кешікпей – техникасы ғарыштап дамыған, цифрлы технологияға бет бұрдық., компьютермен жұмыс істейтін, 21 ғасырға аяқ бастық. Бұл аға буынның арманына айналған заман еді. Уақыт өте келе, ұрпақтар сабақтастығы жалғасып, режиссерлердің қатары жаңа толқынымен толықты. Өлемдік, заманауи жаңа үрдіс – Қарағанды теледидарының шығармашылық ұжымын айналып өтпеді. Тың бағдарламалардың тынысы, сол режиссерлердің арқасында кеңейіп, жанрлық сапасы молайып, жақсы жарасым тапты. Бұл орайда Мерхат



Иманқұлов, Қаршыға Игенов, Айжан Әбдірахманова, Айнұр Рақышева, Қыз-жібек Балтабай т.б. мамандар телеарнаның күнделікті хабарларына өз үлесін қосты. Сондай-ақ хабарлар мен «Жаңалықтар» сюжеттерін монтаждауға белесене қатысып жүрген Аман Хамит, Роман Копылов, Гаухар Абдрахманова, Зарина Зұлпыхардың еңбектерін айтуға болады.




### ЛЕЛЮХ Юрий Петрович (1939-1994 ж.)

Магадан қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1972 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық киноматография институтына оқуға түсіп, кинооператор факультетінің сырттай бөлімін бітірді. 1958-1960 ж.ж. – Қарағанды машина жасау зауытында жонушы. 1960-1972 ж.ж. –Қарағанды телестудиясында алғашқыда жарық беруші, кейіннен кинооператор болды.

1972 ж. – Свердлов атындағы телестудияның операторы.1973-1976 жылдар аралығында – Қарағанды телестудиясының кинооператоры болып істеді. 1976-1979 ж.ж. – Алматы қаласындағы «Қазтелефильм» студиясының кинорежиссері.1979-1994 ж.ж. телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі Қазақ ССР Мемлекеттік комитетінің жолдамасымен Қарағанды облыстық телерадио комитетінде Бас режиссер болып қызмет атқарды.

Ю. Лелюх 40-қа жуық деректі телефильмдерді жарыққа шығарып, олардың көбісі Бүкілодақтық және Республикалық экранда көрсетілді. Ю. Лелюхтың қатысуымен шығарылған 6 фильм Бүкілодақтық, Республикалық және аймақтық телевизиялық фильмдер фестивалінің және КСРО шығармашылық одағының 12 сыйлығын жеңіп алып,арнайы дипломдармен марапатталған.

Олардың ішінде «Совхоз называется «Киевский», «Қарағанда-Ленинград», «Мы встретимся, море», «Разговор по существу», «Я варю сталь», «Большая семья» фильмдері көрерменнің ықыласына бөленді. Өзінің көп жылғы тәжірибесі мен шеберлігін кейінгі жас буынға үйрете білді. Оның «Путешествие в мир легенды» атты видеофильмі Бүкілодақтық телевизияда жоғарғы бағаға ие болды.



КСРО Журналистер одағының және КСРО кинематографистер одағының мүшесі. Білікті маман әріптестерінің пығармашылық өсуіне зор еңбек сіңірді. 1984 ж. – жоғарғы санатты режиссер атанды.

В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Ерең еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі Қазақ ССР Мемлекеттік комитетінің, Қарағанды облыстық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасын иеленген. Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі Қарағанды облыстық комитетінің бірнеше рет Алғыс хаттарын алған.



### Рәбиға Жабаева

1926 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1942-1943 ж.ж. Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы оқу бөлімінің хатшы-машинисткасы болған.

1943-1944 ж.ж. Жаңаарқа аудандық партия комитетінің хатшы-машинисткасы болып жұмыс істеді. 1945-1953 ж.ж. Қарағанды облыстық радиокомитетінің әртіс-солисткасы болды. 1955-1959 ж.ж. Қарағанды облыстық радиокомитетінің хатшы-машинисткасы.

1959-1984 ж.ж. зейнет жасына шыққанша табан аудармастан телеарнада режиссердің ассисенті, режиссер және бас режисер

болып абыройлы қызмет атқарды. Жастардың ақылшы ұстазы бола білді. Әрқашан да адал еңбек етуді мұрат тұтқан, өзгелерден де соны талап ететін.

Зейнеткерлікке шықса да, әлі күнге өзі еңбегі сіңген қара шаңырақтың дайындаған бағдарламаларын үзбей көріп тұрады. Оны тек тамашалап қана қоймай, телефон арқылы хабарласып, ұсыныс пікірін, алған әсері мен ескертпелерін айтып отырады. Бұл шығармашылық ұжым үшін аса пайдалы.

Р.Жабаеваның еңбек жолынан сыр шертетін деректер құжаттамасы 2018 жылы облыстық архивке тапсырылып, заңды тіркеуге алынды. Осы жолы онымен қызметтес болған әріптестері мен шәкірттері кәсіби маманның азаматтық болмысы туралы жиналғандарға әңгімелеп берді.



Еңбек түбі – зейнет, – дейді халқымыз. Сол еңбектің жемісін көрді. В.И.Лениннің туғанына -100 жылдығына арналған «Мерекелік медальмен» марапатталып, сол жылы «Ерең еңбегі үшін» медалін омырауына тақты. СССР мемлекеттік радио және телевидение комитетінің «Құрмет грамотасын» бірнеше рет еншіледі. Еңбек және Тыл ардагері. «Қазақ теледидарына – 60 жыл» төсбелгісінің иегері. (2018 ж).

### Хафиза Ысқақова (1928-1992 ж.)

Қарағанды телевизиясындағы алғашқы режиссерлердің бірі. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданындағы №15 ауылда дүниеге келді.

Білімі жоғары. 1953 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокал бөлімін тәмәмдады. Аталмыш оқуды бітіргеннен кейін, Қарағанды облыстық телевизия және радио хабарларын тарату комитетіне жолдама берілді. Х. Ысқақова өзінің еңбек жолын осындағы музыкалық хабар тарату жөніндегі редакцияда редактор болып бастады.



1958 жылдың алғашқы күнінен бастап, 1984 жылы еңбек демалысқа шыққанға дейін, Қарағанды телевизиясында режиссер, бас режиссер болып жұмыс істеді. Ол дайындаған бағдарламалар әр түрлі бағытты қамтыды. Яғни, әуесқой әртістердің концерттері, гастрольдік сапарда жүрген ансамбльдер мен опералық қойылымдарға дейін көрсетілді. Сондай-ақ Қарағанды телевидениесінің деректі фильмдерін шығаруға да үлкен үлесін қосты. Х.Ысқақова Шопен, Бетховен, Моцарт, Чайковский, Құрманғазы сияқты әлемдік классиктер жайлы музыкалық телеқойылымдар қойды. Оның жетекшілігімен «Родники» атты бағдарлама дайындалып, оған облыс бойынша көрермендердің көзайымына айналған ең үздік әуесқой әртістер қатысты.

1982 жылдың қазан айында Х.Р. Исақоваға Қазақ ССР телевидение және радио хабарларын тарату жөніндегі Мемлекеттік комитеттің бұйрығымен жоғарғы санатты телережиссер атағы берілді.

Бұған қоса ұзақ жылғы еңбегінің арқасында ол «Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін» медалімен, КСРО Министрлер Кеңесінің және Республикалық телерадиокомитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.



## Рымкеш Смағұлова

Ол 2 желтоқсан 1939 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген. 1957 жылы қазіргі Н.Нұрмақов атындағы мектеп-интернатын бітіріп, Қарағандыдағы өнер училищесінің режиссерлік бөліміне түскен.

1960 жылы алғашқы еңбек жолын мамандығы бойынша Қарағанды облыстық телерадиокомитетінде режиссердің көмекшісі болып бастады.

Кейіннен ассистент, режиссер, аға режиссер және Бас режиссер қызметін

атқарды. Бір ғана Қарағанды телевидениесінде 40 жылға тарта жемісті еңбек етіп, оның дамуына өлшеусіз үлес қосты. Сол күндерді былайша еске алады.

Әр режиссердің монтаждайтын үстелі болды. Киноға түсірген пленканың эфирге дайындаудағы монтажі өте қиын. Үстелдің астында қазір үйде жанып тұрғандай жай шам болады. Оның үсті шынылы сонда пленканы монтаждаймыз. Сосын монтажшыларға бөлек-бөлек жиыстырып береміз. Олар оны бритвамен тазалап, желімдеп сосын эфирге дайындайды. Оны ОТК тексереді. Одан кейін эфирге барады. Журналист берген сценарийді әрлендіріп, көркемдеп бейнелеу режиссердің жұмысы болатын..

Осындай қиыншылықтарға қарамастан жас маман қазақ телевизиясының тынымсыз тірлігіне белсене араласып, талай үлкен тележобаларды дайындауға қатысты. Редакция басшылығы да Рымкеш Смағұловаға үлкен сенім артып, жауапкершілігі жоғары түрлі шараларды түсіруді міндеттеді. Шығармашылық жолына араласа жүріп ол не бір маркасқалармен, ғұлама ғалымдарен танысып, ғибратты әңгімесін тыңдады. Бұл мен үшін үлкен өмірлік азық болды,-дейді телеарна ардагері. Ұжымның әр жеткен жетістігі әлі күнге көз алдында. Қарағанды телестудиясы әсіресе Қали Аманбаев басшылыққа келген тұста ерекше қарыштап дамыды.




Осынау аралықта Р.Смағұлова 20 мыңнан астам хабар дайындаған. Сонау 60-шы жылдары студияда тек бағдарламалар ғана дайындалмаған, облыстық қазақ драма театрының спектакльдерінде тікелей эфирден көрсеткен. Әрине, осынау жауапты істің салмағы режиссерге көбірек түсетінін өмір тәжірибемізден жақсы білеміз. Сол кездерде Рымкеш апамыз тәжірибелі режиссерлердің қасынан табылып, бар көмегін көрсете білді. Бүгінде зейнеткерлікке шыққан ол сонынан ерген көптеген жастарға осы мамандықтың қыр-сырын үйрете білді, ұстаз бола білді.

Мамандығын мақтаныш тұтатын – Рымкеш Смағұлованың еңбегі әрдайым бағаланды. Оған: «Қазақ ССР-і Телерадио саласының жоғары санатты режиссері» – деген Құрметті атақ берілді. Бұған қоса бірнеше рет облыстық партия комитеті мен кәсіподақтар ұйымының Құрмет грамотасы тапсырылды. Республикалық телерадиокомитетінің арнайы Алғыс хаттарымен марапатталды.

Жақсы мен жайсаңдардың ізі қалған, кешегі жалынды жастығының аяулы ордасы телестудияшы Рекең өмірінің ажырамас бөлшегі, – деп біледі. 60-тың асуын бағындырған телеарнаның келешегі зор дейді.

## Рахима Ысқақова

1957 жылы 4 қыркүйекте Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Қарақұдық ауылында дүниеге келген. Қарағанды мәдени-ағартушылық училищесін, 1992 жылы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. 1975 жылы Қарағанды телевидениссінде режиссердің көмекшісі ретінде еңбек жолын бастайды.



Республикалық телерадиокорпорация мен облыстық телевизия тарапынан бірнеше рет мақтау қағаздарымен, Астана қаласының 10 жылдығына арналған мерекелік медальмен марапатталған. 2010 жылы облыс әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығының иегері. «Телевизия ардагері» атағының және «Қазақстан» РТРК АҚ «Алтын жаршы» төсбелгісінің иегері. Жас буынның тәжірибелі ұстазы болды.

Ол көптеген республикалық «Телекөпір» байланысының басы – қасында жүріп, аса жауапты хабарлардың режиссері міндетін абыройлы атқарды. Күннің суығы мен ыстығына қарамастан апталап сол объектінің басында болды,

қонды. Осындай қиындықтарға қарамастан Рахима Ысқақова өзінің біліктілігі мен ерекше іскерлік қабілетін көрсетіп, жүктелген міндеттерді мінсіз атқара білді. Заманауи теледидар қондырғыларын жете меңгерген нағыз бесаспап маманнан кейінгі ізбасар жастар көп нәрсені үйренді.



## Архипова Наталия Михайловна

1955 жылы Қарағанды қаласында туған. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдады. Өз еңбек жолын 1974 жылы Қарағанды телевидениесінде режиссердің көмекшісі қызметінен бастады, 1980 жылы режиссерлыққа ауысты, 2012 жылдан бастап – аға режиссер.

2008 жылы Қарағанды облысының мәдени ескерткіштері жайлы «Мәдени мұра» бейнефильмін дайындауда зор үлесін қосты, республикалық телеарналардан көрсетілді.

ҚР индустрия және сауда Министрлігі ұйымдастырған байқауда шағын бизнесті дамыту жөніндегі «Есть идея?» фильмі гран-при жүлдесін алды, ҚР спорт және туризм Министрлігі байқауында «Шелковый путь» фильмі гран-при жүлдесіне ие болды. Облыс әкімінің «Алтын сұңқар-2012» сыйлығының иегері.



## Айман Ушашева

1956 жылдың 12 желтоқсанында Қарағанды қаласында туған. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдады. 1975 жылдың қаңтарынан режиссер көмекшісінен бастап, зейнеткерлікке (2017 ж.) шыққанға дейін Қарағанды телевидениесінде («Қазақстан-Қарағанды») режиссерлік қызметте еңбек етті. Көптеген бағдарламаларды әзірледі. Тікелей эфирлердің сәтті өтуіне атсалысты. «Соңғы жаңалықтар» бағдарламасында тұрақты жұмыс жасады.

Тікелей эфирлердің сәтті өтуіне атсалысты. «Соңғы жаңалықтар» бағдарламасында тұрақты жұмыс жасады.

А. Ушашеваның дайындауымен эфирге шыққан «Ауылым – алтын бесігім», «Шипагер», «Ғибрат» хабарлары, «Сіз бен біз» және «Ел мүддесі» ток-шоулары республикалық және облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. «Ауылым – Балқантаудың бөктерінде» – деп аталатын хабарды дайындау үшін 2000-шы жылдары күз айында Егіндібұлақ елді мекеніне барып, жата жастанып

үш күн түсірдік. Бұл деректі фильмнің сәтті шығуына режиссер А.Упашева мол еңбек сіңірді. Балқантаудың әдемі көрінісі, таң алдындағы тіршілік, Қазыбек би ескерткішіне тағзым еткен Ардагерлер, балалар бақшасындағы жеткіншектер, кітапханадағы жас оқырмандар, жергілікті әншілер мен күйшілердің бір күнгі тынысы бейнеленген. Қазір ол хабар алтын қорда сақтаулы. Сол ардагерлер арамызда жоқ..., сол балалардың бәрі қазір азамат болды емес пе?!



Ұзақ жыл режиссер болған Айман талай рет «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының, Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасы бастығының, Қарағанды қаласы әкімінің Құрмет грамоталарымен және басқа да облыс басқармалары мен департаменттерінің Алғыс хаттары және дипломдарымен марапатталған.

## **Икен Құрманбетова**

1938 жылдың 22-ші желтоқсанында дүниеге келген. Тірі болғанда биыл 80 жасқа толар еді. Бірақ, 2016 жылы өмірден өтті. Ғұмырының 40 жылға жуық уақытын телеарна тіршілігіне арнаған ардагер режиссер соңғы кездері Алматы қаласында тұрды. Өзі тәрбиелеп өсірген ұл-қыздары мен немерелерінің қамқорлығында бақытты өмір сүрді. Ол кісі менің ең жақсы көретін режиссерім болатын. Жиырма жыл ішінде қаншама хабарларды бірге жаздық емес пе?! Әсіресе, «Жас қанат», «Жазира», «Ауыл тынысы», «Денсаулық», «Ұстаз экраны», «Ойлан – тап!», «Өндірісті өлке»... Міне осы бағдарламаларда апайымыздың қолтаңбасы қалды.

Қайтыс боларынан бірер жыл бұрын жолым түсіп, арнайы сәлемдесіп қайтқан едім... Алыста жүрген апамыз қасиетті қара шаңырағын аңсап отыр екен.



Келгеніме балаша қуанып қалды. Бірге қызметтес болған әріптестерін сағына еске түсірді. Әңгіме арасында қайсы – бірлерінің қайтыс болғанын естігенде көзіне жас алып, қатты күрсініп алды. Ара-тұра көз жанарының бұлдырап кететініне бала сияқты ренжіп: – Әли-ау бұл кәріліктің белгісі шығар, – деп өзін өзі жұбатып қояды.



– Телевидение қазір өзгерді ғой. Маған қазақ жастарының сөйлегені, мәдениеті, экрандағы өзін еркін ұстауы ұнайды, – дейді әліде болса «көк жәшікті» көретінін аңғартып. Содан соң әңгімесін қайта сабақтады. – Қазіргі журналистер келген қонақтарға басы артық сұрақтар қоймайды. Ойын жеткізе алмай қиналған тұстарында сөзбен демеп, әңгімеге тарта біледі. Әрине, бұл жүргізушінің шеберлігіне байланысты. Біздің кезімізде бағдарламаға қатысушыларды қазақша сөйлете алмай, әбден қиналатын едік қой? Күні бұрын журналист оларға сөйлейтін сөзінің жобасын жазып беретін, оны режиссердің көмекшісі Айсұлу Құрымбаева үйіне апарып, қолына ұстататын еді. Әй, сонда да әлгі қонақтардың жазып берген сөздерді дұрыстап айталмай, келгенде мыңқылдайтын. Ондайлардың талайын көрдік.

Қазір еркіндік басым. Ана тіліміз төрге шықты. Қыз-жігіттеріміз намысты қолдан бермей, мемлекеттік тілімізде мүдірмей сөйлей бастады. Керек десеңіз ағылшын тілінде жете үйреніп алды. Менің немерелерім үйде шет тілінде сөйлесетінді шығарды. Заманның ағымы солай шығар, – деп ойын бір түйіп тастады. Жетпістен асқан режиссерімнің түйдек-түйдек ойын естігенде іштей риза болдым. Ұзақты кеш кино ғана көрмей, әр түрлі бағдарламаларды да көретініне куә болып отырмын. Біз сол совет заманындағы тоталитарлық тәртіппен, тік келіп, тік кетіп, артық сөз айтпай, өмір кештік.


Телевидениеде қаншама азаматтармен қызметтес болдық. Әсіресе, кино операторлар Әскер Сексенбаев, Сәтбек Болатов, Кеңес Үкішев, Виктор Холодков, Мейрам Ғабдуллин, Бас редактор Масғұт Халиоллин, журналистер Шамшит Қалмағанбетов, Садық Таласбаев, Мертай Ақшолоқов, Орал Мекенбаева,

Насыр Әуезов сияқты жігіттерді әлі күнге ұмытқаным жоқ. Несін жасырайын кейде оларды түсімде көремін. Бәрі де марқұм болып кетті. Шіркін, қайта келмейтін сол күндер-ай!. Жылдар жылжып өтсе де, солбір сәттер тұнып тұрған тарих емес пе?! – дейді ардагер режиссер.

Иә, Икен Құрманбетова осылайша телеарна өмірімен сабақтастыра біраз сыр ақтарды. Өйткені, ол осы қара шаңырақта 40 жыл бойы еңбек еткен еді.

### Рамзия Апсәліямова

19.11.1956 жылы туылған. Жоғары дәрежелі режиссер. Білімі жоғары. Қарағанды телеарнасында 1974 жылдан жұмыс істеген. Мамандығы бойынша Мәскеу қаласында арнайы дайындық курсынан өткен. Кез-келген хабарларыңызды у-шусыз, жақсылап жазып беретін еді. Ол мейлі ПТС болсын, немесе студия ішіндегі өгіп жатқан тікелей эфир болсын, бәрібір еш кінәратсыз таза күйінде жазатын. Нағыз кәсіби маман екенін қызмет бабында талай рет дәлелдеді.



Р.Апсәліямова деректі бағдарлама саласындағы Бүкілодақтық екінші телевизалық байқаудың лауреаты. Ұзақ жылғы режиссерлік еңбегі үшін бірнеше рет облыстық партия комитеті мен облыс әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталған. Қарағанды телевидениесінің «Еңбек ардагері» алтын белгісінің иегері.

Республикалық телерадио комитетінің екі рет «Мақтау грамотасын» алған, білімді де, білікті және ізденімпаз режиссер. Жастардың ұлағатты ұстазы бола білді. Мол тәжірибе жинақтаған Р.Апсәліямова Қазақ телевидениесі басшылығының арнайы шақыртуымен екі жыл бойы Республикалық телеарнада көптеген хабарларды дайындады.

Жолдасы Сергей Высоков «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында оператор болып, біраз жыл жемісті еңбек етті.

## Бакиза Сейсенова

Қарағанды теледидарында 40 жылдан астам еңбек еткен режиссер: – Бұл менің екінші қарашаңырағым ғой! – деп еске алады. Алғашқы еңбек жолын 1970 жылы режиссердің көмекшісі болудан бастаған ол қызыққа толы өмір мектебінен өтті. Елге сыйлы, коллективіне құрметті болды. Осы жерде зейнеткерлікке шықты.

Телеарнаның бүгінгі тарланбоздары, алды 90-нан асқан, соңы 70-ке жеткен Рабиға Жабаева, Ләззат Жұмашева, Рымкеш Смағұлова, Мәдина Байжанова, Марат Дүйсенбин, Мейрам Ғабдуллиндер Бакизаның тұрмысқа шыққан тойында әуелете ән айтып, балқып-шалқып жүріп би-билегенбіз! – деп жиі айтады.

Жетпісінші жылдардың басында Ақтоғайдың серісі, ақын, КарГУ-дың студенті, әнші, әрі домбрасы Жандос дейтін жігіт жастар редакциясының хабарына жиі қатысып жүрді. Екеуі осында танысқан ғой. Соңғы кездері Бакизаны жиі сұрап келетінді шығарды. Сөйтсек қызымызға «қызығып» жүр скен. Бір күні оны біліп алдық та, осында бірге істейтін қызметтес апалары мен ағалары Бакизаны ортаға алып: – Бұл жігітке тұрмысқа шықсаң қор болмайсың! Тезірек ыстық бауырсақ жейік! – деп қолқа салдық. Айтуымыз сол скен, көп кешікпей әлгі жігітпен қолұстасып кете барды, – дейді Рекең.



Бүгінгі техниканың дамыған заманында еңбек етіп жүрген жастарға сол кездегі телеарнаның тіршілік-тынысы қызық, әрі естіген кезде ертегідей ұғы-  
138

нады. Тіпті кей сөздеріне күдіктене қарайтыны жасырын емес. Сұраған сайын Бакиза әдемілеп айтып әңгімелеп береді.

...Режиссердің көмекшісі болған жылдары көп жұмысты қолмен атқаратын едік. Әр алуан тақырыптарға арналған хабарларға қажетті көрнекті материалдарды газет-журналдардан, кітапханадағы әдеби шығармалардан пайдаланамыз. Мысалға әртүрлі жыл мерзімін бейнелейтін суреттерді, кеншілер мен ауыл шаруашылығын қамтитын көрністерді газеттерге шыққан суреттерді қиып алып, жеке-жеке рамкаларға салып көрсетеміз. Әсіресе, Жаңалықтардың ауа-райы сөз болғанда, диктордың хабарлауынан кейін әлгі табиғат суреттерін көрсетеміз. Ол кезде тікелей эфирге шығатынбыз. Сондықтан студия ішінде жүргенде артық дыбыс, бөгде құбылыс болмау үшін аяғымызға жұмсақ мағадан тігілген «тапчки» киеміз, бір-бірімізбен ымдасып сөйлесеміз.

Қазіргі телевидениенің музейінде тұрған «тырнамойын» микрофон өте сезімтал болатын. Сәл қимылдасаң болды, дыбысыңды қағып алады. Қазіргідей жеке-жеке берілетін микрофон жоқ, жалғыз әлгі ұзын мойын «журавлик» бәрін өзі қамтитын еді. Сондықтан одан алыстау жүруге тырысамыз.

Ол кезде адам денсаулығына ерекше көңіл бөлініп, қайырымды қамқорлық жасалатын. Студияның техникалық қызметкерлері мен режиссерлеріне, оның көмекшілері мен мантожерлеріне арнайы талон арқылы айран, сүт тегін беріледі. Тіпті, бір мезгіл Бульвар Мира көшесіндегі диеттік асханаға барып тамақтану да тегін болатын.

Осындай күндерді бастан өткердік, есейіп ер жеттік. Бүгін міне бейнетіміздің зейнетін көріп отырмыз.

## Мерхат Иманқұлов

1990 жылдың 2-мамыр күні Қарқаралы ауданында дүниеге келген. 2006 жылы Ж.Жабаев атындағы №7 мектеп-интернатын бітірген. 2009 жылы Қарағанды экономика, бизнес және құқық колледжін тәмамдаған. 2017 жылы Тәттімбет атындағы өнер колледжін аяқтаған.

2011 жылы «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды филиалына бейнемонтажер болып қабылданды. Аз уақыт ішінде өзін кәсіби маман ретінде танытып, 2015 жылы эфир режиссері қызметіне ауыстырылды. Ал, 2017 жылдан бастап аға режиссер қызметіне көтерілді. Мерхат Нұрланұлы, өзін білікті, білімді, жауапкершілігі мол, еңбекқор, ізденімпаз, бастамашыл азамат ретінде таныта білді. Оны «Ойталқы» ток-шоуы мен «Шаңырақ» және «Уақыт KZ» тағыда басқа телехабарларды жазу барысында көрсете білді. Қарамағындағы әріптестерінен де жанашылдық тұрғыда жұмыс істеуді және ұдайы ізденісте болуды талап етеді. Өзі жүктелген тапсырмаларды абыроймен атқарып, шығармашылық жұмыстың шырайын кіргізетін ерекше идеялармен көзге түсті.

Қарым-қабілетімен, жалынды жігерімен ұжымда үлкен құрметке ие болды. Ол соңғы кездерде Қарағанды облысында жыл сайын пайдалануға берілетін аса маңызды объектілердің салтанатты ашылу рәсімі кезінде Елба-

сының қатысуымен өткен телекөпірлерге қатысуда. Қиындығы көп, жауапкершілігі аса жоғары, бұл түсірілім процессін асқан шеберлікпен ұйымдастырып жүр. Оның басшылығымен жазылып, монтаждалатын басқада телебағдарламалар тартымды, мазмұнды, режиссерлік тұрғыда сапалы жасалып, көрерменнің көзаймына бөленуде. Мұның бәрі маңдайтердің арқасында келетігін ол жақсы біледі.



М.Иманқұлов еңбек еткен жылдары аралығында атап айтар жетістіктерге жетті. 2011 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығында аймақтың, елдің өркендеуіне үлес қосып, қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға белсене қатысқаны үшін, әкімшілік пен облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды. 2011-2016 жылдары аралығында телеарна басшылығы тарапынан еңбегі еленіп, арнайы Мақтау грамоталарын еншіледі.

2018 жылы телеарнаның дамуына қосқан шығармашылық үлесі және жоғары кәсіби шеберлігі үшін «Қазақстан» ұлттық телерадио корпорациясы Басқарма төрағасының Алғыс хатын алды. Сондай-ақ Астана қаласының 20 жылдығына орай Қарағанды облысының атынан «Қазақ еліне мың алғыс» монументі мен «Ұлытау аллеясын» орнату шаралары туралы бейнематериалдарды жеделдете дайындап бергені үшін, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Үйленген, үлгілі отбасының иесі, 2 баланың әкесі.

### Айжан Әбдірахманова

1986 жылы 9 ақпанда Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында, Үміткер ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2007 жылы Е.А. Бөкетов атындағы

дағы ҚарМУ-дің Кәсіби-көркем факультеті, ақпараттық жүйелер мамандығын тәмамдаған. Тұрмыста, екі бала тәрбиелеуде.

2007 жылдың 01 мамыр айынан бастап Қарағанды облысының статистика департаментінде жас маман болып еңбек жолын бастады. 2007 жылдың желтоқсан айынан бастап «Қазақстан» РТРК АҚ Қарағанды облыстық филиалында бейнемонтаждаушы қызметін атқарды. Қазір «Сарыарқа» телеарнасының режиссері.



2012 жылы Облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ Қарағанды облыстық маслихатының 20 жылдығы аясында ұйымдастырылған ақпараттық жұмыстарда белсенділік пен біліктілік танытқаны үшін Алғыс хатымен марапатталды.

2016 жылы Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Вместе сильнее» конкурсында «mannequin challenge» стиліндегі бейнероликтің 3-орын иегері, 2017 жылы «Askar» 1-ші кинофестивалінде әлеуметтік ролик номинациясының лауреаты атанған. «Қазақстан» РТРК АҚ ҚОФ директорының Алғыс хаттарымен, «Қазақстан полициясының құрылғанына-25 жыл» төс белгісімен марапатталған.

## Қаршыға Игенов

1981 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Жұмыскер ауылында дүниеге келген. Сол ауылдағы Абай орта мектебін 1998 жылы аяқтап, Алматыдағы полиграфия училищесінің 10 айлық курсың бітірген.

Ол «Өлке» баспасында 1999-2000 жылдары баспагер болып жұмыс жаса-

ды. 2000-2006 жылдары Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясында «Кино және телевизия режиссері» мамандығы бойынша білім алады. Тәжірибелік мақсатта түсірген «Қара пима», «Кілт», «Кешікпе», «Бұрылтай» фильмдерінің авторы.



Қ.Игенов Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында видеооператор болып, 2011-2014 жылдары «Пеш» деп аталатын көркем фильмін түсірді. 2015 жылдан бастап «Қазақстан-Қарағанды» бүгінгі «Сарыарқа» деп аталатын телеарнада режиссер болып қызмет етіп жүр. Қаршыға ынтымақ бірлігі жарасқан, иманды отбасының түлегі, өз мамандығының шебері, өзіне жүктелген міндеттерді ұдайы орындап отырады. Еңбек ете жүріп, шығармашылық қызметін шындай түсуде. Оған тек соңғы жылдары өз режиссерлігімен түсірген «Ғұмыр өтер», «Әдемі келіншек» атты көркемсуретті фильмдері дәлел. Бұл туындылар көрерменнің көңілінен шығып, театрлар мен телеэкраннан көрсетілуде.

### **Айнұр Рақышева**

Айнұр Бексұлтанқызы Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданы, Атасу кентінде дүниеге келді. Білімі – жоғары. 2007 жылы Қарағанды Экономикалық Университетін тәмамдаған. Мамандығы: «Ақпараттық жүйелер». Компьютер – жүйесін жете меңгеріп алған.

2008 жылы облыстық «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасына бейнемонтажер болып орналасты. Өте іскер, ісіне мығым, ой-өрісі жоғары маман. Оның қолынан қаншама хабарлар сәтті монтаждалып, көрерменнің көңіліне жол тартты. Олардың арасында «Ізгілік сабағы», «Заң мен заман», «2050», «Ғибрат», «Арена», «Сарыарқада жасалған» бағдарламалары бар.



А.Рақышева 2017 жылдан бастап режиссерлік қызметке кірісті. Енді, әлгі хабарларды өзі жазатын болды. Бұған қоса күн сайын эфирге шығатын «Соңғы жаңалықтар» бағдарламасының эфирге шығуына көмектесіп тұрады. Өз ісіне жауапты, әрдайым жаңашылдыққа ұмтылып, орыс тіліндегі хабарлардың да өте тартымды да, әрі қызықты болуына бар күш-жігері мен білім қабілетін жұмсап келеді.

«Қазақстан» РТРК АҚ ҚОФ директорының Алғыс хаттарымен, облыстық ПД-нің «Қазақстан полициясының құрылғанына-25 жыл» төс белгісімен марапатталған. 2018 жылы Астана қаласының 20 жылдығына орай Қарағанды облысы әкімінің арнайы «Алғыс хатына» ие болды.





## К И Н О және ТЕЛОПЕРАТОР

«Неткен ғажап, ғарыш әлемін кинодан көріп отырмын. Соны түсірген оператордан айналып кетсең болмай ма?!».

**Константин Циолковский.**

Қарағанды телевидениесінің тарихын тілге тиек еткенде – кино және телеоператорлардың еңбегін айтпай кетуге болмайды. Өйткені, қай хабарды алып қарамаңыз, сол бағдарламаның жазылуы кезінде оның басы-қасында операторлар жүреді. Онсыз хабар жазылмайды, онсыз жаңалықтарға бейнесюжет түсірілмейді. Кадрдан тыс көрінбейтін, тек қана ағы-жөні айтылатын бұл қызметкерлердің еңбегі ерен. Эфирді безендіретін бейненің әсемдігі, еске сақталатындай әсерлігі осы телеоператорлардың шеберлігіне тікелей байланысты. «Сарыарқа» телеарнасының тарихында осындай шеберлігімен, қырағылығымен танылған талантты және тәжірибелі операторлар аз болған жоқ.

Атап айтқанда олар: Илья Шарый, ағайынды Виктор мен Владимир Холодков, Юрий мен Борис Лелюх, Семен Соколовский, Николай Митин, Лев Падиаров, Марат Сүлейменов, Алексей Митькин, Мейрам Ғабдулин, Виктор Сыченко, Кеңес Үкішев, Володя Панченко, Әскер Сексенбаев, Владимир Кулиш, Сәтбек Болатовтар. Бұлардың көбі ол кездерде бейнесюжеттер түсіріп, студия ішіндегі бағдарламалардың жазылуына аянбай атсалысты.

Бес саусақтың өмірде бірдей еместігін ескерсек, олардың шығармашылық қарым-қабілеті мен мінез-құлқы да әр түрлі болатын. Шарый мен Митиндер өте салмақты, көп сөйлемейтін, мәселенің астарына байышпен, терең мағына беретін. Түсірген сюжеттерінің маңыздылығына тереңірек үңілетін. Редактор немесе режиссердің ол туралы шамалы ой-пікірін білсе болды, асықпай жүріп, жан-жақты қамтылған әдемі сюжет түсіріп беретін. Бір сөзбен айтқанда нағыз керекті дүниені қолыңызға ұстататын еді. Сондықанда журналистер әсіресе Жаңалықтар редакциясының редакторлары солармен жұмыс істегенді әрдайым қалап отыратын.

Керсінше марқұм Виктор Сыченко, Әскер Сексенбаев, Сәтбек Болатовтар тез, әрі шапсаң қимылдайтын. Мінездері де қызба, сәл ғана ескерту жасасаң бала сияқты ауыздары томпып, ренжіп қалатын. Бірақ, қайтымы тез болатын. Барлығыда жақсы түсіретін кинооператорлардың қатарынан көріне білді. Сондықтан да Қарағанды теледидарында ұзақ жыл еңбек етті.

Әскер ағамыз өзінің түсірген бейнесюжеттерін көгілдір экраннан көрген соң, ертеңіне кабинетіме келіп, – Әлеке, материал жақсы шығыпты, «тамаша» түсіріліпті! – деп бас «бармағын» көрсететін. Әрине, оның бірнеше вариантының ішінен іріктеліп алынғанына аса көңіл бөле бермесе керек. Ең бастысы – жаны таза, жайсаң ағамыз ерінбей еңбектенетін. Іс сапарларға шыққанда, ара-тұра:

– «Асықпаған, арбамен қоянға жетеді» – деген. Ендеше асықпайық, жігіттер! – деп редакторларға ұдайы ескертіп отыратын еді.



Кинооператор Алексей Миткин керісінше жасының егде тартқанына қарамастан ұшқалақтау болатын. Тез қимылдайтын. – Нені түсіреміз?, Қалай түсіреміз? Не туралы сөйлетеміз? Кейпкеріміз кім болады? – деп алдын ала кішігірім пысықтау жасап алмай жатып, жол үстінде айтылған шикілеу ойдың жобасына сілтеме жасайды да, барған бетте өз бетімен қызметке кірісіп кететін. Басшыларды іздеп, олармен келісіп жүргенімізде, ол сол кәсіпорынның іші – сыртын және цехтарын киноға түсіріп алады.

– Володия, кәне, түсірілімді мына жерден бастайық! – деп кірісе бергенімізде: – Алеке, мен оны түсіріп қойдым, бәрі тамаша! Окей! – деп алақанын жаятын. Бәрібір қайта түсіретін едік. Есесіне сол күні шағындап берілген «пленка» көп жағдайда жетпей қалады. Оның үстіне жастың ұлғаюына байланысты соңғы кездерде көзжанары бұлыңғырлай бастады. Әрине, бұл бейнекөрністердің сапасына кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Ертеңіне әлгі көрністердің тағдыры белгілі болатынын күн ілгері сезе бастаймыз. Жарамсыз, керексіз «брак» дүниелерді көбірек алып тастаймыз. Ол жайында оператор тарапынан кеткен, кейбір ағаттықтарды бағдарлама режиссері мен басшылар айтқанда. – Қап, қалай мен оны байқамай қалғаммын! Вроде, тамаша, түсірген сияқты едім ғой! – деп бала сияқты ақталғанда өзіміз де аяп кететінбіз. Әрине, ол кездерде кинооператорлар онша жетпейтін.

Кенес Үкішев – осы саланың өте білгір маманы еді. Нені түсірсе де терең ойланып барып, нағыз шығармашылықпен кірісетін. Әлгі кадрлар әдемі болып шыққан кезде марқайып, масаттанып қалатын. Кейде режиссердің қолы тимей жатса, өзі білек сыбанып кірісіп кетеді де, әп-сәтте монтаждап тастайтын. Әт-

тең, өмірі қысқа болды. 1990 жылдың 10 ноябрь күні, қызмет бабымен Ульянов (қазіргі Бұхар жырау) ауданында жүргенде қандықол қарақшының қатыгез пиғылынан қайтыс болды. Кеңеспен бірге теларнаның автокөлік жүргізушісі Аманғали Хасанов та оққа ұшты. Жазықсыз жапа шеккен азаматтардың қасында бағдарлама редакторы Кулбағиса Долдинова мен дыбыс режиссері Серік Жандосов болған еді. Бұл әріптестеріміз де бертінде дүние салды. Әлгі жауыз жігіт келесі күні ұсталып, сот үкімімен өлім жазасына кесілді. Қарағанды телевизиясының байырғы және қазіргі телеоператорларының біразымен сәлден кейін осы кітаптан танысасыздар.

Қазіргі таңда аға буынның соңынан жаңа толқыны келді. Бұлар – нағыз білімді жастар. Заманауи техникаларды терең меңгерген. Әлгі аты аталмағандардың қатарында күні кеше ғана облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының 2018 жылғы жеңімпазы атанған Мұрат Төkenов бар. Оның осы шаңырақтағы еңбек өтілімі – 10 жыл. Бұлардың соңынан келе жатқан Ғабиден Құрышбеков, Ерлұр Жомарт, Жайнат Жақсыбаевтардың есімдерін айтуға болады. Жастардың түсірген сюжеттерінен өз қолтаңбаларын аңғару қиын емес. Болашақтары бұдан да айқын.

## Борис Лелюх

Ол жоғары санатты кино және телеоператор. Қарағанды теледидарында 40 жылдан астам еңбек етті. Борис Лелюх тек жаңалықтар мен жекелген редакцияларға бейнесюжеттер түсірумен шектеліп қалған жоқ. Бірнеше рет Қазақфильм студиясымен бірлесе отырып, көп қопарған кеншілер мен дала төсіндегі механизаторлар туралы деректі фильмдер түсірді. Бұл дүниелер талай рет республикалық және Одақтық теларналардан көрсетілді.

Сонау 70-80 жылдары телехабарлар дайындау кезінде бейнесюжеттер түсіру үшін киноленкалар жетіспейтін. Әр бағдарламаға олең берілетін. Айталық 30 минуттық бағдарламаға бар болғаны алғашқыда 3 минут, кейіннен 6-7 минут мөлшеріндегі кинолента бөлінетін еді. Сондықтан да редактор оператордан әрбір кадрді дұрыс пайдалануды қатаң талап етеді. Сол 3 минуттық сюжетті түсіріп келу үшін 200-300 шақырым жердегі елді мекендерге 3 күндік іс сапарларға шығамыз.

Осындай кездерде Борис сол пленкаларды өте тиімді пайдаланатын және студияға келген соң, өзі монтаждайтын. Бұл міндетті атқаратын кісілер болғанына қарамастан. Жасыратыны жоқ оларға көбінесе сенімсіздік танытатын еді. Оның себептері де бар. Біріншіден әлгі түсірілім пленкасын дұрыс үнемдесе қосымша «онарар» төленетін операторға. Екіншіден басқа монтажерлер «жарамсыз» деп басы-артық пленкаларды кесіп тастайтын. Оны болдырмау үшін өзі монтаждау үстеліне еріпбей отыратын. Сол үнемделген кинотаснаны басқа хабарларға пайдалану үшін барынша тырысатын. Осы үшін оператор әжептеуір «ақша» алатын еді. Борис Лелюхтың осындай іскерлігі үшін барлық ре-

дакторлар оған таласатын. Жан-тәнімен беріліп түсіретін. 90-шы жылдардың басында соның зардабында көрді...



Нақтырақ айтқанда 1991 жылдың шілде айында Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауданындағы Тоғызқұдық елді мекеніне барып, шөп орып жатқан сәттерді киноға түсірген еді. «Жаңалықтарға» берілетін бейнесюжеттің нағыз табиғи көрнісін түсірмек болып, шөп орып келе жатқан трактордың алдына шығып кетеді де, отыра ғалып түсіріп жатқанда, қасынан өтеберген, қалың шөптен байқала қоймаған шалғы оның екі аяғын тілерсектен қыйып кетеді. Осылайша қызмет бабында қайғылы жағдайға тап болған еді. Жақын маңдағы емханаға жедел жеткізілген Б.Лелюх бәрібір көп қаннан айырылды. Бір жылдай ауруханада емделіп, екінші дәрежелі мүгедек болып қалды.


Адам айтқысыз жағдайға ұшырағанымен ол еңбектен қол үзген жоқ. Телестудияның ішкі құрылымындағы бағдарламалардың жазылуына атсалысты. Кейінірек студияда жарық беруші болып қызмет атқарды. Бұл жауапты жұмыстарды ол ойдағыдай орындай білді. Зейеткерлікке шыққанша Қарағанды телеарнасында жемісті жұмыс істеді. Мол марапаттарға ие болды. Ол әлі күнге дейін 40 жылдан астам еңбек еткен қарашаныраққа жиі келіп тұрады...

### **Холодков Владимир Николаевич**

1933 жылы Саратов облысы, Пугачев қаласында дүниеге келген. Білімі – орташа. 1953 жылы Қарағанды қаласындағы жұмысшы жастар орта мектебін тәмамдаған. 1952 жылы Қарағанды киномеханикалық мектебін бітірді.

1952-1953 ж.ж. Қарағанды қаласындағы «Октябрь» және «КазКино» ки-

нотеатрларында киномеханик болып жұмыс істеді. 1953-1956 ж.ж. Кеңес армиясының қатарында қызмет етті. Осы кезде радиолокациялық мектепті үздік аяқтап, «Авиация үздігі» төсбелгісімен марапатталды.



1956-1958 ж.ж. Қарағанды қаласындағы Құрылыс басқармасында электрик болды. 1958-1994 ж.ж. Қарағанды телевизия студиясында телеоператор болып жұмыс істеді. Көмекші қызметінен бастап, білікті маман ретінде телеоператор жұмысының барлық баспалдағынан өтті. Телевизияның және кинокамераның қыр-сырын жетік біліп, алғаш мультипликация әдісін ойлап тапты және 40-қа жуық кино-материалдарды жарыққа шығарды. Орталық және Республикалық телевизияның дамуына мол үлес қосты және көптеген кино және телеоператорларды тәрбиелеп шығарды.

1979 ж. – жоғары категориялы телеоператор атанды. «Қазақ ССР еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері» атағы берілді. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Ерең еңбегі үшін» медаліне ие болды. «Еңбек ардагері», Қазақ ССР Мемлекеттік телерадиосының, Облыстық Кәсіподақ комитетінің, Облыстық телерадиокомитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

## **Әлиев Қайрат Қайырұлы**

1961 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Е.А.Бокетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Экономика және бизнес» мамандығы бойынша тәмамдаған.

1980-1982 ж.ж. Отан алдындағы әскери борышын өтеді. 1983 ж. қаңтарынан – 1984 ж. шілдесіне дейін Қарағанды радиотелеорталығында жарық қоюшы болып істеді. 1984 ж. шілдесінен 1999 ж. қазанына дейін телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі Қарағанды облыстық комитетінде телеоператор қызметін атқарды.



1999 ж. қазан айынан 2000 ж. шілдесіне дейін «КТК» телеарнасында телеоператор болды. 2000-2006 ж.ж. аралығында «Қарағанды ТРК» ЖШС бас телеоператор, 2006 ж. ақпанынан «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бас телеоператоры қызметінде жұмыс істейді.


Қарағанды облысы әкімінің «Алтын Сұңқар» (2006 ж.) жүлдесін иеленді. Республикалық «Нұр Сұңқар» жүлдесінің «Объектив шебері» номинациясы (2012 ж.) бойынша дипломанты. Жұмыс бабына байланысты: Ресей, Италия, Франция, США, Голландия, Куба, Бельгия, Швейцария, БАӘ, Албания мемлекеттеріндегі түсірілімдерге қатысты.

1961 жылдың 13 қарашасында Қарағанды қаласында туған. 1983 жылдан Қарағанды телерадиоорталығында жарық қоюшы, 1984 жылы телеоператор ассистенті, 1986 жылы телеоператор, 2001-2002 жылдары «КТК» телеарнасының тілшілер пунктінде телеоператор, 2002-2006 жылдары «ТВК» телеарнасында бас телеоператор, 2006 жылы «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында аға телеоператор. Облыс әкімінің «Алтын Сұңқар» сыйлығының иегері. «Қазақстан» РТРК» АҚ төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталған. «Қазақ теледидарына – 60 жыл» төсбелгісінің иегері. (2018 ж).

## **ХОЛОДКОВ Виктор Николаевич**

(2008 ж.ж.) – Қарағанды телевизиясының негізін қалаушылардың бірі. Ол Саратов облысы, Озинки ауданы, Озинки ауылында 1929 жылы туған. Білімі орташа. 1948-1950 ж.ж. Қарағанды қаласының Аэроклубында нұсқаушы және «Октябрь» кинотеатрында киномеханик болып жұмыс істеді.

1950-1954 ж.ж. – Кеңес әскерінің қатарында қызмет етті. 1954ж. – Қарағанды облыстық мәдениет басқармасының жүргізушісі. 1955-1958 ж.ж. – «Октябрь» кинотеатрының техникалық жетекшісі. 1958 жылдың наурыз айынан бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін (1992 ж.) Қарағанды облыстық телевидениесінде телеоператор болып еңбек етті. 1961 жылдан бастап аға телеоператор болды.



Телевизия техникаларының қыр-сырын жетік біліп, жас операторларға білгенін үйретіп, өзінің тәжірибесімен бөлісті. В. Холодков бағдарламаларды эфирге шығарғанда және түсірілім алаңында жаңа камераны қолданудың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеріп, техникалық ақаулардың шешімін оңай табумен ерекшеленді. 1983 ж. – Жоғарғы санатты телеоператор атанды. Телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі КСРО мемлекеттік және Республикалық комитеттің Мақтау грамоталарын иеленіп, Мәдениет қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитеті мен телерадио комитетінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хаттарымен марапатталған.

## **Сүлейменов Марат Құдышұлы**


28.02.1950 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1967 жылдан жұмыс істейді. Жоғары дәрежелі телеоператор. Қарағанды теледидарының ардагері. 1967-1968 ж.ж. Қарағанды телевидение студиясында телеоператордың ассистенті болды. 1968-1973 ж.ж. С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқыды.

1973-1976 ж.ж. Телевидение және радио хабарларын тарату жөніндегі Қарағанды облыстық комитетіне қарасты «Қазақтелефильмінің» директоры. Осы аралықта Марат Сүлейменов Орталық телевидениеден жоғары баға алған бірнеше телевизиялық фильмдерді түсірді.

1976-2013 ж.ж. «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалында режиссердің ассистенті, телеоператор, бас оператор қызметтерін жемісті

атқарды. 1988-1989 ж.ж. Телевидение және радио хабарларын тарату жөніндегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру туралы Бүкілодақтық институтта арнайы дайындықтан өтті. Курсты аяқтағаннан соң, оған телевизия операторы деген куәлік тапсырылды. 1989 жылы жоғары категориялы операторы атағы берілді.

2008 жылы Қазақ телевизиясының 50 жылдығына орай шығармашылық дамуына қосқан үлесі үшін «Қазақстан РТРК» АҚ-ның «Алтын жаршы» құрметт төсбелгісі табысталды.



2008 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Алтын Сұңқар» жүлдесінің иегері атанды. Соңғы жылдары Марат Сүлейменов студияда жазылатын бағдарламалардың бас операторы және хабарға қатысушыларға «жарық» (свет) қоюдың қас шебері болды. Бұл аса жауапкершілікті қажет етеді. Ол бұл міндетті абыройлы орындап, кейінгі жастарға бар білген үйретіп кетті.

### Ғабдуллин Мейрам

Ол 05.11.1946 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында туған.

1964 жылы – Қарағанды телевидениесінде суретші-қоюшы.

1965-1968 жылдары Кеңес Армиясы қатарындағы әскери қызметін атқарды.

1970 жылы Қарағанды мәдени-ағарту училищесін бітірген. 1968-2009 жылдары «Қазақстан» РТРК АҚ Қарағанды облыстық филиалында алғашқы кезде жарық қоюшы, кейіннен кинооператор ассистенті, кинооператор, телеоператор, аға телеоператор қызметтерін ойдағыдай атқарды.





Ең бастысы – ол еңбекқор болды. Өзіне тапсырылған түсірілімдерді қызықты, әрі мазмұнды болу үшін, барынша ойланып, көп ізденудің арқасында сәтті түсіретін. Ол кез-келген тақырыпты ашып, тамаша дүниелерді көрермен назарына ұсына білуші еді. Кинооператор болып жүргенде түсіріп келген сюжеттерін өзі монтаждайтын. Бұл да болса өзінің еңбегін дұрыс бағалаудың бір белгісі болатын. Басы-артық пленкаларды құртпайтын. Оны үнемдейтін. Өйткені сол кездерде (1970-1990 ж.) әр хабарға шағындап пленка беріледі. Бұл жетпегендіктен солай жасалып жүрді. Ауа-райының қолайсыздығына қарамастан ол түсірген бейне көрністер ешқашан жарамсыз болмайтын. Бұл оператордың нағыз шеберлігі мен аса жауаптылығының шынайы белгісі.

Оның қатысуымен түсірілген «Разговор по существу», «Как Мартыненко строил канал» т.б. деректі фильмдері Республикалық байқаулардың жүлдегері атанды. Бұл телеарна үшін үлкен мәртебе болатын. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров туралы деректі фильмдердің авторы.

Қарағанды телевидениесінде 40 жылдан астам қызмет етті. Еңбек ардагері жастардың ақылшы ұстазы болып, көптеген шәкірттер дайындады. Еңбегі елеусіз қалмады. ҚР Мәдениет қайраткері атанды. Басшылық тарпынан алған Алғыс хаттары жетерлік. СССР Телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі Мемлекеттік комитетінің Құрмет Грамотасымен бірнеше мәрте марапатталды.

2007 жылы – Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды. 2018 жылы «Қазақ теледидарына – 60 жыл» төсбелгісін омырауына тақты.

## Нұрмағанбетов Бекзат Сәбитұлы

1973 жылы 20 қазанда Қарқаралы ауданы Бесоба аулында туған. 1990 жылы №8 Бесоба орта мектебін бітірген. 1991-1993 ж.ж. аралығында Отандық әскери борышын өтеді. 1993-1994 ж.ж. Қарағанды қаласы №22 Техникалық училищенің желілі байланыс аппаратурасының монтажшысы мамандығын алып шықты. 2010-2013 ж.ж аралығында; «Фемида» заң колледжінің «Құқықта-ну» факультетінде оқыды. 2013-2016 ж.ж аралығында Орталық-Қазақстан Академиясының «Заңтану» мамандығы бойынша жоғарғы білім алып шықты.

1994 жылы Қарағанды облыстық телерадиокомпаниясының радио бөліміне электрмеханик маманы болып жұмысқа орналасты. 1998-2003 жылдары аталмыш мекемеде телеоператор болып еңбек етті. 2004-2016 ж.ж. аралығында «Қазақстан» ұлттық телеарнасының Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшілер қосынында телеоператор. Ол бейнесюжеттерді өзі түсіріп, өзі монтаждайды. Мұндай біліктілік кез-келген операторлардың қолынан келе бермейді. Аймағымыздан арнайы дайындалып, апталық шолу бағдарламасына жіберілген материалдар саны жетерлік. Олардың сапасы мен мазмұны өте жоғары.



Бекзат 2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін «SARYARQA» телеарнасында телеоператор болып жұмыс істейді. 2009 жылғы Қарағанды облысы әкімінің «Байқағыштығы үшін» номинациясы бойынша «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленді. 2011 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалымен марапатталды. 2011 жылы Қазақстан Республикасының президентінің сайлау науқанына белсене ат салысқаны үшін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатын алды. Қазақстан Ұлттық телерадио корпорациясындағы жалпы еңбек өтілі – 24 жыл.


## Айтымбетов Әлжан Тілеуұлы

1966 жылдың ақпан айының 28 жұлдызында қазіргі Түркістан облысының Сарыағаш ауданында жұмысшы отбасында дүниеге келген.

1983 жылы Сарыағаш қаласындағы Қ.Сәтбаев атындағы №10 мектеп-интернатын ойдағыдай аяқтап, еңбек жолын мал шаруашылығынан бастаған. Алматы зооветеринарлық жоғары оқу орнын сырттай оқып бітірген. Еңбек озаты қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, аудандық және облыстық комсомол комитетінің президиум мүшесі болды. 1991 жылы К.Маркс атындағы кеңшарда директордың жастар ісі жөніндегі орынбасары қызметін үш жыл атқарған.

Өмір мектебінен өткен ол 2004 жылдың 21 қыркүйегінде «ҚАЗАҚСТАН» АҚ РТРК» Қарағанды облыстық филиалына телеоператор болып орналасты. Ол бұл мамандықты тез меңгеріп алды. Өйткені Әлжан Айтымбетов оқып жүріп мектептегі «КИНО-ФОТО» үйірмесіне белсене қатысқан еді. Бүгін міне соның пайдасы молынан тигенін көріп отыр.

– Мені сол кездегі телеарна директорының орынбасары Әшімхан Жәмпейісов ағамыз қызметке қабылдаған болатын. Ол кісінің бүгінде толықтай сенімін ақтадым – деп ойлаймын. Дегенмен, кино түсірудің тылсым сырын түгел меңгердім деу қиын болар. Ол бір керемет, жұмбақ дүние. Оны білу үшін, көп іздену керек. Аға буынның ақыл кеңесі қажет. Бұл тұрғыда қазіргі кезде зейнеткерлікте жүрген, тәжірибелі телеоператорлар Мейрам Ғабдуллин, Марат Сүлейменов және аға режиссер Рәмзия Әпсәлімова, бас редактор Әли Тойжігітов пен марқұм болған журналистер Садық Таласбаев және Клара Долдиновалардың тигізген көмектері шексіз. Олар менің рухани өсуіме және кәсіби мамандықты меңгеріп шығуыма мол үлес қосты. – дейді Әлжан Айтымбетов.



Әсіресе, «Жаңалықтар» бағдарламасында және редакторлар Ә.Жампейісов, М.Әбдәліева, Ә.Құмар, Ә.Тойжігітов сияқты журналистер дайындаған «Дат», «Тәуелсіздік тұғыры», «Сіз бен біз», «Ауыл тынысы», «Ойталық», «2050», «Әкіммен әңгіме» – деп аталатын хабарларына қатыса жүріп, көп жерлерді араладық. Қаншама тарихи орындармен танысып, неше түрлі ескерткіштерді көрдім. Ол кісілермен шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеу өте қызықты, әрі жеңіл. Ұдайы ақылдасып жүреміз. Осылайша мен өмір мектебінен өттім. Соңғы 4 жылдан бері аймағымыздағы жаңадан пайдалануға берілген кәсіпорындар туралы Елбасымен тікелей өтетін «телекөпірлерге» қатысуым үлкен жауапкершілікке жетелеп келеді.

Бұдан басқада студияның ішінде жазылатын қазақ және орыс тілдеріндегі «ТАЛҒАМ МЕН ТАНЫМ», «УАҚЫТ.КЗ», «РАССКАЖЕМ И ПОКАЖЕМ», «ТІКЕЛЕЙ ЭФИР», балаларға арналған «ҚУЫРМАШ», «ХОЧУ ВСЕ ЗНАТЬ» және «ШАҢЫРАҚ» хабарларына өз үлесімді қосып келе жатқаным үшін өзімді бақытты санаймын.


Иә, әрдайым осындай еңбекқорлығымен көзге түсіп жүрген, ақ пейілді азамат Әлжан Айтымбетов 2008-2016 жылдары телевидение саласына қосқан еңбегі үшін «ҚАЗАҚСТАН» РТРК АҚ-ның Құрмет Грамотасымен және Алғыс хатпен марапатталды. 2011 жылы облыс әкімінің «Байқағыштығы үшін» номинациясы бойынша «Алтын Сұңқар» сыйлығының иесі атанды.

## **Тойболдин Еркеұлан Бейсенбекұлы**

19.05.1979 жылы Ақсу-Аюлы ауылы Шет ауданы Қарағанды облысында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2001 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін журналист мамандығы бойынша тәмамдады.

2002-2009 жылдары «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының телеоператоры. Осынау аралықта қазақ және орыс тіліндегі редакциялардың барлық хабарларына атсалысып, өзінің түсіру шеберлігін іс жүзінде көрсете білді. 2009-2015 жылдары «7 арна» ақпараттық-сараптамалық дирекциясы Қарағанды облысы бойынша тілшілер қосының телсуператор-бейне-монтажері.

Кәсіби маман 2015 жылдан бастап «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының телеоператоры ретінде қасиетті қара шаңыраққа қайта келді. Түсірілімнің тылсым сырын жете меңгерген ол, кез-келген камерамен жұмыс істей алады. Ол жетіқат жер астында, Сарыарқаның сайын даласында, Қарқаралы мен Ұлытаудың биік шыңдарында, от-жалынға оранған Қармет комбинаттың алып цехтарында болып, талай рет тандай қақтырар түсірілімдер жасады.



Соңғы кездері «Квадрокоп» – деп аталатын жаңа үлгідегі техниканы үйреніп алды. Бұл қондырғы арқылы көшелердегі қозғалыс пен дала төсіндегі мерекелік шараларды аспаннан түсіруге болады. Мысалға: соңғы жылдары Егіндібұлақ елді мекенінде өткен Қаздауысты Қазыбек бидің 350 жылдық торқалы тойы мен Жезқазған өңірінде болған «Жезкиік» Халықаралық өнер фестивалі туралы дайындалған хабарлардағы әдемі көрністер осы Еркеұланның еңбегінің жемісі. Ол Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығымен марапатталған оператор.

### Сәлімбаев Құрбан Рамазанұлы

Құрбан 1956 жылдың наурыз айының 3 күні кеншілер шахарында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қарағанды политехникалық институтының «Автомобиль және автомобиль шаруашылығы» мамандығын игерген. Еңбек жолын мамандығы бойынша өндіріс орында автослесарь болып бастаған.

Ол облысымыздағы байырғы кәсіпорындар мен кеніштер де және металлөндеу рудниктерінде жемісті қызмет атқарып, кеніштің бас инженеріне дейін көтерілген. Телевидение саласындағы жалпы еңбек өтілімі 13 жыл.

«Қазақстан – Қарағанды» теледидарына келгенге дейін ТВК арнасында телеоператор болып қызмет атқарған. Бұл салада біраз тәжірибе жинақтаған соң, облыстың басты арнасына ауысты. Камеремен жұмыс істеуді жете меңгерген ол студия ішіндегі және даладағы бағдарламалардың түсіріліміне белсене қатысып келеді. Осынау аралықта ол аса маңызды объектілерді тапсыру рәсімінен, телекөпірмен, конференция-форумдардан сәтті бейнесюжеттер

түсіріп әкелді. Өзіне тапсырылған жүктемелерді уақытында орындап, өзгелерге еңбекқорлығымен таныла білді. Ол 2016 жылы телеарна басшылығының арнайы Алғыс хатымен марапатталды. Онда былай деп жазылған:



### **Құрметті Құрбан Рамазанұлы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз балакүнгі арманыңыз – телеоператорлықты терең меңгеріп алдыңыз. Аймақтың айнасына айналған «Қазақстан-Қарағанды» теледидарының күнделікті хабарларында сіздің қолтаңбаңыз бар. Өйткені, телеоператордың атқарар қызметі ауқымды, әрі аса жауапты.

Сіз сол міндетті мінсіз орындауға ұмтылып, ұжым мүшелерінің құрметіне бөленіп клесіз. Сондай-ақ «Жаңалықтар» бағдарламасына жедел түсірілген бейне көрністерден сіздің тың ізденістеріңізді байқаймыз. Бұл-телеоператор үшін аса қажет. Нәтижесінде көрермен көп нәрсеге қанығып, бізге деген ризалығын білдіріп келеді.

Сіз қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып жүрсіз. Әсіресе, «Наурыз» тойына арналған мерекелік шараларда қолыңызға гитара ұстап, қоңыр дауысыңызбен әуелете ән шырқағанызды көрермендер әлі ұмыта қойған жоқ.

### **Құрметті Құрбан Рамазанұлы!**

«60-талтұс, 70-жеңіс» – деген Шерхан Мұртаза. Бұл – еңбектің жемісі. Бұл-шығармашылықтың шырдалар шыңы. Ендеше, талтүсің құтты болсын! Жеңісті де, жемісті күндерің көп болсын! Отбасына бере-бірлік, өзіңе зор денсаулық және шығармашылық табыс тілейміз!

**Құрметпен, – Б. Дүйсетаев,  
«Қазақстан»РТРК» АҚ Қарағанды облыстық  
филиалының директоры.**

## Ақамбаев Сайран Маратұлы

Сайран Маратұлы, 18 маусым 1986 жылы Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 2008 жылы «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалында телеоператор болып бастады. Бүгінде шеберлігі шыңдалып, ақпарат саласының мықты маманына айналды. Арнаның бетке ұстар телеоператоры.

Сайран Маратұлы түсірген жаңалықтар мен бағдарламалар кәсіби мамандар мен көрермендер тарапынан үнемі жоғары бағаға ие. Өзіндік жұмыс стилі бар, ізденімпаз, креативті идеяларымен ерекшеленеді. Жұмысын тыңғылықты атқарып, жауапкершілікпен соңына дейін тындырады. Ұшқыр қиялы мен еңбекқорлығы, жоғары талғамы, адамгершілігі оны абырой биігіне шығарды.

Президенттің қатысуымен өткел телестүсірілімдерде, телекөпірлерде жұмыс атқарып, лайықты бағасын алды. Әзірбайжан, Ресей, Белорус, Нидерланды тағы да басқа шетелдерге барып, түсірілімдер жүргізді. Бұл мемлекеттерде саяси маңызды тақырыптарда жаңалықтар түсіріп, көрермендерге керемет кадрлары арқылы сол елдердің тыныс-тіршілігін, мәдениетін, өнерін, өндірісін, өркениетін, даму деңгейін жеткізе білді. Оның түсірген хабарлары республикалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.



Сайран Маратұлының ерен еңбегі ескерусіз қалмады. Қарағанды облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарына тағайындаған «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері. Облыстың әлеуметтік-қоғамдық жұмысына белсене араласқаны үшін облыс әкімінің, корпорация мен телеарна басшылығының тарапынан әртүрлі Алғыс хаттармен, грамоталармен марапатталған.

Үйленген, екі баланың әкесі.

## МАТКОВСКИЙ Илья Тельевич

1931 жылы Киев облысы, Белая Церковь қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. 1954 жылы Белоцерковский ауыл шаруашылық институтын аяқтаған. Осы жылы комсомолдық жолдамамен тың жерлерді игеруге байланысты Қарағанды облысына жіберілді.

1961 жылдан бастап Қарағанды телевизиясында кинооператор, кейін бас кинооператор қызметтерін атқарды. Осы жылдар аралығында операторлық өнер мен камераның күрделі техникасын меңгеріп, видеожазбалардың шебері атанды. Сонымен қатар режиссер-оператор қызметінде де біраз еңбек етті. Орталық, Республикалық телевизияларға және «Время», «Казахстан» бағдарламаларына біраз киносюжеттер жасады.

«Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» сынды медальдармен, Қазақ ССР телевизия және радиохабарларын тарату жөніндегі Мемлекеттік комитеттің мақтау қағаздарымен, «СССР-дің телевизия және радио үздігі» белгісімен марапатталған. Осы кітап баспадан шықпалы жатқанда, 2018 жылдың 21 тамыз күні, телеарнамыздың тарихында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, білікті маман дүниеден озды.





# ДИКТОР – ТЕЛЕДИДАР ТІРЕГІ

«Мақтанып жүрер – мандық иелерінің көп  
болғанына не жетсін».

Мұхтар Әуезов.



Теледидар – дикторлармен көрікті. Телеарнаның халыққа танымалдылығына сол дикторлардың тигізер оң ықпалы зор. Қарағанды телевизиясының қандайда бір хабарын біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін. Ал, дикторларды жалпы жұрт жақсы біледі, сыйлап құрмет тұтады.

Алпыс жыл өтсе де алғашқы диктор Майра Ахметованы әлі күнге көре-рмендер ұмытқан емес. Кеншілер шахарының кезаймына айналған Қарағанды телевидениссінің өткені мен бүгіні сөз бола қалса, сол апамыздың есімін ерекше еске алады. Өйткені, көкжәйшіктен көп көрінген Майра Ахметова 40 жылғы ғұмырын осы салаға арнады.

Ол кездерде тіпті 90-шы жылдарға дейін телебағдарламаларды бүгінгідей журналистер жүргізбейтін, тек дикторлар ғана тізгінді қолына алатын. Редактор, тек хабардың сценарийін жазып, дикторға дайындап береді. Бұл бір жағынан журналистің жүгін жеңілдеткенмен, екінші жағынан жүргізушіге көп қиындықтар туғызатын еді. Өйткені, диктор бағдарламада көтеріліп отырған тақырыптың бүге-шүгесін редактордай жете біле бермейді ғой. Сөйлеп отырған қонағың тосыннан бөгеліп қалса, іліп әкетуге мүмкіндігі жоқ. Бұдан басқа да кездесіп қалатын кедергілер аз болмайтын.

Соған қарамастан Қарағанды облыстық телерадио комитетінде кескін – келбетінің көріктігімен, әдемі қоныр дауысымен, тамаша жайдары мінезімен

жүректі жаулап алған хабар жүргізушілер аз болған жоқ. Олар: Галина Рахимова, Светлана Тарасова (Татенко), Ескендір Тишмағанбетов, Владимир Жоров. Осы аты – жөні аталған азаматтардың бәрі де халықтың шексіз құрметіне бөленді. Теларнада еңбек ете жүріп, зейнеткерлікке шықты. Өкінішке орай олардың біразы арамызда жоқ. Келместің кемесіне мініп кетті...

Кешегі Кеңес одағы кезінде осынау аса жауапты міндетті мойнына алып, біраз жыл абыройлы қызмет атқарған, әр түрлі жағдайларға байланысты кейіннен телеарнамыздан кетіп қалған дикторлардың есмін еске алуды жөн көрдік. Олар: Қарлығаш Шакирова, Жанар Бекбанова, Руслан Хасанов, Меруерт Әбділиева, Ботакөз Батырбекова, Айтбала Сүлейменовалар жоғарыдағы аға буын өкілдерінің жолын жалғастырып, арасында өздері де хабар дайындады.

Келісімді еңбек шартымен театр әртісі Дунай Есбаев, салық қызметкері Бауыржан Ибраев, заңгер Төкен Сыздықов, ҚарМУ-дың ұстазы Мархаба Тұрсыновалар «Жаңалықтар» бағдарламасын біраз уақыт жүргізді.



Уақыт өте келе – өмір өзгерді. Сол өзгеріс телевизия саласына да ықпалын тигізді. Яғни, соңғы 20 жылдан бері телебағдарламаларды жүргізу мүмкіндігі журналистің өзіне берілгенін естеріңізге саламыз. Қазіргі кезде редакторлар өз хабарын өзі жүргізеді. Ал, дикторлар тек соңғы «Жаңалықтар» мен аса маңызды хабарлардың тізгініне ие болып жүр. Тіпті, кейбір журналистер қос бірдей қызметі қоса атқарып жатқан жайы бар. Осындай дәстүр «Сарыарқа» телеарнасында да қалыптасты.

### **АХМЕТОВА Майра Мұхамеджанқызы (1925 – 2017 ж.ж.)**

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бесоба ауылдық кеңесіндегі Жұмысты ауылында дүниеге келді. Білімі орташа. 1944 жылы Семей қаласындағы

орталау мектептің мұғалімдер курсы тәмамдаған. 1961 жылы Қарағанды қаласындағы №5 кешкі мектепті бітірген.

Алғашқы еңбек жолын 1944 жылы Семей облысы, Жармын ауданы, Георгиевка ауылындағы орта мектепте ұстаз болып бастады. 1950-1957 ж.ж. Қарағанды облыстық радиоақпарат редакциясында диктор болып қызмет атқарды.



1958-1984 ж.ж. Қарағанды телестудиясында диктор, кейіннен телебағдарламалардың жүргізушісі болып жұмыс істеді. Майра Ахметова тартымды әрі әдемі дауысымен көрермендердің есінде мәңгі сақталып қалды. Ол студиядағы әлеуметтік-саяси, әдеби-драмалық, музыкалық және балалар мен жастарға арналған әр түрлі редакцияларда еңбек етті. Сондай-ақ, ол «Адамдар мен оқиғалар», «Денсаулық», «Человек, общество, закон», «Бойцы переднего края», «Творчество наших земляков», «Интересно и занимательно» және «Казахстан композиторлары» сияқты бағдарламаларды жүргізді.

В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен, Қарағанды облыстық атқару комитеті және облыстық кәсіподақтар комитетінің мақтау қағаздарымен марапатталды. Сонымен бірге Қарағанды облыстық телевизия және радио хабарларын тарату басқармасының бірнеше рет Алғыс хатына ие болған.

### **Рахимова Галина Сағындыққызы**

1938 жылы Көкшетау облысында дүниеге келген.

1956-1961 жылдары Қарағанды педагогикалық институтының тарих-филология факультетінде оқып, «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірді.

1959 жылы 3-курс студенті бола жүріп, теледидарға диктор болып жұмысқа қабылданды. 1968-1969 ж.ж. СССР-дің педагогика ғылымдары академиясының кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді. Сол жылдары Мәскеу орталық теледидарында диктор болып жемісті еңбек етті.



1969-1998 ж.ж. «Қазақстан «РТРК» Қарағанды облыстық филиалында дикторы болып қызмет атқарды. Галина Сағындыққызы өз шығармашылығын шындап отырды. Ол біліктілігін арттыру мақсатында Алматы және Мәскеу қалаларындағы шеберлік сыныптарына қатысты. Онда атақты дикторлар, Ө. Байжамбаев, М.Сейітова, Ю.Левитан және Ю. Ярцева, Д.Розенталь, О.Высоцкая А.Шилова, Н.Кондратьева мен Л. Черныхтардан теледидардың қыр-сырын меңгеру мақсатында іскерлік қарым-қатынаста болды. Қарағанды телевизиясын биік деңгейге көтеруге ая салысты.

Республика және Одақ көлеміне тартымды бағдарламаларды ұсынды. Соның негізінде телехабарлар көптеген шығармашылық жетістікке жетті. Г.Рахимова 2008 жылдап бастап Қарағанды телевизиясы Ардагерлер кеңесінің төрайымы. «СССР-дің, телевизия және радио саласының үздігі» төсбелгісін омырауына тақты. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. ҚР Мәдениет қайраткері атағын алды. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері.

### **Жоров Владимир Васильевич (1934-2016 ж.ж.)**

Қарағанды облысы, Ворошилов ауданы, Корнеевка ауылында, қарапайым отбасында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1967 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының «орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша

бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1952 жылы туған жері Корнеевка ауылындағы кітапханада менгеруші болып бастады.

1953-1957 ж.ж. Қарағанды облысы, Ворошилов ауданындағы Дмитровский атындағы орта мектебінде ұстаздық етіп, зертханашы болып қызмет жасады. Келесі жылы Ставрополь өлкесіндегі Қарашай-Черкесия республикасындағы радиохабарларын тарату редакциясында корреспондент, дыбыс инженері болып жұмыс істеді.



1959-1995 ж.ж. Қарағанды облыстық радиохабар тарату және телевизия комитетінде еңбек етті. Ең алдымен радиода тілші, кейін дыбыс технигі және диктор болып қызмет жасады.

1963 жылы облыстық телевидениеде диктор болып, әр түрлі тақырыптардағы бағдарламаларды жүргізді. Көрермендердің ықыласына бөленіп, тікелей эфирлерге жиі шығатын. Сонымен қоса, деректі фильмдерді дыбыстауға қатысып, белсенділік танытты.

1983 жылы қараша айында Жоров В.В. Қазақ ССР Мемлекеттік телерадио комитетінің бұйрығымен телевизия мен радиобахбар тарату саласының жоғары санатты дикторы атанды.

Жоров В.В. «Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін» медалімен марапатталды. Сонымен қатар, КСРО Мемлекеттік телевизия және радиобахбар тарату Комитетінің бірнеше рет Алғыс хатарына ие болған.

2009 жылы Қарағанды облысы әкімінің жыл сайын үздік БАҚ өкілдеріне берілетін «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері атанды.

### **Тишмағанбетов Ескендір Асанханұлы (1937-2004 ж.ж.)**

Қарағандының Левитаны мен Байжанбаевы атанған, телерадио хабарларын жүргізудің хас шебері, «КСРО телерадиосының үздігі» – Ескендір Тишмағанбе-

тов 1937 жыл Қарағанды қаласындағы атақты кеншінің шаңырағында дүниеге келген. Ол Жамбыл атындағы №7 мектеп интернатының түлегі. 33 жыл Қарағанды облыстық телевидениесі мен радиосында ДИКТОР болып қызмет атқарды. Жаны жайсаң ағамыз 8 бала өсіріп, өнегелі отбасының отағасы болды.

Ескендір ағамен көп жылдар бойы тонның ішкі бауындай бірге жұмыс істедік. Асанханұлының асқан еңбекқорлығы, адами асыл қасиеті, жадыраған жандүниесі, дикторлық қарым қабілеті, кісілерге жасаған қайырымдылығы, әлі күнге есімде. Арамыздан алыстап кеткен ағаның, осындай жақсы қасиеттерін ұмытқаным жоқ. Оның бәрі жүрегімнің төрінде, көңілімнің көкжисгінде сайрап тұр. Тіпті, қоңыр үні әлі күнге құлағымнан кетпейді.

Айтқандай, жақында журналистік іс-сапармен Жаңаарқа ауданына барғаным бар. Сол жолы алыс ауылдан келген Асылбек деген ақсақал дастархан басында 60 жылдық тарихы бар Қарағанды телсарнасының өткенінен сыр шертіп, біраз әңгіменің басын қайырды. Сөзге қаражаяу емес қарияңыздың айтқан – шежіресін тыңдай бергіңіз келеді. Көгілдір экранның көзайымына айналған кешегі күнгі дикторлар: Майра Ахметова, Қайнижамал Аманова, Светлана Тарасова, Владимир Жоров, Ескендір Тишмағанбетов, арамызда аман жүрген Галина Рахимованың есімдерін ерекше ілтипатпен атағанда көңілім бір серпіліп қалды. Әсіресе, Ескеннің қоңыр дауысын сүйсініспен еске алып, оқу мәнерінің өзіндік ерекшелігіне тоқталды. Тіпті, оның ұқсастық қасиеттерін қазақ радиосының мақтанышына айналған, атақты диктор Әнуарбек Байжанбаевпен салыстыра бағамдады. Осындай құрметке бөленіп, миллиондаған радио тыңдаушылар мен теледидар көрермендерінің жүрегін жаулап алған ағаларымыз бен апаларымыз нағыз бақытты екен ғой!

Екі тілді еркін меңгерген Есағаң облыстық телерадио комитетінде хабарлардан гөрі «Жаңалықтар» бағдарламасын көбірек жүргізді. – Ол кезде хабар тікелей эфирге шығатын. Басты талап – диктор қателеспейуі керек. Бұл дегеніңіз – өте жауапты. Сәл жерден кемшілік кетсе болды, бүкіл еңбегің далаға кетеді. Сондықтан да сол сәттегі шығармашылық ұжым оған жол бермеуге барынша тырысатын еді, – деп еске алады, ардагер диктор Галина Рахимова. – Ескендірдің еске сақтау қабілеті ерекше болатын. Ол күнделікті қос тілде жүргізетін «Жаңалықтардың» тексін, ондағы кісілердің аты-жөнін, тіпті саналуан цифрларды тез жаттап алатын. Сондықтан эфирге шыққанда еркін отырып, қағазға көп қарамайтын еді. Қазіргі дикторлар мен хабарды жүргізушілердікі рахат, алдындағы манитор-экрандағы жазылған мәтіндерді оқып бере салады, – дейді әңгіме арасында Галина апай.

Ескендір Тишмағанбетов облыстық радио мен теледидардағы «Жаңалықтарды» ғана емес, редакцияның аралуан хабарларын да жүргізетін. Әсіресе, «Өндірісті өлке», «Дархан дала», «Жас қанат» деп аталатын бағдарламалардағы радио очерктер мен суреттемелерді нақышына келтіре оқитын. Редактордың дайындап берген мәтіндерін бірнеше қайтара оқып, әбден пысықтап болған соң, жазуға кірісетін. Ұнтаспаға түсіріп, эфирге шығаратын. Ертеңіне жұмысқа келгенде – Кешегі бағдарлама мен очерк жақсы шығыпты. Үйде

отырып көрдім, радиодан тыңдадым, — деп бала сияқты қуанғанын талай рет естідік.

Қарап тұрсаңыз, телерадио саласында қызмет атқаратын диктор мен редакторлар — құстың қос қанаты сияқты. Бір-біріңсіз күні жоқ. Құс-сыңар қанатымен алысқа ұша алмайды. Эфирге дайындалған бағдарламалар да сондай, көпшіліктің көңіле жетпейді. Тек шығармашылық ұжым мүшелері үнемі түсіністікпен бірлесе жұмыс істесе ғана, әлгі хабардың маңыздылығы артады. Оны — өмір тәжірибемізден көріп келеміз.

Ескең — Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болды. Сондықтан да ол ара-тұра радио магнитофонын иығына асынып алып, мерекелік шаралар мен еңбек адамдары жайлы әңгіме-сұхбаттар, спорт сайыстарынан репортаждар жазып келетін. Әсіресе, кеншілер тақырыбына көбірек көңіл бөлді. Оның да өзіндік сыры бар. Өйткені, ол кенші әулетінен шыққан. Әкесі Асанхан Тишмағанбетов алғашқы стахановшылар қозғалысының белді мүшесі, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері болған атакты кенші еді. Мұндай жоғары санатты сыйлық кез келген кеншіге беріле бермейді.



Қарағанды телеарнасының ұжымы Ескеңдір Асанханұлын ерекше құрметтеп өтті. Тіпті, атын атамай «Еске», «Есаға!» — дейтін едік. Өйткені, үлкен-кішіге ерекше сыйлы болды. Адамгершілік асыл қасиетті ол әрдайым жоғары қоятын. Адамдарды еш алалаған емес. Өлім-жітім болған кезде қарап тұрмай, бел шешіп кірісіп кететін. Керек жерінде турасын айтып, әріптестерін қорғап, қанатының астына алатын. Қарасөзге қамшы салдырмайтын ағамыз түйткілді мәселелердің түйінін тарқатып, ұдайы ұйтық болып жүретін еді.

Есағаң негізгі дикторлық қызметіне қоса тоғыз жылға тарта телеарнаның кәсіподақ комитетін басқарды. Қоғамдық негіздегі бұл жұмысқа көк тиын да төленбейтін. Бірақ, жоғарыдағы небір құзырлы мекемелер осы кәсіподақпен

ұйымымен санасатын. Ұсыныс-пікірлері мен тоқтамды уәждеріне мойынсынатын. Бір сөзбен айтқанда аталмыш комитеттің мақсаты – қарапайым жұмыскердің мүддесін қорғау, жақсы жұмыс істеуіне жағдай жасау. Бұл орайда ұйым төрағасы Ескендір Тишмағанбетов көп уақытын соған жұмсайтын.

– Ескең, ол жылдары телеарна қызметкерлерінің қордаланып қалған мәселелері мен мұқтаждарын талай рет шешіп берді. Оны өз көзімізбен көрдік, – деп еске алады, бүгін де ұзақ жыл бірге еңбектес болған, зейнеткер режиссер Рымкеш Смағұлова.

Иә, ол кезде де Баспана мәселесі – ең басты проблема болатын. Арада қанша жылдар өтсе де, ол әлі өзектілігін жойған жоқ! «Үйі жоқтың – күйі жоқ» – деп халқымыз текке айтпаған ғой. Осындай келеңсіз жағдайларды бастан кешіргендер телеарнада аз болған жоқ. Дегенмен ағамыздың іскерлігінің арқасында біраз азамат үйлі болды. Атап айтқанда редакторлар: Мұртай Ақшолоқов, Нұрғайым Әліпбекова, Сәтбек Болатов, кинооператорлар Виктор Сычснко, Әскер Сексенов, Владимир Холодков, жарық беруші Жұмабай Тұрсынбеков, дыбыс режиссер Серік Жандосов пен Николай Метелев, режиссер Наталья Архипова, ассистенттер Айсұлу Құрымбаева мен Бәкиза Сейсепова және автокөлік жүргізуші Юрий Круглов тағы басқалар.

Сексенші жылдардың соңында «Күнгей» елді – мекеніне жаңадан үй салу және Қарағанды қаласының батысынан саябаққа жер учаскелерін алу – ерекше үрдіске айналды. Жұрттың бәрі соған құштарлық танытты. Әрине, ол көлденең көк аттыға беріле салмайтын. Ұзын сонар кезек пайда болды. Арасында бармақ басты, көз қыстымен кетіп қалатыны аз болған жоқ. Оған тосқауыл қою, тиісті мекселерге қосымша жер беру, кезектің заңдылығын қадағалау мәселесіне кәсіподақ комитетінің төрағасы Ескең белсене атсалысты. Нәтижесінде телеарнаның оннан астам жұмыскері олжалы болды.

Денсаулық – зор байлық. Кешегі Кеңес одағы кезінде облыстық кәсіподақ ұйымы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне денсаулығын түзетіп қайту үшін шипажай мен демалыс орындарына 24 күндік тегін жолдама беретін. Бірақ сол жолдамаңыз көпшіліктің бәріне жете бермейді ғой! Әйтеуір, Ескең жолын тауып, телеарна ұжымына молдау бөлгізетін. Осындай бауырмалдығы мен қамқорлығын аға буын өкілдері әлі ұмыта қойған жоқ. Кешегі, қайта келмес Коммунизм кеінде қалалық ішкі істер басқармасы көше тәртібіне ерекше көңіл бөлді. Жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігін қадағалайтын (ДНД) – ерікті жасақшылар кезекшілігі жұмыс істеді. Есағаң айына екі рет жұмыстан кейін кезекшілікке бір топ жігіттерді өзі бас болып, ертіп шығатын.

Сексенші жылдары Кеңес одағының Бас хатшысы, бүгінгі үрдіспен айтқанда – Ел Президенті болып М.Горбачев сайланды. Ол алғашқы таққа отырған күннен-ақ «арақ-шарапқа» түбегейлі қарсы қаулы шығарып, кең байтақ елімізде өсіп тұрған жүзімдік алқаптарды түбірімен құртты. Тіпті жер-жерлерде «Ішімдікке қарсы күрес» – деп аталатын жаңа ұйымдар ашылды. Өмірдің өзі көрсеткендей одан еш нәтиже шыққан жоқ, қайта жыңды суга құмартушылардың қатары күн өткен сайын көбейіп кетті. Сол тұста жоғарыдағылардың



нұсқауымен Ескендір ағамыз үш жылдай телеарнадағы арнайы «сұйымның» жетекшісі болғаны әлі есімізде.



Сондай-ақ Е.Тишмағанбетов біраз уақыт телерадио комитетінде партия ұйымының хатшысы болды. Аса жауапты қоғамдық бұл жұмысты да ол өз деңгейінде атқара білді. Облыстық радиодағы ескірген техникалық жабдықтарды жаңарту үшін партия ұймы арқылы тиісті мекемелерге шығып, оның сәтті шешілуіне өз үлесін қосты. «Қазақстан-Қарағанды» телеарнаның қазіргі мұражайында тұрған бірнеше радио қондырғылар соның бір дәлелі. Ескең – еңбеккер еді. Еш ерінбейтін, қандай қоғамдық жұмыс болса соның белортасында жүретін.

Осындай, халықтың сүйікті ұлы бола білген аптал азамат 2004 жылы дүние салды. Биыл ( 2017 ж) тірі болғанда 80-ге келетін еді. Арада қаншама жылдар өтсе де, Қарағанды телеарнасының майталман дикторы – Ескендір Тишмағанбетовтің есімі елдің жадында, көрерменнің көңлінде мәңгі сақтаулы.

\* \* \*



## ДЫБЫС РЕЖИССЕРЛЕРІ

Күнделікті көріп жүрген телеарнадағы хабарлардың сапасы мен маңыздылығына дыбыс режиссерлердің қосып жатқан үлесі қомақты екенін былайғы жұрт біле бермейді. Кез-келген бағдарламалар мен ток-шоуларыңыз сырт қарағанда керемет болуы мүмкін. Бірақ, ондағы сөйлеушілер мен хабар жүргізушілердің не айтып жатқанын тек дыбыс арқылы біле аламыз. Оның өзі анық, таза естілуі қажет.

Мұны арнайы қондырғылар арқылы реттеп отыратын, керек жерінде көтеріп, енді бірде төмендетіп отыратын маманды – дыбыс режиссері – деп атайды. Ол микрофон арқылы дұрыс жұмыс істей білуі тиіс. Бұл орайда оның музыкалық сауаты мен сезімтал қабілеті болуы қажет. Осының бәрі бір-бірімен үйлесім тауып жатса ғана, жазылған хабар сапалы болады. Көрерменнің көңілінен шығады.

Алпыс жылдық тарихы бар телеарнада мұндай міндетті абыройлы атқара білген, кәсіби мамандар аз болған жоқ. Олардың көш басында 40 жылға тарта қызмет етіп, еңбегінің зейнетін көрген Бәтжан (құлағына азан шақырып қойған аты – Бәтима) Жөкенқызы Әкімбекова, Сәуле Мұстафина және Нұрғайым Әліпбековалардың есімдерін мақтанышпен айтуға болады. Соңғы екеуі облыстық радио да ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етті.



Дыбыс режиссердің міндетіне – жазылып жатқан хабарды музыкамен көркемдеу қызметі де жағады. Ол үшін бұл маман иелері ән әуенін, музыка құдіретін жүрек пернесімен, жандүниесімен сезінуі тиіс. Олардың ара-жігін ажырата білгені жөн. Әсіресе, табиғат жайлы тамаша көрністер, махаббат сезімдерін жырлайтын өлең – шумақтар, жекелеген өнер адамдары жайында жазылған суреттемелер, радиодан немесе теледидардан берлігенде әдемі әуен сол туындыға сұранып тұрады. Дыбыс режиссері сол мезетте дұрыс музыканы тандай білсе, хабар мазмұны ашылып, барынша ажарланады. Яғни, тыңдаушыларды өзіне тарта біледі. Абайдың сөзімен айтқанда: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятады.»

Бұл міндетті Сәуле Мұстафин мен Нұрғайым Әліпбековалар ойдағыдай орындай білді. Бұлармен бірге Қарағанды теледидарында Николай Александрович Метелев, Галина Борисовна Шиялева, Валентина Петровна Мартюшина, Александр Тарасов, Любса Лелюх, Ольга Михайловна Кузьменколар көп жыл бойы маңдай терін төгіп, көрерменнің ықласына бөленді. Бұл азаматтардың ұлты бөлек бола тұра, қазақ халқының мәдениеті мен өнерін, музыкасын жақсы түсіне білді. Бағдарлама жазылар алдында редакторлар мен режиссерлер, бүгінгі болатын әңгіме-сұхбаттың не жайында немесе қандай тақырып туралы сөз болатынынан хабардар етсе болды, дереу соған қажеттің қазақтың ән-әуенін тауып келетін еді.

Үшеуі де бірнеше рет «Қазақстан РТРК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталған. Олар шығарамшылық ұжыммен әрдайым жақсы тіл табысып, жұмыла жұмыс істеді. Дос жолдастарына өте сыйлы болды. Тіпті, Николай Александрович Метелев 1977 жылы Москваға барып білімін жетілдіріп қайтты. 1972, 2008 жылдары Республикалық телерадио комитетінде мамандығын арнайы курс бойынша толықтырды. Бұлардың соңынан Назира Хамитова, Гүлдана Садықова сияқты жас толқындар еріп, қатарымызға қосылды.

Ал Жанат Мұқсымов, Қабылда Ахметов, Серік Жандосов сияқты азаматтар өз мамандықтарын жете меңгеріп, коллективтің құрметіне бөленген болатын. Өкініштісі сол, бұлар өмірден ерте кетіп, Қарағанды телевидениесінің 60 жылдық торқалы тойларын тамашалауға дәм-тұз бұйырмады. Есесіне естелік ретінде олар дайындаған хабарлар алтын қорда сақталып қалды.

### **Кузьменко Ольга Михайловна**

Ол 1962 жылы Қарағанды қаласында туған. 1988 жылы Қарағанды облыстық телевидение және радио хабарларын тарату комитетіне көмекші болып жұмысқа қабылданды. Жыл өте келе іскер де, талапкер жас режиссердің ассистенті, кейін режиссер болып тағайындалды.



Білімі жоғары. Алматыдағы Әл-Фараби атындағы республикалық ұлттық университетті бітіріп, журналистика мамандығын игерген. 2000-2001 жылдары КТК ЖШС-де және 2001-2007 жылдары «31 канал», «Қарағанда», телеарнасында видео монтажер болған. Жұмыс істей жүріп мол тәжірибе жинақтаған ол 2008-2010 жылдары «Қарағанды» телерадиокомпаниясында видеомонтаж инженері қызметін атқарды.

2010 жылдан бүгінге дейін Қарағанды облыстық «Сарыарқа» телеарнасында дыбыс режиссері болып істейді. Оның жалпы жұмыс өтілімі 18 жыл. Осынау аралықта ол екі мамандықты яғни, бағдарлама режиссері және дыбыс режиссері қызметін жете меңгеріп алған. О.Кузьменко коллективке өте сыйлы, білікті маман. Ол бірнеше рет «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен марапатталған.

### **Мадина Байжанова**

Қазір құрметті еңбек демалысында. Қарағанды телевидениесінде 32 жыл жемісті еңбек етті. – 1968 жылдың 13 қыркүйегін ешқашан ұмытпаймын. Өйткені, сол күні балалар мен жастар редакциясына редактор болып жұмысқа қабылдандым, – деп еске алады әңгіме арасында.

«Жас келсе іске» – деген. Үкілі үмітін өмірлік мақсатына мұрат еткен жас маманға бас редактор Масғұт Халиолин үлкен сенім артты. «Жас ұлан», «Дана-ата ертегілері», «Жастық оттары» – деп аталатын бағдарламаларды дайындап жүргізуді тапсырды. Алғашқы да өзіне жақын тақырыптарға көңіл бөліп, жастар өміріне тереңірек үңіліп көрді. Аға буын өкілдерімен ақылдасып, тәжірибелі режиссер Құтпан Ералиннің көмегіне көп жүгінді. Телевидениесіндегі әрбір хабар – көпшіліктің бірлесіп жұмыс атқаруымен дайындалады. Сондықанда бір үйдің баласындай тату болуды талап ететінін Мадина Байжанова жақсы түсінді. Сонын арқасында бағдарламалары көбіне сәтті шығып отырды.

Әрине, бәрі ойдағыдай болды деуге келе бермес. Өйткені, студияға шақырған қонақтар әр түрлі жағдайларға байланысты уақтылы келе алмай қалатын сәттері ол кезде жиі болып тұрған. Ал, келгендерінің өзі қазақ тілінде еркін сөйлей алмай, қиналыс танытатын. Мұның хабар мазмұнына әжептеуір көлеңкесін түсіретіні сөзсіз. Дегенмен мұндай кедергілерге Мадина жол бермеуге тырысты. Балалар – біздің болашағымыз. Ендеше, олардың балалық балғын шағы – бағдарламаларда жан-жақты қамтылып тұрды. Бұл орыда «Дана-ата ертегілерінің» орны бөлек еді. Қазақ халқының рухани байлығына айналған, танымдық-тәрбиелік маңызы зор ертегілерді жиі беріп тұрды. Хабарға театр әртістері шақырылып, әр түрлі кейіпкерлер студия да сомдалатын. Қызықты сәттерде жиі болып тұратын көрінеді.

– Бағдарлама көбіне жексенбі күні кешкілік тікелей эфирге шығатын еді. «Дана ата» ролін де белгілі театр әртісі Айтуған Салықов ағамыз ойнайды. Күн жексенбі болған соң, ағамыз қонақтан сәл кешігіп келді. Дереву киіндіріп, сақал-мұртын жапсырып, жиналған балалармен бастап жібердік. Хабар жаман

болған жоқ. Қалыптасқан дәстүр бойынша соңында: – Ал, балалар! Осымен өздеріңе арналған ертегілеріміз аяқталды. Жақсылап ұйықтандар! Алдағы хабарда қандай ертегілер тыңдағыларың келеді? Ол жайында бізге хат жазып жіберіңдер. Біздің мекен – жаймыз: **Жданов көшесі, ұмытпаңдар Жданов көшесі 14 үй.** «Дана-ата» десеңдер болды, хатты өзім аламын! – деп қоштасты.

Осы жерде Айтуған ағамызды құдай ұрды! Ол кезде телеарна Связи көшесі 14 үйде болатын. Ол болса өзі тұратын үйдің адресімен шатастырып алды. Өмірі бірақ рет айтатын мекен-жайды екі рет қайталап, есімізді шығарды. Қайран «100 грамның» кесірі-ай! – десеңізші. Ертеңгі күнгі легучкада осы үшін төрағадан оңбай «таяқ жедік». Мұндай қызықты жағдайлар тікелей эфирде болып тұратын, -деп күлді.



Мадина Байжанова кейіннен телевидениенің бағдарлама және хаттар бөлімінде редактор болды. Ол кезде қазіргідей электронды байланыс дегенің жоқ, ессесіне өтініш тілектер мен ұсыныс-пікірлер жазылған хаттар көрермендерден жиі келетін. Солармен жұмыс істеу үшін бар міндет Мәкеңе жүктелді. Ол бұл қызметті абыройлы атқарды. Көп кешікпей сектор бөлімінің менеджері болды. Бұл аса жауапты еді. Әрбір эфирге шығатын хабардың алдын ала бекітілген ұзақтық көлемі қатаң сақталатын. Мысалға жазылған бағдарламаңыз көлемі бір минут артық немесе бір минут кем болмау керек. Бұл талапты 100 пайыз сақтау мүмкін емес.


Сондықтан хабар жазылып болған соң, барлық редакцияның журналистері міндетті түрде Мадина Байжановаға барып, жағдайды айтады. Уақыт мөлшері тура келіп жатса, қуанамыз. Ал, артық не кем болса Мәкеңнен таяқ жейміз. Ол кісінің де принципің түсінуге болады. Өйткені, Мәкең біз үшін хабарлар кестесіне сәл өзгеріс енгізгендіктен радиотелецентр, КРА, АСБ, трансляция

орталықтырының басшыларынан күн сайын «сөз естиді». Сондықтан бізден орынды талап етеді. Дегенмен, талай рет алдына барып, «уақыт» беріңізші!» – деп жалынған күндерімді мен де ұмытқа қойғаным жоқ.

## Күләнда Темірбаева

1976 жылы 6-шы шілде күні Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Жараспай ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. 2007 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін Құжаттау және құжаттама басқару мамандығы бойынша тәмамдаған.

1994 жылдың шілдесінен 1997 жылдың желтоқсанына дейін «Қазақ тілі» халықаралық қоғамы Қарағанды облыстық бөлімшесінде хатшы ретінде жұмыс істеді. 1998 жылдың қаңтарынан 1999 жылдың мамырына дейін «Сары-Арқа» («Әділет жаршысы») газеті редакциясында оператор-теруші болды.



2000 жылдың желтоқсан айынан қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалында жауапты шығарушы болып жұмыс қыз атқаруда. Осы жылдар аралығында телебағдарламаларды эфирге шығару қызметі жұмысының деңгейін арттырды. Оның құрлым жүйелері бір қалыпқа түскен. Бағдарламалардың эфирлік уақыты қатаң сақталған. Еш қандай бағдарламалардың көрсетілген кестеден ауытқушылығы болған емес. Бір бөлмеде бірге жұмыс істейтін, жауапты шығарушы Гаухар Нурланова екеуі көптен сектор қызметіне селкеу түсірмей келеді.

Кәсіби маман «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының Құрмет грамотасымен, Облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Қазақстан» РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бірнеше рет Алғыс хаттарымен марапатталған.

## Безуглова Ольга Петровна

1968 ж. Қарағанды қаласында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қарағанды педагогикалық институтының «Бейнелеу өнері, сызу және сңбек» мамандығы бойынша аяқтаған. (1991 ж.).

1985-1986 ж.ж. Қарағанды тау-кен өндірісі зауытында күрделі жөн-деу бас конструктор бөлімінде жарықтандырушы болып қызмет атқарған. 1991-1994 ж.ж. аралығында Жастар тұрғын үй кешені комитеті сауықтыру орталығында суретші-мұғалім.



1994 жылдан «Қазақстан РТРК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының суретші-декораторы. 2008 жылы аймақтық телеарналардың тарихында алғаш Қарағанды телевидениесінің музейі ашылды. 2018 жылы бұл мұрағат телеарнаның 60 жылдық тойы қарсаңында ескі, тарихи жәдігерлермен толықты. Бұл игілікті істің оң шешілуіне аға декоратор мол үлесі қосты. Осы жолы мерейлі мерекеге арналып 300 беттік, түрлі түсті естелік «Фотоальбом» шығарылды. Оған қажетті суреттердің бәрін Ольга Петровна жинастырды.

Ол «Қазақ теледидарына – 60 жыл» төсбелгісінің иегері. (2018 ж). Басқада басшылық тарапынан алған марапаттары баршылық.




*Айбала Тейзабева*  
*муғалым*  
«Алтын микрофон»  
2008



*Аизага Амалбаева*  
*муғалым*  
«Жастар қаматы»  
2012












*Гулнара Бухарбаева*  
*Журналист*  
**«Алтын микрофон»**  
**2010**



*Кайрат Амиев*  
*Калемгер*  
**«За наблюдательность»**  
**2006**



2013



*Людмила Павлова*  
журналист  
«Первый шаг»  
2011




*Майра Ахметова*  
«Қазақстан-Қарағанды»  
арнасының ардагері, жүргізуші  
«Мәдениеттілік» бөлімшесінің үнісі  
2008



*Марат Сүлейменов*  
Календаршілік  
«За наблюдательность»  
2008



*Масхут Каламшин*  
«Қазақстан-Қарағанды»  
арнасының ардагері, журналисі  
«Мәңгілік Ел» Баспаханасының қызымен  
2006





*Меруерт Абдалимова*  
журналисі  
«Менің ісім»  
2010



*Талпа Рахимова*  
«Қазақстан-Қарағанды»  
арнастық ардағары, жүргізуші  
«Мамандыққа берілген үшін»  
2007



*Рахима Исхақова*  
режиссёр  
«За верность профессии»  
2010








*Салжанай Токаева*  
*журналист*  
**«ПЕРВЫЙ ШАГ»**  
2009



*Айжан Унанбаева*  
*режиссер*  
**«ЕҢБЕК АДАМЫ»**  
2013






*Бома Ибраева*  
журналист  
«Мой делоп»  
2011



*Гулбакира Акжанова*  
журналист  
«Алтыншы кыдам»  
2010








*Набалина Архилова*  
*режиссёр*  
*«От сердца к сердцу»*  
**2012**






*Саят Батырханова*  
*журналист*  
«Төлексіздік оялдың үшін»  
2014



«АЛТЫН СҮНҚАР»

2018







телевидение











































## Үшінші бөлім

# ТЕХНИКТЕР ТЫНЫСЫ

«Болдым, толдым деме.  
Бәрі ой ойлаудан басталады».  
Әлкей Марғұлан.

Телеарнаның техникасыз күні жоқ. Барлық жазбалар мен түсірілімдер, кинокамера мен телеқондырғылар, компьютер мен көгілдір экрандар тек, техниканың күш – қуатымен ғана жүзеге асырлады. Ал оларды іске қосу, пулыт арқылы басқару, студияға жарық беру осы саланың мамандарына жүктеледі. Бұл міндетті 40 жыл бойы мінсіз атқарғандардың көш басында – инженер Татьяна Александровна Пивненко, жарық беруші инженер Александр Иванович Зенгер, видео-инженер Владимир Лукьянович Мартюшин, техникалық инженер Борис Бессудновтардың есімдері тұр. Бұлардан бұрын ПТС-те істеген Юрий Ганчаров, Н.Г.Петлюк, В.Н.Никурашин, Н.С.Ли, В.Т.Казаков, Т.Ж. Рахимов, Н.С. Ашляев, А.С. Колосков сияқты азаматтарды ерекше еске алуға болады. Олар Қарағанды теледидарының техника саласындағы нағыз майталман ардагерлері еді.

Өткенге көз жіберетін болсақ, 70 жылдары телестудияда отандық «Электрон» кәсіпорыны шығарған алғашқы видео-магнитофондар пайдалана бастады. Оның да сырын осы сала мандары тап басып білетін. Көп кешікпей телехабарларды алдын ала жазып алу мүмкіндігіне ие болған техникалық жабдықтар сатып алынды. Хабарларды тек студияда жазып қана қоймай, кейбірін сол кәсіпорындар мен фабрикаларда, мерекелік шаралар өткізіліп жатқан жерде жазып өмір талабынан туындады.

Ол үшін жылжымалы техникалық станция (ПТС) қажет болды. Бұл қондырғығада қолымыз жетті. Нәтижесінде көрерменге облыстық партия комитетінің конференциялары мен алқалы жиындарынан, 1-мамыр, 7-қараша күнгі Халықтық мерекелік парадтардан, ту ұстаған шерулерден тікелей хабарлар таратыла бастады. Ол көрсетілімнің сапалы болуы үшін техника саласының білікті мамандары В.Базаркин, В.Амочаев, С.Архиповтар көп еңбек сіңірді.

Сексенші жылдардан бастап Қарағанды телестудиясына түрлі-түсті көрсетілімдегі техникалардың жаңа толқыны келді. 1982 жылы осындай «Магнолия» ПТС-і пайдалануға берілді. Бұрынғы 16,32 миллиметрлік пленкаларды Panasonic фирмасы шығарған кинокамералар ауыстырды. 1991 жылдары студиядағы бағдарламалар мен даладағы түсірілімдер жаппай S-VHS кассеталарымен қамтамасыз етілді. Студия ішіндегі жарық беретін ыстық лампалар жаңартылды.



Әрине, мұның бәріне тікелей жауапты-инженер техниктер болды. Өзіндік мектебі қалыптасқан кәсіби мамандар бұл қондырғылардың тұрақты жұмыс істеуіне бар күш-қуатын жұмсады. Соның арқасында экраннан сапалы бағдарламалар көрсетіле бастады. Бұған қоса күнделікті бағдарламалардың уақтылы, әрі сапалы жазылуына техникалық құрлым жүйесінде қызмет стетін аппарат инженерлері мен компьютер мамандары: Олжас Зейнуллин, Абылай Момбеков, Александр Зиновьев сияқты азаматтардың да еңбегін атап өткеніміз жөн.

## Құралай Таңатова

Құралай Рысбекқызы 1980 жылы 20-шы мамыр күні Егіндібұлақ ауданында дүниеге келген. Қарқаралы ауданына қарасты Теректі ауылындағы №30 орта мектепті 1997 жылы тәмамдады. Білімін жетілдіру барысында 2005жылы Қарағанды қаласындағы Экономикалық колледжді бітірген.



2007 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қазақстан» Республикалық телерадио-корпорациясы» АҚ Қарағанды облыстық филиалының бейнефонотека меңгерушісі болып жұмыс жасайды. Жұмыс өтілімі – 11 жыл. Осынау аралықта телсарнаның Алтын қорында тұрған дүниелердің сақталу сапасына ерекше мән беріп келеді. Ертеректе таспаға жазылған бейне көрністер мен алуан түрлі хабарлар, заманауи құрылғыларға көшірілуде.

Редакторларға қажет кезінде ол материалдар тез арада табылады. Аса жауаптылықты талап ететін бұл қызметке ол әрдайым түсіністікпен қарайды. Жыл өткен сайын әлгі қордағы бейне сюжеттер мен бағдарламалар қатары тын дү-

ниелермен толығу үстінде. Ол қайталанбайтын тарихи дерек, келешекке керек. Қ.Таңатова 2018 жылы Астана қаласының 20 жылдығына орай, облыс әкімінің арнайы «Алғыс хатымен» марапатталды. Басқада басшылық тарапынан берілген мақтау қағаздары бар.

## ХАБАРЛАР мен БЕЙНЕРОЛИКТЕР

Телеарнадағы кез-келген бағдарламаның сәтті шығуы, қызықты әрі тартымды болуы – ең алдымен журналистің жазған сценарийіне байланысты. Автордың айтар ойы, көтерген тақырыбы, алдағы ой-мақсаты түгелдейкүні бұрын қағаз бетіне түсіріліп, сол сценарийде жан-жақты көрсетілуі қажет. Сондай-ақ хабар барысында қосымша қолданылатын бейнесюжеттер, графикалық кестелер, сілтеме жасайтын сөз тіркестері, деректер мен дәйектер, музыкамен көркемдеу сияқты компоненттер ұмыт болмауы тиіс. Олардың берілу тәсілі айқындалып, қай жерде қолдану керектігіне баса назарда ұстаған жөн.

Осылайша болашақ хабардың толыққанды қаңқасы алдынала айқындалып, оның негізі қаланса, одан әрі редактор мен режиссердің бірлесе жұмыс істеуіне жеңіл болады. Басқа да шығармашылық ұжым мүшелерімен ұдайы ақылдасып отудың артықтығы жоқ. Сонау-ау 70-80-ші жылдары жазылатын әр хабардың сценарийі 15 беттен кем болмайтын. Толық қамтылып, ұсақ-түйегіне дейін жазылатын еді. Қазіргі кезде ондай талаптар жоқ, көлемі азайды. Дегенмен, жоғарыдағыдай пісіп жетілген, әбден ой елегінен өткен сценарийлер қажет. Ол дайын болса бағдарламалар мен бейне сюжеттер, тіпті бейнероликтерді дайындау анағұрлым жеңіл болады.

Мұндай сценарийлерді телеарнаның 80-90-шы жылдардағы журналистері Д.Омашева, Х.Ахметов, Н.Әуезов, Г.Балбекова, Р.Сатаева, Р.Моос, Ә.Тойжігітов, Б.Рамазановалар тез жазып тастайтын. Соңғы оншақты жылдар көлемінде еңбек ететін әріптестерімнің арасында Ә.Жампейісов, Г.Бұхарбаева, Р.Тұрсынғалиев, А.Сүлейменова, Н.Аманов сияқты редакторлардың есімін ерекше айтқым келеді.

Бұл аты талған азаматтар тек хабарлардың ғана емес, кішігірім кинороликтердің сценарийін төгілтіп жазып, көрерменнің көңілінен шығуда. Ал осынау дүниені әнмен әрлейтін дыбыс режиссердің де қосар үлесі қомақты. Бұл орайда дизайнерлердің сіңіріп жүрген еңбектері ерекше десем артық айтпаған боламын. Бағдарламалардың сауатты жазылуы, оның графикалық түзілімінің тартымды болуы және хабардың жалпы көркем безендірілуі оларды шығармашылық ізденістеріне байланысты. Осы міндетті уақтылы орындап келе жатқан Асылбек Құрманғалиев, Айбек Таутаев, Гаухар Абдрахмановалардың еңбектері зор.



## ПРОМОРОЛИК

(Ақсақал немересімен әңгімелесіп отырады.)

Немере ( глобусты айналдырып отырып ) :

– Ата, міне Қазақстан!

Атасы;

– Жарайсың, балам. Ал, енді Қарағандыны тапшы?

Немере:

– Міне, Қарағанды.

Атасы:

– Иә, балам. «Қазақстан-Қарағанды» осы.

(Глобус ішінен телемұнара мен «Қазақстан-Қарағанды» – облыстың басты телеарнасы»–деген жазу шығады.)

\* \* \*

(Редакторлардың қатысуымен)

1. Г.Бұқарбаева; «Қазақстан-Қарағанды» – бұл мен, бұл сен.

Р.Тұрсынғалиев: «Қазақстан-Қарағанды» – бұл біздің көрермендеріміз!

Отбивка «Облыстың басты телеарнасы»

2. Р.Әбілқасова: «Қазақстан-Қарағанды » – бұл жедел , әрі әділетті арна!

А. Ибраев: «Біз – сіздер үшін жұмыс істейміз ». Әрдайым, аймақтың басты арнасымен бірге болыңыздар!

3. М.Әбдәліева; «Қазақстан-Қарағанды» – байырғы ең үздік арна.

Ә. Тойжігітов: «Дәстүрден таймаңыз. Әрдайым, аймақтың басты арнасымен бірге болыңыздар!»

\* \* \*

«Қазақстан-Қарағанды» телеарнасына – жарты ғасыр! Аса тәжірибелі ұжым, ең үздік техникалық жабдықтар бізде ғана. Дәстүрді өзгертпеңіз! Әрдайым, облыстың басты арнасымен болыңыз!

( Музыка.)

«Қазақстан-Қарағанды» теледидарында – жаңа жобалар мен жүргізушілер. Ең өзекті жаңалықтар мен алуан жанрлы хабарлар – тек сіздер үшін. Қаперіңіз-де болсын, облыстың басты арнасымен бірге болыңыздар!

(Музыка.)

Облыстың басты телеарнасының бағдарламасын аймақ тұрғындарының 98 пайызы көре алады. «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының таралымы қандай кең болса, өзіде сондай аймаққа танымалы арна. Ендеше, облысымыздың басты арнасымен бірге болыңыз!

( Музыка.)

\* \* \*

**«ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ»** телеарнасының 2016 жылы Республика Тәуелсіздігінің **25 жылдығына** арнап, эфирден берген хабарлары мен сюжеттері.

### **1. Арнайы жобалар:**

1) **«KZ-25: Менің тәуелсіздігім» және «Страницы независимости»** - айына 2 хабар, әзірге 12 хабар жасалды Тәуелсіздік жылдарындағы аймақтың қол жеткен табыстары, тәуелсіздікте туғандар, олардың айтулы істері, адамдар мен олардың тағдырына тәуелсіздіктің жасаған ықпалы. Тәуелсіздікке менің бергенім және тәуелсіздіктің маған бергені тұрғысындағы талдаулар.

2) **«Ойталқы» ток-шоуы** – 2 хабар Қарағанды облысының 80 жылдығы мен Тәуелсіздікті алғашқы жылдарында ашылған мектептер мен бала бақшалардың дамуына арналды.

3) **«Уақыт.KZ»** – 6 хабар, Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл толуына орай атқарылып жатқан шаралар, Жамбыл Жабаевтың 170 жылдығы, Тәуелсіздік жылдарындағы өндірістің өркендеуі, еңбек адамдары, айтулы өндіріс озаттарының тәуелсіздікке қосқан үлесі т.б.

4) **«Дат»** – 4 хабар, Аймақтағы тәуелсіздік жылдарында өсіп-өркендеген салалар, алғашқы мектептер, алғашқы мешіттер қалай ашылды? Тәуелсіздіктің алғы шарттары болған- Совет үкімет жылдарында қазақ дадалсында орын алған 300 ден астам халық наразылығы мен көтерілістерінің тарихы оның Тәуелсіздікке жасаған ықпалы, сарапшыла, тарихшылар пікірлерімен...

5) **«Уроки истории», «Тарих тағлымы»** – 4 хабар, «Өлкені танығаның-өзіңді танығаның» аймақтың кешегісі мен бүгіні тәуелсіздік тарихымен сабақтастырып өріледі.

6) **«Это наша с тобой биография»** – 3 хабар, Академик Е. Букетов, А. Бөкейханов, Ж. Жабаев, Қ. Аманжолов сияқты тұлғалардың Тәуелсіздікпен тұтастығы.

7) «Руханият» – 3 хабар, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Х. Елебекова ғасыр жасап отыр, Тәуелсіз елдің театр өнерінің дамуына өзіндік үлес қосқан тұлға, сондай-ақ Тәуелсіздік жылдарында облыстың ғылым-білім және мәдениет пен өнер саласының өркендеуіне үлес қосқан азаматтармен таныстырған жобалар.

8) «Сағатпен сұхбат» – 5 хабар, Тұранның тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров Тәуелсіздік және өзі турасында, жазушы-этнограф, Бауыржан атаның келіні З. Ахметова тәуелсіз еліміздің жастары, олардың ұлттық тәрбиесі турасында, режиссерлер Сағыпалды Нарымбетов, Ахан Сатаев-Тәуелсіз еліміздің кино өнерінің дамуы жайында сыр-сұхбаттарға қатысты.



9). «Ариадым саған» жобасының алғашқы маусымы қорытындыланды. Музыкалы теле-думан жобасында Тәуелсіздіктің құрдастары Отан, туған жер тақырыбындағы патриоттық әндерді орындап, байқауға қатысты.

Жыл басынан бері барлығы 40 хабар, әлі де жоспарланған хабарлар жасалып жатыр, кесте бойынша эфирге беріліп отырады.

2. Жыл басынан бері Жаңалықтарда 100-ге тарта сюжет шықты.

Қыркүйек айы басталғаннан бері «Жаңалықтар-Новости» бағдарламасының әр шығарылымында Қазақстан республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған 2, кейде одан да көп сюжет көрсетілді.

«Вместе сильнее!» киноролигі медиажоспарға сәйкес тұрақты түрде беріліп тұрды.

\* \* \*

# Хабарларға АНОНС!

(2000 – 2005 ж.ж.)

## «Заң және Заман»

Облыстағы құқық бұзушылық оқиғаларының алдын алу,шұғыл репортаждар мен ішкі істер саласы қызметкерлерінің тіршілік тынысы,әрдайым «ЗАҢ және ЗАМАН» хабарының назарында.Аталмыш бағдарламаны сіздер әр жұма күні «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасынан көре аласыздар!

\* \* \*

## «Аймақ тынысы»


Ата бабамыздың алтын бесігі – ауылдың әлеуметтік тұрмыс жағдайы қандай? Ризығы мен несібесін дала төсінен теріп жүрген,кәсібі мен нәсібін мұрат тұтқан, ауыл адамдарының бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар болғыңыз келсе, «Аймақ тынысы» бағдарламасынан көз жазып қалмаңыз!

\* \* \*

## « Сәрсенбінің сәтінде»

Сіз; өзекті тақырыппен ой бөлісіп, сындарлы сұхбатпен сырласып, қадірменді қонақпен кездесіп, белсенді көрерменмен бірлесіп, түйінді ой-пікірмен ортақтасқыңыз келсе, әр аптадағы «Сәрсенбінің сәтінде» хабарынан қалыс қалмаңыз!

\* \* \*



## «Сазды сәлем»

Ақ тілектің ажарына айналған «Сазды сәлем» бағдарламасы сіздің үйдің төрінде.Суреттері сыр шертіп,көрерменнің кезайымына бөленген мерейтой мен туған күн иелерін дер кезінде құтықтауды ұмытпайық,ағайын!Сіздердің ақ ниет,ізгі тілектеріңізді әсем әнмен жеткізуге әркез әзірміз.

\* \* \*

### **(«Күнбе-күн»)**

Ел өңіріндегі елеулі оқиғалар туралы ой өрбітіп, тақырып мазмұнын таратып айту, мәдени шаралардың маңыздылығын түсіндіріп, көрермендерге ізін суытпай жеткізу, көкейтесті мәселелер туралы келелі пікір қозғау журналист Әли Тойжігітовтің әр сәрсенбідегі бағдарламасының басты тақырыбы.



### **(«Ислам тағлымы»)**

Қасиетті жұма күні көрерменмен қауышатын бұл хабардың мақсаты-ислам дінінің тағлымдық қасиеттерін түсіндіру. Жастарды имандылыққа баулып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру. Әр түрлі діни ағымдарға жол бермеу. Рухани жан дүниесіз жаңарсын десеңіз «Ислам тағлымын» көруді ұмытпаңыз.

\* \* \*

### **(«Сіз бен Біз»)**

Күнделікті өміріміздің күнгеі мен көлеңкелі тұстары туралы ой-пікірмен ортақтасып, ұсыныс-пікірлерімді білдіремін десеңіз, ток-шоу хабарынан тыс қалмаңыз! Сындарлы сөз сайысында шындалған талай шындықтың көрермен көңіліне жол табатыны сөзсіз. «Сіз бен Біз» бағдарламасын көрсеңіз еш өкінбейсіз!

\* \* \*

### **(«Мемлекеттік тіл-менің тілім»)**

«Ана тілің арың бұл, ұятың боп тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» – деп, ақын Қадыр ағамыз айтқандай, ана тілімізді ардақтайық, ағайын! Тіліміз-тірсігіміз. Оны жастар зердесіне жалықпай сіңірейік!

\* \* \*

### **(«Духовное согласие»)**

Духовное согласие – это культура толерантности и религиозной терпимости. Так формируется межконфессиональное согласия в полиэтнической среде Казахстана.

\* \* \*

**АНОНС! «Күнбеге – күн»**  
(2010 ж.)

**Әли:** – Жедел және өзекті,  
**Айтбала:** – Нақты және маңызды.  
**Әли:** – Мәселерді көтеріп,  
**Айтбала:** – Тұжырымды ой түйеміз!

**Жүргізуші:** (еркек дауыс): Күнсайын Дүйсенбіден, Жұмаға дейін  
«Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының  
«Күнбе-күн» хабарында.


**Фрагмент заставки программы.**

**Титры:** «Күнбе-күн»: 20 сағат 45 минут және 22 сағат 45 минут.

\* \* \*

**АНОНС! «Уақыт KZ» хабарына**  
(2014 жыл)

**Әли:** – Өмірдің өзекті мәселелерінен ой өрбітетін,  
**Айтбала:** – Тарау тарау тақырыпты таратып айтатын,  
**Әли:** – Сыр – сұхбатпен танысқыңыз келсе,  
**Айтбала:** – «Уақыт KZ» хабарын өткізіп алмаңыз!



**А Н О Н С! « У а қ ы т K Z » х а б а р ы н а**  
(2014 -2015 жыл)

**Әли** – Өмірдің өзекті мәселелерінен ой өрбітетін,  
**Айтбала:** – Тарау тарау тақырыпты таратып айтатын,  
**Әли** – Сыр – сұхбатпен танысқыңыз келсе,  
**Айтбала:** – «Уақыт KZ» хабарын жіберіп алмаңыз!



# «Қазақстан – Қарағанды» телеарнасының 2011- 2013 жылдардағы эфирге шыққан хабарларының паспорты



**«2050» хабарының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 20 минут

Эфирге шығатын күні – сейсенбі, 18:30

Эфирлік жиілігі – айына 2 рет

Жанры – ақпараттық-сараптамалық

Тілі – қазақша

**Хабардың атауы:** «2050». Бағдарлама «Қазақстан-2050» Жолдауына қатысты болғандықтан осылай аталады.

**Хабардың тұжырымдамасы:** «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының студиясында жазылады. Түсірілім облыс орталығынан тыс, қала, аудандарды да қамтиды. Хабарға қонақ ретінде тақырыпқа қатысы бар, тікелей мүдделі мамандар, басқарма, департамент басшылары шақырылады.

**Хабардың мақсаты:** Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында жүктеген мақсат-міндеттерінің Қарағанды облысында жүзеге асырылу барысын бағамдау. Әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени салалардағы проблемаларды ашық түрде көтере отырып, шешу жолдарын іздеу.

**Хабардың ұзақтығы** 20 минут. Оның шамамен 15 минуты тақырыпқа қатысты бейнематериалдарға, қалған 5 минут уақыты студия қонағымен жүргізілген сұхбатқа арналады.

**Хабардың эфирге шығу тәртібі:** Айына 20 минут ұзақтықпен 2 хабар. Әр жаңа хабар тақырыптық жобада бекітілген тәртіппен жасалынып отырады.

**Шығармашылық және техникалық топ:** 2 редактор, 2 немесе 3 телеоператор, 1 режиссер, 1 монтаж үстелі, 1 дыбыс режиссер, 2 дизайнер-бездіруші, 1 жарық қоюшы, 1 көлік жүргізуші.



### «Апта» бағдарламасының тұжырымдамасы

Ұзақтығы – 30 мин.

Эфирге шығатын уақыты – жексенбі, 19:00

Жанры – ақпараттық

Тілі – қазақша, орысша

#### Мақсаты

Облыс аймағында өткен елеулі оқиғаларды (әлеуметтік-экономикалық, өндіріс және шаруашылық, мәдениет және өнер, спорт саласы бойынша) тереңдетіп, еліміз бойынша атқарылып жатқан келелі іс-шараларға облысымыздың қосып отырған үлесін айшықтау.

#### Мазмұны

Хабарға апта ішінде өткен 7-8 сюжет негіз етіп алынады. Шалғай аудан немесе облыс орталығынан тыс жерлерде болған маңызды оқиғаларды (республикалық, облыстық деңгейде өткізілген семинар-кеңестер, алқалы басқосулар) түсіруге барған тележурналистер кеңейтіп әкелген сұхбаттар арнайы бағдарламаға арқау болып, көтерілген тақырып бойынша жан-жақты әңгіме өрбітіледі.

#### Тақырыбы

«Жаналықтар» ақпараттар қызметінде көтерілген тосын оқиға немесе тың мәселе бағдарламаға арқау болады.



## «Арена Ботабек Маратұлымен» хабарының тұжырымдамасы

Ұзақтығы – 20 минут

Эфирге шығатын күні – жұма,

18:30

Эфирлік жиілігі – айына 1 рет

Жанры – ақпараттық

Тілі – қазақша

**Хабардың мақсаты:** Облыс көлеміндегі спорт жетістіктерін саралап, салмақтап насихаттау. Әлемдік спорт аренасында даңқы шыққан оғландарымыздың өмірінен сыр шертіп, өскелең ұрпаққа үлгі ету. Сонымен қоса салауатты өмір салтын насихаттау арқылы телекөрерменге қоғамдық ой тастау.

**Хабардың құрылымдық сипаты:** Әр бағдарлама барысында сюжеттерден тыс, хабарға қатысатын кейіпкерлерді таңдап алып, оның өмірін көрерменге үлгі етіп көрсету.

**Хабардың эфирге шығу тәртібі:** Хабар айына 2 рет, 20 минут көлемінде арнаның эфирлік кестесі бойынша белгіленеді.



## «Арнадым саған» хабарының тұжырымдамасы

Ұзақтығы – 35 минут.

Эфирге шығатын күні – жұма, 19:00

Эфирлік жиілігі – айына 2 рет.

Жанры – телебайқау.

Тілі – қазақша.

### Тележобаның мақсаты:

Ел арасында жүрген, мамандығы басқа болса да жүрегі, жаны әнді қалайтын жандарға қолдау көрсетіп, көгілдір экранға шығару, өнерге ән-күйге бейімі бар талант иелерін анықтап, оларға қолдау көрсету.

Елімізге, облысымызға танымал тұлғалардың (ақын, сазгер, әнші, күйші т.б.) шығармашылығын өсіп келе жатқан ұрпаққа кеңінен дәріптеу.

### Қатысушыға қойылатын талаптар:

«Арнадым саған...» деген атына сай қатысушы өз орындауындағы әнін белгілі біреуге арнайды (туған жеріне, ата-анасына, сүйіктісіне т.б.);

Әннің мазмұнына мән беру;

Сахна мәдениетін сақтау;

Киім үлгісіне мән беру.

### Хабардың мазмұны:


Әр бағдарлама барысында 5 қатысушы тандалып алынып бес түрлі кейіпкер яғни бес түрлі маман иесі әуезді ән орындайды. (Алдын-ала ән орындау шеберлігі, киім үлгілері редактордың қадағалауынан өтеді.)

Хабарға қатысушы әрбір кейіпкер шықпас бұрын, қатысушының жұмыс орыны немесе шұғылданатын күнделікті іс-әрекеті жайлы алдын-ала дайындалған бейне сюжетпен бастаймыз.

Ән орындап болған соң әрбір қатысушыға дәстүрлі сұрақ қойылады. «Бұл әнді кімге арнадыңыз?» – деген. т.б сұрақтар қойылуы мүмкін.

Қатысушы ән орындап жатқанда арасында кейіпкерлерді қолдап келген қонақтардың әсерлері экран арқылы беріледі.

Хабардың соңында әр хабарға қатысушылар белгілеген қорапқа жасырын түрде 5 орындаушының ішінен үздігін өздері анықтайтын болады. Мыс. Белгілі бір орындаушының есімін жазып қорапқа салады. Шағын үзілістен соң жүргізуші үздік шыққан екі орындаушыға үш айда бір рет болатын кала-концертке жолдама береді.



«ДАТ» ақпаратты-сараптама тележобасының тұжырымдамасы

Сценарий авторы-жүргізуші – Әшімхан Жәмпейісов

Режиссер – Айжан Абдрахманова

Жанр – ақпаратты-сараптамалық авторлық тележоба

Ұзақтығы – 20 минут

Әфирге шығу уақыты – бейсенбі, 18:30

Жиілігі – айына екі рет

Тілі – қазақ

Медиа-мақсаты: – «Әзекті мәселені ДАТ ету арқылы, қоғамның ДАТ-ын тазарту»

### Мақсаты

Облысымыздың саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани өміріндегі маңызды деген оқиғаларға сараптама жасау. Ұлттық құндылықтарымызға қатысты тандаулы тақырыптарды талқылау және оны шешудің оңтайлы жолдарына қол жеткізу мақсатында көрермендерге ой тастау. Жиырма минуттық тележоба – кеңістіктегі оқиғалардың уақыттың өлшеміне салынған микрожиынтығы ретінде бағамдауға қол жеткізеді.

### Мазмұны

Тележоба белгілі бір тақырыпқа қатысты сол саланың мамандары мен жауапты адамдарының пайым-пікірлері мен көзқарастары арқылы журналистің сараптау-талдау мақсатына құрылады. Ол үшін ақпараттың – теледерек, телеайғақ, телетүйін тәрізді қосымша көздері пайдаланылады.

### Көтерілетін тақырыптар

Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін барлық тақырыптар.

### Режиссердің ұсынысы

Телехабардың ашылуы мен жабылуы студиядағы арнайы жасақталған орында жазылып алынып, монтаж кезінде ДАТ-дерек, ДАТ-айғақ, ДАТ-дайджест айдарларымен біріктіріледі. Тақырыпқа сәйкес актерлерді қатыстыра отырып шағын қойылымдар дайындалады.



«Гибрат» – хабары.

Ұзақтығы – 20 минут.

Эфирге шығатын күні – жұма, 18:30

Эфирлік жиілігі – айына 1 рет.

Жанры – бейнеочерк.

Тілі – қазақша.

**Хабардың атауы:** «Гибрат» сөзінің мағынасы ақылмен жасалынған тәрбиелі іс, үлгі-өнеге дегенді білдіреді. Ал, орыс тілінде *поучительный пример* деп аударылады.

**Хабардың мақсаты:** Қарағанды облысының мәдениеті мен өнеріне, ағарту саласына, экономикалық және саяси өсуіне атсалысқан тұлғалармен сұхбат құру.

**Хабардың жаңашылдығы:** Студияда қонақ қабылдау дәстүрінен алыстай отырып, әр хабар сайын жаңаша бейнеқатармен эфирге шығу. Кейіпкердің образын барынша ашу.

**Хабардың құрылымдық сипаты:** Студияда басты кейіпкердің өмір жолының куәгерлері үшін тұрақты қонақжай орынын бекіту. Ал, бас кейіпкердің ұсынысымен саяжайда, саябақта жүріп, аңға шығып, жұмысында немесе үй-жайында да түсірілім жұмысы жасалынады. Сапасына қарай жеке бейнеқор материалдары да қолданылады.



### **“Жаңалықтар” бағдарламасының тұжырымдамасы**

Дүйсенбі-жұма – 13.00, 17.50, 20.30, 22.30 сағ.

Күндізгі жаңалықтар 13.00-де, жалпы хронометраж 20 минут (қазақ және орыс тілдерінде).

Кешкі жаңалықтар 17.50-де, жалпы хронометраж 40 минут (қазақ және орыс тілдерінде).

Қорытынды жаңалықтар 20.30 және 22.30-да, жалпы хронометраж 45 минут (қазақ және орыс тілдерінде).

Қорытынды жаңалықтардың қайталауы келесі күні таңертең сағ. 07.00, 10.00.

Жанры – ақпараттық. Тілі – қазақша, орысша.

#### **Мақсат**

Облыс аймағында өткен елеулі оқиғаларды (әлеуметтік-экономикалық, өндіріс және шаруашылық, мәдениет және өнер, спорт саласы бойынша) тереңдетіп, еліміз бойынша атқарылып жатқан келелі іс-шараларға облысымыздың қосып отырған үлесін айшықтау. Тұрғындардың өзекті мәселелерін айқын түрде көрсету.

#### **Тақырыбы**

Оқиғаның өзектілігіне байланысты.

#### **Ақпарат беру түрі**

Ақпараттық бағдарлама. Жаңалық жанрларының барлық түрін қамту: репортаж, журналистік зерттеу және т.б.



**«Қуырмаш» хабарының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 20 минут.

Эфирге шығатын күні – сәрсенбі, 19:35

Эфирлік жиілігі – айына I рет.

Жанры – ақпаратты-танымдық, сазды.

Тілі – қазақша.

**Хабардың мақсаты:** Ақпаратты-сазды, танымдық балаларға арналған хабардың негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ұмыт болып бара жатқан ойындарымыз бен әндерімізді, салт-дәстүрімізді балалардың санасында жаңғырту. Қарағанды қаласындағы мектептермен бірігіп жұмыс істеу. «Ел боламын десең – бесігіңді түзе»-демекші балаларды отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

**Хабардың жаңашылдығы:** Әр хабар сайын көтерілген тақырыпқа сәйкес балаларға түсінікті тілде толыққанды ақпарат беру және оны есте сақтап жүрулеріне әсер ету үшін Дымбілмеспен ойын ретінде бірнеше рет қайталап айту, заманауи бейнемонтаж.

**Хабардың құрылымдық сипаты:** Қуырмаш хабары IV кезеңнен тұрады.

I кезеңде балалар өздерін-өздері таныстырып, тақырыпқа байланысты тақпақтар, жаңылтпаштар айтылып, жұмбақтар шешіледі.

II кезеңде тақырыпқа байланысты ойын ойнатылады. Әсіресе халқымыздың ұмыт болып бара жатқан ұлттық ойындарын еске түсіретін боламыз.

III «Дастархан» кезені, мұнда тақырыпқа байланысты дастархан жайылып, тағамдардың құрамындағы дәрумендер мен олардың адам ағзасына пайдасы жайлы айтылады. Дастархандағы тағамдарды ұлттық тағамдарымызбен байланыстырып жасаймыз.

IV кезең «Үй тапсырмасы» деп аталады. Көрсерменмен кері байланыс орнату мақсатында іске асырылатын кезең. Мұнда алдын-ала тақырыптарға

байланысты берілген жұмыстармен танысамыз. Балалар хабарымыздың тақырыбына байланысты суреттерімен, ермексаздардан жасалған жұмыстармен көрермендерді таныстырып, ең үздік деп табылған жұмысқа «Қуырмаш» хабарының атынан естелік ретінде сыйлықтар тапсырылатын болады.

#### **Айдарлары:**

«Өзіміз үйренеміз» айдары балабақшадан алдын ала түсіріліммен жасалады. Мұндағы бүлдіршін балалар студиядағы көтеріліп отырған тақырып аясында сұрақ жауап жүргізеді. Айдардың ұзақтығы 5-7 минут.



#### **“Ойталқы” бағдарламасының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 35 минут.

Эфирлік жиілігі – айына 2 рет, дүйсенбі – 19:00

Жанры – ток-шоу

Тілі – қазақша

#### **Бағдарламаның тұжырымдамасы**

Бағдарлама «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының үлкен студиясында түсіріледі. Бағдарламаға қонақ ретінде тақырыпқа қатысы бар, мамандар шақырылады. Студияда арнайы қонақ ретінде 8 адам, ал көрермен ретінде 10-15 адам қатысады. Тақырыптар толғағы піскен мәселелерге және бүгінгі күннің өзекті оқиғаларына арқау бола отырып алынады.

#### **Мақсаты**

Елдің арасындағы маңызды мәселелер мен елеулі оқиғаларды мамандармен, халық қалаулылары және зиялы қауым өкілдерімен біріге отырып талқыға салу. Бағдарлама арқылы халықтың мұң-мұқтажын айтып, мүддесін қорғау. Көгілдір экран арқылы қоғамдағы өзекті мәселе жайында ой тастап, пікір таластырып, қоғамдық пікір қалыптастыру.

#### **Тақырыптар**

Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін барлық тақырыптар көтеріледі.



#### **“Тікелей эфир” бағдарламасының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 35 минут.

Эфирлік жиілігі – айына 2 рет, сәрсенбі – 19.00

Жанры – ақпараттық

Тілі – қазақша



### **Мақсаты**

Қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың өзекті де өткір мәселелеріне арналған тікелей эфир. Атқарушы орган мен облыс тұрғындары арасындағы жанды көпір. Көрсермендерге көгілдір экрандағы тікелей жүздесу арқылы өздерін толғандыратын сауалдарға бірден жауап алып, ұсыныс-тілектерін білдіруге берілетін мүмкіндік.

### **Маңызы**

Облыс тұрғындарын ақпарат таратудың интерактивті жүйесі арқылы экономикада, әлеуметтік өмірде жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар жайлы толық ақпарат беру.

### **Мазмұны**

Экономика. Саясат. Заңдылық. Әлеуметтік қамсыздандыру.

Коммуналдық шаруашылық. Жолаушы көлігі. Тауар және қызмет көрсету.

Мәдениет.



### **«Уақыт KZ» бағдарламасының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 15 мин.

Эфирге шығатын уақыты -- дүйсенбі, сәрсенбі, жұма – 21:15, 23:15

Жанры – ақпаратты-сараптамалық бағдарлама

Тілі – қазақша, орысша

### **Мақсаты**

Хабардың аты айтып тұрғандай, уақыт талабына сай қоғамдағы, аймақтағы оқиғалар мен жаңалықтарды талқыға салу, сұхбат берушімен ой бөлісу. Ең өзекті мәселелердің күнгейі мен көлеңкелі тұстарына көңіл бөліп, пікір қозғау. Хабар авторының басты мақсаты – тақырыпқа байланысты жан-жақты ізденіп, қойған сауалына толыққанды жауап алу.

### **Маңызы**

Қоғамдық пікір қалыптастыруда БАҚ-дың маңызы зор. Әсіресе жеке меншік, коммерциялық телеарналар көбейген кезеңде ұлттық телеарна арқылы мемлекеттік идеологияны насихаттайтын «Уақыт. KZ» бағдарламасы қоғамда байыпты, салиқалы көзқарасқа негізделген пікір қалыптастыруға қызмет етеді.

### **Пішіні**

Хабар авторы көтеріліп отырған тақырып жайлы көрсерменге түсінік бере отырып, арнайы шақырған қонақты таныстырады. Әңгіме сындарлы сұхбат түрінде өтеді.



### **«ШАҢЫРАҚ» бағдарламасының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 35 минут. Эфирге шығатын күні – бейсенбі, 19:00

Эфирлік жиілігі – айына 1 рет.

Жанры – танымдық. Тілі – қазақша

**Хабардың атауы:** «Шаңырақ» сөзінің мағынасы киіз үйдің қақ төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Бұл – құрған шаңырағынның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.

#### **Хабардың мақсаты**

Әр шаңырақтың ұйытқысы, қамқоршысы, тірегі болып есептелетін ер азаматтардың қоғамдағы рөлін айқындау және де шаңырақта болатын келеңсіз жағдайларда тығырықтан отбасын, яғни, әйел, бала-шағасын алып шыға білуі қаншалықты деңгейде. Кешегі әкелер мен бүгінгі әкелердің айырмашылығы неде? Отбасында мүтедек балалары бар ата-аналардың психологиясы және де ер балалардың тәрбиесі т.б. Үлгілі отбасы немесе мысал бола алатын белгілі бір шаңырақпен сұхбаттаса отырып, телекөрерменге ой тастауды мақсат етіп отырмыз.

#### **Хабардың мазмұны**

Студиядаға бір шаңырақты (әке-бала-немере) қонақ ретінде шақыра отырып, әңгіме арасында «Менің әкем...» айдарында көрермендер жолдаған хаттан таңдаулысын, жүрек қылын тербетер сырлысын театр актерлері сазды әуенмен оқып береді, студиядағы арнайы қонақтардан кәде («Қонақкәде») айдады. Хабар қонақтарымен бірге 10-15 адам шақырылып, барлығының қатысуы арқылы өрбіп отырады. Хабар барысында көрермендердің де пікірі ескеріліп отырады. Хабардың соңында әке, бала, немере студия қонақтары міндетті түрде ән немесе кез-келген музыкалық номер орындап береді.



### «Шеберхана» тележобасының тұжырымдамасы

Жанр – қолөнер саласын насихаттайтын авторлық тележоба

Ұзақтығы – 20 минут, дүйсенбі – 19:35

Жиілігі – айына 1 рет

Тілі – қазақ

Медиа-мақсаты: – «Бармағынан бал тамған шеберлердің кеңесі арқылы түрлі қолөнерге көрермендерді үйрету»

#### Мақсаты

«Шебердің қолы – ортақ». Шеберхана — түрлі қолөнер бұйымдарын жасауға, қазақтың ұлттық киімдерін тігуге, шеберлікті шыңдауға шақырады. Біліктілікті арттырумен қатар ұлттық өнерді ұлықтау. Қажетінді қымбат дүкендерден сатып алып емес, бал тамған бармағыннан табуға шақырады.


#### Мазмұны

Тележобада белгілі бір киім үлгісін немесе ұлттық аспаптар, тіпті қарапайым заттың қалай жасалатындығын шеберлер көрсетеді. Жүргізуші мамандармен әңгімелесе отырып, оның өмірі мен өнерінің сан қырын ашады. Таңдалған тақырыпты айшықтайтын қосымша мәліметтер де айтылады. Қарағанды облысының танымал тұлғаларының белгісіз қырларын көрсету де хабардың мақсатының біріне жатады.

#### Хабардың айдарлары

1. «Шебердің қолы – ортақ» – әр хабарда таңдалған тақырып бойынша жан- жақты сараланған сюжет топтамасы.

2. «Белгілі тұлғалардың белгісіз қырлары» – облысқа танымал қоғам қайраткерлері, әнші, биші, әртіс, спортшы, ақын, депутаттар шенеуніктердің қатысуымен өтетін айдар. Онда олар көпшіліктің қолынан келе бермейтін шеберлік сабақтарымен бөліседі.



**“Сәлем” музыкалық бағдарламасының тұжырымдамасы**

Ұзақтығы – 45, 90 минут.

Эфирге шығатын күні – бейсенбі-жұма – 21.00, сенбі – 20:00

Жанры – музыкалық-сауық

Тілі – қазақша

Абай ағамыз айтқандай: «Құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» демекші, бүгінгі қазақ әндерінің маңызын жастар санасына жеткізу арқылы бұрынғы апаларымыз бен ағаларымыз сияқты қазақ әндерін жатқа білсе деген ниет, жиі естілген жақсы ән санада қалары сөзсіз.

#### **Мақсаты**

Қаламыздағы тұрғындардың тілектері бойынша мерейтой иелерін көгілдір экран арқылы құттықтап, ақ тілектің ажарын айқындау. Олардың өтініш тілектерін орындау. Ыстық сәлемін ән арқылы жеткізу. Көрермендердің көңілін сергіту. Әннің құдіретін ұғыну. Қазақстан әншілерінің орындауындағы әндерді беру.

Яғни хабар барысында тек ұлттық әндерді дәріптеу, жаңа сахнаға шыққан әншілерді көрермендерге таныстыру. Өсіп келе жатқан ұрпаққа қазақ әндерін хабардар ету. Ұлттық рухани байлығымыздың ғасырлардан-ғасырға жалғасып келе жатқан ән өнерінің құндылығын құрметтеу, келер ұрпаққа оның танымдық қасиетін санасына біртіндеп сіңіру. Ақылы түрдегі бұл бағдарламада тапсырыс берушінің де өтініш-тілегін ескеру қажет.

\*\*\*

# ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

«Қазақстан-Қарағанды» филиалының 05.12-11. – 12.2016 жылдар аралығындағы хабар тарату уақыты.

Бір тәуліктегі хабар тарату көлемі – 14 сағат.

Бір аптадағы көлемі – 98 сағат.

Күндер	Эфирдің күндізгі блогы	Техникалық үзіліс	Эфирдің кешкі блогы	Хабар тарату сағатының орындалуы
05.12.2016	07:00 -14:00	14:00-17:50	17:50 -00:50	14 сағат
06.12.2016	07:00 -14:00	14:00-17:50	17:50 -00:50	14 сағат
07.12.2016	07:00 -14:00	14:00-17:50	17:50 -00:50	14 сағат
08.12.2016	07:00 -14:00	14:00-17:50	17:50 -00:50	14 сағат
09.12.2016	07:00 -14:00	14:00-17:50	17:50 -00:50	14 сағат
10.12.2016	09:00 -00:00	үзіліссіз		15 сағат
11.12.2016	09:00 -00:00	үзіліссіз		15 сағат
Барлығы				100 сағат

Журналист **Ә.Тойжігітовтің**

«ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ» телеарнасының

Алтын қорында сақтаулы ең үздік хабарларының тізімі:

( 2001-2005 ж.)

№	Название телепередачи	Автор	Хронометраж	Язык	№ Кассеты
1	«Арайлы Астана»	Ә.Тойжігітов.	14 мин.	каз	214DVCPRO
2	Айтыс. Қарағанды-2005 ж. 1,2,3,4,5,6 -бөлім.		1 сағат 30 минуттан...	каз	17 DVCPRO 60ц
3	«Ауылым-әнім»-Шет ауданы өнерпаздарының концерті. 1 және 2 -бөлім.	Ә.Тойжігітов.	29 минуттан	каз	114DVCPRO
4	Жансарай.(Ақын Жұлдыз Тойбек -50 жаста)	Ә.Тойжігітов.	20 мин	каз	504 DVCPRO
5	«Өнерлі өрендер»	Ә.Тойжігітов.	27 мин	каз	503 DVCPRO
6	«Өнерлі өрендер»	Ә.Тойжігітов.	14 мин.	каз	499 DVCPRO
7	«Өнерлі өрендер»	Ә.Тойжігітов.	27 мин.	каз	623 DVCPRO
8	«Өнерлі өрендер»	Ә.Тойжігітов.	27 мин	каз	623 DVCPRO

9	«Ислам тағлымы».	Ә.Тойжігітов.	10мин	каз	б/ нЖеңіс DVCPRO
10	«Өмір және өндіріс» (Республика күніне арналған Абай ауданының мерекесінен репортаж) 2001жыл.	Ә.Тойжігітов.	32 мин	каз	956VHS
11	«Ауыл тынысы» (Ақтоғай ауданындағы демалыс паркіне қоғам қайраткері Ж.Шайдаров есімі берілді. Концерт, сұхбат.) 2001 ж.	Ә.Тойжігітов.	19 мин	каз	956VHS
12	Кеншілер мерекесінен репортаж («Шахтер» стадионында өткен концерт. 2001 жыл).	Ә.Тойжігітов.	29 мин	каз	956VHS
13	«Өзге емес,өзім айтам...» (Қ.Аманжолов-90 жыл). Қарағандыға келген ақын-жазушылар,баяндама, сұхбат.2001 ж. 1-хабар. 2-хабар.	Ә.Тойжігітов.	35 мин	каз	956VHS
14	«Ғалым тағлымы» (Академик, ХМИ-институтының директоры. Ж.Әбішев-65жаста, 2001 жыл)	Ә.Тойжігітов.	20 мин	каз	956VHS
16	«Ауыл тынысы»(Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылы туралы 2002 жыл)	Ә.Тойжігітов.	21 мин	каз	956VHS
17	«Мешіт –Алланың үйі» (Қ.Аманжолов ауылында ашылу сәті. Т.Әубәкіров, М.Шаекин т.б. 2002ж.)	Ә.Тойжігітов.	26 мин	каз	956VHS
18	«Ауыл тынысы» (Сарыарқада саумалдық өседі ме? Профессор С.Сыдықовпен сұхбат 2002 жыл)	Ә.Тойжігітов.	30 мин	каз	956VHS
19	«Орайы келген әңгіме» (профессор Т.Кәкішев, доцент Ж.Смағұловпен сұхбат. Әдебиет, сын жайлы) 1999 ж.	Ә.Тойжігітов.	33 мин	каз	735VHS

20	«Наурыз-2002» (ҚарЭУ) Университеттен репортаж, 2002 жыл)	Ә.Тойжігітов.	30 мин	каз	735 VHS
	«Сарыарқаның саңлағы» (Соц.Еңбек Ері, шопан Сайлау Біләлов туралы очерк, 2001 жыл)	Ә.Тойжігітов.	15 мин	каз	735 VHS
22	«Наурыз-2003» (А.Бөкейханов атындағы №76 мектептен репортаж) 2003 жыл.	Ә.Тойжігітов.	30 мин.	каз	735 VHS
23	«Ғарышкерлер туралы сыр» (Әскери дәрігер, С.Ықымжановпен сұхбат) 2002 жыл.	Ә.Тойжігітов.	30 мин	каз	735 VHS
24	«Ауыл тынысы» (Қарқаралы, Ақтоғай аудандарының әкімдерімен әңгіме, тәжірибе алмасу) 2003 ж.	Ә.Тойжігітов.	20 мин.	каз	735VHS
25	«Моя судьба-телевидение».	Ә.Тойжігітов.	1 ч . 28 мин.	Каз/рус	114DVCPRO
26	Мачевая встреча по боксу. «Куба-Казакстан» 1-часть.	Ә.Тойжігітов.	1ч .29 мин.	Каз/рус	621s DVCPRO
27	Мачевая встреча по боксу. «Куба-Казакстан» 2-часть.	Ә.Тойжігітов.	1 ч.09 мин.	Каз/рус	624s DVCPRO

Редактор **Әшімхан Жәмпейісовтің** Алтын қорда сақтаулы хабарларының бір парасы. (2011 – 2018 ж.)

**«ДАТ» хабары: «Қадірсіз ауыл – қадірсіз ауыл»**

Ауыл – ұлтымыздың алтын тамыры, тіршіліктің қайнар көзі. Бұл ықылым заманнан қалыптасқан заңдылық болатын. Бір өкініштісі, кешегі экономикалық тоқырау жылдары мен бүгінгі нарық талабы сол заңдылыққа түбегейлі өзгерістер енгізді. Соның салдарынан қыр қазағы қала жаққа үдіре көшті. Ең бастысы ауылдан жастардың кетуі келеңсіз құбылысқа айналып отыр.

**Көлемі – 20 мин. Эфир: 08.05. 2014 ж.**

**«ДАТ» хабары: «Ойыншық туралы ойлансақ »**

Балалар ойыншықтар арқылы өзін қоршаған ортамен танысады, оның көңіл-күйі көтеріледі. Дүние танымы қалыптасады. Ал, балалар әлемінде осындай маңызға ие ойыншықтар сапасы бүгінгі күн талабынан шығып отыр ма. Енді осы мәселені сараптап көрелік.

**Көлемі – 20 мин. Эфир – 02.04. 2015 ж.**

**«ДАТ» хабары: («Түркіге ортақ Тоқтағұл»)**

«Салам айтып тұрамын, Бір туган қазақ халқына» деп екі ұлттың арасындағы туыстық пен достықты жырлап өткен қырғыздың ұлы ақыны Тоқтағұл Сатылғанов. Оның болмысын жаңа ғасыр биігінен бағамдау үшін, кеменгер тұлғаның өмір дерегіне көз жүгіртіп көрелік.

**Көлемі – 20 мин. Эфир: 11.09. 2014 ж.**

**«ДАТ» хабары: «Несие мен несібе»**

Бәрімізге мәлім, орта және шағын фирмалар бастапқыда несиелемен бастайды өз кәсібін. Тіптен, әлемнің кез-келген мемлекеті қажет болған жағдайда халықаралық қаржы қорларының көмегіне жүгінеді. Сондықтан да қарапайым халықтың несиеге ерекше құлшынысы нарықтың талабы сияқты көрінеді. Ал анығында бұл солай ма?

**Көлемі – 20 мин. Эфир – 21.04. 2016 ж.**

**«ДАТ»: «Жезкиік біздің жақтан қайда кеттің...»**

1992 жылы Қазақстанда 1 миллион 200 мың киік болса, 2003 жылы олардың саны 22 мыңға бірақ құлдыраған. Ал 2013 жылғы санақ бойынша елімізде киік саны 187 мыңға жеткен. Оның ішінде Бетпақдала таралымының саны 155 мың киікті құрап отыр.

Сан ғасыр бойы олар Европа, Орталық Азия, Батыс Кавказ, Алтай, Сібір тіптен Алясканы да тұрақ қылған. Атырау мен Алтай арасындағы Ұлы даланың сәні де солар болатын. Бірақ, адамдардың ашкөздігінен жиырма бірінші ғасырда олардың тұқымы құрып кетуге айналды.

**Көлемі – 20 мин. Эфир: 21.11. 2013 ж.**

**«Жасампаздықтың 20 жылы» хабары**

Табалдырықтан аттаған 1991қой жылынан «Жаңа жыл жарылқа» деп игі тілек тілеген қазақ жұртының арман-ниеті орындалып, алла жарылқап сол жылдың соңында Қазақ елі сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін алды. Алайда, желтоқсанның сол тарихи оқиғасына дейін кең байтақ елімізбен қатар Арқа жұртшылығыда неше түрлі сын сағаттарды бастан өткеруге тура келді.

**Көлемі – 20 мин. Эфир: 28.11.2011ж.**





**«KZ – 25: Менің Тәуелсіздігім» телехабары**  
(«Тәуелсіздік тағлымы және көші-қон саясаты»)

...Атамекеннің әр таңы мен үшін қымбат.Әрбір арайлы таңнан жақсылық тілеп оянып, әр күнге жақсы үміттермен аттаймын.Отанымызға амандық-елімізге тыныштық тілеймін. Тәуелсіздіктің таңсәрісінен ата жұртқа қоныс аударған алғашқы күннен бастап тілегім осы. Міне, жиырма бес жыл өтті,осы ауылда тұрып жатқаным.Бұрын бұл Сарепта ауылының кескін-келбеті басқаша еді. Қазір ынтымақ-берекеміз жарасқан көпұлтты ауылмыз.

**Серік Мағеш**, 1964 жылы Моңғолия елінде дүниеге келген. ҚазМУ-дың түлегі.

**Көлемі –20 мин. Эфир:– 16.05. 2016 ж.**

\*\*\*

## ПАЙЫМДЫ ПІКІР ПАЙДАЛЫ

«Сынады екен деп сыңаржақ пікірде болма. Тағыда сынаса екен деп алға ұмтыл».  
**Серік Қирабаев.**

Кез келген көркем шығарма мен әдеби туындыға сындарлы пікір ауадай қажет. Яғни, «сын түзелмей, мін түзелмейді». Қай сала да болсын орынды сын айтылып, дұрыс пікір қалыптасса ол дүниенің өміршеңдігі артады.Адам ширайды, жақсы жұмыс істеуге жігерлендіреді. Ол үшін пікір білдіріп, баға беретін рецензент – білімді, әрі әділ болуы қажет.

Тележурналистика жанрына да ендеп кірген бұл қызметтің атқарар жүгі аса салмақты. Дайындалған бағдарламаларға баға беру дәстүрі, телеарналардың апталық летучкаларында яғни, лездемелерінде ұзақ жылдардан бері қалыптасқан. Шығармашылық ұжым жиналған бас қосуда, бір жұманың ішінде эфирге шыққан бағдарламалардың мазмұны мен көркемділігінің кемшін тұстары мен жетістіктері талқыланады. Алдымен тағайындалған рецензент – редактор барлық бағдарламаға талдау жасайды. Өзінің ой-пікірін ортаға салады. Әрине, бұл оның жеке пікірі. Дейтұрғанмен дұрыс бағасын беру – басты талап етіледі.

Мінбеге шығып, қосымша пікір білдіремін, әйтпесе әлгі рецензенттің айтқан сын ескерпелерімен келіспеймін деушілер де жиі болып тұрады. Осы жерде бас редактор да әлгі хабарлар туралы «толықтырулар» жасайды. Отырыс соңында директордың орынбасары айтылған пікірлерді қортындылап, ой түйеді. Мұндай летучкалар теларнада 50 жылдан бері өткізіліп келеді. Кешегі кеңес одағы кезінде қазақ хабарларына берілетін баға мен пікірлер орыс тілінде жүргізілетін. Қазақ тілді журналистер айтар ойын жеткізе алмай талай рет қиналғанын білеміз.

Соған карамастан 80-90-шы жылдары рецензент – режиссерлер Р.Жабаева, И.Құрманбетова, Р.Смағұлова, редакторлар Д.Омашева, Х.Ахметов, С.Таласбаев, Ш.Қалмағанбетов, Н.Әуезов, операторлар М.Ғабдулин, С.Болатов, Ә.Сексенбаевтар жақсы бағаларын беретін. Сол кездер де бас редакторлар М.Халиолин, Ә.Ахметов, төрағаның орынбасарлары О.Сағынаев, Т.Жүсіповтер сын пікірлерді жинақтап, тігісін жатқызып, кейбір шашыранды ойларды шегелеп тастайтын еді. Ал соңғы 20 жылдың көлемінде Ә.Жампейісов, Г.Бұхарбаева, Н.Әбжанов, А.Сүлейменова, Е.Төлеутаев, Ж.Сармурзин, Т.Дәмиев, Р.Тұрсынғалиев, Ә.Құмар, Р.Әбіқасовалар өрелі ойларын ортаға салып, тұшымды пікірлерін білдірді.

Жалпы, теларна қызметкерлерінің арасында, соңғы кездері: – «Осы летучканы өткізудің қажеті қанша?! Текке уақыт алады. Оның есесіне жұмыс істеуге кедергі болады. Бағдарламалардың эфирден көрсетілуі өтіп кеткен соң, оның жетістігі мен кемшілігін айтудың қажеті бар ма?» – дейтіндер жиі кездесіп жүр. Бір жағынан дұрыс сияқты. Екіншіден, хабардың редакторы мен режиссері, жалпы шығармашылық ұжым осы жолы қандай кемшіліктер жіберді, нендей жетістікке жетті, алдағы уақытта неге көңіл бөлген дұрыс... Осы мәселелер туралы әріптесінің сын пікірі мен ескертпелерін білгені жөн. Түсіне білсек, мұның пайдасы зор.

Алқалы жиында еңбегінің жемісі бағаланып, дайындаған хабарың жақсы баға алып жатса, көңілің бір марқайып қалады. Атақты қазақ ақыны, кезінде Қарағанды шахтасында кенші болған Жұмекең Нәжміденов айтқандай:

**Тұнса-дағы тың тіркес, ой салалы,  
әр жазғаны жатпайды той саналып.**

**Оның үшін бар құрмет жетіп жатыр,  
летучкада арқаға қойса қағып.** – дегендей, тағы да қанаттанып, жұмыс істегің келеді. Мақтағанды кім жек көреді дейсің?!

Бір сөзбен айтқанда осы басқосуда барлық жұмыс сараланып, атқарылар ауқымды іс-шаралардың етек-жеңі жинақталады. Басшылар тарапынан жаңа тапсырмалар беріліп, алдағы жұмыстар айқындалады. Ең бастысы – шығармашылық ұжымның бірлесе жұмыс істеуіне жол ашады. Енді, әр жылдары лездеме де айтылған бір-екі пікірге көңіл бөлейік.

# Редактор Асылбек Тойбектің рецензиясы

(26.05.2015 ж.)

## Армысыздар әріптестер!

18 мамыр мен 24 мамыр аралығында арнамыздан шыққан телеөнімдерді сараптау маған жүктелді. Бағдарламалардан бастасам.

Дүйсенбі күні «**Ғибрат**» бағдарламасын тамашаладым. Парламент мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтановқа арналған хабар. Дайындаған Сағат Садыққызы. Қуаныш Сұлтанұлының ғибратқа толы ғұмыры туралы жан-жақты зерттелген, әріптестерінің, замандастарының оның адами, азаматтық болмысы туралы пікірлері берілген. Қайраткердің қажырлы еңбегі, оның ішінде Қарағандыда атқарған қызметтері, әлеуметтік саланы, мәдениет пен әдебиетті дамытуға қосқан үлесі, жалпы елдің өркендеуіне қосқан өлшеусіз еңбегі туралы жан-жақты зерделенген. Архивтағы видеоларды қолданған. Портреттік сюжет жасаймын деген жас әріптестеріме үлгі ретінде көруге кеңес беремін.

Осы аптада «**Уақыт KZ**» бағдарламасының 3 шығарылымы болды. Дүйсенбі күні «**Өр үмітті жастар**» деген тақырыппен көрсетілген бағдарламаны Ілияс Мұқай жүргізді. Қарағандыда жас ақын, жазушылардың жинағы жарық көрген болатын. Бұл жөнінде жаңалықтарымызда да айттық. Бағдарлама қонағы Жайық Бектұров атындағы кітапхана директоры мен бөлім меңгерушісі. Кітапханадағы «**Бота**» орталығының құрылуы, жастарды тәрбиелеуде алатын орны туралы айтылды. 15 минуттық хабар барысында көп сауал қойылмады. Басым бөлігіне кітапхана директоры жауап берді. Бөлім меңгерушісі қойылған сұрақтарға сонына дейін жауап бере алмай отырды. Директорға жалтақтап қарай берді.



Сәрсенбі күні «**Уақыт KZ**» хабарын Әли Тойжігітов ағамыз жүргізді. Тақырыбы уақыт жаңалығына сай, Президенттің 5 реформасына қатысты болды. «**Тың реформаның тынысы**» деп аталған хабардың қонағы ретінде экономика ғылымдарының докторы, профессор Әбілда Әлімбаев шақырылған екен. Хабар қонағы өте сауатты, әрі орынды пікірлерін білдірді. Атап айтар болсақ, бүгінгі Қазақстандағы мемлекеттік қызметтегі кемшіліктер, сот саласындағы жемқорлыққа жол беру мәселесі, экономиканы дамытудың жолдары туралы әңгіме өрбіді. Тек қонақтың егде жастағы адам болғандықтан тік отыру ыңғайсыз болса керек, шалқайып отырды. Сондықтан шалбарының балағы көтеріліп, аяғы көрініп қалды. Және петличканың сымы артқы жағынан көрініп тұрды.

Ал, жұма күні шыққан «**Уақыт-KZ-тің**» тақырыбы облысымызда өтіп жатқан жазғы спартакиадаға арналды. Жүргізішісі Ілияс Мұқай. Жоғары спорт шеберлік мектебінің басшысы спартакиаданың өту барысын, спорттың дамуын баяндап берді.

Ботабек Тілегеновтің «**Жеңіс солдатты**» хабары бұл жолы Кеңес Одағының батыры, жерлесіміз Нүркен Әбдіровке арналды. Елдің есінен ешқашан

өшпейтін батырдың ерлігі, оның балалық шағы, соғыста танытқан ержүректігі туралы әріптесім 20 минуттық хабарының 10 минутын арнапты. Музыка сәтті таңдалған. Мұрағаттан алынған видеолар да мәтінмен үйлескен. Ауылдан шыққан кара домалақ баланың Отан қорғау жолында құрбан болғанын барынша айтып жеткізе білді. Тамашалаған көрермен әсер алды деп ойлаймын. Ботабектің хабар басындағы стендабы да сәтті түсірілген. Тек мәңгілік алау маңын айналып бірнеше стендап жасағаны ұнамады, яғни хабардың ортасында қойылған стендап та мәңгілік алау алдында тұрмай, сол маңдағы орындықта отырып па, әйтеуір кішкене өзгешерек ету керек пе еді деп ойлаймын. Екінші бөлігінде Даңқ орденінің толық ковалері, Мәскеуде өткен шеруге қатысып қайтқан Қамали Дүйсенбеков туралы айтылды. Жалпы осы аптадағы үздік бағдарламаның бірі болды деп бағалар едім.

Әділбек Құмардың «**Жаңғырығы**» осы аптада да ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртты. ҚарМТУ мен Экономикалық университет студенттері сайысты. Интеллектуалдық бағдарлама болғандықтан жастардың өресін кеңітті десем артық емес шығар. Хабар барысында қатысушылар ән де айтты, өлең де оқыды. Осы хабарда Әділбекті өзгеше қырынан танысыз. «Шаңырақта» байсалды болса, «Жаңғырықта» форматына сай жүргізуге тырысады. Тек бір айтарым, Әдекең қатысушылардың жауабын бірнеше қайтара «Кім?» «НЕ?» деп сұрайды. Оған қатысушылар да құлағы естімейтін қартқа айтқандай «Қазыбек би» деп бірнеше рет қаттырақ жауап береді.... Әдекең де қоймай оларға құлағын тосады. Бір түрлі көрінеді екен.

Ал енді Әділбек Құмардың осы аптада эфирден көрсетілген «**Шаңырағына**» келсек, Жақсыбековтар отбасы шақырылған. Хабар барысында тек ол жанұяның дәстүрі, қызықты оқиғаларынан бөлек, жалпы қоғамдық мәселелер – ене мен келін, құдағилар, абысындар арасындағы татулық туралы әңгіме өрбіді. Өнегелі отбасының өнерлі балалар ән салды. Бағдарламаның ортасындағы хат оқу айдарында Лейланың даусы дұрыс таңдалған. Қиын жағдайға тап болған қыздың мұнын Лейла әсерлі етіп жеткізе білді. Маған Әдекеңнің хабардың басынын соңына дейін экранның бұрышында отырғаны ұнамады. Хат оқылғанда тұрды да, хат оқылып біткен соң қайта отыра қалды. Қозғалыс қашанда бір әсер береді. Өйткені қонақтардың барлығы отырғандықтан жүргізуші арасында жүру керек секілді. Әрине, бұл пікірімді ескеру ескермеу, әріптестің еркінде.

Осы аптада Гүлбакша Ахажанованың «**Шеберханасына**» да бас сұғуға маған мүмкіндік болды. Әдеттегідей Гүлбахша үстіне құйып қойғандай қазақы киімін киіп алып, хабар қонағымен бірге шеберлігін сабағын өткізді. Осы жолы «Нұрасемнің» директоры Венера ханыммен киіз үй пішіндес тойбастардың жасалу жолдарын көрсетті. Емін еркін жүргізеді. Ұнағаны бағдарлама барысында әлеуметтік желілер арқылы көрермендерден келіп түскен хат-хабарларды оқып, олардың өзге де заттардың жасалу жолдарын білгілері келетіні туралы тілектерін қабыл алып жатты. Белгілі адамдардың белгісіз қырлары деген айдарында журналист, жазушы Еркін Мұсабеков ағамыз дұрыс ет мүшелеуді көрсетті. Ұлттық рухты көтеріп, құндылықтарды кеңінен дәріптейтін бағдарлама дер едім.



Апта ішінде «Жаңалықтар» тізгіні менде болды. Осы аптада Лейла Приозерскте тұратын бірнеше музыкалық аспапта ойнайтын өнерпаз жайлы сюжет жасады. Шет ауданынан алдымен Гүлбахша күйші Орал Исатаевтың еске алу кешінің өтуін, одан кейін осы ауданда сенбіліктің өткенін Жанбота жарияетті. Екеуі де стендаппен. Теміртауда Арман Қырынсаудың ән кешіне Жанботақатысып қайтты, Бұқар жырау ауданындағы Зречный аулында бейбіт күнде балалардың өмірін сақтап қалып, өзі құрбан болып кеткен батыр Қайрат Жұмабековке ескерткіш тақта мен көше берілгені туралы Лейла сюжет жасады.

Абай ауданында су тасқынынан көмек көрсету жалғасып жатқанын да айттық. Ақтоғайға осы мәселе бойынша облыс әкімінің барғаны туралы Гүлбахша көрерменге жеткізді. Қарқаралыда өткен спорттық шара туралы да хабар болды. Яғни, география кең ауқымда қамтылды. 1-2 проблемалық сюжеттер де болды. Әлбетте 5 реформаға қатысты Пікірлер білдіріліп жатыр. ҰБТ-дің жақындап қалғаны жөнінде сюжеттер ұсындық. Спорттық, мәдени хабарлар да аз болмады. Жаңалықтарда кейбір әріптестеріміз отбасылық жағдайларға байланысты, кейбіреуі бағдарламаларын жасумен жүргеніне қарамастан жанталаспен жаңалықтарымызды шығардық. Әли аға мен Азилияға алғыс айтамын. Өткен аптада олардан көмек сұрауға тура келді.

1. Біздің кабинетте екі принтер бар. Оның біреуі қағазды шайнап шығарса, екіншісі қап қара краскасын жағып шығарады. Екеуінен шыққан қағазды екінші рет ауыстырып пайдалана алмайсыз. Дикторлар қағаз шығару үшін өзге кабинеттерге жүгіреді. Оның үстіне бір принтердің картреджін ауыстыруға алып кеткеніне 3 аптадан асты.

2. Дикторларға компьютер қарастыруларыңызды сұраймын. Виктория Сашаның компьютеріне жағаласса, Райхан кімнің компьютері босайды деп аңдып отырады. И так то біздің компьютерлер баяу жұмыс істейді.

3. Микрофон мәселесі қашан шешіледі? Бір ғана микрофонның өзі телеарнаның абыройына әсер ететінін осы жолы аңғардық.

\* \* \*

**Автордан:** Рецензенттің айтып отырғаны өте орынды. Күнделікті іс-әрекетке қолбайлау болып жатқан мәселені көтергені дұрыс. Былайғы жұрт, тіпті көрермен журналистер қауымының осындай қиындықтарды бастан өткізіп жатқанын қайдан білсін?!

Бұған қоса бұл лездеме де күнсайынғы атқарылар жұмытың оң шешілуіне кедергі келтіріп жатқан түйткілді мәселелер көтерілді. Мысалға жоғарыда рецензент болған Асылбек Тойбектің айтқан ой-ұсынысы мен өтініші сөзімізге дәлел. Ол аяқсыз қалмады. Яғни, сол күнгі лездеменің «протоколына» енгізілген ұсыныстардың нәтижесін келесі аптаның дүйсенбісінде директордың орынбасары Жәнібек Садықанов хабарлады.

\* \* \*

# БІЗ – СІЗДЕРДІ ҰМЫТПАЙМЫЗ!

Қарағанды телевидениесінің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлесін қосып, жемісті еңбек еткен, бүгінде зейнеткерлікке шыққан, қайсыбірі өзге өңірде тұратын, енді бірі басқадай мекемелер мен басылымдарда жұмыс істейтін, сондай-ақ марқұм болған азаматтардың ЕСІМІН «Сарыарқа» телеарнасы ешқашан ұмытпайды!



\*\*\*

## Құрметті оқырман!

Көңіл бөліп, оқып шыққаныңызға көп рахмет! Бұл кітапта 60 жылдық тарихы бар Қарағанды телеарнасының барлық өмірін қамту, шығармашылық ұжым мүшелерінің атқарған жұмыстары мен дайындаған бағдарламаларын сараптау, олардың аттарын атап, түрін түстеу мүмкін емес! Сондықтан да өзім білетін деректер мен іс-шараларды есіме түсіріп, естелік ретінде жаздым. Қазақ редакциясында 40 жыл қатар еңбек еткен әріптестеріме көбірек көңіл бөлгенімді де жасыра алмаймын. Дегенмен, кейбір кемшін тұстары кездесіп жатса, сіздерден алдын ала кешірім сұраймын.

Құрметпен, кітап авторы – Әлі Төйжігітов,  
Қазақстанның Құрметті журналисі,  
Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері,  
ҚР Ақпарат саласының үздігі.

\*\*\*

## МАЗМҰНЫ

### Бірінші бөлім

Алғысөз орнына .....	3
Телеарнаның өткені мен бүгіні .....	5
«Сарыарқа» - тарихы мол арна .....	11
Облыстық телеарна жылнамасы .....	14
Төрдегі төрағалар .....	23
Қ.Қасымжанов .....	23
Қ. Аманбаев .....	24
Ә. Кенжебаев .....	25
С. Путиев .....	26
Д. Телегин .....	27
Б. Муқұшев .....	29
Ө. Ахметов .....	32
С. Байдалы .....	35
Ә. Әбдәкімов .....	37
Б. Дүйсетаев .....	39
Теледидар хабарларына сипаттама .....	42
Төрағаның орынбасарлары .....	54
В. Курилов .....	54
О. Сағынаев .....	56
Т. Жүсіпов .....	58
Г. Балбекова .....	58
М. Дүйсенбин .....	61
С.Батырханова .....	63
Ә. Жәмпейісов .....	65
Ж. Садыханов .....	69
В. Амочаев .....	71
И. Гомм .....	72

### Екінші бөлім

Редакторлар. Журналистердің жүгі ауыр .....	73
Режиссерлер – негізгі тұлға .....	126
Кино және телеоператорлар .....	144
Диктор - теледидар тірегі .....	160
Ольга Кузьменко .....	170
Мадина Байжанова .....	171
Күләнда Темірбаева .....	173

Ольга Безуглова .....	174
«Алтын сұңқар» сыйлығының жеңімпаздары .....	174
Телеарна тынысы . Суреттер, суреттер .....	174

### Үшінші бөлім

Техниктер тынысы .....	175
Құралай Таңатова .....	176
Хабарлар мен бейнероликтер .....	177
Проморолик .....	178
Эфирден өткен хабарлар .....	179
Хабарларға Анонс! .....	181
Хабарлар паспорты мен тұжырымдамасы .....	184
Дерек пен дәйек .....	196
Әли Тойжігітов пен Әшімхан Жәмпейісовтің хабары .....	196
Пайымды пікір пайдалы .....	200
Біз сіздерді ұмытпаймыз!.....	205



Талсырыс 2206.

«ЭКОЖАН» ӨК баспаханасында басылып шықты.

Қарағанды қаласы, Садоводов көшесі, 14.

Тел.: 99 63 39.

e-mail: [ekozhan@mail.ru](mailto:ekozhan@mail.ru)